

АККУЗОВА АЙНУР АБДЫЖАЛИЛОВНА

**Антропоөзектік парадигма: көркем мәтіннің
коммуникативтік-прагматикалық әлеуеті
(Д. Исабеков шығармаларының негізінде)**

6D021300 – Лингвистика

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші:
филология ғылымдарының докторы,
профессор Ж.А.Манкеева

Шетелдік ғылыми кеңесші:
Калгари университеті,
PhD докторы Әйүп Баджанлы
(Калгари, Канада)

МАЗМҰНЫ

АНЫҚТАМАЛАР	3
КІРІСПЕ	6
1 МӘТІНДІ ЗЕРТТЕУДІҢ АНТРОПОӨЗЕКТІК ПАРАДИГМАСЫ	12
1.1 Тілді зерттеу үдерісінде антропоөзектік парадигма қалыптасуының тарихи-танымдық алғышарттары	12
1.2 Қазіргі қазақ тіл біліміндегі тіл арқылы ұлт болмысын тану үрдісі	26
1.3 Көркем мәтін тілінің коммуникативтік мазмұны мен автордың «тілдік тұлға» болмысының сабақтастығы	39
1-ші тарау бойынша қорытынды	43
2 КӨРКЕМ МӘТІНДЕГІ КОММУНИКАТИВТІК ҚЫЗМЕТТІҢ ПРАГМАТИКАЛЫҚ СИПАТЫ	45
2.1 Лингвистикадағы прагматика саласының семиотикалық, коммуникативтік алғышарттары	45
2.2 Д. Исабеков шығармаларындағы тілдік бірліктердің коммуникативтік-прагматикалық қызметі	58
2.3 Д. Исабековтің <i>автор – мәтін – мәтіннен тыс болмыс – мәдениет – оқырман</i> ұғымдарының тұтасу қызметі	71
2.4 Д. Исабеков шығармаларындағы мәдени коннотацияның коммуникативтік мәні	74
2-ші тарау бойынша қорытынды	88
3 КӨРКЕМДІК ЖҮЙЕНІҢ КОММУНИКАТИВТІК СИПАТЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ НЕГІЗДЕРІ	90
3.1 Жазушының көркем әлемін құрудағы <i>автор – кейіпкер – оқырман</i> ұштағанының коммуникативтік қызметі	90
3.2 Д. Исабеков тұлғасының коммуникативтік-көркемдік әлеуеті	96
3.3 Тілдік тұлғаның рухани әлемінің, ойлау өрісі мен аялық білімінің көркем мәтіндегі көрінісі	98
3.4 Көркем мәтіндегі автордың нақты коммуникативтік мақсатын көрсететін тілдік бірліктер	117
3-ші тарау бойынша қорытынды	133
ҚОРЫТЫНДЫ	134
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	137
ҚОСЫМША	145

АНЫҚТАМАЛАР

Диссертациялық жұмыста төмендегідей терминдер мен анықтамалар қолданылады:

Автор – идеяның иесі, оқиғаны құрастырушы, оқырманға туындыны жеткізуші. Ол – кейіпкерлерді оқиға заманына апарып, түрлі қимыл-әрекеттермен сипаттап, оқиға желісімен өмір сүруге ықпалын тигізетін тұлға.

Автор бейнесі – бұл шығарманың ішінде осы туындыны жасаған бейне пайда болған кезде туындайтын ерекше эстетикалық категория.

Авторлық идеал – автордың арман-тілектерін жүзеге асыру мақсатында жасалған бейне.

Ақпарат – фактілер мен оқиғалар, процестер туралы хабарламалар. Адамға әр түрлі арналар арқылы келетін және оның санасында өңделіп, сұрыпталатын, кодталатын мәліметтер, деректер, білімдер; коммуникация процесінде тілдік құрылымдар арқылы ұсынылып жеткізілетін білімдер.

Антропоэзектік парадигма – тілді адамның танымдық ойлау қабілетімен байланыстыра қарастырады. Антропоэзектік бағыттар – этнолингвистика, психолінгвистика, социолінгвистика, когнитивтік лингвистика және лингвомәдениеттану. Қазіргі таңда қазақ тіл білімінің мәселелері осы бағыттардың негізінде зерттеліп, қазақ тілінің жүйелі-құрылымдық қызметімен қатар, танымдық қызметтерінің шеңбері кеңейе түсті.

Әуезелеуші – айтатын сөзіне өзін қатыстырмай, өзінен тысқары ғаламда болған істі әңгіме қылатын адам.

Баяндаушы – жазушының сөзі, ал баяндаушының бейнесі (өзін автор ретінде көрсететін) – жазушының әдеби артистизмінің формасы. Онда автордың бейнесі өзі жасаған сахна бейнесіндегі актердің бейнесі сияқты қарастырылады.

Білім – болмыстың объективті қасиеттері мен белгілерінің адам санасында бейнеленуі, нәтижелерінің когнитивті ұйымдастырылуының базалық формасы. Жадтың бір бөлігі, санада сақталатын мәліметтер.

Дискурс (фр. discours) – тілдік коммуникация түрі. Кең шеңберде, *дискурс* дегеніміз – уақыттың мәдени тілдік контексті. Оған рухани-идеологиялық мұра, көзқарас, дүниетаным кіреді. Тар мағынада, *дискурс* деп қандай да болмасын мағыналы, құнды іс-әрекеттің (актінің) нақты тілдік шындығын айтады.

Кейіпкер – көркем шығармада суреттелетін оқиғаға қатысушы адам, әдеби образ.

Коммуникация – латын тілінен аударғанда «ортақ атқару», «хабарлама» деген мағына беретінін атап көрсетеді: «Кез келген коммуникацияның екі қыры болады. Мәселен, *хабар таратушы – хабар алушы, жазушы – оқушы, сөйлеуші – тыңдаушы, продуциент – реципиент, адресант – адресат.*

Концептуалды қызмет – тілдік субъектілердің сөз қолданыстарының деңгейіне байланысты атқарылады.

Конститутивті қызмет – тілдік жағдаятқа байланысты жүзеге асады.

Көркем мәтін – коммуникация формасы, оған байланыс, белгі (код), меңгеру, тезаурус, дүниетаным, коммуниканттардың әлеуметтік, тарихи,

ұлттық ерекшеліктері, интенцияның (мақсат, дәлел, себеп) коммуникативті-прагматикалық қарым-қатынас талаптарына сәйкес келуі жатады.

Көркем шығарма – көп қабаттан құралатын күрделі құбылыс. Автордың дүниетанымы, ой-қиялы, өмірлік тәжірибесі, тілдік қабілеті арқылы жүзеге асқан идеясының арқасында көркем шығарма оқырман жүрегіне жетеді.

Лексикалық ая – адамның тіл арқылы жанама қызметіне қатыспайтын сөз мазмұнының құрамдас бөліктері.

Лингвокогнитивтік деңгей – тұлғаның интеллектуалдық аясын қамтып зерттеушіге тіл арқылы, сөйлеу және түсінілім процестері арқылы адамның біліміне, санасына, таным процестеріне шығуға мүмкіндік береді.

Мәтін – автордың ойын объективтеу, оның шығармашылық түпниетін жарыққа шығару, Адам мен оның әлемі жөніндегі білімдерін жеткізу үшін, аталмыш ұғым-түсініктерін автор санасынан сыртқа шығарып, өзге адамдардың да игілігіне айналдыру мақсатымен жасалады.

Метафора мен метонимия – семантикалық деривацияның арнайы тәсілдері; поэтикалық мәтіннің лингвосемиотикалық қырын танытатын лингвокогнитивтік құралдар.

Нарратор – көркем туындыда тарихты мазмұндау, оқиғаны баяндау қызметтері бөлінген тұлға.

Оқырман – әдеби шығарманы қабылдайтын орта. Жазушы шығарманы тудырушы болса, оның қаншама ұзақ өмір сүретіні, әдебиетте қандай орын алатыны оқырманға байланысты.

Парадигма – англ. *paradigm*, фр. *paradigme*, нем. *Paradigma*, йог. *paradigma*. 1. Белгілі бір сөз табындағы сөз жасауға үлгі болып табылатын флективтік өзгерістер жиынтығы. 2. Белгілі бір лексикалық бірліктердің сөзді түрлендіру формаларының жиынтығы, белгілі бір лексеманы құрайтын сөз формаларының жиынтығы.

Парадигматика – таңбаны басқа таңбалардың көптігіне жатқызуға негіз болатын байланыстар, кейін таңба сөзжұмсамда қолданылу үшін осы көптіктен шығарылып, іріктеліп алынады;

Прагматика – семиотиканың негізгі құрамдас бөлігі; хабарлама адресатына әсер ету.

Прагматикалық деңгей – тұлғаның мақсаттарын, уәждерін, мүдделерін, өмірлік ұстанымдары мен мұраттарын (интенционалдылық) (мұраттарын) қамтиды. Тілдік тұлғаны талдауда бұл деңгей оның сөйлеу әрекетін бағалаудан болмыстың қызметін түсінуге заңды және шартты түрде өтуді қамтамасыз етеді.

Прагматикалық қызмет – субъектінің қоғамдық қатынастардың ықпалымен сөйлеушінің коммуникация кезінде қолданған амал-әрекеті.

Пропозиция – ойлаудың тұтас субъектілік-предикаттық құрылымдары. Олар кейбір ситуациялар мен олардың элементтерінің конфигурациясын бейнелеп көрсетеді.

Пропозиционалды құрылымдар – барлық менталдық процестерге тән әмбебап элементтер. Адамның жады – өзара қиылысып жататын пропозиционалды ағаштар түріндегі аса ауқымды желі (сеть).

Реалия – белгілі бір ғана ұлттың өміріне, тұрмысына тән олардың материалдық, рухани мәдениеттерін және тарихи-әлеуметтік дамуын көрсететін сөздер мен сөз тіркестері.

Сема – мағынаның әртүрлі сөздердің мағыналарын өзара қатар қойғанда айқындалатын компоненті, дифференциал семантикалық белгі.

Семантика – семиотиканың негізгі құрамдас бөлігі, таңбаның таңбалаушы мен таңбаланушы арасындағы ішкі/символдық қатынасы типі;

Семантикалық өріс – тілдік бірліктердің қандай да бір ортақ семантикалық белгісі бойынша біріктірілген жиынтығы.

Семиотика – таңбалар мен таңбалар жүйесін коммуникацияны жүзеге асыру құралы ретінде зерттейтін ғылым.

Семиотикалық кеңістік – тілдік таңбаның семантикалық ауқымын, прагматикалық әлеуетін және синтагматикалық бағыттылығын қамтитын ауқымды сала.

Синтагматика – таңбаны сөйленімдегі басқа таңбаларға қосатын қатынастар.

Таным – болмыстың ойлауда бейнеленуі мен қайта еске түсірілу процесі. Оның нәтижесінде білімдер жинақталады. Бұл – ақпаратты қабылдау, түсіну, елестету, репрезентациялау және туындату жүйелерінің өзара әрекеттестігі.

Таңба – таңбаланушы мен таңбалаушы арақатынасының екі жақтылығымен сипатталатын ақпараттың жасалу, жеткізілу және сақталуының материалды, вербалды құралы; таңбалаушы (тұрпат межесі) мен таңбаланушыны (мазмұн межесі) репрезенттейтін екі жақты материалдық бірлік.

Типтік код – таңбаның заттық-ұғымдық мағынасы мен тілдің ұлттық спецификасы шеңберінде түрленіп отыратын прагматикалық мағынаның (коннотациялар, этномәдени компонент) және жүйешілік тілдік (парадигматикалық және синтагматикалық) мағыналардың жиынтығы.

Тілдік жағдаят – әлеуметтік лингвистиканың маңызды ұғымдарының бірі тілдің коммуникативтік қызметін сипаттайтын аясы.

Тілдік тұлға – тек тілдің ғана субъектісі емес, адресант және адресат ретінде сөздің де субъектісі. Дәстүрлі парадигма сөз мәдениеттің түп қазығы, орталық ұғым тілдік норма болса, ендігі жерде, жаңа парадигмада сөз мәдениетінің түпқазығы тілдік тұлға болуға тиіс.

КІРІСПЕ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Қазіргі лингвистиканың басты ерекшелігі тіл иесінің қолданысындағы тілдің жүйелік және құрылымдық жағына емес, қатынас құралы ретіндегі қызметіне бағытталуымен сипатталады. Осымен байланысты, қазақ тіл білімінде де тілдік қатысымның субъектісіне баса назар аударылып, тілдің нақты қарым-қатынас жағдайындағы жұмсалымын адресанттың ойы мен адресатқа қарым-қатынасын жеткізуші экспрессивті құралдар жүйесін және коммуникацияны тіл арқылы өзара әрекеттесу тәсілі ретінде қарастыратын ғылым ретінде прагматикаға қызығушылықтың артуы байқалады.

XX ғасырдың соңғы ширегінде өріс алған антропоэзектік парадигма аясында кеңінен зерттеле бастаған прагматика мәселесі XXI ғасыр басында ерекше қарқынмен дами отырып, тұтастай алғанда, лингвистиканың семантикалық және функционалды аспектісіне көбірек бағдарлануына да өзіндік ықпалын тигізді. Зерттеушілер назары тілдің жүйелік қасиеттерінен біртіндеп оның қолданылу үдерісі мен діттемесін тануға ауысты. Сондықтан оарым-қатынас барысындағы ақпаратты жеткізуші сөз туындысы, мәтін түзу (адресат), оны қабылдау (адресант-оқырман) т.б. мәселелерді бір тұтастықта қараудың маңызы зор.

Осымен байланысты қазіргі тіл білімінде қалыптасқан қазақ этносының бітім-болмысын тіл арқылы тануға мүмкіндік беретін антропоэзектік бағыттағы зерттеулердің аясында сөз құдіретінің сапалық деңгейі жан-жақты ашылатын дара тілдік тұлғалардың шығармашылық тілін (көркем мәтін тілін) зерттеудің мәні ерекше. Соған сәйкес, көркем тілдің коммуникативтік-прагматикалық әлеуетін антропоэзекті парадигмада зерттеу нысанына «тілдік тұлға» ұғымының төңірегінде шоғырланған мәселелер, атап айтқанда, оның поэтикалық мәнмәтінді (контексті) құратын психологиялық болмысы, шығармаларындағы автордың дүниетанымдық бейнесі, этно-мәдени және әлеуметтік ерекшеліктері т.б. тұтасқан кеңістігі, концептуалды өрісі алынады. Осы тұста қаламгер интенциясы оқырманның санасында орныққан когнитивтік жүйесімен қалай сабақтасқанын, яғни автор не себепті белгілі бір ойын жеткізу үшін мәтінде дәл осы сөзқолданысты таңдағанын түсіндіру аса маңызды. Осындай күрделі мәселенің шешімі, сайып келгенде, автордың өз шығармасын жазу барысында алға қойған прагматикалық діттеміне сай мәтіндік сөз кестесін қалай өргенін дәйектейтін тұтас арқауды табуға байланысты зерттеулер жүргізуді қажет етеді.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі.

Қазіргі тіл білімінде қалыптасқан антропоэзектік парадигмаға сәйкес айқындалған жұмсалым барысындағы сөздің болмысын тану үрдісі сөз иесінің тұлғасымен сабақтасып, негізінен мәтіндік кеңістікте өріс алатыны көркем мәтін тілін зерттеу мәселесін жаңа қарқынмен дамытуда. Оны жаңа деңгейге көтеру үшін мәтін семантикасын жаңа қырынан дамыту қажеттілігі туындады. Осымен байланысты, ақиқат болмыстың коммуникативтік мәтін мазмұнындағы актіге қатысты үлгілерін зерттеу қатысымдық семантика мәселесінің маңызын

арттыра түседі. Мағынаның мәтіндегі қолданыстық сипаты осы коммуникативтік семантика аясында жүзеге асырылады. Сондықтан қатысымдық семантика мәселесін зерттеуді толықтырып, жетілдіруге қатысты қазақ тіл білімінде көркем мәтіндегі қатысымдық бірліктердің прагматикалық әлеуетін, уәждемелік дәйегін қарастыру – қазақ тіл білімінде мәтіндік лингвистика өрісін кеңейте түсетін өзекті мәселе.

Ал көркем шығарма мәтіні – адамның (кейіпкердің) белгілі бір тарихи кезеңдегі әлеуметтік топтың өкілі ретіндегі өмір сүру дағдысын, жағдайын, тіршілік әрекетін т.б. автордың түрлі тілдік амалдар мен көріктеу тәсілдері арқылы бейнелеген біртұтас жүйесі. Соған сәйкес *автор – кейіпкер – оқырман* сабақтастығынан тұратын антропоөзектік тұтастыққа сүйенген көркем мәтін прагматикасы тілдік қарым-қатынас субъектісін сол мәдениеттің өкілі ретінде танытады. Осымен байланысты, кейіпкер бейнесін оның тілі арқылы сипаттау шеберлігі тұрғысынан ерекше шығармашылық дарынымен көзге түсетін қазақ қаламгерлерінің бірі – Д. Исабеков. Осы кезге дейін жазушы тілін, стилін автор бейнесін лингвостилистикалық тұрғыдан зерттеу барысында тілдік жүйенің деректеріне сүйену тәжірибесі қалыптасқаны белгілі. Бұл жүйеде көбінесе жалпыхалықтық тілдің бір бөлігі ретіндегі сөйлеу тілі зерттеу аясынан тыс қалады. Ал Д. Исабеков – өз шығармаларында қазақ болмысына тән көркемсөз жүйесін бейнелеуде кейіпкерлері тіршілік етіп, белгілі бір кәсіппен айналысып, тұрмыс кешетін аймағының сөйлеу тіліндегі әлеуетін шебер қолданып, шынайы бейнелеген жазушы. Сондықтан өзінің тұлғалық танымына сай әлемнің көркем бейнесін жасаушы тілдік тұлға ретінде Д. Исабеков шығармашылығының коммуникативтік-прагматикалық жүйесін *автор мен кейіпкер* тұтастығына сүйенген антропоөзектік парадигмада зерттеудің өзектілігі ерекше.

Автор өз білімінің жиынтығын (өмірлік тәжірибесіндегі түрлі жағдаяттарға, адамдар арасындағы әлеуметтік қарым-қатынасқа, қоршаған әлем және т.б. туралы ұғым-түсінігіне қатысты) көркем мәтіндеріндегі прагматикалық бағдарда қалай қолданатынын, бұл білім осы мәтіннің адресатына қаншалықты әсер ететінін, оқырман оны қалай қабылдайтынын анықтау аса маңызды.

Диссертацияның зерттеу нысаны – антропоөзекті парадигма аясындағы көркем мәтіннің прагматикалық әлеуеті.

Зерттеу пәнін көркем мәтіннің прагматикалық әлеуетін құрайтын тілдік бірліктердің табиғатын ашу, сол арқылы автордың танымдық әлемін түсіну идеясы құрайды.

Зерттеу жұмысының мақсаты – көркем мәтіннің коммуникативтік-прагматикалық әлеуетін антропоөзектік парадигма аясында ашу.

Осы мақсатқа сай мынадай **зерттеу міндеттері** анықталады:

- тілдік құралдардың өзектелу ерекшеліктерін коммуникативтік-прагматикалық контекст деңгейінде сипаттау және қатысым жағдаятының оқырманға ықпал етуінің негізгі қағидаттарын анықтау;

- жазушының діттеміне сәйкес мәтін құруда қолданылған тілдік құралдардың прагматикалық уәждерін белгілеу;

- мәтіндегі окказионалды сипаттағы стилистикалық құралдардың прагматикалық мәнін бөліп көрсету;
- көркем мәтін түзудегі мазмұндық-концептуалдық ақпараттың прагматикалық мәнін ашу;
- автордың рухани әлемі мен аялық білімінің оның коммуникативтік діттеміне ықпалын дәйектеу.

Зерттеу әдістері. Алға қойылған міндеттерді шешу үшін жұмыста қарастырылатын тілдік бірліктерді көркем мәтіндерден жинау, сипаттау әдісі, мәтіндік, мән-мәтіндік талдау, көркем шығармадағы тілдік бірліктерді мәдени, жағдаяттық, коннотаттық қолданыстарды түсіндіру (интерпретация) әдісі, т.б. әдіс-тәсілдер кешенді түрде қолданылады.

Зерттеудің ғылыми-әдістанымдық негіздерін тіл біліміндегі Ю. Н. Караулов, В. В. Виноградов, А. Ю. Маслова, Г. Б. Колшанский, Г. Г. Матвеева, И. В. Самарина, Л. А. Новиков, И. А. Широкова және қазақ Тіл біліміндегі А. Байтұрсынұлы, Қ. Жұбанов, Ә. Қайдар, Р. Сыздық, Қ.Өмірәлиев, Н. Уәли, Ж. Манкеева, Ф. Оразбаева, Э. Сүлейменова, Б. Шалабай, Қ. Жаманбаева, Б. Момынова, Г. Смағұлова, Г. Мұратова, Э. Оразалиева, Ш. Елемесова, Ж. Сәткенова, З. Ерназарова, Г. Әзімжанова, Д. Әлкебаева сияқты ғалымдардың іргелі теориялық тұжырымдары құрады.

Зерттеу материалы ретінде жазушы Д. Исабековтің көркем мәтіндері белгілі бір коммуникативті бірлік және кең коммуникативтік контекст ретінде танылады.

Зерттеу жүргізу үшін көркем шығарманың прагматикалық әлеуетін жасайтын және күшейтетін әр түрлі тілдік құралдар пайдаланылатын 700-ге жуық мәтін үзінділері таңдалып, талданды.

Зерттеу дереккөзі ретінде: Исабеков Д. Қарғын: роман, повесть, әңгіме. – Алматы: Жалын, 1980. – 280 б.; Исабеков Д. Екі томдық таңдамалы шығармалар.– Алматы: Жазушы, 1993. – Т 1. – 544 б. жинақтары алынды.

Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы:

- диссертация мазмұнының жаңалық сипаты көркем мәтіндердегі құрылымдық-грамматикалық, лексика-фразеологиялық бірліктердің қолданыс ерекшеліктерін қатысым мақсатымен байланысты мәтін прагматикасын айқындайтын кешенді көзқарастан көрінеді;
- көркем мәтіндердегі ұлттық құндылықтардың тілдік көріністерін прагматикалық тұрғыдан қарастыру мәтінді пропозициялық және коммуникативті-интенционалды байланыста зерттеуге мүмкіндік береді;
- жұмыста көркем мәтіннің прагматикалық әлеуетін жасауға және күшейтуге ықпал ететін көріктеуіш тілдік құралдардың прагматикалық бағытын анықтау да белгілі бір дәрежеде жаңалық болып саналады.
- қазақ тіл білімінде шығармашылық діттеміне сай ана тілінің шұрайын ұтымды пайдалана білетін сөз шебері Д. Исабеков тіліне алғаш рет прагмалингвистикалық талдау жасалады.

Зерттеу жұмысының теориялық маңызы қазақ тіл білімінде коммуникация теориясын оның прагматикалық аспектісі тұрғысынан одан әрі дамытуға, тілдік бірліктердің мәтін құраушы әлеуетін зерттеу мәселелерін

шешуге, сонымен қатар прагмалингвистиканың, лексикологияның, функционалдық стилистика мен мәтін лингвистикасының жекелеген мәселелерін зерделеуге белгілі бір дәрежеде өзіндік үлесін қоса алады.

Зерттеу жұмысының практикалық құндылығы.

Диссертацияның қорытындылары мен нәтижелерін жоғары оқу орындарындағы оқу үдерісінде лексикология, стилистика, диалектология, мәтін лингвистикасы, прагмалингвистика бойынша өткізілетін дәрістерде, жазушы тілін зерттеу мәселелеріне арналған «Көркем шығарма тілін лингвистикалық талдау», «Мәтін лингвистикасы», «Ареалды лингвистика», «Қазақ тілінің прагмалингвистикасы», «Қазақ тілінің стилистикасы» сияқты арнайы курстар мен семинарларда, сондай-ақ түрлі сөздіктер құрастыруда, яғни лексикографиялық мақсатта пайдалануға болады. Сонымен қатар зерттеу материалы мен бірқатар нәтижелерін жас ізденушілердің докторлық, магистерлік, дипломдық және курстық жұмыстарды жазу барысында қолдануына болады.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар:

- Көркем шығармада лексикалық деңгейде стильдерді араластыра қолдану тәсілі прагматикалық қызмет атқарып, хабарланатын ақпаратқа деректілік және салмақтылық, байсалдылық сипат береді. Кейіпкер сөзіне диалектілік ерекшеліктерді кіріктіріп жіберу арқылы автор прагматиканың экспрессивті компонентін (жергілікті нақыш, комикалық әсер тудыру) және мәдени компонентін (оқырманға кейіпкерлердің әлеуметтік жағдайы туралы ақпарат беру) құрай алады.

- Мәтінде белгілі бір сөзге үстелген, телінген прагматикалық коннотация (ингерентті және адгерентті коннотация) арқылы туындаған контекст қосымша мазмұнмен толықтырылады; арнайы мағына үстелген (концептуалды/ ұғымдық коннотация) және шектелмеген, оқшауланбаған бір сөздің (сөз формасы немесе синонимі) бүкіл мәтін бойында жүйелі, дәйекті түрде қайталануының нәтижесінде болуы мүмкін. Мұндайда жекелеген лексикалық бірліктер емес, қосымша эмоционалды-экспрессивті мағынаға мәтіннің өзі немесе оның бір сегменті ие болады, ол мәтіннен тыс алғанда коннотациялық мағынасын жоғалтады және қолданысын тоқтатады (мәтін құраушы коннотация).

- Фразеологиялық-паремиологиялық бірліктердің прагматикалық әсерінің күші оның мағыналық құрылымына әр түрлі семантикалық корреляттардың әсер етуімен анықталады. Фразеологиялық бірліктің прагматикалық сипаттамасы әдеттегі, узуалды формада жағдаяттың өзіне қатысты прагматикалық факторлармен анықталса, окказионалды сипатының узуалды прототиппен байланысы әрқашан сақталады.

- Мәтіннің прагматикалық әлеуеті негізінен мынадай құрылымдардың есебінен жасалады: мақұлдайтын, жауапқа ынталандыратын, түрткі болатын сөздердің орын тәртібін сақтай құрылған жалпы сұрақтар (мұндай жауаптың пресуппозициясы әр түрлі болады); эллипсистік немесе толымсыз сөйлемдер; мәтін прагматикасын күшейтетін қайталауға негізделген параллелизм; мәтіннің прагматикалық әлеуетін қалыптастыруда көмекші рөл атқаратын, оқырман назарын аударатын, тұжырымның мәнерлілігі мен ырғағын тудыратын

құрылымдардың (тавтологиялық, синонимдік) құрамындағы лексика-семантикалық қайталаулар.

- Д. Исабеков – қазақ елінің кеңес үкіметі кезіндегі және тәуелсіздік кезеңіндегі тұрмыс-тіршілігін барынша шынайы суреттеген қаламгер, сондықтан оның әңгімелерінен тұтас бір дәуірдің шындығын көруге болады. Яғни жазушы шығармаларының прагматикалық әлеуетін зерттеу арқылы *засырлар тоғысындағы галамның тілдік бейнесін* зерделей аламыз.

- Кеңес кезеңіндегі өмір суреттелген көркем мәтіндердегі ақиқат болмысты концептуалды бейнелеудің үдерісі қазақ тілді ұжым мүшелерінің ауызекі сөйлеу тіліндегі қолданыстары арқылы жүзеге асып, заман шындығын тұжырымдауға жол ашылады. Көркем мәтін тілінің коммуникативтік-прагматикалық әлеуетін талдау оқырманға белгілі бір тарихи-саяси кезеңдегі ұлттық мәдениетті құраған діл, дін, салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар сияқты және басқа да әлеуметтік факторлардың тұтастығындағы шынайы қалпында елдің тұтас бейнесін қабылдауға мүмкіндік береді.

Зерттеу жұмысының талқылануы мен жариялануы.

Ғылыми жұмыс нәтижелері Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Жалпы тіл білімі кафедрасының мәжілісінде талқыланды. Диссертацияның негізгі тұжырымдары республикалық және шетелдік ғылыми басылымдарда 10 мақала түрінде жарық көріп, халықаралық және республикалық ғылыми-теориялық конференцияларда баяндалды. Оның ішінде Scopus деректор қорына енген журналда 1, ҚР БЖҒМ БҒССКК ұсынған журналдарда 5 мақала, шетелдік басылымда 2, отандық халықаралық конференция материалдарында 2 мақала жарық көрді:

1. Коммуникативтік тілдесім тоналдылығының коннотаттық-прагматикалық ерекшеліктері // Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Хабаршысы. Филология сериясы, №2/2 (160). – Алматы «Қазақ университеті», 2016. Б. 22-27.

2. Коммуникациялық бірліктердің сөйлеу актілер теориясындағы көрінісі // Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті Хабаршысы. «Филология ғылымдары» сериясы, № 2 (56). – Алматы, 2016. Б. 20-24.

3. Көркем мәтіннің антропоэзектілігі жайында // С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті Хабаршысы. Филологиялық сериясы, Арнайы шығарылым. – Павлодар, 2017. Б. 26-33.

4. Көркем мәтіндегі коммуникативтік қызметтің прагматикалық сипаты // Қазақстанның ғылымы мен өмірі Халықаралық ғылыми журнал. Филология ғылымы, № 6/2. – Алматы, 2020. Б. 334-340.

5. Көркем мәтіндегі автор – кейіпкер – оқырман үштағанының коммуникативтік қызметі және коммуникативтік сипатының танымдық негіздері // Қазақстанның ғылымы мен өмірі Халықаралық ғылыми журнал. Филология ғылымы, № 6/2. – Алматы, 2020. Б. 340-345.

6. Some features of the meaning «literary text» in the pragmalinguistic aspect // Orcion. Ano 34, No. 85-2. – Maracaibo-Venezuela, 2018. – P. 20-34.

7. Тілдік коммуникация нормаларының ерекшеліктері // «Тіл құрал – қуатты күш» атты Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы, 2016 жыл, 29-сәуір. – Б. 86-90.

8. Көркем мәтіннің коммуникативтік аспектісі // II международная научно-практическая конференция «Интеграция научного сообщества перед глобальными проблемами современности. – Осака, Япония, 2017 год, 7-9 март. – Б. 309-315.

9. Тіл зерттеулерінің антропоэзектік қағидаты жайында // Актуальные научные исследования в современном мире (часть 5). – Украина, Переяслав-Хмельницкий, 2017 год, 26-27 октябрь. – Б. 77-81.

10. Д. Исабековтің мәтіндерінде қолданылған рухани құндылықтарды бейнелейтін тілдік деректердің коммуникативтік мәні // «Әл-Фараби философиясы: мәдениет, тіл және әдебиет» атты Халықаралық ғылыми-әдістемелік Workshop. – Алматы, Қазақ университеті, 2020 жыл, 1-маусым. – Б. 31-39.

Зерттеу жұмысының құрылымы. Жұмыс кіріспе, үш бөлім, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшадан тұрады.

1 МӘТІНДІ ЗЕРТТЕУДІҢ АНТРОПОӨЗЕКТІК ПАРАДИГМАСЫ

1.1 Тілді зерттеу үдерісінде антропоөзектік парадигма қалыптасуының тарихи-танымдық алғышарттары

Бүгінгі таңда тіл саласын зерттеуде адам факторына ерекше назар аудару үрдісі қалыптасуда екені белгілі. Дәстүрлі қазақ тіл білімінде де, оның ішінде құрылымдық грамматикада бұрын аса мән берілмеген *адам мен тіл, сөйлеуші мен тыңдаушы, тіл мен ойлау, тіл мен таным, тіл мен сана* сынды ұғымдарға енді ғана ден қойылып келеді. Адам факторы арқылы зерттеу тілдің ашылмаған жаңа қырларын тануға мүмкіндік беретіндіктен, адам болмысын сипаттайтын көптеген ғылыми салалардың қалыптасуына негіз болатынын түсінген ғалымдар антропоөзектік парадигманы алға шығарды. Бұндағы антропоөзектік парадигма тілді құрылымдық, жүйелік парадигмамен сабақтастықта зерттей отырып, тілді тек қарым-қатынас пен ойды білдірудің құралы емес, ұлттың рухани, мәдени коды ретінде қарастырады. Демек, антропоөзекті парадигма тілді адамның танымдық ойлау қабілетімен байланыстыра зерттейді.

Жалпы тіл білімінің даму тарихында зерттеу парадигмасының *салыстырмалы-тарихи, жүйелік-құрылымдық және антропоөзектік* деген үш түрі бар. Тілді салыстырмалы-тарихи парадигмада зерттеу XIX ғасырда үрдіс алса, XX ғасырда тілдің дыбыстық, семантикалық, стилдік сияқты құрылымдық қырларын арнайы қарастыратын дәстүрлі әдістері қалыптасты. Ал XXI ғасырда тілді тұтынушыдан тыс зерттеуде тілдің шеңберінен шықпай, оның таза өзін ғана танумен шектелу жеткіліксіз болғандықтан, тіл саласын адам болмысы мен қызметімен тығыз байланысты психологиямен, философиямен, дінмен, тарихпен, мәдениетпен, қоғаммен және т.б. салалармен байланыстырып, кешенді зерттеу қолға алына бастады. Осыған байланысты тіл біліміндегі зерттеулер де өзінің бастау нүктесін (точка отчета) өзгертті. Яғни ондағы бірліктер жұмсалымдық қасиетіне қарай сипатталып, топтастырылатын болды. Сөйтіп, бүгінгі таңда функционалды тіл білімі тілді зерттеудің басты бағыттарының біріне айналды. Соның негізінде тіл білімінде тілді басқа ғылым салаларымен, қоршаған ортамен, адамның ішкі жай-күйімен, көзқарасымен байланыстыра зерттейтін антропоөзектік бағыт қалыптаса бастады. Соның нәтижесінде оны тудыратын, қолданатын және болашаққа алып баратын тіл иесіне, оны жетілдіріп дамытатын нақты бір жеке тілдік тұлғалардың коммуникативтік қызметіне де назар аударылып, ұлттық сананың тілдегі көрінісі бейнеленетін жұмсалымдық сипат та осындай қажеттіліктерден туындайды.

Тілді зерттеудің көрсетілген үрдісіне сәйкес, «антропоцентристік парадигма», «антропоцентристік бағыт» деген ұғымдарды анықтау әрбір ұлтты, сол ұлттың тілдік ерекшеліктерін танудан басталады. «Антропоцентризм» ұғымына берілген ғылыми анықтамаға сәйкес, ол – гректің *anthropos* – «адам» және латынның *centrum* – «орталық» деген мағыналы сөздерінен біріккен сөз. Ол «адам құбылысын (феноменін) ғаламның басқа да құбылыстарына (феномендеріне) қарсы қоя отырып, адамды ғаламның орталығы ретінде танытатын, дүниедегі болып жатқан үдерістердің мақсатын адам факторымен

байланыстыратын ғылыми бағыт» [1, 8 б.]. Сондықтан «anthropos – адам» деген сөзден бастау алатын «антропоцентристік көзқарас», «антропофилия», «антропология», «антропогенез», «антропометрия», «антропоморфизм» және «антропологиялық парадигма» сынды ұғымдардың қатар қолданылуы – заңды құбылыс. Мәселен, «антропология» терминін ең алғаш рет адамның дене бітімі мен жан дүниесін сипаттауда ежелгі грек философы Аристотель қолданған. Содан кейін бірнеше ғасыр өткен соң ғана бұл термин қайтадан ғылыми айналымға енген. Осы арада бұл ұғымдардың қазақ тіл білімінде *антропоөзек*, *антропоөзектік бағыт*, т.с.с қолданылып жүрген балама атауларының уәжі антропоцентризмді философиялық қырынан таныған *П.С. Гуревичтің* мынандай түсіндірмесімен үндесетіні байқалады: «Антропоөзектілік – бұл әлемнің өзегі және әлемде орын алатын оқиғалардың орталығы адам болып табылады дегенді білдіретін көзқарас. Көптеген философтар философияның басты мәселесі адам деп есептей отырып, осы дүниетанымдық ұстанымды негізге алды. Адамның табиғатын, болмысын, мақсатын түсіне отырып, сан ғасырлар бойы жиналған басқа да философиялық мәселелерді түсінуге болады» [2, 44 б.]. Ғалымның тұжырымымен таныса келе, антропоөзектіліктің ғылым үшін аса өзекті екенін көруге болады. Тіршіліктің, өмірдің, ғылымның бастауы адам екені баршаға мәлім. Расымен, табиғаттың күшін, адамның танымын түсінгенде ғана жылдар бойы жинақталған сұрақтарға жауап табуға болады. Философ П.С. Гуревич өз зерттеулерінде барлық мәселенің шешімі ретінде антропоөзектілікке баса назар аударған.

Демек, жоғарыда айтылған екі анықтамадан тілді антропоөзектік тұрғыдан зерттеуде адамның тілге қандай ықпал жасайтыны, тілдің адам санасына, ойлауы мен мәдениетіне тіл тұтынушының қолданыс барысында қалай әсер ететіндігі анықталып, ерекше маңызға ие тілдегі адам мәселесін оның әлемге қатынасы арқылы толық сипаттауға болады. Тілді таным құралы, қарым-қатынас құралы ретіндегі қызметі негізінде дамытатын – жеке адам. Соның ішінде жеке шығармашылық тілдік тұлға тілдік қолданысқа жүйедегі құралдарды икемдеп, басқа мағынада жұмсап, жаңа өң беріп, құбылтуы сөз әлеуетін аша түседі. Күнделікті тәжірибеде оның бағасы айқындалып жатады. Кемшілік ретінде кейбір жеке қолданыстардың көпшіліктен қолдау таппай, тілдік заңдылыққа сәйкес тіл жүйесіне ене алмауы түсінілсе, артықшылығы ретінде тілдің жеке адамдардың шығармашылығы арқылы дамуы атап көрсетіледі.

Тілдің төл қызметін дәл анықтаған А. Байтұрсынұлы: «Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түюін түйгенінше айтуға жарау. Мұның бәрін жұмсай білетін адамы табылса, тіл шама қадырынша жарайды» [3, 141 б.], – дейді. Олай болса, ғалымның «Тілдің міндеті ... жарау» дегенін – тілдің (жүйенің) ішкі мүмкіндігі (әлеуеті) шексіз деп түсінген жөн. Ал «жұмсай білетін адамы болса» дегені – тіл иесінің сөйлеу (речь) арқылы тілдің коммуникативтік қызметін дамытатын күшіне мән беруі. Осы бір қысқа ғана тұжырымда әлемге танымал тілші ғалымдардың ғасырлар бойы зерттеп, дәлелдеп, бірақ әрқайсысы әртүрлі атап келген (Ф. де Соссюр – *язык и речь*; Л. Ельмслев – *схема и узус*; Н. Хомский – *компетенция и*

употребление) тіл мен сөйлеудің арақатынасы анық, дәл көрсетілген. Ең бастысы дәстүрлі тіл біліміне сәйкес тілдің құрылымдық жүйесімен ғана шектелмей, «адамның ақылымен аңдауы, қиялымен меңзеуі, көңілінде түйюі» айқын көрінетін сөйлеу (речь) барысындағы коммуникативтік қызметіне, мұндағы сөйлеушінің тұлғасына назар аудару А. Байтұрсынұлының зерделі ой кеңістігін көрсетеді. Басқаша айтқанда, тілдің қарым-қатынас құралы ретіндегі қызметінің тіл иесінің (адамның) болмысымен сабақтастығын ұлы ғалым дөп басып аңғарған.

Ғалым Б. Момынова «Тілдегі жаңа бағыттар мен типтік қатынастар» еңбегінде антропоэлекттік парадигма бойынша таным объектісін зерттегеннен гөрі, таным субъектісіне баса назар аударады. Зерттеушінің пікірінше, «адам – тұлға, жай ғана ізгілікпен пен қайшылықтардың жиынтық образы емес, ұлттық және әлеуметтік белгілерді бойына жинақтаушы тұлға. Сондықтан да этнолингвистика, этнопсихология, этнопедагогика, психоллингвистика, лингвомәдениеттану, когнитивті лингвистика – бәрі де адам санасы мен танымын, оның терең қатпарларын, таным мен сананың, ойы мен ойлауының тілі арқылы жарыққа шыққан нәтижелерін зерттейді». Ғалым ғылымдағы адам танымын саралай келе, антропоэлекттіліктің негізгі ұстанымдарын ажыратып көрсетеді:

- адам факторы – тілдегі негізгі фактор;
- тіл адамға, оның ойына және мінез-құлқына қалай әсер етеді; осы әсер адамның санасында қалыптасқан әлемнің тілдік суретіне нені қосады;
- адам өзі сөйлейтін тілге қалай ықпал етеді, жалпы ықпал ете ала ма?
- адамның лингвокреативті іс-әрекетін жүзеге асыру үшін тіл жүйесінің қай бөлігі ыңғайлы немесе адам үшін қай бөлік ашық та, қолайлы;
- жүйенің қай бөлігі адам ықпалына көп ұшырауы мүмкін;
- қай бөлік өзгерісті қабылдауға бейім [4, 11-13 бб.].

Ғалым осылайша тілдің адамға, адамның тілге қатыстылығын жіктей келе, адам мен тілді бір-бірінен ажырата отырып зерттей алмайтынымызға екпін қояды. Сайып келгенде жоғарыда айтылған антропоцентризм, антропология, антропогенез, антропологиялық парадигма, антропоэлект, антропоэлекттік парадигма деген ұғымдардың барлығының негізінде адам жатқанын көруге болады. Яғни антропология - саласы адамның танымы мен түйсігі арқылы жұмбақ дүниелердің шешімін табуға жол ашатын үлкен бір сала.

«Бала шыр етіп жерге түскенде дыбыспен бірге туады» деп Ж. Аймауытұлы айтқандай, адам баласы қандай дыбыс шығарса да, қандай сөз айтса да, оның негізінде оның танымы мен түсінігі, мәдениеті мен болмысы жатыр. Осындайда Абайдың «сөзіне қарай кісіні ал, кісіге қарап сөз алма» деген нақылы еріксіз ойға келеді. Бұдан шығатын қорытынды әрбір ғылым саласының бастауы болып табылатын адамның ойын зерттеу арқылы бүгінгі ғылымның зерттелмеген қырларын ашуға, ғылыми салаларды одан әрі дамытуға болады.

Зерттеу жұмысының тақырыбында *антропоэлекттілік* ұғымымен тіркесіп қолданылған «парадигма» термині ғылымның көптеген салаларында кездесіп, грек тілінен аударғанда «*үлгі, мысал*» деген мағынаны білдіреді. Қазіргі

таңдағы лингвистика саласында аталмыш термин бірнеше мағынада жұмсалып жүр. Бірі – бір-біріне қарсы жұмсалатын лингвистикалық бірліктердің қандай да бір тобы немесе, керісінше, ортақ мағынасы, уәжі бар бірліктер тобы. Екіншісі – сондай топтардың сызбасы немесе үлгісі. Үшіншісі – морфологиялық парадигманың синонимі ретіндегі қолданысы.

Тіл білімі тарихында тілді зерттеудің бір-біріне ұқсамайтын немесе бірін-бірі толықтыратын бірнеше бағыттағы мектептері пайда болды. Бұл мектептер мен теориялық бағыттар ең алдымен зерттелу әдісіне қарай дәстүрлі (тұлғалық) және жұмсалымдық (функционалды) болып екі топқа жіктеледі. Бұл екі бағыттың бастау нүктесі (точка отсчета), зерттеу бағыты екі түрлі. Дәстүрлі тіл білімі тіл жүйесін «құралдық көрсеткіштен мағынаға» қарай зерттесе, жұмсалымды тіл білімі «мағынадан құралдық көрсеткішке» қарайғы бағытта қарастырады. Дәстүрлі тіл білімінде зерттеулер тілдің тұлғалық жағын нысан етіп алып, дыбыстардан бастап тілдегі күрделі құралдарға шейін қарастырады. Дыбыстардан бастап күрделі синтаксистік құрылымдарға дейінгі деңгейлік жүйені қамтитын дәстүрлі грамматиканың ізденістері бүгінгі таңда да екі бағытта (тіл жүйесіндегі ең ұсақ бірлікті табу – аллофон немесе тіл жүйесіндегі ең ірі құрылымдық бірлікті табу – мәтін) бірдей жүргізіліп келеді.

Дәстүрлі бағыттың олқы деген тұсы – тұлға мен мағынаға қатар сүйену, таза тілдік, логикалық және психологиялық санаттар мен бірліктерді араластыра қолдану. Сөйлемнің құрылысы бірде тұлғалық, бірде мағыналық, бірде таза психологиялық өлшеулерге сүйенетін сөйлем мүшелері арқылы сипатталады. Дәстүрлі тіл білімінде сөйлем нақты сөйлеу қатынасы жағдайынан тыс қарастырылады. Сөйлесу орны, оның тыңдаушыға қабылдануы есепке алынбайды. Дәстүрлі грамматикада бір тілдік бірліктің бір-ақ мағынасы бар деп есептелінеді немесе оның негізгі мағынасынан өзге сөйлеудегі жұмсалымдық мағыналары толық сипатталмайды. Мәселен, дәстүрлі синтаксис өкілдері (жалпы дәстүрлі грамматика өкілдері) сөйлемге қатысты «аяқталған ойды білдіреді» деген анықтамасын ешқашан басшылыққа алған емес. Олар үнемі сөйлемді анықтау үшін формалды белгілерге сүйеніп келді. Атап айтқанда, нүктеден (сұрау, леп белгісі және т.б.) нүктеге дейінгі сөздердің тіркесі сөйлем деп танылды [2, 91 б.].

Ал функционалды грамматиканың зерттеу тәсілдері дәстүрлі бағыттан өзгереді болып келеді. Функционалды грамматиканың негізін адамдық фактор, ұғым мен таным құрайды. Оған қоса, тілдің барлық бірліктері қоршаған ортамен тығыз байланыста қарастырылады. Себебі тіл қандай жағдайда да адам мен әлем, тіршілік, қоғам арасындағы байланысты, қарым-қатынасты орнатуда негізгі қызметті атқарады.

Тілді парадигмалық аспектіде қарастырудың лингвистикалық негізі Ф. де Соссюрдің идеясынан бастау алатындығы белгілі. Парадигма ұғымы өзінің генетикалық жағынан морфологияға тән және мұны ғалымдардың басым бөлігі мойындайды. Оны сөздіктерде берілген анықтамалар да растайды. Морфологияда парадигма грамматикалық санат (санат) ұғымымен байланысты қарастырылады. Кез келген сөз түрлендіруші парадигма белгілі бір грамматикалық санатты құрайды.

Синтаксистегі парадигматикалық ұғым да Ф. де Соссюрдің идеясымен сабақтастық жатады. Синтаксистік бірліктер – сөз тіркесі мен сөйлем синтаксистің негізгі нысандары болғанымен, екеуінің өзіне тән парадигмалық сипаты бар, әрі олардың парадигмасы аталған бірліктердің ерекшелігін көрсетеді. Кейбір ғалымдар синтаксистік парадигмаға сөйлем парадигмасын ғана алуды ұсынады (П. Адамец). Синтаксистің зерттеу нысаны болып табылатын сөйлемнің синтаксистік құрылысы мен мағынасы қазіргі тіл білімінде теориялық жағынан түрліше сипатталады. Жалпы, синтаксистің негізгі бірлігі ретінде сөйлем өзінің тұлғалық және мағыналық құрылысы бар грамматикалық санат болып есептеледі. Сондықтан тілдік белгінің екі жағы ретінде құрылым мен мағына сөйлемді сипаттауда және оның қолдануында біртұтас бөлінбейтін бірлікте қарастырылады. Сөйлемнің әрі коммуникативтік, әрі нормативтік бірлік ретіндегі күрделі сипаты оны тұтас бір семантика-синтаксистік, коммуникативтік-грамматикалық және құрылымдық жақтарынан өзара түйісуінің, ұштасуының орталығы етеді. Мұның өзі қазіргі синтаксисте сөйлемнің көп қырлы (аспектілі) күрделі тілдік құбылыс екенін дәлелдейді. Сөйлемнің сол көп қырларының ішінде маңыздысы – оны құрылысы мен мағынасының байланысы тұрғысынан зерттеу болып табылады.

И.П. Распопов синтаксистік парадигманы морфологиялық парадигмадан ажыратыла көрсетілмегені жайлы айта келіп, синтаксистік парадигманы екі үлкен топқа бөліп көрсетеді:

- 1) конструктивті синтаксис парадигмасы;
- 2) коммуникативті синтаксис парадигмасы.

Конструктивті синтаксис парадигмасын екіге бөледі:

- 1) Жақ санатының парадигмасы,
- 2) Етіс санатының парадигмасы.

Коммуникативті синтаксис парадигмасының мынадай түрлерін көрсетеді:

- 1) мақсаттық бағыттағы парадигма (хабарлы, сұраулы және бұйрықты);
- 2) коммуникативтік мақсаттағы парадигма.

Парадигманы конструктивті және коммуникативті деп бөлуі дұрыс. Бұл мәселе тіл мен сөйлеудің тіл біліміндегі екі бөлек зерттеу нысаны екендігін көрсетеді. Бұл жұмыста екеуінің де парадигмалары қарастырылады.

Ал Т.П. Ломтев сөйлемнің синтаксистік категорияларын зерттей келе, сөйлемнің мынадай белгілерін атап көрсетеді:

- 1) растау – жоққа шығару;
- 2) қарым-қатынас түрі: баяндау, сұрақ қою, бұйрық беру;
- 3) уақыт;
- 4) модальдылық: шынайы – болжамды; өмір сүру модусы: болмыстың бар-жоқтығы, мүмкіндік, қажеттілік; хабарламаның шынайылығын немесе жалған екендігін субъективті бағалау.
- 5) айырбасталатын;
- 6) заттың анықтығы, белгісіздігі, жалпыламалығы және ресмилігі;
- 7) белсенділік-демибелсенділік.

Тіл ғылымында ауызша сөйлеу, жазбаша сөйлеу деген ұғымдар бар. Ауызша сөйлеуде әр түрлі сазды үн шығады, яғни адамдар айтайын деген ойды

бір-біріне үн арқылы жеткізеді. Сөйлеуде есту сезімі қатысады. Ауызша сөйлеу интонациялық құбылмалылыққа өте бейім тұрады. Интонация деген ұғымға сөйлеу темпі, сөйлеу сазы, дауыстың құбылуы, екпін т.б. ұғымдар жатады. Адамның сөйлеу әрекеті оның көптеген психологиялық үрдістерімен (қабылдау, ерік, сезім т.б.) тығыз байланысты. Сондықтан ауызша сөйлеу кезінде эмоционалды бояу басым болады. Ауызша сөйлеу бет-жүзді құбылту, ым-ишара жасау және басқа да дене қимылдарымен толықтырылады. Сондай-ақ аффективті элементтер қолданылады. Сөйлеу диалог және монолог түрінде келеді. Л.С. Выготский ауызша сөйлеуді нақтылығына байланысты сөйлеу арифметикасы десе, жазбаша сөйлеуді абстрактілігіне қарай сөйлеу алгебрасы ретінде атайды. Жазбаша сөйлеуді үйрету үшін жазбаша сөйлеудің стильдері мен жанрлары және олардың тілдік құралдары туралы білетіндерін естеріне түсірту қажет. Әдетте, мектеп, жоғары оқу орны бағдарламасын орташа игерген адамда да қолданбалы стильдер мен олардың жанрлары туралы түсініктері болады. Сөйлеу стилі түрлі сөйлеу тәжірибесінде қандай да бір ойды, идеяны білдіру үшін тілдік құралдарды қолдану тәсілдерінің жиынтығы ретінде анықталатыны белгілі [6]. Жіктемеде берілген сөйлем категориялары – ауызша және жазбаша сөйлеу әрекетіне тән белгілер болып табылады. Дегенмен, ауызша сөйлеу мен жазбаша сөйлеу кезіндегі тілді зерттеуде ерекшеліктер бар. Ауызша сөйлеуде әдеби нормаға жатпайтын тілдік бірліктер қолданылады. Ал жазбаша сөйлеу көбіне грамматикалық заңдылықтарға негізделіп жасалады.

Тіл білімінің тарихында ХХ ғ. бастап көптеген лингвистер Ф. де Соссюрдің «тіл сөйлеудің негізінде пайда болған абстрактілі жүйе, ал сөйлеу осы жүйені адамдардың қолдануы актуализациялану» деген тұжырымының негізінде тілді тек тұлғалық жағынан бір жақты қарастыру жеткіліксіз болатынын түсінді. Ш. Балли синтаксисте тілдің де, сөйлеудің де көріністері байқалады десе, В.В. Виноградов сөз бен сөз тіркесін – сөйлемнің құрылыс материалы, ал предикативтілік пен модальділіктен тұратын сөйлемді коммуникативтік деңгейдің бірлігі деп танығаны белгілі. Шындығында да, грамматикадағы ұсақ бірліктерді жүйеге, яғни тілге, ал аяқталған ойды білдіретін сөйлемді сөйлеуге (речь) жатқызудың логикалық негізі жоқ емес.

Адамзат тілді жасаушы және қалыптастырып, дамытушы болып табылады. Ал тіл болса, адамның дүниені танып, әлем бейнесін жасаудың, қарым-қатынас жасауының, яғни коммуникацияның басты құралы екендігі белгілі. Бұнда Д. Исабеков шығармаларының рөлі ерекше. Себебі жазушы кейіпкерді сөйлететін, сол сөзі арқылы кейіпкердің жан-дүниесін жеткізетін тұлға. Зерттеу жұмысына арқау болған Д. Исабеков – кейіпкер мен автор, автор мен оқырман, кейіпкер мен оқырман арасындағы байланысты мықты ұстай алған жазушылардың бірі.

Сондықтан қазір тілдің шеңберінен шықпай, оның таза өзін ғана тану жеткіліксіз. Оны тудыратын, қолданатын және болашаққа алып баратын адамға, нақты бір жеке тілдік тұлғаға назар аудармау мүмкін емес. Сол себепті бүгінгі тіл білімі саласында ақын-жазушылардың еңбектері тілдік тұрғыда жан-жақты зерттеліп, автор тілінің жаңа қырлары, бір-бірінен ерекшелігі, авторлық қолданыстардың түрлі сипаты зерттеле бастады. Бұл біріншіден, тілдің түрлі

мүмкіндіктерін ашса, екіншіден жазушының тілдік ерекшеліктерін танытады. Д. Исабековтің шығармалары осы ғылыми жұмыста тілдік тұрғыдан зерттеле отырып, жазушының ойлау және сөйлеу кезіндегі жай-күйі қозғалатын болады.

Коммуникативті-прагматикалық тіл білімі сөйлеу актісі, сөйлеу жағдаяты, сөйлеу актісіне қатысатын просодикалық элементтер мен бейвербалды тілдік бірліктердің коммуникативтік-прагматикалық қызметін қарастырады. Прагматика – коммуникация кезінде міндетті түрде болатын, коммуникацияны ұйымдастыратын алғышарттардың бірі. Қандай да бір тіл бірліктерінің қолданысы, ойдың жеткізілуі прагматикалық сипатта өтеді. Осымен байланысты сөйлеу жүйесінде тіл бірліктерінің коммуникативтік-прагматикалық қызметі деген терминдер бірге қарастырылады.

О.С. Ахманованың «Словарь лингвистических терминов» атты сөздігінде «парадигма» ұғымына мынадай анықтама берілген: «Парадигма – англ. *paradigm*, фр. *paradigme*, нем. *Paradigma*, йог. *paradigma*. 1. Белгілі бір сөз табындағы сөз жасауға үлгі болып табылатын флективтік өзгерістер жиынтығы. 2. Белгілі бір лексикалық бірліктердің сөзді түрлендіру формаларының жиынтығы, белгілі бір лексеманы құрайтын сөз формаларының жиынтығы» [5, 298 б.]. Демек, екі анықтамадан сөздің сыртқы формаға да, ішкі мазмұнға да үлгі болатын құрылым жиынтығы екенін аңғаруға болады. Соған сәйкес ғылым әдіснамасындағы негізгі ұғымдардың бірі болып табылатын «парадигма» ұғымы белгілі бір саланың ғылыми пайымдалуының даму сатысын, оған тән сипаты мен ерекшеліктерін көрсетеді.

«Парадигма» ұғымын ғылыми айналымға алғаш ұсынған – философ, тарихшы ғалым Т. Кун «Структура научных революций» атты еңбегінде парадигмаға қатысты мынадай пікірін айтады: «... белгілі бір уақыт ішінде ғылыми қоғамдастыққа мәселелер қою және оларды шешу моделін беретін барлық ғылыми жетістіктер мойындаған» [6]. Бұл пікірден қандай ғылым саласы парадигмасының өзгеріп отыруы және қандай да бір ғылыми қиындықтың шешімі осы парадигмада болатынын түсінуге болады. Т.Кун ғылыми пәндердің бірнеше кезеңін атап көрсеткен:

- *парадигмаға дейін* (парадигманы белгілегенге дейін);
- *парадигма үстемдігі* (яғни, «қалыпты ғылым»);
- бір парадигма екінші парадигмаға ауысатын, олардың өзгерісіне негізделген *қалыпты ғылым дағдарысы; ғылыми төңкеріс дағдарысы*.

Т. Кунның тұжырымына сүйенсек, парадигма – ғылыми қоғамдастық мүшелерін біріктіретін құбылыс. Әдетте, парадигма оқулықтарда, ғалымдардың еңбектерінде бекітілген және көптеген жылдар бойы ғылымның белгілі бір саласында, ғылыми мектепте проблемалар мен оларды шешу әдістерін анықтайды. Ғалым «Белгілі бір уақыт ішінде ғылыми қоғамдастыққа мәселелер қою және оларды шешу моделін беретін барлық көпшілікке белгілі ғылыми жетістіктерді парадигма деп түсінемін» дейді. Философтың бұл термині бүгінгі тіл саласында көптеген зерттеушілердің зерттеу нысанына айналып отыр.

Поляк ғалымы А. Киклевич «Ветка вишни. Статьи по лингвистике» еңбегінде тіл білімінің парадигмаларына қатысты, ой мен бейненің байланысына, лингвомәдениеттанымның кейбір мәселелеріне, В.Маньчак

теориясына, қазіргі тіл біліміндегі тіл мен қоғам қатынасына және т.б. күрделі әрі бүгінгі таңда өзекті болып табылатын мәселелерге тоқталған. Ғалым осылайша тіл білімінің парадигмаларын зерттей келе, оның мынадай түрлерін ажыратып көрсетеді:

1. Дәстүрлі формалды парадигма – (ерте кезден ХІХ ғ.д.) тілдік бірліктердің бір ізге түсуі.

2. Семасиологиялық (психологиялық) парадигма – (ХІХ ғ.е.ж.) мәдениет байланысты қатып қалған тілдік бірліктердің бір ізге түсуі.

3. Ономасиологиялық (экстенционалдық) парадигма – (ХХ ғ.б.ж. және бұл кез ХХ ғ. 70-80 жж.) тілдік таңбалардың мазмұнының номинативті аспектісінің бір ізге түсуі, яғни олардың шындықпен қарым-қатынасы.

4. Құрылымдық парадигма – тілдің құрылымының бір ізге түсуі, яғни әртүрлі формадағы бірліктердің арасындағы парадигмалық және синтагмалық қатынас (фонемалар, лексемалар, граммемалар, сөйлемдер арасындағы қатынас).

5. Постқұрылымдық (антропологиялық) парадигма – (ХХ ғ. 70 жж. бастап қазірге дейін) тілдік жүйедегі мәтіннің (когнитивтік, мәдени, коммуникативтік) бір ізге түсуі.

6. Әмбебаптық парадигма (холистикалық парадигма) – тиімділік қағидаттарының бір ізге түсуі [7, 29 б.].

ХІХ ғасырда антропоөзектік парадигманы зерттеу нысаны еткен В. фон Гумбольдт, Э. Бенвенист, Ф. де Соссюр, И.А. Бодуэн де Куртенэ, Г. Штейнталь, Э. Сепир, Б. Уорф, Л. Вайсбергер және т.б. ғалымдардың еңбектерінде ұлт тілі мен мәдениетінің тарихы, әр халықтың танымдық ерекшелігі, тілге адамның қандай да бір қатыстылығы, тілді зерттеудегі адам мүмкіндігі мен тілдің берер мүмкіндігі сияқты мәселелерге ерекше назар аударылған. Бір сөзбен айтқанда, антрополилингвистика теориясын зерттеу жұмысының өзегіне айналдырған неміс ғалымы *В. фон Гумбольдт* осы бағыттың негізін салып, оның лингвофилософиялық концепциясын «Язык и философия культуры» атты еңбегінде негіздеген. В. фон Гумбольдттің лингвофилософиялық концепциясының негізгі теориясы мен әдіснамасы бойынша, тіл жанның ағзасы болып саналатындықтан, біріншіден, тілді зерттеуде оған тұтас әрі жүйелі көзқарас жасау қажет. Әрине, ең алдымен, тілді зерттеуде коммуникацияның маңызына сәйкес коммуникацияға түскен адамның тілін зерттеген жөн деп есептеледі. Екіншіден, адамды тілінен тыс сипаттау мүмкін емес, ал тілдің барлық мүмкіндіктерін адам арқылы ғана жүзеге асыруға болады. Бұл екі ұғымды бөліп-жаруға тіпті болмайды. Демек, ғалымның бұл тұжырымдары қазіргі антропоцентризмдік парадигманың негізгі алғышарттарын айқындайды. В. фон Гумбольдттің «Халықтың тілі – оның рухы, ал халықтың рухы – оның тілі, бұдан артық теңдестірілген дүниені елестету қиын» [8] деген пікірі осы бағыттың өзегі іспетті. В. фон Гумбольдт алғашқылардың бірі болып тілдің мазмұндық жағын халықтың рухани өмірі мен мәдениетімен байланыстыра зерттеді. Гумбольдт тілді этникалық топтың сипатын, оның психикалық құрылымын, ойлау тәсілін, өнерін, ғылымын, философиясын, яғни тілде көрініс табатын «халықтың рухын», оның дүниетанымын анықтайтын интеллектуалды

құндылықтардың бүкіл кешенін бейнелейтін құбылыстардың бірі деп санайды. Тілдің рухани ұстанымына жүгінген Гумбольдт оны динамикалық, шығармашылық өнім ретінде қарастырады, оның қызметі адамның жеке тұлғаға әлеуметтік құбылыс ретінде тілдің әсерінен көрінеді, ал жеке тұлға бұл тілді өзінің ішкі және сыртқы қажеттіліктеріне сәйкес қолдана отырып, тіл оның ойлау қабілетіне әсер етеді. Гумбольдт «Лаций мен Эллада» еңбегінде грек тілінің сипатын зерттей отырып, ұлттық ерекшеліктерді тану барысында сол ұлттың тілдік бірліктеріне сүйенбейтін зерттеу ешқашан өнімді болмайтынын, өйткені бүкіл ұлттық сипат тек тілде ғана толық көрініс табатынын айтады. Осы орайда оның «тілдің ішкі формасы» (*innere Sprachform*) идеясы туралы айта кету керек. Тілдің ішкі формасы дегеніміз – белгілі бір тілдің сөйлеушілерінің нақты дүниетанымдарын көрсететін және тілдің сыртқы формасымен бекітілген ұғымдар жүйесі. Гумбольдттың бұл концепциясы лингвистикада ерекше маңызға ие болып, көптеген ғылыми ойларды тудырды. Әсіресе тілдегі жекелеген сөздердің пайда болуын адам санасымен, болмыспен, ұлттық дүниетаныммен байланыста, яғни мәдени-танымдық бағытта қарастыратын «уәждеме» (мотивология) саласының алғышарттарының қалыптасуына түрткі болды. Көрнекті орыс ғалымы А.А. Потебня Гумбольдттың «ішкі форма» туралы ілімін әрі қарай дамыта отырып, өзінің философиялық-лингвистикалық тұжырымдамасын қалыптастырды. Ол Гумбольдттың «тілдің ішкі формасы» идеясын «сөздің ішкі формасына» қатысты қолданды. Оның пікірінше, барлық тілдегі кез келген сөз таңба болып табылады, ал таңба өзі белгілейтін заттың адам санасында көрініс тапқан белгілері арқылы жасалады.

Демек, А.Потебня ұстанымы бойынша, сөздің ішкі формасы – заттың, яғни денотаттың әртүрлі қасиет-белгілерінің ішіндегі ең негізгісі, доминант белгісі [9, 130 б.]. Аталған ғалымдар тілдегі сөздерді кездейсоқ құрала салған дыбыстар тіркесі ретінде емес, адам санасында болатын ойлау процесінің, сонымен бірге оның мәдениеті мен дүниетанымының көрінісі ретінде қарастырады. Жалпы тіл біліміндегі антропоэзектік бағыттың алғашқы үлгілері тілді жеке-дара емес, оны тудырып, қалыптастыратын, ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп, дамытатын адаммен бірлікте алып қарастыруды осылайша негіздеген болатын.

В. фон Гумбольдттың салыстырмалы антропологиясын одан әрі жалғастырған Г. Штейнталь, А. Потебня, П. Флоренский, А. Лосев сынды ғалымдар осымен байланысты келесідей антиномияны белгілейді: *әрекет – заттылық, еркіндік – қажеттілік, сөйлеу – түсіну, сөйлеу – тіл, тіл – ойлау, объективті – субъективті* [10]. Яғни бір-біріне қарсы және жақын ұғымдарды салыстыра зерттеу арқылы екеуінің де тілдік ерекшеліктерін, танымдық белгілерін, қызметін анықтауға болады. Нақтырақ айтсақ, үнсіз тұрған адамның тілі мен коммуникацияға түскен адамның тілін алып қарасақ, екеуінің әрекеті әртүрлі, әрі қарама-қарсы. Бірақ екеуінің де тілдік бірліктерін қалыптастыратын коды санада орналасқан. Ал бұл ғалымдар екі түрлі формадағы әрекетті негізге алып, тілдің көрінбейтін терең құрылымдық санадағы қызметін, тұстарын көрсетіп, келесі кезеңде қалыптасқан антропоэзектік парадигманың бір саласы ретіндегі психолингвистиканың алғышарттарын көрсетіп отыр.

В. фон Гумбольдттың «адамның рухани күші» теориясының орнына негізгі нысанға адами психологияны, яғни тілдегі психологизмді қойған неміс ғалымы Х.Штейнтальдің пікірінше, тіл артикуляциялық дыбыстар арқылы қабылданатын адамның ішкі дүниесінің, рухани қозғалысының көрінісі болып табылады [10]. Ғалым адам психологиясы арқылы оның тілін, мәдениетін, елінің салт-дәстүрін, халқының тұрмыс-тіршілігін анықтауға болатынын айтады. Этнопсихология саласының негізін қалаушы Г. Штейнталь психологиялық лингвистиканы мәдени психология деп қарастыра отырып, психоллингвистика жөнінде мынандай ой қорытады: «тіл халықтың төл санасы, дүниетанымы мен рухани ойлауы болып табылады. Осыған орай, тіл білімі индивидтің психологиясына ғана емес, сол тілде сөйлейтін халықтың психологиясына негізделуі тиіс». Демек, ғалым өз зерттеулерінде тіл мен ұлтты сабақтастықта қарастырған. Адамды тану үшін оның халқын, елін, салт-санасын тану керек деген қағидатты ұстанатын ғалым тұжырымдары бүгінде этнолингвистика, психоллингвистика салаларында тереңінен зерттеліп келеді.

Ал француз ғалымы Э. Бенвенист «Общая лингвистика» атты еңбегінің «Тілдегі субъектілік» деп аталатын XXVIII бөлімінде тек тіл арқылы ғана адам субъект бола алатындығын былайша түсіндіреді: «Адам тілде және тілдің арқасында субъект ретінде айқындалады, өйткені тек тіл шынайылық, өзінің шынайылығын береді, бұл болу, «Его» – «мен» деген ұғымға ие. Мұнда сөз болып отырған «субъективтілік» сөйлеушінің өзін «субъект» ретінде көрсету қабілеті. Ол әрбір адамда бар өзіндік сезіммен емес, (бұл анықтауға болатын шамадағы сезім, небәрі көрініс болып табылады), тұтастықпен біріктірілген және сананың тұрақтылығын қамтамасыз ететін алынған тәжірибенің жиынтығына қатысты трансцендентті психикалық бірлік арқылы анықталады. Біз оны «субъективтілік» деп пайымдаймыз, оны феноменология немесе психология тұрғысынан қарастыру керек пе, қалай ыңғайлы – бұл адамда тілдің іргелі қасиетінің көрінісі болады. «Его» деген адам «его» болып табылады. Бұл жерден «тұлғаның» тілдік мәртебесімен анықталатын «субъективтіліктің» негізін көреміз [11].

Шынымен де, дүниенің қай саласын зерттесек те, адамды танудан, зерттеуден айналып өте алмаймыз. Шындық өмірде болып жатқан әрекеттің барлығы адам болмысымен байланысты. Сондықтан адам феноменінің негізгі белгісі ретіндегі тілді зерттеуде тіл білімінің әртүрлі қырларын, жаңа парадигмаларын ашу үшін тілден адамды, адамнан тілді іздеген жөн.

Орыс-поляк ғалымы И.А. Бодуэн де Куртенэ тіл мен адам байланысы жайында былай тұжырымдайды: «Тіл тек жеке мида ғана, тек рухта ғана, белгілі бір тілдік қоғамды құрайтын индивидтердің немесе даралардың психикасында ғана бар» [12, 11 б.]. Яғни антропоэзектік зерттеу жүргізу барысында тілден адамның қарым-қатынас үстіндегі қызметінің сипаты зерттеу нысаны ретінде қарастырылады. Зерттеуші Ф.Х. Айтекова қазіргі лингвистикадағы антропоцентристік парадигманы зерттеу барысында анықтаған оның бір-біріне ұқсас әрі өзгеше төрт бағытын санамаалап көрсетеді:

1. Бірінші бағыт – әлемнің тілдік бейнесі, яғни тілі арқылы адамның өзін көрсететін тікелей айнасы ретінде зерттеу.

2. Екінші бағыт – қарым-қатынасқа түскен адамның тілін нысанға алатын коммуникативтік лингвистика.

3. Үшінші бағыт бойынша адамның танымдық үдеріс кезіндегі тіл қызметі қарастырылады.

4. Төртінші бағыт – С.Г. Васильева субъективті лингвистика немесе белгілі бір тіл иесінің теориясы деп атаған әр адамның тілінің қандай бағытта қалыптасып, дамығанын танытатын бағыт. Оның негізін И.А. Бодуэн де Куртенэ қалаған [13, 164 б.]. Ғалымның бұл ұсынған бағыты қазіргі таңда көптеген жаңа салалардың, бағыттардың ашылуына өз септігін тигізді.

Американдық лингвист, антрополог Э. Сепир тілге қатысты «Грамматист и его язык» (1924) деген мақаласында тіл мен адам психикасын, интуициясын байланыстырып зерттеп, мынадай тұжырым жасайды: «бізде тілдердің психикалық процестердің ауқымды және толыққанды желілерінің мәдени қоймалары болып табылатындығын болжауға барлық негіз бар, бізге оны әлі нақты анықтау қажет» [14]. Осымен байланысты ғалым тілдің танымның бір құралы екенін айта келіп, оны антропология, мәдениеттану, психология, философия сынды ғылым салаларымен байланыстырады. Сонымен қатар осы арада антропологиялық лингвистиканың ірі саласы болып табылатын этнолингвистика ілімінің да жаңа арнаға бағытталуы тиіс екенін атап көрсетеді. Олай болса бүгінгі лингвомәдениеттаным саласы В. Гумбольдт заманынан бастау алып, Э. Сепир тұсында қайтадан жаңғыра түскен деп санауға болады.

Э. Сепирдің осы идеясын дамытып, ілімін ары қарай жалғастырған екінші американдық ғалым – Б. Уорф. Ол Американдық үндістердің тілі мен мәдениетіне ерекше қызығушылық танытып, тіл мен мәдениет деректеріне байланысты бірсыпыра зерттеу жұмыстарын жүргізіп, «әр тілдің өзіндік метафизикасы болады..., егер де Ньютон ағылшынша ойлап-сөйлемеген болса, онда ол негіздеген әлемдік деңгейдегі концепциялар жүйесі басқаша сипатта болар еді» деген тұжырым жасайды [14, 164 б.]. Сонымен қатар Б.Уорф: «тілдің қызметі тек идеяны жарыққа шығарумен шектеліп қоймайды, сол идеяның өзін туғызуға да қатысады. Сол себепті меңгерілген тілдің шеңберінен тыс ойлау да мүмкін емес» деп тұжырымдайды. Бұл тұжырымды тіл тек ойды бейнелеп қоймай, ойдың (танымның) өзі де тілге қатысты туындайтыны туралы алғашқы пікірлердің бірі деп бағалауға болады. Осы тұжырымдары негізінде өзін Э.Сепирдің ойын жалғастырушы ретінде санаған Б.Уорф өткен ғасырдың 30-жылдарындағы дәрістерінде бұл қағидатты *Сепир-Уорф гипотезасы* деп анықтап, «Лингвистикалық салыстырмалылық теориясы» деп атаған.

Осылайша тіл мен адам байланысын зерттеп, тілдегі адамды ажыратып, қалыптасқан тілдік заңдылықтарға өзгеріс енгізіп, адами факторды алдыңғы қатарға қойған, антропоэзектік бағытты жан-жақты қарастырған В. фон Гумбольдт, Э. Бенвенист, Ф. де Соссюр, И.А. Бодуэн де Куртэне, Г. Штейнталь, Э. Сепир, Б. Уорф, Л. Вайсбергер және т.б. тіл майталмандарының ғылыми тұжырымдары ресейлік ғалымдар тарапынан өз жалғасын тапты.

Адам факторын зерттеу жұмыстарының өзегіне айналдырған ресейлік Н.И. Толстой, В.А. Аврорин, В.Н. Телия, В.В. Воробьев, А. Вежбицкая, Ю.С. Степанов, Н.Д. Арутюнова, В. Маслова, Д. Слобин, А.Р. Лурия сынды

ғалымдар В. фон Гумбольдттің негізгі антропологистикалық концепциясын одан ары дамытып, сол арқылы орыс тілінің мүмкіндіктері мен ғылыми зерттеу аясын кеңейтті. Бұл ғалымдар да өз зерттеулерінде халық тарихы, адами көзқарас, дүниетаным, рухани мәдениет, материалдық қажеттіліктің барлығы тілмен байланысты екенін ескере отырып, тілді зерттеуде адам болмысынан аттап өту мүмкін еместігін анықтайды.

Осы тұрғыдан тіл философиясын тереңірек зерттеген Ю.С. Степанов тілдің қызмет ететін бірнеше қырын көрсеткен: 1. Тіл – индивидтің тілі. 2. Тіл – отбасы мүшелерінің тілі. 3. Тіл – құрылым. 4. Тіл – мінез бен түр іспеттес. 5. Тіл – компьютер. 6. Тіл – жанның мекені мен ой кеңістігі [15].

Көріп отырғанымыздай, ғалым тілге біржақты қарамай, оны жүйе ретінде, модель ретінде таныған. Соның негізінде ұсынған «Язык и метод» атты еңбегінде XVII-XIX ғасырлар аралығындағы тілдің философиялық мәселелеріне, оның ішінде «екі тіл» парадигмасы, синтаксистік парадигмаларға, прагматикалық парадигмаға, тілдік моделдерге, тілдік жүйе мен мәтінге қатысты ғылыми тұжырымдарын жасап, талдаулар жүргізген. Ю.С. Степанов «субъект» ұғымын тілдегі адам мәселесіне қатысты былай анықтайды: «Субъект» сөзінің екі негізгі мағынасы бар: біріншіден, «сыртқы әлемге таным және қайта құру объектісі ретінде қарсы тұратын саналы және әрекет етуші адам»; екіншіден, «бастауыш, сөйлемнің субъектісі». Әдебиет пен өнердің семиологиясында біз ең алдымен бірінші мағынасын қолданамыз: жазушы – шығармашылықтың субъектісі, тіл семиологиясы мен философиясында – ең алдымен екінші мағынасын қолданамыз: нақты лингвистикалық талдау, бұл ең алдымен, сөйлемнің субъект-предикаттық құрылымын талдау» [15, 374 б.]. Ғалымның пайымдауынша, ішкі «меннің» сөйлеуші «менмен» қабаттасуы немесе ішкі «меннің» сөйлеуші «менге» айналуы прагматикалық сөйлеу болып табылады. Осылайша сөзді зерттеудегі антропоэзеттік парадигмаға философиялық қырынан қараудың негізінде ғалым аталмыш еңбегінде оларды *эгоцентрлік сөздер* деп көрсеткен.

Тіл мен ұлттың (адамның) сабақтастығына қатысты кеңестік этнолингвистиканың негізін қалаушылардың бірі – Н.И. Толстой. Ғалым XX ғасырдың 50-жылдарында болгар говорларын зерттеп, диалектілік, этнографиялық экспедицияға шығып, материал жинайтын этнолингвистикалық ғылыми мектеп ашқан. Н.И. Толстой «Язык и народная культура. Очерки по славянской мифологии и этнолингвистике» [16] атты 1995 жылы жарыққа шыққан еңбегінде тіл мен этносты ортақ аспектіде қарастырып, этнолингвистикаға екі түрлі анықтама береді. Бірінші анықтама бойынша этнолингвистика тіл білімінің бір бағыты ретінде қарастырылады. Ол бағытта тіл мен діл, тіл мен мәдениет, тіл мен халықтық шығармашылық байланысып, бір аяда зерттеледі. Ал кең мағынада этнолингвистика кешенді пән болып табылады. Соның негізінде сол елдің мәдениеті, психологиясы, мифологиясы жоспарлы түрде қарастырылады.

Ғылымның түрлі салаларымен (әлеуметтану, этнография, антропология, психология, мәдениеттану, педагогика, тарих, саясаттану, дінтану, заң ғылымы т.б.) және тіл білімінің жекелеген салаларымен (когнитивті лингвистика,

гендерлік лингвистика, психоллингвистика, т.б.) тығыз байланыста дамып келе жатқан әлеуметтік лингвистика саласын, салыстырмалы-тарихи тіл білімін, әлеуметтік лингвистиканы зерттеуші орыс лингвисті – В.А. Аврорин. 1975 жылы оның әлеуметтік лингвистиканың өзекті мәселелеріне қатысты «Проблемы изучения функциональной стороны языка: к вопросу о предмете социоллингвистики» [17] атты еңбегі жарық көрді. Ғалымның пікірінше, әлеуметтік лингвистиканың маңызды ұғымдарының бірі тілдің коммуникативтік қызметін сипаттайтын аясы – *тілдік жағдаят*. Бұл саланың ғылым ретінде танылуы үшін А. Сеше, Ш. Бали, А. Мартине, С.Д. Карцевский, Р. Редадь, Р. Розенкорнц, Т. Фрингс, Р. Горссе, Е.Д. Поливанов, Р.Д. Шор, В.М. Жирмунский, Б.А. Ларин сынды ғалымдар ерең еңбек жасады. Соның негізінде бүгінгі таңда бұл сала да антропоөзектік парадигманың өзіндік зерттеу нысаны бар, қоғамдық әрі тілдік сұранысқа ие әлеуметтанымдық салаға айналып отыр.

«Тіл мен мәдениет» сабақтастығын антропоөзектік парадигмада танушы В.Н.Телия – лингвомәдениеттанымдық бағыттағы алғашқы зерттеушілердің бірі. Ол – «Русская фразеология: Семантический, прагматический и лингвокультурологический аспекты» [18] атты монографияның авторы. Бұл монографияда ғалым фразеологиялық сөз тіркестерін лингвомәдениеттанымдық, семантикалық, прагматикалық аспектіде қарастырып, лингвомәдениеттаным ілімінің ғылымда тереңдей түсуіне ықпал жасады. Соның негізінде қазіргі таңда өзекті мәселе болып табылатын антрополингвистикалық елтаным мәселелеріне қатысты «Отан» мәдени тұжырымдамасындағы сана архетиптерінің рефлекстері, «Мәдениет контекстінде тілдің фразеологиялық құрамын зерттеудің бірінші кезектегі міндеттері мен әдіснамалық мәселелері», «Тілдің коммуникативтік қызметі және мәдени-тілдік құзыреттілік мәселесі», «Отан атауындағы туған жер мәдениеті тұрақтамасындағы концепт түзетін флукутация», «Тілдің Сцилла лингвокреативтілік техникасы мен Харибда техникасы арасындағы лингвомәдениеттану объектісі (лингвомәдениеттанудың жеке эпистемологиясы мәселесіне)», «Лингвомәдениеттану – бірнеше сөз құрылымдарының жаңғыртылу феноменінің жаңа шынайылығына деген кілті» атты ғылыми мақалалары антропоөзектік парадигманың маңызды бөлігін құрайтын лингвомәдениеттану саласының ғылыми-әдістемелік базасын жетілдіріп дамытуға маңызды үлес қосты.

Лингвомәдениеттаным бағытының теориясы мен әдісін зерттеу нысанына айналдырған ғалымдардың бірі – В.В. Воробьев. Ғалымның «Лингвокультурологическая парадигма личности», «Лингвокультурология: теория и практика», «Языковая личность. Лингвокультурология. Лингводидактика. Лексикография», «Лингвокультурология», «Русский язык в диалоге культур» [19], т.б. еңбектері соның дәлелі. В.В. Воробьевтің пікірінше, барлығының басында адами құндылықтар тұратын лингвомәдениеттаным мәдениет пен тілдің өзара әрекеттестігі мен өзара байланысын зерттейтін синтездеудің кешенді ғылыми пәні болып табылады.

Тіл мен мәдениетті ортақ аспектіде қарастырудың ғылыми-әдістемелік негізін жүйелеп, лингвомәдениеттануды пән ретінде қалыптастырушы ғалым –

В.А. Маслова. Ол тіл – мәдениет – адам – этнос жүйесі бойынша осы төрт ұғымның аражігін ажыратып, антропоэзектік парадигманың негізгі белгілерінің бірі – адамды ерекшелеп көрсетті. Ғалым өзінің «Лингвокультурология» атты оқу құралында тілдегі антропоэзектілік мәселесіне, оның ішінде тіл мен мәдениет қатынасына, лингвомәдениеттаным бағытының негізгі теориясы мен тарихына тоқталған. В.А. Маслованың пікірінше, антропоэзектік парадигма бойынша адам бірінші орынға шығады, ал тіл – адамның әртүрлі қырын танытушы құрылым: «адам интеллекті, адамның өзі сияқты, тіл мен тіл қабілеттерінен тыс сөйлеуге және қабылдауға қабілетсіз. Егер тіл барлық ойлау процесіне енбесе, егер ол жаңа менталдық кеңістік жасай алмаса, онда адам тікелей бақылаудың шеңберінен шықпас еді. Адам жасаған мәтін адам ойының қозғалысын бейнелейді, ықтимал әлемдер құрады, ой динамикасын және оны тіл құралдарының көмегімен көрсету тәсілдерін бейнелейді» [12] деген ғалым тұжырымынан тілді дамытатын да, қолданатын да адам екенін түсінуге болады.

А. Вежбицкая «Язык. Культура. Познание» [20] атты еңбегінде мәдениет психологиясының концептуалдық негіздеріне прагмалингвистикалық тұрғыдан тоқталған. А. Вежбицкая аталған еңбекте ағылшынның *self* және *person* бірліктеріне назар аударады. Ғалымның пікірінше, бір қарағанда екеуі де бір мағына беретіндей болса да, мағыналық реңкі әртүрлі болғандықтан *person* (адам) мәтіннің ішіндегі тұлғаны табуға мүмкіндік бере алмайды. Мәтін ішіндегі «менді» тауып, оны суреттеу арқылы автордың ойын, сол елдің тыныс-тіршілігін, психологиясын түсінуге болады. Осымен байланысты В.А. Маслова өзіндік «меннің» әртүрлі сипатта болатынын айта келіп, оның интеллектуалдық, эмоциялы, сөйлеуші, ойлаушы сияқты қырларын көрсеткен. Сондықтан «меннің» бұндай қырлары мәтінде түрлі бағытта танылып, субъектінің әлем туралы көзқарасын көрсететін әлеуметтік, психологиялық реңктегі коммуникативтік қызметте жұмсалуды мүмкін.

Д. Слобин мен Дж. Гриннің «Психоллингвистика» [21] деген еңбегі, аты айтып тұрғандай, антропоэзектік парадигманың маңызды бағыттарының бірі психоллингвистикаға арналған. Тілге жасалған психологиялық зерттеулер оқырманға психоллингвистикаға кіріспе түрінде ұсынылған. Сонымен қатар еңбекке Лондон университетінің оқытушысы Дж. Гриннің психологиялық эксперименттері енгізілген.

Л.С. Выготскийдің психологиялық концепциясын негізге ала отырып, сөйлеу коммуникациясына нейропсихологиялық талдау жұмыстарын жасаған А.Р. Лурия тіл саласын зерттеуде тілдік құрылымдарды, адами көзқарастарды, үлкен-кіші мәтіндерді зерттеу жеткіліксіз деп есептейді. Мәселенің бәрі адамның санасында, миында құрылымдалады. Сондықтан дәстүрлі грамматика, психоллингвистика, когнитивті лингвистика т.б. салалар анықтай алмаған бірліктерді көруге нейролингвистика саласы мүмкіндік береді, адам санасындағы көптеген терең құрылымдардағы мәселелерді ашып, ғылымға жаңа дем береді. Бұл бағыттың болашағын айқындап, дамытатын антропоэзектік үрдісіне сәйкес тілді нейролингвистикалық аспектіде қарастыру мәселелері ғалымның «Основные проблемы нейролингвистики» [22] еңбегінде көрсетілген.

Тіл білімінің тарихында Прага лингвистикалық мектебінің пайда болуымен тілді жұмсалымдық қасиеті тұрғысынан қарастыру бағыты, яғни тіл білімінде бұрын болмаған ерекше жұмсалымдық бағыт қалыптаса бастады. Прага үйірмесін 1926 жылы ағылшын тілін және жалпы тіл білімін зерттеуші фонология және синтаксис салаларының белгілі маманы Вильем Матезиус құрды. Үйірмеге көптеген елдердің атақты тілші мамандары мүше болды. Чех тіл мамандары: Богумил Трика, Богуслав Гавранек, Йозеф Вахек, Владимир Скаличка, Людовит Новак, Карел Горалек, Павел Трост, Ян Мукаржевский және т.б. Орыс лингвистері Николай Сергеевич Трубецкой, Роман Осипович Якобсон және Сергей Осипович Карцевский. Ол үйірменің жұмысына шетел тілшілері де қатысты: Л. Блумфилд (АҚШ), К. Бюлер (Австрия), Л. Ельмслев (Дания), А.Ф. де Гроот (Голландия), Г. Улашин (Польша), Д. Джоунз (Англия), А. Мартине (Франция) және т.б. Әсіресе орыс тілшілері: Е.Д. Поливанов, Г.О. Винокур, Б.В. Томашевский, Н.Н. Дурнов және т.б. үйірме жұмысына барынша атсалысты. Прагалықтар тілдегі кез келген құбылысты жұмсалымдық тұрғысынан қарастырды. Олардың айтуынша, тілдің дыбыстық, грамматикалық құрылымының және сөздік құрамының өзгеруі тек қана олардың жұмсалымдық қасиетінен келіп шығады.

Сонымен, қазіргі таңда жоғарыда көрсетілген жаңа бағыттар мен парадигмалардың ғылымда кеңінен қолданылуына негіз болған В. фон Гумбольдттің адам мен тіл қатынасын ажыратуға, тілдегі адам бейнесін әртүрлі аспектіде зерттеуге мүмкіндік берген концепциясының одан ары жалғасуы, антропоцентрлік бағыт арқылы әр ұлттың тарихын, мәдениеті мен танымын, ділін зерттеуге негіз болуы, сайып келгенде, қазіргі таңда бұл бағыттың тіл білімі үшін жаңа белес болғанын көрсетеді.

Көркем мәтінді лингвистикалық талдауда басты назар аударылатын жайт – көркем шығармадағы тілдік құралдардың көркем мазмұнды бейнелеуге қатысын анықтау. Бұл орайда Д.Исабеков шығармаларында пайдаланылған тілдік элементтердің мағына-мазмұнын, эстетикалық қызметін ашып айқындау жалпы ұлттық тілдің табиғатын тануға өзіндік септігін тигізетіні даусыз.

1.2 Қазіргі қазақ тіл біліміндегі тіл арқылы ұлт болмысын тану үрдісі

Тіл білімінің кейінгі жарты ғасырдай уақыттағы беталысына сәйкес, семантика мен прагматиканы ара жігі ашық, бірақ бір-бірін толықтырушы салалар ретінде қарастыру қажет. Прагматика – адресант пен адресат арасындағы қатынасты және олардың мәтінде берілген нақты мәліметтерге көзқарасын білдіреді. Адресаттың реакциясы жасырын түрде көрсетіледі, бірақ ол ашық қолданылған тілдік және бейтілдік құралдарға негізделген тұжырымдар, қорытындылар негізінде қалыптасады. Сөздің прагматикалық мазмұны сөйлеу барысында, сөзжұмсамда, нақты коммуникативтік жағдаятта қалыптасады.

Жоғарыда келтірілген А.Киклевичтің жіктемесінің ішіндегі бесіншісі біздің зерттеу жұмысымыздың негізгі нысанына тікелей қатысты болып табылады. Атап айтқанда, антропологиялық парадигма арқылы тек тілдің құрылымдық жағын ғана емес, экспрессивті жақтарын, түрлі салалармен

коммуникативтік байланысын ашуға болады. Нақты айтқанда, антропоэзектік парадигма бойынша анықталатын коммуникация кезінде тілдік форма екінші қатарға кетіп, тілдің коммуникацияға түскен көрінісі алдыңғы орынға шығады. Тілдің шеңберінен шықпай, оның таза өзін ғана тану жеткіліксіз. Оны тудыратын, қолданатын және болашаққа алып баратын адамға, нақты бір жеке тілдік тұлғаға назар аудармау мүмкін емес. Міне, біздің зерттеуіміз осы бағытта жүргізіледі. Иә, тіл қызметінің антропоэзектік коммуникацияға негізделген бұл үрдісін зерттеуге тілдің құрылым жүйесі (статикалық күйі) жеткіліксіз. Оның айшықты да кешенді кеңістігі – мәтін аясында. Сондықтан антропоэзектік жүйедегі зерттеу үдерісі тіл білімінде мәтін лингвистикасының қалыптасуымен, ондағы дискурс мәселесімен тығыз байланысты. Осымен байланысты лингвистикада қалыптасқан дәстүрлі құрылымдық парадигмадан жаңа антропологикалық парадигмаға ауысқан зерттеу бағыттары өріс алды. А. Киклевичтің еңбегінде тіл қызметіне әсер ететін алты фактор бөлініп көрсетілген: Әлем, Адам, Интеракция, Дискурс, Конвенция, Тілдік жағдаят. Ғалымның ойынша, аталған факторларға сәйкес тіл экспликативті-процедуралық модельде мынадай қызметтер атқарады екен:

- 1) атауыштық,
- 2) магиялық,
- 3) индексалды,
- 4) экспрессивті,
- 5) социативті,
- 6) прагматикалық,
- 7) стилистикалық,
- 8) этнологиялық,
- 9) когнитивтік,
- 10) креативті,
- 11) конститутивті,
- 12) интерлингвистикалық [7, 61 б.].

Көрсетілген қызметтің қайсысын алып қарасақ та, адамның көмегінсіз ешқайсысы жүзеге аспайды. Мәселен, номинативті қызмет әлем туралы мәліметті тілдік таңбамен жеткізсе, магиялық қызмет адам сеніміне негізделеді. Ал индексалды қызмет әлеуметтік лингвистиканың аясында анықталса, сөйлеушінің эмоциясы, ойы экспрессивті қызметке жатады. Прагматикалық қызмет – субъектінің қоғамдық қатынастардың ықпалымен сөйлеушінің коммуникация кезінде қолданған амал-әрекеті. Когнитивті немесе танымдық, аккумулятивті, гностикалық қызмет адамның танымына, түсінігі мен ойына келіп тіреледі. Креативті қызмет тілдік субъектілердің сөз қолданыстарының деңгейіне байланысты атқарылады. Бұл қызметті Э.Сепир «концептуалды қызмет» деп атаған. Конститутивті қызмет тілдік жағдаятқа байланысты жүзеге асады. Осы айтылған мәселердің антропоэзектік парадигмада тиімді зерттеу мәтіндік лингвистиканың қалыптасып дамуымен тығыз байланысты. Д.Исабеков шығармаларын лингвистикалық тұрғыдан талдау бірнеше міндеттерді шешуге көмектеседі.

Лингвистикалық және стилистикалық талдаулар көркем шығарманы түсініп оқудың жоғарғы мәдениетін қалыптастырады. Көркем туындыны ой мен сезім арқылы белсенді қабылдауға, оқырманды суреткермен бірге толғантып, көркем бейнені бірге сомдауға баулиды. Сонымен оқушының жалпы тілдік мәдениетін көтереді. Тілдік құбылыстарға сергектігін артырады. Көркем шығарманы өнер туындысы ретінде қабылдап, эстетикалық сезім талғамының ұшталуына жәрдемдеседі.

Әдеби туындының идеялық көркемдік болмысын шынайы терең түсінуге оның «бірінші элементін» – тілін талдау арқылы ғана қол жетеді. Бұл тұрғыдан тілдік талдау – стилистикалық және әдеби талдауларға жәрдемші. Олай болатын себебі, тілдік тұлғалар мен категориялар (дыбыс, сөз т.б) көркем мәтінде өздерінің тікелей ұжымдық мәндерінде ғана жұмсалып қана қоймайды. Көркем мәтін құрамында жүзеге асатын олардың мән-мағыналарының көлемі, беретін ақпараттың ауқымы әдеттегіден әлдеқайда кең болады. Бұл олардың бүтіннің құрамында атқаратын эстетикалық қызметінің сипатына байланысты. Тілдік талдау осы қосымша мағына ақпараттардың сырын ашуға, қарапайым сөздер мен тіркестердің поэтикалық сиқырлығын бағалауға, олардың эстетикалық әсерінің күші ғана емес, мехнизімін сезінуге көмектеседі.

«Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры» деп ұлт ұстазы А. Байтұрсынұлы сонау ХХ ғасырдың бірінші ширегінде тіл мен адамның біртұтастығы жайында айтып кеткен. Тіл мен адам ұғымдарының қай заманда да тығыз байланыстылығы туралы белгілі болса да, ол заманда тілді зерттеудің парадигмалары өзгеше болғаны да шындық. Қазіргі таңда ғалымдар антропоэзектік парадигманы жеке-дара бағыт ретінде алып шығып, өзіндік алғышарттары мен тармақтары бар үлкен ілім ретінде пайдалануда. Тіл біліміндегі бұл бағыт – тілді зерттеудегі үлкен жаңалық. Соның негізінде тілдің адам өміріндегі маңызы, адамның тілдегі көрінісі жан-жақты қарастырылуға мүмкіндік алды.

Қазақ топырағындағы когнитивтік, адамтанымдық зерттеулердің бастау көзін табуды мақсат еткен Н. Уәли, Э. Оразалиева, Ж. Манкеева, т.б. ғалымдардың еңбектеріне сүйеніп, ХХ ғасырдың алғашқы ширегінде А. Байтұрсынұлы, Қ. Жұбанов, С. Аманжолов сынды ғалымдардың адам мен тіл арасындағы үздіксіз әрі ажырамас байланысты аңғарғанын байқауға болады. Сол заманның өзінде-ақ қазақ тілінің төл болмысын танытқан тұжырымдарында А. Байтұрсынұлы тіл мен адам идеясын ұстанған. Мысалы, ғалымның «Тіл – құрал» еңбегінің тиімділігі, ең алдымен халыққа түсінікті, қабылдауға жеңіл, халықтық таным мен ділге сай екендігімен бағаланады. Сонысымен А. Байтұрсынұлының аталмыш еңбегі ерекшелене түскен. Ғалымның антропоэзектік бағытта жазылған осы «Тіл – құрал» еңбегі жайлы Э. Оразалиева мынадай тұжырым жасайды: «Халық қабылдауына жақындатылып, түсінік-пайымдауына негізделіп жазылған бұл еңбек, біріншіден, терең этнолингвистикалық зерделеудің үлгісін танытты. Екіншіден, «Тіл-құрал» атауының өзі жеке қазақ тіліне емес, жалпы тіл ұғымына, оның қызметіне арналып тағайындалған. Үшіншіден, ғалым тіл табиғатын зерделей келе, тілдің ойлау жүйесімен байланысына ерекше мән берді» [23, 23-24 бб.].

Көріп отырғанмыздай, тілді қай жағынан зерттеп қарасақ та, айналып барып, ой мен адамға тіреледі. Сол ой мен адам сабақтастығы арқылы тіл өз қызметін атқаратыны белгілі. Сондықтан А. Байтұрсынұлының негізгі қағидаттарының бірі ретіндегі халыққа жақын, түсінікті етіп жазу қағидаты – бүгінгі күнде де тіл оқыту тәжірибесінде өте қажет әдіс. Бүгінгі күнгі қоғамдық-рухани деңгей даму күшіне сәйкес қай саланы алып қарасақ та, нені зерттесек те адами көзқараспен, қазақи түсінікпен жасалған дүние халық сұранысында, қоғамдық-әлеуметтік мүддеге сай. А. Байтұрсынұлы осы идеясын сол кезде ғылымға ұсынған. Демек, қазір ғалымның ұстанған қағидаттары мен қолданған әдістері, тұжырымдары мен ойталқыларын қазіргі қазақ тіл білімінің антропоэзектік парадигмасының қайнар көздерінің бастауы деп бағалауға болады.

Ұлт ұстазы А. Байтұрсынұлымен қатар тілдің құрылымдық-жүйелік ерекшеліктерін түзуші ғалымдардың бірі – Қ. Жұбанов. Тілді адам, қоғам, мәдениет факторларын негізге алып қарастыруды негізгі қағидаттарының біріне айналдырған ғалымның зерттеулерін бүгінгі күні өзекті бағытқа айналып үлгерген антропоэзектік парадигма аясында тануға болады. А.А. Жұбанова «Общая лингвистическая концепция Х.К. Жубанова» атты кандидаттық диссертациясында Қ. Жұбановтың тіл біліміне қатысты көзқарастарын 11 топқа бөліп көрсеткен: 1) тарихи принцип; 2) психологизм; 3) тілдің қоғамдық сипаты; 4) тірі тілдер мен диалектілерге ерекше мән беруі; 5) тілді функционалды тұрғыдан зерттеуге негізделетін семасиологизация және морфологизация теориясы; 6) тілдік бірліктерді таңба және символ ретінде қарастыруы; 7) тілдің жүйелік сипатын кең әрі жан-жақты зерделеп, тіл жүйелілігіне синхрондық сипатта ғана емес, диахрониялық тұрғыдан көңіл бөлуі; 8) тіл статикасы мен динамикасын айқын ажыратып, осы кездегі жай-күйі мен тарихи өзгерістерін көрсетуі; 9) қазақ тілі мәселелерін салыстырмалы-салғастырмалы аспектіде қарастыруы; 10) тілдің «ішкі» және «сыртқы» тарихын ажыратуы, яғни тілдің өзін, оның грамматикасын («ішкі») және тілді сөйлеуші халықтың тағдырымен, географиялық және этнографиялық ерекшеліктерімен, шет тілдердің әсерімен және т.б. байланыстыра зерттеуі; 11) тілдің жалпы даму заңдылықтарын қарастыруы [24]. Бұл жіктемеден адам мен тіл тұтастығы Қ. Жұбанов еңбектерінің өзегіне айналғанын көруге болады. Себебі тілді қоршаған ортамен, қоғаммен, адам сезімінің жай-күйімен, халықтың тарихымен, этнографиялық ерекшеліктермен байланыстыру антропоэзектік парадигманың негізгі белгілері болып табылады. Бұл ойымызға Қ. Жұбановтың «Біз жекелеген лингвистикалық фактілерді тілдің басқа салаларымен жалпы бірлікте қарастырып, осы байланысты қоғамның даму деңгейі, экономикалық, әлеуметтік дүниетаным тұрғысынан зерделеуді қажет етеміз» [25, 405-406 бб.] деген сөздері дәлел болмақ. Бүгінгі таңда профессор Қ. Жұбановтың құнды тұжырымдары А. Байтұрсынұлының антропоэзектік концепциясымен қатар қазақ тіл біліміндегі антропоэзектік парадигманың бастау көздерінің біріне айналып отыр. Себебі ғалым қазіргі тіл ғылымында қалыптасқан «ұлт пен тіл біртұтас» деген қағидаға сүйене жасалған когнитивті лингвистика, психолінгвистика, этнолінгвистика, паралингвистика, гендерлік

лингвистика сынды тіл ғылымының жаңа бағыттарын профессор Қ. Жұбановтың ғылыми мұрасынан табуға болады. «Қ. Жұбанов өмір сүрген заманда аталған ұстаным дәл қазіргідей антропологиялық (антропоцентристік) принцип немесе лингвомәдениеттаным деп аталмаса да, ғалым ұстанған негізгі қағида осыған саятын». Профессор Қ. Жұбановтың ғылыми мұрасындағы антропоэзектілік жөнінде Ж. Сұлтанның «Тілтанымдағы антропологиялық парадигманың Қ. Жұбанов мұраларындағы көрінісі» деп аталатын (2007) кандидаттық диссертациясында Қ. Жұбановтың еңбектеріндегі тіл білімінің жаңа бағыттары туралы едәуір баяндалады.

Тілді танымдық қызметіне қатысты зерттеген ғалымдардың бірі – С. Аманжолов. Ғалым тілді қоғамдық қатынас құралы, тап құралы ғана емес, таным құралы екенін ескертіп айтады. Сонымен қатар тіл саласының басқа ғылым салаларымен байланысы жайында мынандай тұжырым жасайды: «Тіл ғылымы – бүтіндей адам баласының тіршілігіне байланысты ғылым... Бұл ғылым тарих, философия, психология, политэкономия, әдебиет, көркемөнер т.б. ғылымдармен тектес, сыбайлас екені айқын болса керек. Байланыс жағынан алып қарағанда бұл ғылым география, этнография (халықтардың салт-санасы, мәдениет мұрасы жөніндегі ғылым), археологиямен тығыз байланысты екенінде ешкімнің дауы жоқ. Өйткені бұлардың бәрі – бірін-бірі толықтыратын, біріне-бірі материал беретін ғылымдар» [26]. Сайып келгенде, қай ғылымның болмасын, нысанында тіл арқылы бейнеленген адам болмысының тұтастығы айқындалады.

Отандық тіл білімінде тілдегі антропоэзектік парадигма аясында Ә. Қайдар, Р. Сыздық, Н. Уәли, Ж. Манкеева, Ф. Оразбаева, Э. Сүлейменова, Б. Хасанов, Б. Момынова, А. Салқынбай, Г. Шоқым, Г. Смағұлова, Э. Оразалиева, Ш. Елемесова, А. Әмірбекова, А. Абасилов, Ж. Сұлтан сияқты ғалымдар тілді тіл тарихы, тілдік жаңа бағыттар (когнитивті лингвистика, этнолингвистика, психолингвистика, лингвоелтаным, лингвомәдениеттаным, нейролингвистика, прагмалингвистика, гендерлік лингвистика, лингвопалеонтология, эколингвистика, компьютерлік лингвистика және т.б.) тұрғысынан жан-жақты қарастырып, қазақ тіл білімін жаңа іліммен толықтыруда.

Қазақ тіл біліміндегі антропоэзектік парадигманың негізін қалаушылар – А. Байтұрсынұлы, Қ. Жұбанов, С. Аманжоловтың тұжырымдарын одан ары жалғастырып, қазіргі таңда тілді антропологиялық танымның, этникалық қалыптасудың құралы ретінде қарастырған – академик Ә.Т. Қайдар. Ол «Қазақ тілінің өзекті мәселелері» атты еңбегінде «Тіл – Этнос – Таным» мәселелерінің сабақтастығын танытатын ғылыми тұжырымдарын ұсынған. Қазақ тіл біліміндегі жаңа ілімдердің бірі этнолингвистика саласын негіздеген ғалым тіл мен этнос тоғысатын ілім жайында былай дейді: «Тіл әлемінің» өзіндік табиғатын, даму заңдылықтарын толық та жан-жақты зерттеу барысында іштей жіктеліп, дүниеге келген социоллингвистика, психолингвистика, статоллингвистика, паралингвистика іспеттес этнолингвистика да – «этнотаным» мен «тілтаным» ғылымдарының ортақ проблемасы шеңберінде тоғысы нәтижесінде пайда болған жаңа сала. Ол – этностың инсандық һәм дүнияуи табиғатын тереңнен танып-білу үшін басқа емес, тек тіл феноменінің өзіне ғана

ғажайып мүмкіншіліктері мен қазына байлығын зерделеп зерттеуді мақсат ететін ғылым» [27, 8 б.]. Осы тектес тұжырымдарына сәйкес ғалым жоғарыда аталған еңбегінде *этнос, этнос болмысы, мәдениет, мифология* ұғымдарына тоқталып, оны сан салалы тілмен бір аспектіде қарастырған.

Академик Ә. Қайдардың осы тұжырымдарының негізінде қазақ тіл білімінде этнолингвистикалық мектеп қалыптасты. Ғалымның осы бағыттағы ұзақ жылдар бойғы танымдық-тәжірибелік еңбегінің нәтижесі ретінде жарық көрген «Қазақтар ана тілі әлемінде» атты үш томдық этнолингвистикалық сөздігі қазақ болмысын, оның ұлттық таным әлемін «Адам», «Қоғам», «Табиғат» жүйесі негізінде деректелген тілдік бірліктер арқылы дәйектейді. Сайып келгенде, бұл үш жүйенің мазмұнының да тоғысатын қазығы адам (қазақ) болмысы, танымы, қызметі, тұрмысы т.б. Мысалы: адам мінезі: .., қызметінің сипаты: .., қоғамдағы қызметі: .., табиғатпен байланысы... Олай болса, қазақ тіл біліміндегі антропоэзектік парадигмасының дамуында академик Ә.Қайдар еңбектерінің маңызы ерекше екені даусыз.

Аталған сөздіктің алғашқы томының «Адамнан» басталуының өзі қоғам мен табиғаттың басты байлығы, негізі, тірегі адам екенін, оларға қатысты барлық сөздердің адам санасы арқылы туындайтынын аңғартып, еңбектің антропоэзектік сипатын айқын танытады. Адамның, соның ішінде қазақтың ұлттық сипатын, дүниетанымын, ой-өрісін, болмыс-бітімін және әртүрлі қасиеттерін жинақталған лингвистикалық және этнолингвистикалық факторлар мен деректер негізінде көрсететін бұл сөздік адам баласының шыр етіп дүниеге келген сәтінен бастап дүниеден өткен кезеңіне дейінгі аралықтағы барлық мәселелерге арналады. Атап айтар болсақ, «Адам табиғаты», «Өмір-тіршілік», «Туыстық-жақындық», «Азық-түлік», «Денсаулық», «Тіл әлемі», «Кісі аттары», «Өлім-жітім» атты сегіз тараудан құралған. Әр тараудың басында тарау тақырыбына қатысты ақпарат беріліп, қысқаша шолу жасалып отырған. Алғашқы бөлімде адамның жақсы-жаман, жағымды-жағымсыз қасиеттеріне, физиологиялық және психологиялық қасиеттеріне, сонымен бірге сыртқы түр-тұрпатына, дене кемістіктеріне, іс-әрекеті мен қалып-күйіне қатысты атаулар беріліп, адамның бүкіл ішкі болмысы мен сыртқы тұлғасы жан-жақты ашылады. «Туыстық-жақындық» бөлімінде атаның түрлері, әйелдің түрлері, әкеге қатысты ұғымдар, баланың түрлері, жиеннің түрлері, қыздың түрлері, құданың түрлері, нағашының түрлері, т.б. туыстық қарым-қатынас түрлері берілген. Автор бұл қатынасты беруде ерекше шеберлік, ізденімпаздық таныта білген. Себебі бүгінгі күн тұрғысынан қарағанда ара жігі толық ажыратылмайтын атаулардың айырмашылығын, ортақ және айырым белгілерін саралап, талдап берген. Еңбектің өзге де бөлімдерінде қазақ қоғамының, қазақтың дүниетанымының қыр-сырын біліп, толық меңгергісі келетін оқырманға қажетті ақпарат қоры мол қамтылған. Автор сөздікте берілген реестерлерге мысал ретінде тіліміздегі тұрақты тіркестерді, мақал-мәтелдерді, көркем шығармалардан алынған үзінділерді келтіріп отырған. Бұл сөздікті халықтың бүтін бір тарихының, мәдениетінің жиынтығы десек те болады [28].

Сөздіктің екінші томы қауымдық, қоғамдық ерекшеліктерді білдіретін тілдік бірліктерді қамтиды. «Адамның саналы ғұмыры адамдардың бір-бірімен

қауымдасқан, қарбаласқан, бір-біріне қарайласқан белгілі бір қоғамында өтетіні белгілі. Адам баласының өзара бірігіп тіршілік етуі де қоғамнан басталып, сол қоғамның біртіндеп дамуымен бірге ол да өніп-өсіп, өркениет биігіне өрлеумен келеді» [29, 3 б.]. Бұл дәуірлердің белгілерін біздің заманымызға барынша өзгеріссіз жеткізген негізгі дереккөз, әрине, тілдік бірліктер екені белгілі. Сөздіктің екінші томы «Қазақ этносының шежіресі», «Қазақстан – қазақ елі», «Әлеуметтік жағдайы», «Материалдық-экономикалық жағдайы», «Рухани мәдениетке қатысты салт-дәстүрлер, «Ұлттық өнер», «Ұлттық ойындар мен мейрам тойлар», «Өлшемдер», «Дін», «Аңыздар мен мифтер» деп аталатын он тараудан тұрады. Аталған тақырыптардың барлығы да қазақтың ұлттық мәдениетін тілдік бірліктер арқылы сипаттайды. Бұл еңбекте де этнографизмдердің сипатын ашып көрсетуде көркем мәтіндер, соның ішінде батырлық жырлар, көркем шежірелер, шешендік сөздер, ел жадында сақталған аңыз әңгімелер, т.б. деректер көмекке келеді. Әсіресе ру, тайпа, қауымдастықтар және олардың таңбалық, заттық негіздерінің атаулары шешендік сөздер мен батырлық жырларда жақсы сақталған.

Еңбектің үшінші томында табиғатқа қатысты ұғым-түсініктер мен заттық атаулар тақырыптық топтарға бөлініп, жүйеленіп, реттеліп берілген. Автор еңбектің кіріспесінде-ақ: «Қазақ халқы өздеріне қажетті нәрселерді табиғаттан алғанда кеңестік ғалымдар сияқты оны «табиғаттан тартып аламыз» (И.В. Мичурин) деген. «Адамға табын, Жер, енді» (О. Сүлейменов) деп астамсынбаған. Табиғатты өздеріне бейімдеу арқылы емес, өздері табиғатқа бейімделу арқылы тіршілік еткен», – деп, бұл ұғымды халықтың танымымен, табиғатқа деген көзқарасымен байланыстырады [30, 3 б.]. Автор халық табиғатпен етене байланыста өмір сүргендіктен, оның тілінде қалыптасқан сөздер мен тіркестер де төрт түлік мал, тау-тас, аспан денелері атауларынан туындап отыратынын көрсете отырып, оларды көркем шығармадағы қолданысы арқылы дәлелдейді.

Қазақ әдеби тілі тарихының, қазіргі таңдағы қолданысы мен қазақ тіл біліміндегі маңыздылығын академик Р. Сыздық зерттеулерінде айқындаған тілдің ұлттық сипаты, қазақ әдеби тілінің функционалдық белгілері, сөздің танымдық-мәдени ерекшеліктері арқылы дәйектеген болса, «Сөздер сөйлейді. Сөздердің қолданылу тарихынан» [31] еңбегінде көнерген лексикалық бірліктердің тіл иесінің қолданысындағы бүгінгі күндегі дәрежесі, ескіру уәждері, түптөркіні мәселелеріне тоқталып, қазақ тілінің тілдік бірліктеріне тіл мен тарих, тіл мен мәдениет, тіл мен таным, тіл мен этнос тақырыбы аясында талдау жұмыстарын жүргізген. Көркем шығарманы нағыз этнографиялық дереккөз ретінде қолдану бұл еңбектің басты сипатынан саналады. Өйткені реестрге алынған сөздер мен сөз тіркестерінің мағыналары түсіндірмелі, диалектологиялық немесе этимологиялық сөздіктердегі сияқты бір-екі сөйлем аясында қарастырылып қоймайды, тұтас мәнмәтінмен (контекст) беріліп, талданып, түсіндіріліп отырады. Мұнда қазіргі қолданыстағы сөздердің ұмытылған мағыналары көркем шығармалардағы қолданысы арқылы белгілі болып, оқырманның таным көкжиегін кеңейте түседі. Мәселен, қазіргі әдеби тілімізде «сәлем беру, сәлемдесу, амандық сұрау» мағынасында қолданылып

жүрген *амандасу* сөзінің «қоштасу» мағынасында да жұмсалатынын автор эпостық, лиро-эпостық жырлар арқылы дәлелдеп көрсетеді. Бұл еңбек этимологиялық, уәждемелік, мәтіндік талдаулардың басын біріктіретін кешенді зерттеу десек те болады.

Жоғарыда аталған еңбектердің қай-қайсысы да бүгінде антропоэзектік парадигма негізінде қалыптасып келе жатқан лингвоэкология (тіл мәдениеті) саласын дамытудың негізі болып табылады. Адам мен тіл тұтастығын зерттеуде лингвоэкология саласының алатын орны ерекше. Себебі тіл бүтіндей бір өзі өміршеңдігін сақтап қала алмайды. Оны сақтауда, әрине, көптеген тіл саласы қатар жұмыс жасайды. Сондай саланың бірі – лингвоэкология саласы. Бұл сала тілдің қалыптасу заманынан бастап, бүгінге дейінгі қалыптасып келе жатқан тіл тарихы мен жылдар бойы ғалымдармен жаңқаланған тілдік нормаларын негізге ала отырып, ұлттық тілдің ұлттық сипатын жүйелеп отырады.

Зерттеу жұмыстарының мазмұны басынан аяғы дейін антропоэзектілікке тұнып тұрған ғалым Н.Уәли адам болмысы мен тіл табиғатын бір бүтін ұғым ретінде қарастыруды ұсынады. Ғалым «Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері» атты докторлық диссертациясында «тілді халық арқылы, халықты тілі арқылы, сондай-ақ адамды тілі (сөзі) арқылы, сөзі арқылы адамды тану идеясы» жөнінде айта келіп, «тілдік тұлға тек тілдің ғана субъектісі емес, адресант және адресат ретінде сөздің де субъектісі. Дәстүрлі парадигма сөз мәдениеттің түп қазығы, орталық ұғым тілдік норма болса, ендігі жерде, жаңа парадигмада сөз мәдениетінің түпқазығы тілдік тұлға болуға тиіс» [32] деп ой қорытады. Бұрын-соңды тіл мәдениеті саласы құрылымдық жүйеде қарастырылған болса, ғалым оны жаңа бағыттардың бірі антропоэзектік парадигма аясында зерттеген. Яғни тілдің функционалдық, коммуникативтік-прагматикалық, когнитивтік, лингвомәдени қырларын ашу арқылы жаңа, өзгеше нәтижеге жетуге болатынын ғалым зерттеулерімен дәлелдеп шыққан. Сонымен қатар автор «Сөз мәдениеті» еңбегінде бұған дейін қолданылып жүрген «тіл мәдениеті» деген тіркестің орнына «сөз мәдениеті» деген қолданысты енгізді. Себебі тіл – статикалық қалыптағы абстрактілі құбылыс болса, сөз – динамикалық, қарым-қатынас барысында өзгеріп, дамып, жетіліп отыратын күрделі құбылыс. Автор осы мәселені ескере отырып, тілді таза жұмсалымдық, қатысымдық, яғни коммуникативтік қызмет тұрғысынан қарастырады. Бұл туралы автор былай дейді: «Сөз» деп әңгіме, хабарды да айтады. Айталық «бос сөз», «қыдырма сөз» дегендерді бос әңгіме, қыдырма әңгіме деп ұғамыз. Ал біз оның дәл осы кітаптағы қолданысы жайына келсек, «сөз мәдениеті» дегенді «сөйлеу», яғни «тілді жұмсау» (пайдалану) тәртібі (дұрыстығы, мәдениеті) деп танимыз. «Сөз мәдениеті» – тек тілдің фонетикалық, лексикалық, грамматикалық нормаларын бұлжытпай («сықитып») дәлме-дәл сақтау ғана емес, айтпақ ойды тыңдаушыға (оқырманға) жүрекке жылы тиетін, «айналасы теп-тегіс жұмыр келген», әсерлі етіп жеткізу жайын да қамтуға тиіс» [33, 3-4 бб.]. Ал коммуникация міндетті түрде адресат пен адресант, яғни адам арқылы жүзеге асатыны белгілі. Тіл адамға қызмет етіп, жұмсалы барысында, яғни сөйлеуде түрлі өзгерістерге ұшырап жатады. Автордың бұл еңбекті жазудағы басты мақсаты тіл тұтынушыны дұрыс сөйлеп,

дұрыс жаза білуге, ұлттық тілдің ішкі заңдылықтарын сақтауға бағыттау. Сол себепті Н.Уәлиұлының аталған еңбегін антропоэзектік бағыттағы зерттеу деп айтуға толық негіз бар. Тағы бір айта кетерлік жайт, ғалым қазіргі қолданыстағы жекелеген сөздерді лексикалық мағынасына сай дұрыс не бұрыс жұмсалып жүргеніне бұрыннан келе жатқан көркем шығармалар арқылы көз жеткізеді, сол арқылы оқырманның көзін ашады.

Профессор Ж. Манкеева тілді антропоэзектік бағытта зерттеуді қазақ сөзінің тарихи-танымдық негіздерінен бастайды. Ол көне түркі ескерткіштері тілінде қолданылған материалдық мәдениетке қатысты жинақталған тілдік деректерге сүйене отырып, қазіргі қазақ тіліндегі олардың атауларына тарихи-салыстырмалы талдау жұмыстарын жүргізген. Зерттеу барысында ғалым бұл аталған этномәдени тілдік бірліктердің тарихи-лексикологиялық құрылымын және этнолингвистикалық сипаттағы мазмұнын ажыратып қана қоймай, антропоэзектік парадигмаға сай талдап түсіндіреді: «Тіл – тек коммуникативтік құрал емес, сонымен бірге адам болмысының, оның мәдениетінің көрінісі. Өйткені мәдениет таңба, белгіден тысқары, яғни тілден тысқары өмір сүре алмайды. Адамды түгелдей дерлік таңбалық әлем қоршаған. Өйткені адам болмысының өзі таңбалық, тілдік болмыс. Адам бір мезгілде таңбаны тудырушы да, оны талдаушы да. Тіл – тек денотативті (белгілі сигналдық) коммуникация құралы ғана емес, сонымен бірге коннотативті (белгілі әлеуметтік-мәдени, идеологиялық мәні бар) құрал. Тілде әр халықтың тарихы, оның өмірі, тіршілігі, шаруашылығы мен мәдениеті жатыр» [34, 126 б.]. Атап айтқанда, тіл табиғаты мен адам болмысын бір арнаға тоғыстыра отырып, тілдің коммуникативтік қырынан басқа коннотативті жағын танытуды мақсат еткен. Бұл жердегі коннотативті деп отырғанымыз, «тілдің заттық-ұғымдық мәнін толықтыратын кез келген компонент». Сонымен қатар ғалым көмескіленген компоненттердің шеткерілігін (перифериялығын) сипаттайтын фразеологизмдердің құрылымдық ерекшеліктерін зерттей келе, мәдениеттің сақталуы, кейінгі ұрпаққа жетуі, жаңғыруы, танымда игерілуі, жаңа заманға сай тіл арқылы яғни қазіргі тіл білімінің антропоэзектік бағыты арқылы жүзеге асатынын айқын көрсетеді. «Демек, белгілі бір этностық (ұлттық) ұжымда мәдени коммуникацияның іске асырылу құралдарының дені тіл арқылы қызмет етеді де, мәдениетті тарихи - әлеуметтік процесс ретінде сипаттайды. Олай болса, тіл тек коммуникативтік құралы емес, сонымен бірге адам болмысының, әрекетінің, соның нәтижесінде туған мәдениетінің көрінісі. Осылайша қалыптасқан мәдениеттің этнотаңбалық белгісі тілден тыс көріне алмайды. Осыған орай тіл тек денотативті коммуникация құралы ғана емес, сонымен бірге, коннотативті (белгілі бір әлеуметтік, мәдени, танымдық мәні бар) құрал» [34]. Ғалымның бұл пікірінен адам мен тілдің бір-бірімен сабақтасып жатуы заңды екенін ұғынамыз. Тілді зерттеуде адам тілді жан-жақты зерттеп жүрген субъект ғана емес, ол тілдегі маңызды объект. Яғни бұрындары ғалымдар дәстүрлі, әбден қалыптасқан, ғалымдардың сүзгісінен өткен тіл заңдылықтарын зерттесе, бүгінде тілдің жанды құбылыс екендігін практикалық тұрғыда қарастыра бастады. Тілді қолданушы халық болғандықтан, қарым-қатынас кезіндегі тілді зерттеу қазіргі кезде актуалданып барады. Ал ол қатынас екі

адамның арасындағы қарапайым қатынас қана болмайды, ол жазушы мен кейіпкер, кейіпкер мен оқырман, оқырман мен автор арасындағы қатынас болуы да әбден мүмкін. Бұл зерттеу жұмысында жазушы мен кейіпкер, кейіпкер мен оқырман, оқырман мен автор арасындағы қатынас жайында ой қозғалатын болады.

Сөздің тіларалық зерттеулердегі семантикалық өлшемдерін, яғни салыстырмалы (контрастивті) талдаудың теориялық және қолданбалы қырларын зерттеген профессор Э.Д. Сүлейменованың зерттеулері қазіргі таңдағы әлеуметтік лингвистика саласында жалғасуда. Ғалымның «Языковая ситуация и языковое планирование в Казахстане», «Макросоциоллингвистика» және «Языковые процессы и политика» атты еңбектері бүгінгі таңда аса өзекті болып табылады [35]. Э. Сүлейменова, Н.Ж. Шаймерденова, Ж.С. Смағұлова, Д.Х. Ақановалардың «Словарь социоллингвистических терминов» атты еңбегінде антропологиялық лингвистикаға келесідей анықтама береді: «антропологиялық лингвистика – бұл «антропологиялық қағидат» (тіл адамның бір бөлігі ретінде) әдіснамалық негізі ретінде көрсететін және «тіл-адам» диадасында тілдік құбылыстарды зерттейтін лингвистикалық зерттеулер бағытының шартты атауы. Мысалы, тілді меңгеруді, оны білуді және пайдалануды қамтамасыз ететін мидың күрделі инфрақұрылымын талдау негізінде тілдік қабілетін зерттеу; тіл тасымалдаушыларының және лингвисттің өзінің интуициясына апелляция (интроспекция); тілдің танымдық қызметін әлем көрінісінің формасы ретінде зерттеу; тілдің, адам мен қоғамның өзара қарым-қатынасын зерттеу; тілдің өзара байланысын, халықтың рухани мәдениетін, халық менталитетін, халық шығармашылығын және т.б. зерттеу; тілге адам бейнесін беру, соның нәтижесінде тіл – ағзаның, тіл – жүйенің, тіл – тетіктің және т. б. бейнесі қалыптасады; тілді және т.б. сипаттау арқылы адамды зерттеу» [36]. Бұл сөздікте тіл табиғатын зерттеуде тіл мен адам диадасының алатын орны жөнінде ой қозғалған. Авторлардың пікірінше, тіл табиғатын түсіну үшін адам табиғатын түсіну керек. Яғни, адамның мінез-құлқы, танымы, психологиясы, өскен ортасы және т.б. тіл табиғатын зерттеуде аса маңызды орын алады. Диада деп отырғанымыз бір-біріне қызметтік немесе мағыналық жағынан ұқсастығы лексемалар. А.Н. Чудиновтың «Словарь иностранных слов, вошедших в состав русского языка» атты сөздігінде бұл терминге мынадай анықтама береді: Оппозициялық семантикасы (бинарлық) бар мағынасы жағынан жақын тілдік бірліктердің жұптарын белгілеу үшін диада лексемасын лингвистикалық термин ретінде пайдалану өте орынды. Бұл қос ұғым тіл ғұмырында ешқашан бір-бірінен ажыратылып қолданыла алмайды. Ол заңды да. Себебі адамсыз тіл, тілсіз адам өмір сүре алмайды [37].

Тілдік қатынастардың теориялық негіздерін зерттеген ғалым Ф. Оразбаеваның пікірінше, ол «тіл – қатынас құралы», «кумулятивтік қасиет», «танымдық әрекет» сияқты категориялардан құралған. Ал осы категориялардың негізінде халықтық діл, өмірлік тәжірибе, білім мен дәстүр жатыр. Бұндай тілге, халыққа қатысты ұғым-түсініктерді тіл білімінің этнолингвистика, когнитивті лингвистика, психолингвистика, лингвоелтаным, лингвомәдениеттану сияқты бағыттары зерттей алатынын ескере отырып, ғалым тілді таныммен,

өркениетпен, қоғаммен, мәдениетпен ортақ аяда қарастыруды жөнсіз деп есептейді. Оның мына пікірі соған дәлел болмақ: «Тілді «тіл – адам – мәдениет», «тіл – этнос – өркениет», «тіл – адам – таным» т.б. әмбебап бірліктермен сабақтастықта қарастыру я болмаса, тілді олардан жеке бөліп алып қарастыру ғылыми-логикалық тұрғыдан сәйкес келмейді. Қазіргі уақыттағы ғылыми бағыттар мен уақыт талабы аталған бірліктерді өзара сабақтастықта зерттеуді жаңа сатыға көтерді. Адамзат баласы үшін тілдік қатынастың бүкіләлемдік маңызы ел мен елдің, ұлт пен ұлттың саяси байланысына жан-жақты жол ашудан көрінеді. Сондықтан тілдік қатынас бүгінгі күннің ең өзекті мәселесі ретінде әлемдік лингвистикада жаңа ғылыми еңбектердің шығуына әсер етуде. Яғни өмірде адамдар тек сөйлесу арқылы ғана бір-бірімен түсініспейді, кейде әртүрлі жағдайларға байланысты олар бір-бірін тілсіз-ақ ұғып, соған қарай іс-әрекет жасайды» [38, 267]. Ғалым тілсіз қарым-қатынас үстіндегі бейвербалды әрекеттердің көмегін жоққа шығармайды, себебі ым-ишара да коммуникативтік тілдік бірліктер қатарына жатады.

Қазақ тіл біліміндегі когнитивтік бағыттың қалыптасуы, даму алғышарттарын, ғылыми парадигмаларын арнайы зерттеген Э. Оразалиева қазақ тілтаным ғылымының даму кезеңдерін айғақтайтын негізгі бес парадигманы бөліп көрсетеді:

1-кезең. XX ғ. 20-45 жж. «Тілтану» парадигмасының қалыптасуы. Негізгі өкілдері: А. Байтұрсынұлы, Қ. Жұбанов, С. Аманжолов және т.б.

2-кезең. XX ғ. 45-70 жж. Тілдік бірліктердің танымдық парадигмасы. Негізгі өкілдері: Н. Сауранбаев, Ғ. Мұсабаев, М. Балақаев, І. Кеңесбаев және т.б.

3-кезең. XX ғ. 65-85 жж. Тілтанымдық қағидалардың жалпы теориялық парадигмасы. Негізгі өкілдері: К. Аханов, Т. Қордабаев, Ә. Хасенов және т.б.

4-кезең. XX ғ. 70 жж. мен аяқ шені. Тілтанымдық этюдтер парадигмасы. Негізгі өкілдері: Ә. Қайдар, Р. Сыздық, Ш. Сарыбаев, Ә. Болғанбаев, Е. Жанпейісов, Т. Жанұзақ, С. Исаев, Ө. Айтбаев, М. Серғалиев, Ж. Манкеева және т.б.

5-кезең. XX ғ. а. мен бүгінгі күндер. Қазіргі когнитивтік парадигмалар [23, 17 б.].

Зерттеуші осы кезеңдер бойынша қазақ тіл біліміндегі антропоөзектік парадигманың өрістеуін талдап көрсеткен. Оған қоса, қазақ тіл білімінде когнитивтік теорияның қалыптасып дамуына, тілтаным теориясының әдіснамалық негіздеріне толық ғылыми-талдамалық сипаттама берген.

Антропоцентристік парадигма аясында өрістеп отырған ғылыми бағыттардың бірі – әлеуметтік лингвистика. Ғалым А. Абасиловтың «Әлеуметтік лингвистика» [39] еңбегі – бүгінде қазақ тіліндегі ізденушілер үшін таптырмас құралдардың бірі. Себебі бұл сала бойынша көбіне орыс тілінде ақпарат табуға болады. Ғалым оқу құралына қосымша ретінде «Әлеуметтік лингвистика сөздігін» [40] де оқырманға ұсынған. Бірінші аталған оқу құралында *тілдік қауымдастық, тілдік тұлға, тілдік қабілет, тілдік норма, тілдік және тілдік емес қарым-қатынас, тілдік жағдаят, сөз мәдениеті, сөйлеу актісі, интерференция* сынды ұғымдарға тоқталған. Оған

қоса, әлеуметтік лингвистика саласының *синхронды, диахронды, макроәлеуметтік, микроәлеуметтік* деген бағыттарын бөліп көрсеткен. Әлеуметтік лингвистика тіл мен қоғамның ажырамас байланысы негізінде қалыптасқан сала болғандықтан, А. Абасилов та тіл мен қоғам тақырыптарын ерекшелеп берген. Ғалым тіл мен қоғамға арналған бөлімде тілдің өмір сүру формаларына, қоғамдық қызметіне, қызметтік типологиясына, қызмет ету салаларына, қызмет етуі мен дамуына әсер ететін факторларға тоқтала келіп, олардың әлеуметтік лингвистика саласы мен жалпы халық үшін маңыздылығын көрсеткен. Сонымен қатар бұл саланың негізгі терминдеріне жататын *әдеби тіл, диалектілер, койне, пиджин, креол, арго, жаргон, сленг* деген ұғымдарға да тоқталған. Бұл ұғымдардың қай-қайсы да адам тіліне тікелей байланысты екенін ғалым тілдік деректермен дәйектеген. Ал сөздігінде әлеуметтік лингвистиканың өзекті мәселелеріне қатысты ұғымдар мен түсініктерді, сол салаға тиісті негізгі терминдерді әліпби жүйесімен берген.

Бүгінгі қазақ тіл біліміндегі зерттеулерден жаңа бағытқа сай антропоөзектік үрдісі кең өріс алуда. Атап айтсақ: Г. Қосымова «Қазақ шешендік өнерінің негіздері және тілдік танымы» [41], Ж. Жақыпов «Қазақ тілінің функционалдық синтаксисі» [42], Б. Тілеубердиев «Қазақ ономастикасының лингвоконцептологиялық негіздері» [43], А. Ислам «Ұлттық мәдениет контексіндегі дүниенің тілдік суреті (салыстырмалы-салғастырмалы лингвомәдени сараптама» [44], Б. Сүйеркұл «Хорезмидің «Мұхаббатнамесіндегі» (XIV ғ.) лингвосемиотикалық кеңістік» [45] Н. Аитова «Қазақ тіліндегі түр-түс атауларының когнитивтік семантикасы» [46], А. Сейілхан «Қазақ тіліндегі этнографизмдердің лингвомәдениеттанымдық мәні» [47], С. Жапақов «Эпикалық фразеологизмдердің когнитивтік негіздері» [48], М. Күштаева «Тары» концептісінің семантикалық құрылымы мен лингвомәдени мазмұны» [49], А. Әмірбекова «Концептілік құрылымдардың поэтикалық мәтіндегі вербалдану ерекшелігі (М. Мақатаев поэзиясы бойынша)» [50], Ә. Айтпаева «Бесік жырларының этнолингвистикалық сипаттамасы (қазақ, орыс, неміс тілдерінің материалдары бойынша)» [51], А. Байғұтова «Қазақ әйелі» концептісінің этномәдени сипаты» [52], Ш. Жарқынбекова «Концепты цвета в казахской и русской культурах» [53], Г. Сағидолдақызы «Поэтикалық фразеологизмдердің этномәдени мазмұны (Қазақ және монғол тілдерінің материалдары бойынша)» [54], Г. Шоқым «Тілдің гендерлік жіктелімінің ғылыми негіздері» [55], т.б.

Мысалы, қазақ тілінің дамып қалыптасу тарихын ортағасырлық ескерткіштер тілінің негізінде зерттеген ғалымдардың бірі – Б. Сүйеркұл. Бұл мәселе әдетте құрылымдық жүйеге сай тарихи-салыстырмалы әдіс негізінде қарастырылса, ғалымның Хорезмидің шығармашылық тілдік тұлғасына сай поэтикалық мәтінін лингвосемиотика, лингвокогнитивтік аспект тұрғысынан қарастырып, соның негізінде Хорезмидің «Мұхаббатнамесінің» тіліне концептілік талдаулар жүргізуі тіл тарихын зерделеудің жаңа үлгісі, көнетүркілік тілдік жүйемен салыстырып, антропоөзектік парадигма аясында қарастырудың бастамасы деуге болады.

Еңбекте қыпшақ ақыны Хорезми шығармасындағы «сенім», «махаббат», «сұлулық» концептілері автор танымы тұрғысынан жан-жақты талданып, бұл ұғымдардың тілдік көрінісі ғаламның тілдік бейнесімен байланысты зерттеледі. Автор ақынның дастанда көрініс тапқан индивидуалды концептуалдық әлемін ауқымды бір өріс ретінде қарап, ондағы «сенімді» (діни сенім) барлық концептілердің өзегі, негізі, ядросы ретінде алады, ал оның шеткері аймақтарында «махаббат» және «сұлулық» концептілерін көрсетеді. Мәселен, «сұлулық» концептісі ақын танымында Тәңірмен байланыстырылады, ол – жаратушының ерекше сипаты, қасиеті, сұлулыққа ие болған адам оны хақ тағаланың сыйы деп қабылдауы керек. Ғалым автор қолданысындағы бұған дейінгі өзге шығармаларға арқау болған философиялық концептілердің шығармашылық процесс кезінде прагматикалық ұстанымға сай көркем концептіге айналып, түрленуі ерекше, бейстандарт мазмұндағы көркем қолданыстардың тууына негіз болатынын дәлелдейді. «Хорезмидің мәңгілік мекені болатын – о дүниедегі игіліктерден бұ дүниеде отырып бас тартуы – оның өмірлік кредосын көрсетпейді, тек көркем мәтінге айрықша сипат беріп, қабылдаушы санасын бір рет дүр сілкіндіретіндей, тыңдаушы (оқырман) санасында белгілі бір эмоционалдық реакция тудыратындай әсерлі прагматикалық тәсіл ретінде ғана түсінілуі тиіс» [45, 192 б.].

Сонымен бірге ғалым «Мұхаббатнамені» семантикалық оппозицияға құрылған көркем дүние ретінде қарап, ондағы «ер – әйел», «бай – кедей», «сұлтан – қарапайым адам», «өзім – өзге», «жер – көк» оппозициялық жұптарының автор танымындағы эксплицитті және имплицитті көріністерін мәтін арқылы дәлелдеп көрсетеді. Автор аталған ескерткіш тіліндегі фразеологизмдердің, эмотивті лексиканың, синоним сөздердің, етістіктердің семантикалық сипатын саралай отырып, олардың ақынның дүниетанымына, эстетикалық талғамына орай жұмсалып ерекшеліктерін анықтайды. Сайып келгенде, зерттеу үрдісінде антропоэзектік қағидаға табан тірейді.

Г. Қосымова жоғарыда аталған зерттеу жұмысында шешендік сөздердегі тілдік танымға, шешендік танымның қалыптасуындағы пайымдаудың рөліне, шешендік тілдің логикамен байланысына тоқталып, антропоэзектік парадигма бағытының белгілерінің бірі тіл тазалығы мен тіл мәдениеті мәселелерін жұмысының өзегіне айналдырған [41].

Зерттеуші Ж. Сұлтан «Тілтанымдағы антропологиялық парадигманың Қ. Жұбанов мұраларындағы көрінісі» атты еңбегінде қазақ тіл білімінің тұңғыш профессорының ғылыми еңбектерін антропологиялық парадигма тұрғысынан бағалап, талдайды [56]. Атап айтқанда, Қ. Жұбанов еңбектеріндегі әлеуметтік лингвистика, этнолингвистика, лингвомәдениеттану, психолінгвистика, когнитивті лингвистика, гендерлік лингвистика салаларының нышандары мен белгілерін анықтап, соның нәтижесінде Қ. Жұбановтың антропоэзектік парадигма негізінде қалыптасқан тұжырымдарын іштей жіктеп кесте түрінде көрсеткен.

Көркем мәтін тілін антропоэзектік тұрғыдан зерттелген жұмыстардың қатарын толықтыратын тағы бір еңбек – Г. Сабированың «Көркем тілді адамтану парадигмасы тұрғысынан зерттеу (Ж. Нәжімеденов өлеңдері тілі

негізінде)» атты кандидаттық диссертациясы. Мұнда автор ақынның ұлттық болмысын оның өлеңдерінде кездесетін мәдени кодтарды тілдік кілті арқылы ашуға тырысады. «Ұлттық әдебиет халықтың әдеби тілімен жазылып, оның өн бойында мәдени код жатады. Оны әр қаламгер әртүрлі пайдаланады. Жүмекен болса, мәдени кодты – ұлттың ұлттық қасиетін танытатын ақпараттарды ХХ ғ. 60-жылдары әдебиетке келген М. Мағауин, Ә. Кекілбаев, М. Мақатаев, т.б. қаламгерлер сияқты астарлауға пайдаланған ақын» [57].

Сонымен қатар Қ.Кенжеқанова қазіргі ғылыми парадигмалар аясындағы БАҚ тілін, коммуникациялық үдерістер мен прагматикалық қызметті жүзеге асырушы журналистер тіліндегі саяси дискурсты, коммуникативтік үдерісті жүзеге асырудағы саяси дискурстың когнитивтік компоненттерін зерттеген [58].

А.Байғұтова «Қазақ әйелі» концептісінің этномәдени сипаты» тақырыбындағы кандидаттық диссертациясында қазақ тілінде қалыптасқан «Қазақ әйелі» концептісін мынадай антропоэзектік жүйе аясында анықтайды: миф желісіндегі, Абай өлеңдеріндегі, Ғ. Мүсірепов шығармаларындағы қазақ қоғамындағы, тарихындағы, мәдениетіндегі қазақ әйелінің тұлғалық болмысына, қызметіне, танымына талдау жұмыстарын жүргізген. Сонымен қатар бұл – *тіл мен таным, тіл мен мәдениет* сабақтастығына, санаға қатысты *ассоциация* ұғымдарына сүйеніп қазақ әйелінің төл болмысын ашуға тырысқан кешенді зерттеу.

Қорыта айтқанда, бүгінгі тіл біліміндегі жаңа бағыт болып саналатын антропология саласы тіл арқылы ұлт болмысын ұғынуға мүмкіндік ашады. Бұрын-соңды адам тілді зерттеуші субъект болса, бүгінде тіл арқылы адамды зерттеп жүрміз. Осы бір жаңа бағыттың ең бір ұтымды тұсы ұлттық болмыс пен мәдениетті ғылыми тұрғыда зерделей бастауында. Ұлт үшін бұл өте маңызды. Ертеректе сонау ХІХ ғ. ғылыми еңбектерде бұл сала антропоэзектілік деп нақтылы атаумен берілмесе де, А. Байтұрсынұлы, Қ. Жұбанов, С. Аманжолов және т.б. ғалымдардың еңбектерінде тіл саласының бір мәселесі ретінде қарастырылып келген. Ал бүгінгі ғылымның ілгері жылжуымен антропоэзектілік деген атқа ие болып отыр. Тілдің өмір сүруі ұлтпен тығыз байланысты. Адамсыз ұлт болмайды, адамсыз тіл болмайды. Сондықтан ұлт болмысын тануда адам мен тілді ұштастыра зерттеу тілдің жаңа қырларын ашуға мүмкіндік береді.

1.3 Көркем мәтін тілінің коммуникативтік мазмұны мен автордың «тілдік тұлға» болмысының сабақтастығы

Қазіргі қазақ тіл біліміндегі антропоэзектік бағыттағы зерттеулердің бір тобы тілді ұлттық дүниетанымның тілдік көрінісін сипаттауға арналады. Солардың бірі – Ж. Абдрахманованың «Тіл мен дүниетаным сабақтастығы (Ә. Кекілбаев шығармалары негізінде)» атты кандидаттық диссертациясы. Ғалым бұл еңбегінде Ә.Кекілбаев шығармаларындағы ұлттық-дүниетанымдық лексиканың қолданылу жайы мен жасалу жолдарына тоқталады. Автор жазушы шығармаларында кездесетін ұлттық бояулы сөздердің (мысалы: *бісміллә, абысын, міз бақпау, күлдіреуіш, қымыздай сапыру, кәрі жілік, мүшел жас, саптыаяқ, туырлық*) көркем шығармада атқарар рөлі мен қызметін талдай

отырып, оның (жазушының) тілдік тұлғасын, аялық білім деңгейін қорытып шығуға тырысқан. Ә. Кекілбаевтың «Ханша Дария хикаясы», «Елең-алаң», «Үркер», «Күй», т.б. тарихи тақырыптағы шығармаларындағы дүниетанымдық лексиканың аясындағы тарихи, діни, тұрмыстық, диалектілік сөздерді неге және қалай пайдаланғанын қарастырып, олардың жазушының көркем және публицистикалық бағытта жазған туындыларында қолданылуындағы уәжін анықтаған [59].

Сонымен, жоғарыда көрсетілген еңбектер тілдің тек адамдар арасындағы қарым-қатынас құралы ретінде жұмсалатын коммуникативтік қызметін зерттеу жеткіліксіз, оны тудырып, дамытатын, жетілдіретін, тілдің коммуникативтік қызметін өзгертетін адамнан бөліп қарау мүмкін еместігін айғақтайды. Тіл біліміндегі антропоэзектік бағыттағы зерттеулердің негізгі сипаттарының бірі – белгілі бір ақынның/жазушының тілдік қорын, көркемдік әлемін анықтау арқылы оның дүниетанымын, тұлғалық даралығын тану.

Антропоэзектік бағыттағы зерттеулері «Сөздер сөйлейді», «Абайдың сөз өрнегі», «Қазақ әдеби тілінің тарихы» еңбектерінен бастау алған Р. Сыздықованың «Сөз құдіреті» атты зерттеуі – қазақ тіл біліміндегі көркем шығарманы лингвостилистика саласының талаптарына сай зерделеудің үлгісі боларлық. Еңбектің «Жазушы тілі және оның көркемдік әлемі» атты алғашқы бөлімі қазақ әдебиетіндегі қаламгерлердің (М. Әуезов, Ш. Мұртаза, Ә. Кекілбаев, М. Мағауин, О. Бөкей, С. Бердіқұлов, А. Сүлейменов, Т. Ахтанов, Қ. Жұмаділов, К. Сегізбайұлы, т.б.) белгілі бір шығармаларының тілдік-стильдік белгілерін сипаттауға арналған. Ғалым аталған авторлардың суреттеу шеберлігін, көркемдік әдістерін, сөз таңдауын, сөз қолданысын, сөз әрлеуін, автор тілі мен кейіпкер тілін, сондай-ақ сөз тіркестіру, сөйлем құрастыру және т.б. синтаксистік құрылым ерекшеліктерін сөз етеді. Автор көркем шығармада кездесетін кірме, көне, кәсіби сөздер мен диалектизмдердің, этнографизмдердің, т.б. тілдік бірліктердің жұмсалу мақсатына, қызметіне олардың уәжді-уәжсіз қолданылуына назар аудара отырып, тілдік тұлғаның аялық біліміне, жеке тұлғасына ғылыми тұрғыда баға береді. Түптеп келгенде, лингвистика тұрғысынан жан-жақты талданған мәселелердің тұтасып келіп, көркем мәтіннің коммуникативтік кеңістігіндегі қызметін көрсетуі осы еңбектің біздің зерттеуімізге тікелей қатыстылығын және ғылыми-әдістемелік тұрғыдан қандай маңызды екенін көрсетеді.

Құрылымдық лингвистика парадигмасы кезеңінде жазылса да, ғалымның шығармашылық өрісі академик В.В.Виноградовтың «автор бейнесі» қағидасына сүйеніп, қаламгер тілінің ерекшелігін оның тұлғалық болмысымен байланыстыратыны байқалады. Автор «Сөз құдіреті» дегенде жеке сөздің емес, жалпы тілдің жұмсалымдық тұлғасының, яғни көркем мәтіндегі тілдің көрінісінің құдіретін, құпиясын ашуды көздейді. Мұның өзі сөзді жеке-дара емес, жазушының қолданысы тұрғысынан қарастыру деген сөз. Бұл туралы ғалымның өзі былай дейді: «Сөз құдіретін таныту дегеніміз – жазушы тілінің көркемдігін, сол көркемдікті жүзеге асырып тұрған тілдік құралдар мен тәсілдерді көрсету болып шығады» [60, 3 б.].

Осы бағытта жазылған жұмыстардың бірі – Ф. Қожахметованың «Тұрмағамбет Ізтілеуов тілдік тұлғасының дискурстық сипаты» атты кандидаттық диссертациясы. Т. Ізтілеуов шығармаларының тілін зерттеуді алғашқылардың бірі болып қолға алған ғалым оның тілдік тұлғасын Ю.Н. Караулов ұсынған үш деңгей (нөлдік, когнитивтік, уәждік) бойынша қарастырған. Тұрмағамбет ақын тіліндегі етістіктердің, көріктеу құралдарының, кәсіп, зат, сан атаулары мен кірме сөздер қолданысының «ғаламның тілдік бейнесін» жасаудағы танымдық мәнінің коммуникативтік қызметін кеңінен аша білген. Автор шығармаларын концептілік талдау да бұл еңбектің басты бағыттарының бірі болып саналады. Ғалым Т. Ізтілеуов дискурсындағы «өмір», «өлім», «оқу, ғылым», «ақыл», «адамгершілік», «қайғы», «бақыт», «кедейлік», «байлық», «өкініш», «қуаныш», «татулық», «соғыс», т.б. концептілерінің антропоцентристік негізін анықтаған [61].

Белгілі балалар жазушысы Бердібек Соқпақбаевтың тілдік тұлғасын тануда жүйелі зерттеу жүргізген ғалым Ж. Саткенованың «Кейіпкер тілінің когнитивтік аспектісі (Б. Соқпақбаев шығармалары бойынша)» атты кандидаттық диссертациясы жазушының көркем шығармаларында автордың аялық білімін, «әлемнің тілдік бейнесін» жасаудағы автор қолданысындағы тілдік бірліктер мен сөз оралымдарының коммуникативтік қызметін анықтауға арналған. Еңбекте «тілдік тұлға» мәселесі Б. Соқпақбаевтың шығармаларындағы жазушының өз бейнесін таныту мақсаты бірінші жақтан баяндалу арқылы жүзеге асып, басты кейіпкер бейнесін жасайды. Автор жазушының тілдік қолданысын нөлдік, когнитивтік, уәждік деңгейлер (Ю.Н. Караулов бойынша) дәрежесінде саралап көрсетеді. Тілдік тұлғаның нөлдік деңгейінде теңеу, метафора, эпитет, метонимия, синекдоха сияқты көріктеуіш құралдарының балалар танымындағы «әлемнің тілдік бейнесін» сипаттаудағы, сонымен бірге көркем шығарманың эстетикалық қуатын күшейтудегі қызметтеріне жан-жақты талдау жасалған. Ал тұлғаның танымдық, яғни лингвокогнитивті деңгейіне көркем шығармада кездесетін мақал-мәтелдер, фразеологиялық тіркестер, авторлық қолданыстағы афоризмге айналған сөздер мен сөз оралымдары, сондай-ақ бейвербалды қолданыстар жатқызылады. Үшінші деңгей – уәждік деңгейді беретін амалдар бала психологиясына, қияланы сай бірнеше топқа бөлініп қарастырылған (соматикалық ұғымдармен байланысты уәжділік; төрт түлік мал атуларына байланысты уәжділік; аң-құс, балық атауларына байланысты уәжділік; тұрмыстық зат атауларына байланысты уәжділік; табиғат құбылыстарына байланысты уәжділік) [62]. Сонымен қатар ғалым таным мәселесіне концепт тұрғысынан келеді. Ж. Саткенова Б. Соқпақбаев шығармасынан арман, қиял, талант шабыт, тәртіптілік, тәртіпсіздік, қулық, өмір, тағдыр, дүние, тоқшылық, той,соғыс, аштық, қуаныш, өкініш, сезім, қызғаныш, ұят, қорқыныш, үрейлену, қобалжу, сезіктену, ашулану сияқты 24 түрлі концептіні бөліп көрсеткен. Зерттеуші В.А.Маслованың концептілер жіктемесіне сүйене отырып, бұл сөздерге концептілік талдаулар жасаған. Атап айтсақ:

- жеке тұлғалық концептілер;
- адамдардың жас ерекшеліктеріне байланысты концептілер;

- жалпыұлттық концептілер жіктемесін басшылыққа алады.

Ғалым еңбегінде концептілер бала танымында, жас ерекшеліктеріне қарай қалыптасатынын айта келе, түрлі концептілер негізінде баланың дүниетанымы, танымдық кодтары, мәдени кодтарын қалыптасатынын түсіндіреді.

Автордың тілдік тұлғасын антропоэзектік бағытта зерттеп, талдаған еңбектердің бірі – Г.Ә. Мұратованың «Абайдың тілдік тұлғасы: дискурстық талдау мен концептуалды жүйесі» атты докторлық диссертациясы. Ғалым еңбегінде Абай дискурсындағы әртүрлі тілдік бірліктердің (төл сөздер, кірме сөздер, диалектизмдер, мақал-мәтелдер, этнографизмдер) шығармадағы прагматикалық қызметін талдайды, Абайдың тілдік тұлғасын лингво-когнитивтік талдауда ақын өлеңдеріндегі «толық адам», «күлкі», «қайғы», «өтірік», «мақтан», «жағымсыздық», «жайлау», «қымыз» концептілерінің семантикалық мазмұнын ашып көрсетеді. Мысалы, Абай шығармаларындағы «өтірік» концептісінің тезаурустық қатарын былай көрсетеді: *өтірікке тұшыну – өтірікке бәйге атындай аңқылдау – өтірікке құмары қану – өтірікке қуаны, алшаңдау – өтірікке шалықтап, шалқу – өтірікті ат-шапаннан кем көрмеу – өтірікті жүндей сабау – өтірікті саудалау – өтірікті бұлдап сату* [63, 28 б.]. Ғалым мәтінде жасалған әр концептіні осылай ашып көрсете отырып, олардың мәтіндегі коммуникативтік қызметіне өзіндік баға береді. Сонымен бірге ақын шығармашылығында әдейі қолданылған ұлттық бояулы тіркестердің рөлі мен қызметі де жан-жақты сараланған. Соның нәтижесінде автор кез келген көркем шығарма тудырушының тілдік тұлға бола алмайтынын айта келіп, «тілдік тұлға» феноменіне мынадай талаптар қояды:

- 1) тыңдаушысына сөз қуаты арқылы ой қозғайтындай әсер ете алса;
- 2) ол сөзінің «іші алтын, сырты күміс» болатындай мәні терең, бояуы қанық болса;
- 3) тұлғаның өз дүниетанымы терең де кең болса;
- 4) ұлттық өре биігінен сөйлей алатын, әрі жалпыадамзаттық ауқымдағы ой қазығы айқын болса;
- 5) тұтастай алғанда тілдің дамуына үлес қоса алатын болса [63, 47 б.].

Жоғарыда көрсетілген зерттеулердің үрдісі қазіргі қазақ көркем мәтінін зерттеу кеңістігінде антропоэзектік парадигма бағытының кеңінен өрістегенін көрсетеді. Бұл бір кездері грамматиканың негізін қалаушылардың зерттеулерінен бастау алып, енді міне ХХІ ғасырда қайта жаңғырған ілім ретінде адам өміріндегі *тіл, тілдегі адам көрінісін* жан-жақты зерттейтін қазақ тілінің мүмкіндігін одан ары арттыратыны анық.

Көркем мәтінге түсіндірме беру – ғылым тарихында бұрыннан белгілі тәсіл болғанымен, оған қатысты бірқатар мәселелер әлі күнге шешімін таппаған. Мұнда негізінен мағынасы түсініксіз немесе күнгірт сөздердің семантикасын ашуға баса назар аударылады. Зерттеушілер өткен дәуір шығармаларын талдау барысында тілдік деректер ғана емес, тілден тыс, экстралингвистикалық себептер де орын алатынын, сөйтіп екеуі бірлескенде мамандар алдына бірқатар күрделі мәселелер туындайтынын мойындайды. Осымен байланысты көркем мәтінді талдауда кездесетін қандай да бір «ақтаңдақтарды» назардан тыс қалдырмау қажет. Көркем туындыға лингвистикалық түсіндірме беру ісі

сол шығарма жазылған кезеңдегі сыртқы факторлардың оған тигізген ықпалын, мәтіннің тілдік, әдеби, тарихи және мәдени мұра ретіндегі маңызын айқындауға бағытталатын дереккөзтанымдық талдаумен тығыз байланысты екенін көреміз. Көркем мәтінді зерттеуде лингвистикалық және дереккөзтану аспектілерін ұштастыру ғылыми айналымға түсіндірме берудің жаңаша бір түрі ретінде лингвотарихи және лингвомәдени, діни-мифологиялық, философиялық түсіндірмелер сияқты зерделеу тәсілін енгізуге мүмкіндік береді. Алайда аталмыш түсіндірмелердің барлығы түптеп келгенде мәтінде қолданылған лексемалардың семантикалық құрылымына, өзге тілдік бірліктермен байланысын көрсететін семантикалық қатынастарына, ортақ архисема негізінде түзілетін лексика-семантикалық топтарға енетін басқа сөздермен байланысына, жалпы мәтінде олар атқаратын семантикалық қызметтерге, сондай-ақ барлық тілдік бірліктердің бірігуіне ұйытқы болып, оларды бір өзек маңына шоғырландыратын семантикалық өріс мәселесіне табан тірейді. Сондықтан тіл ұстанушы үшін көркем туындыға лингвотарихи түсіндірмелер беру ісінің қажеттілігі сөзсіз. Мұнда көркем мәтін авторының шығарманы жазу барысында алға қойған мақсаты, өз діттемін жеткізудегі прагматикалық ұстанымынан бастап, оның ішкі көркемдік-тілдік әлемін айшықтайтын бейнелі сөз оралымдарына баса назар аудару, сондай-ақ мәтінде көрініс тапқан сол тілдік құралдардың шығармашылық тұлғаның концептуалды әлемін де танытатын маңызды деректер екендігін ескерген жөн.

Көркем шығарма әдеби тіл қолданысының фактісі болғандықтан, тілде болып жатқан барлық өзгерістерді қамтып отырады. Көркем мәтіндегі сөздер, басқа да тілдік тұлғалар мен тілдік категориялар қазіргі әдеби тілде жоқ, күні өткен ескі не әлі ене қоймаған жаңа құбылыс болуы мүмкін. Сондықтан көркем мәтін басқа да мәтін түрлерімен бірлікте (ғылыми, публистикалық, ресми) әдеби тілдің даму заңдылықтарын анықтауға объект болатын тілдік дерек ретінде де қарастырылады.

Көркем әдебиет мәтіні әдеби тілде жазылса да, көркем шығарма тілі мен әдеби тіл арасында принципті ерекшеліктер бар. Олардың ең бастысы әрқайсысының атқаратын қызметін туындайды. Әдеби тіл коммуникативтік қызмет атқарып, адамдардың күнделікті қарым-қатынас жасауының құралы болса, көркем шығарма құрылымына түскенде ол басқа қырынан көрінеді. Өзінің бейнелі құралдары арқылы оқырманның сезіміне әсер етіп отырып, ол эстетикалық, көркемдік қызметте жұмсалады. Соған сәйкес әдеби тіл нормасы мен көркем әдебиет тілі нормасы арасында да, ерекшелік болады. Әдеби тілде нормаға жатпайтын тілдік факті өнер туындысында жазушының алдына қойған мақсатына сай келіп, эстетикалық қызмет атқарып тұруы мүмкін. Д.Исабеков шығармаларында мұндай қолданыстар өте көп. Сондықтан жазушы тілін зерттеу бүгінде аса өзекті болмақ.

1-ші тарау бойынша қорытынды

Сонымен тіл ғылымында соңғы ширек ғасыр көлемінде ерекше басымдық алған адамтану бағытында жүргізілетін зерттеулердің тіл ұстанушының мақсат-мұратын, өмірлік ұстанымдарын т.б. ниеті мен діттемін анықтауда берері мол.

Осымен байланысты ғылыми әдебиетте қалыптасқан «антропоцентризм» термині гректің *anthropos* – «адам» және латынның *centrum* – «орталық» деген мағыналы сөздерінен біріккен сөз. Ол «адам құбылысын (феноменін) ғаламның басқа да құбылыстарына (феномендеріне) қарсы қоя отырып, адамды ғаламның орталығы ретінде танытатын, дүниедегі болып жатқан үдерістердің мақсатын адам факторымен байланыстыратын ғылыми бағыт». Тілді антропоэзектік тұрғыдан зерттеуде адамның тілге ықпалы, тілдің адам санасына, ойлауы мен мәдениетіне тіл тұтынушының қолданыс барысында қалай әсер ететіндігі анықталып, ерекше маңызға ие тілдегі адам мәселесін оның әлемге қатынасы арқылы толық сипаттауға болады. тілді таным, қарым-қатынас құралы ретіндегі қызметін дамытатын ол – жеке адам. Оның ішінде – тілдік тұлға. Тіл – жеке адамдардың шығармашылығы арқылы дамып отырады. Диссертациялық жұмыстың тақырыбында *антропоэзектілік* ұғымымен тіркесіп қолданылған «парадигма» термині ғылымның көптеген салаларында кездеседі, грек тілінен аударғанда «*үлгі, мысал*» деген мағынаны білдіреді. Лингвистика саласында «парадигма» термині бірнеше мағынада жұмсалып жүр.

Қазіргі таңда ғалымдар антропоэзектік парадигманы жеке-дара бағыт ретінде алып шығып, өзіндік алғышарттары мен тармақтары бар үлкен ілім ретінде зерттеуде. Қазақ тіл біліміндегі антропоэзектік парадигманың негізін қалаушылар – А. Байтұрсынұлы, Қ. Жұбанов, С. Аманжолов. Ал осы ғалымдардың тұжырымдарын одан ары жалғастырып, зерттеп келе жатқан отандық ғалымдар – Ә. Қайдар, Р. Сыздық, Н. Уәли, Ж. Манкеева, Ф. Оразбаева, Э. Сүлейменова, Б. Хасанов, Б. Момынова, А. Салқынбай, Г. Шоқым, Г. Смағұлова, Э. Оразалиева, Ш. Елемесова, А. Әмірбекова, А. Абасилов және т.б.

Бүгінгі тіл біліміндегі жаңа бағыт болып саналатын антропология саласы тіл арқылы ұлт болмысын тануға мүмкіндік береді. Осы кезге дейін адам тілді зерттеуші субъект болса, бүгінде тіл арқылы адамды зерттеп жүрміз. Осы бір жаңа бағыттың ең бір ұтымды тұсы – ұлттық болмыс пен мәдениетті ғылыми тұрғыда зерделей бастауы. Ұлт үшін бұл өте маңызды. Адамсыз ұлт болмайды, адамсыз тіл болмайды. Сондықтан ұлт болмысын тануда адам мен тілді ұштастыра зерттеу тілдің жаңа қырларын ашуға мүмкіндік береді.

2 КӨРКЕМ МӘТІНДЕГІ КОММУНИКАТИВТІК ҚЫЗМЕТТІҢ ПРАГМАТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

2.1 Лингвистикадағы прагматика саласының семиотикалық, коммуникативтік алғышарттары

Адамдар арасында қарым-қатынас құралы қызметін атқаратын тілдің ақпаратты жеткізу, хабарлау, әсер ету функцияларынан бөлек, кумулятивтік қызметіне соңғы жылдардағы зерттеулерде ерекше мән беріліп келеді.

«Адам баласының ғұмыры сөзбен өріледі, өмір бойы сөйлейді, ойын сөзбен жеткізеді. Кейде дыбысын шығармай-ақ, үнсіз армандайды, қиялдайды, ойланады, толғанады. Өзімен өзі сырласады, жүрек үнін тыңдайды, толқиды... Тыңдайды, оқиды, қызмет істейді, жазады, тыңдатады, оқытады, жазғызады. Қалай болғанда да, әртүрлі жолдармен сөйлеседі. Сөзсіз адамның күні бар ма?!... Қалай десек те, табиғатпен бірге берілген, әлмисақтан бері бірге жасасып келе жатқан Сөзсіз адам баласының күні жоқ. Адам баласын өзге жаратылыстан ерекшелендіретін – тілі, бұл да қарапайым ақиқат. В. фон Гумбольдт тек сөйлейтін адам ғана шын адам деген» [64, 11 б]. Бұл сөздер – Абайдың лингвопоэтикасын түсіндіру барысындағы ғалым А.Салқынбайдың шынайы сөздері. Сәби өмірге келгеннен бастап, гуілдеп ата-анасымен өзінше тілдесіп жатады. Уақыт өте келе бұл гуілдер буындарға айналады. Белгілі бір уақыт аралығында бала тілі анықтала бастайды. Бұл қатынас қаншалықты мазмұнды немесе қарапайым болғанымен, ол – өзін қоршаған дүниемен, баланың анасымен алғашқы коммуникациясы. Қазіргі таңда тіл ғылымы адамдар арасындағы қарым-қатынас кезіндегі тілдік қатынастың сөйлеу үдерісін жан-жақты зерттейтін *прагмалингвистика* деген саланы бөліп шығарды. Бұл арадағы *прагматика* – гректің *πράγμα* («ілік септігі») және *πράξιμος* («әрекет») деген сөздерінен құралған термин. Тіл білімінде прагматиканың үш түрлі сипаттамасы анықталған:

- 1) таңбалық жүйе арасындағы қатынасты зерттейтін семиотика деген саланың бір бөлімі;
- 2) тілдік таңбаны пайдалануды жүйелейтін шарттар жиынтығы;
- 3) тілдік таңбаларды айтушының тілін зерттейтін тіл білімінің саласы [65].

Осындай үш сипатқа ие *прагматика* ұғымын ғылымға термин ретінде енгізген – американдық ғалым, семиотиканың негізін салушылардың бірі Ч. Моррис. Ғалым таңбаны нысанмен, тұлғамен және т.б. тілдік таңбалармен байланыстыра отырып, семиотиканың семантика (жаратылыстану), синтаксис (лингвистика, логика) және прагматика (психология) деген түрлерін ажыратып көрсетеді. Көптеген зерттеу жұмыстарында бұл үш терминге «семиотикалық триада» деген атау берілген. Прагматиканы лингвистиканың жеке бір саласы ретінде бөліп, оны қалыптастыру үшін үлес қосқандар қатарында Ч. Пирс, Дж. Остин, Дж. Р.Серль, З. Вендлер, П. Грайс, П. Стросон, Ф. де Соссюр және т.б. ғалымдар бар. Аталған ғалымдар прагматиканың теориялық негіздеріне тоқталып, *коммуникация, сөйлеу актілері, тілдік жағдаят* тақырыптарын зерттеулеріне арқау еткен.

Ф. де Соссюрдің тіл мен сөйлеуді қарама-қарсы қою дихотомиясын Н.Ф. Алефиренко үш түрлі аспектіде – гносеологиялық, прагматикалық және онтологиялық қырынан қарастыруды ұсынады [66, 12 б.].

Прагматикалық аспектіде барлығы санадағы оймен, мидағы астарланған кодпен байланысты. Ой көптеген ғылым саласына қатысты болса, ал, код – ұлтқа, тілге, ділге тікелей қатысты құрылымдалатын ұғым. Мысалы, қазақтың өзіне тән тарихы, салт-санасы, ешкімге ұқсамас ділі, тілдік ерекшеліктері тілімізде сақталып, қазақ болмысын танытады. Қазақтың атадан балаға мұра болып келе жатқан салт-дәстүрі, халық ауыз әдебиеті және діні мен ділінен бөлек өзіне тән сөйлеу әдебі бар. Мәселен, назар бөлу және назарды өзіне аудару, амандасу, танысу, шақыру, өтініш, кеңес беру, ұсыныс жасау, келісу, қарсы болу, кешірім сұрау, көңіл айту, қошемет сөз айту, құттықтау, қоштасу және т.б. түрдегі сөйлеу әдебінің жағдаяттарынан адамның жалпы әдептілігі мен мәдениеттілігі көрініп қана қоймай, сол арқылы ұлттық әдеби қорды меңгеру деңгейі де айқындалады. Адамдардың өзара қарым-қатынасындағы адамгершілік қасиеттері, бір-біріне деген ізгі ниеттері сөйлеу барысында байқалады. Тіл арқылы адресаттың адресантқа деген құрметі ғана емес, заттар мен құбылыстарға деген жалпы көзқарастары мен дүниетанымы аңғарылады. Адамның сөйлеу әдебін зерттеу арқылы ұлтының ділін, діни көзқарастарын, салт-санасын, жалпы айтқанда ұлттық мәдениетін аңғаруға болады. Сол себепті де антропология саласында адамның сөйлеу әдебі міндетті түрде қарастырылады [67, 336 б.].

Сөйлеушінің өзіндік тілі, сөйлеуші мен тыңдаушы арасындағы байланысы соңғы кезде ғалымдарды ерекше қызықтыруда. Дәстүрлі лингвистикада тілдің құрылымдық сипатын зерттеген ғалымдар ендігі кезекте сөздің қатып қалған қалыпты жүйеден ғана құралмағанын түсініп, сөзді жандандырған адам қызметі екеніне баса назар аудара бастады. Ал сөз қашан да пікір алмасу, әңгімелесу, сұхбаттасу кезінде құбылатынын орыс ғалымы Г. Колшанский «Прагматика языка» еңбегінде тілдің коммуникативтік аядағы қызметімен байланыстырады: «Прагматика языка» еңбегінде тілдің коммуникативтік аядағы қызметімен байланыстырады: «Қарым-қатынас барысында коммуниканттардың өзара әсер ету жоспарындағы интегралдық сипаттама сияқты түпкі нәтиже – тілдік коммуникацияның әсерін зерттеуге бағытталған тілдің коммуникативтік аспектісі тілдің прагматикасы деп аталуы мүмкін» [68, 122 б.]. Нақтылай түссек, сөйлеу үдерісіндегі коммуниканттардың қолданысы мен қызметі, яғни тілдік бірліктерді қандай формада, қандай реңкте, қандай мақсатпен қолданылуы, қандай мағынада жұмсалыуы тілдің прагматикалық сипатын белгілейді. Ал И. Сусов сөйлеу және сөйлеу әрекетіне қатысты психологиялық, әлеуметтік уәжі бар тілдік құралдарды да прагмалингвистикаға қатысты анықтайды. Ғалымның пікірінше, адам қандай да бір тілдік таңбаны қолданса, оның өзіндік уәжі болуы – шарттылық. Ол санада туындаған ойдың да себебі мен салдарын бейнелейді.

Осы тұста ғылымда прагматиканың негізгі белгілерін атап көрсеткен П.Грайстың коммуникациялық постулаттарын (талаптарын) атап өткен жөн: пікірді толық ақпараттандыру, қашанда шындықты айту, тақырыпқа сай сөйлеу,

нақты әрі дәл сөйлеу [69]. Оған қоса ғалым коммуниканттарға қатысты мынадай жіктемені ұсынады:

1) Сан. Субъекті қаншалық затты қажет етсе, оған соншалық нәрсе беру керек;

2) Сапа. Әрбір айтылған ой сапалы, яғни шынайы болғаны абзал;

3) Қарым-қатынас. Әрбір әрекетке лайықты әрекетпен жауап беру керек;

4) Амал. Белгілі әрекетті жасаудағы мақсатты ұғынып алу керек.

II. Грайс бұл категорияларды коммуникация кезінде ұстанудағы қажетті қағидаттар ретінде көрсетеді. Себебі қандай да бір қатынас жасауда адамның санасында белгілі бір мақсат болады. Сол мақсатты орындау кезінде соған лайықты тілдік бірліктер қолданылады.

Ал Дж. Личтің еңбектерінде бұл талаптарға сыпайы болу, жан-жағындағыларға ыңғайсыздық танытпау, сөйлесуші адаммен дұрыс қарым-қатынасты сақтап қалу талаптары қосылған. Бұл талаптарды, адресат-адресант (айтушы мен тыңдаушы) орындап, айтушы мен тыңдаушы арасындағы қатынас арқылы коммуникативтік акт пайда болады. Демек, коммуникация бар жерде ғана прагматика бар. Прагматика коммуникациясыз жүзеге аспайды, олай болса прагматика сөздің сөйлеу әрекеті, коммуникативтік қызметі барысындағы сөйлеушінің тілін зерттейтін ілім.

Р. Якобсон ең алғаш қарым-қатынасты сипаттау үшін *коммуникация* терминін қолданған. *Коммуникация* латын тілінен аударғанда «ортақ атқару», «хабарлама» деген мағына беретінін атап көрсетеді: «Кез келген коммуникацияның екі қыры болады. Мәселен, *хабар таратушы – хабар алушы, жазушы – оқушы, сөйлеуші – тыңдаушы, продуцент – реципиент, адресант – адресат*. Сөйлеу қатысымындағы коммуникация адресант пен адресат деп бөлінсе, мәтін коммуникациясы автор мен оқырман арасында болады. Өйткені адресант пен адресат сөйлеу коммуникациясы арқылы ауызша қарым-қатынасқа түссе, жазбаша формасы – мәтін арқылы автор мен оқырман арасындағы қарым-қатынасты көрсетеді» [70].

Коммуникацияның ауызша және жазбаша түрлерін зерттеген Р. Якобсон көпшілікке коммуникацияның қызметтік моделін ұсынады. Ол бойынша: «Адресант – Хабарлама /мәтін/ – Адресат» тізбегін қамтитын контекст референттік қызмет атқарады. Мұнда Адресант арқылы – эмотивтік функция, Хабарлама /көркем мәтін/ арқылы – поэтикалық функция, ал Адресат арқылы конативтік функция жүзеге асырылады. Байланыс орнату үшін жұмсалатын Хабарлама фатикалық қызмет атқарса, сонымен байланысты Код метакоммуникативтік функцияны орындайды екен.

Ғалым коммуникация қызметін былайша түсіндіреді:

1) адресант (addresser) – ақпарат жіберуші субъект;

2) адресат (addressee) – ақпаратты қабылдаушы субъект;

3) ақпарат (сообщение) – адресатқа жіберілген мәлімет;

4) мәтін (context). Адресат бұл мәтінді дұрыс қабылдауы керек;

5) код (code). Код адресатқа да, адресантқа да түсінікті болуы керек;

6) байланыс (contact) – адресат пен адресант арасында физикалық немесе психологиялық байланыс болуы керек [70].

Ғалымның бұл жіктемесі бүгінде тілдің прагматикалық ерекшеліктерін танытуда аса маңызды болып табылады. Олай дейтініміз, кез келген коммуникация кезінде оны айтушы, қабылдаушы, айтушы мен қабылдаушы арасындағы мәтін, сол коммуникацияны жасаудағы мақсат болады. Ал айтушының сол мақсатты жүзеге асыру амалдары оның мәдениетіне, білімі мен танымына байланысты.

Коммуникацияның айтушысы мен тыңдаушысы сөз арқылы ақпарат алмасқандықтан, бұл *вербалды қарым-қатынас* деп аталады. Вербалды қарым-қатынас тіл арқылы, яғни сөз арқылы жүзеге асады. Бұл ұғымға қарама-қарсы ұғым – вербалды емес қарым-қатынас. Вербалды емес қарым-қатынас - «дене тілі», «ым-ишара тілі» деген ұғымдармен байланысты. Вербалды емес қарым-қатынас құралына – ым-ишара, мимика, визуалды қатынас, тұлға аралық дистанция жатады. Ғалымдар вербалды емес қарым-қатынастың бірнеше белгілерін ажыратып көрсетеді. «Біріншіден, сөздер арқылы тек фактілі білімді айта аламыз, ал сезімдерді жеткізу үшін сөздер аз болып жатады. Кейде біз «қалай жеткізсем екен...» деп өзіміздегі сезімнің тереңдігі мен күрделілігін сипаттау үшін сөз таба алмай жатамыз. Қалай болғанда да кейбір сезімдер сөздік сипатта берілмей, вербалды емес құралдар арқылы жеткізіледі. Екіншіден, осы вербалды емес тілдерді (язык тела) білу арқылы өз-өзімізді ұстауға үйренеміз. Егер әңгімелесуші өзінің ашуын басқара алмаса, ол айқайлайды, бұрылады немесе одан асар жарасымсыз қылықтарды жасайды. Сонымен қатар вербалды емес әрекеттер арқылы адамдардың біз жайлы не ойлайтынын түсінуге болады» [71].

Бүгінгі тіл ғылымында ғалымдар көбіне көп вербалды қарым-қатынасты зерттеу нысаны етеді. Оның басты себебі вербалды қатынастың негізгі бірлігі – тіл.

Қазіргі заманауи қоғамдағы мұндай белсенді коммуникативтік үдерістің прагматикалық айқын көрінісі – жан-жақты дамыған медиакеңістік. Қазақ баспасөзінің медиа-мәтіндері арқылы адресат пен адресант қос тағанын арнайы зерттеген ғалымдардың бірі – Қ. Есенова. Ол газет мәтінін адресанттың прагматикалық ұстанымын жеткізуші күрделі прагматикалық бірлікке теңесе, ал адресатты қоғамдық қарым-қатынастағы әлеуметтің мінез-құлқын реттеуге қатысатын социум мүшесі ретінде қарастырады [72]. Ал Ф. Жақсыбаева «Газет мәтінінің прагматикалық функциясы» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғаған. Б. Момынова «Газет лексикасы (жүйесі мен құрылымы)» атты еңбегінде бұқаралық ақпарат құралдарының ақпараттық қызметіне, ағартушылық-танымдық қызметіне және қоғам мүшелерінің дүниетанымына әсер ету функциясы қызметтеріне тоқталады. Бұл мәселе де бүгінгі антропоэзектік парадигманың аясында зерттеле бастаған мәселе. Себебі газет-журнал ақпаратты жеткізіп, жұртшылыққа үгіт-насихат тарататын құрал. Соған сәйкес оның мазмұны мен қызметі ұлттық танымнан алыстамағаны жөн. Қандай да бір ақпарат газет бетіне түскенде оның ар жағында ұлт мәселесі тұруы керек. Бүгінде сәнге айналған түрлі варваризмдер, сленгтер мен жаргондар, Ж. Жақыповтың сөзімен айтсақ, қоқыс сөздер газет бетінен орын алмауы тиіс. Халық арасында «газет – өмір айнасы» деп бекер айтылмаған. Ә.

Бөкейханның «Бірінші: газет – халықтың көзі, құлағы, тілі. Екінші: газет – жұртқа қызмет ететін нәрсе. Үшінші: газет – халыққа білім таратушы. Төртінші: газет – халықтың жоқтаушысы» деген сөздері газеттің, жалпы бұқаралық ақпарат құралдарының қызметін нақтылай түскендей. Осы төрт мәселе БАҚ саласындағы адамдардың санасында өмір сүрсе, бүгінгі тілден алыстап кеткен, яғни жазбаша сөйлеу түгілі ауызша сөйлеудің бірліктерін оңды-солды қолданып жүрген журналисттердің тілдік нормадан ауытқушылықтары біршама ретке келтірер еді.

Сөйлеу үдерісінің зерттелу нысандарының түрлі сипатта болуына байланысты Г. Матвеева, И. Самарина, Л. Селиверстова сынды ғалымдар қазіргі прагмалингвистиканың екі түрлі: функционалды және жасырын бағытын бөліп көрсеткен [73, 51 б].

Прагмалингвистикасы саласы адамның коммуникативтік іс-әрекетінің ауызша (дискурс) және жазбаша (мәтін) болып келетін екі формасын қарастырады. Дискурс теориясы мен мәтін теориясы прагмалингвистикалық зерттеудің негізгі мақсатын айқындайды. Дискурс – сөйлесу арқылы берілетін ойдың әлеуметтік астарына талдау беретін ұғым болса, мәтін – бұл жалпы (бір) тақырып төңірегіндегі біріккен, ақпаратты сабақтастықта және тұтастықта жеткізетін мазмұнды (мәнді) сөйлемдердің тізбегі. Дискурс та, мәтін де коммуникацияның негізгі категориялары болғандықтан, прагмалингвистика мен тілдік коммуникация өзара тығыз байланысты.

Қорыта айтқанда, көркем мәтіндегі коммуникативтік қызметті зерттеу арқылы шығармадағы адресант пен адресаттың аялық және тілдік білімі, ұлттық мәдениеті, тәрбиесі, өскен ортасынан ақпарат алуға болады. Бұл сала көркем шығарма оқиғалар желісінен ғана тұрмайтының, онда тілдік категориялардың түрлі қатынастары, яғни адресант пен адресат арасындағы тілдік қатынастың, кейіпкерлердің ұлттық мәдениетінің, автор мен кейіпкерлер байланысының болатынын түсіндіреді [67, 338 б.].

Ал көркем мәтіннің прагматикалық әлеуетін зерделеу барысында міндетті түрде оның дискурстық сипаты көрініс табады. Яғни адам қандай да бір әрекетті жүзеге асыру үшін өзіндік мақсатты көздейді. Сол сияқты айтарман да сөйлеу кезінде тілдік бірлікті бір мақсатқа негіздеп, белгілі бір уәжге жүгініп қолданады. Демек, айтарман қолданған бірліктердің белгілі мағынасы, қызметі болады. Ал жоғарыда көрсетілген кестедегі *функционалды және жасырын прагмалингвистика* деген пікірімен толықтай келісу қиын. Себебі ойын жасырын білдіру үшін қолданған әрекеті немесе бейвербалды қимылдарды қолдану кезінде де адресанттың белгілі бір мақсаты болады. Сондықтан тіл білімінің басты нысаны тілдің коммуникативті қызметі болғандықтан, қарым-қатынас құралы ретіндегі тілдің вербалды және бейвербалды сипатына назар аударылуының антропоэзектік парадигмада маңызды екенін соңғы зерттеулер көрсетуде. Осымен байланысты жалпы тіл біліміндегі К.У. Геворкянның «Кинесический язык» [74], А.А. Акишина мен Х. Канонның «Жесты и мимика в русской речевой коммуникации» [75], Г.Е. Крейдлиннің «Мужчины и женщины в невербальной коммуникации» [76], Аллан Пиздің «Язык телодвижений» [77], Е.Я. Кедрованың «Вербальное обозначение жестов персонажей при передаче

прямой речи в художественном тексте» [78] және қазақ тіл біліміндегі Б. Момынованың «Қазақ ым-ишараттары: сөйлеу этикеті мен қатысым мәдениетінде» [79], Ш. Зекенованың «Коммуникациядағы бейвербалды қатынас және бейвербалды амалдардың омонимділігі, синонимділігі» [80], С. Бейсембаеваның «Невербальные компоненты коммуникации в казахском языке» [81], М. Ешимовтың «Қазақ ым-ишараттары» [82], С. Мағжанның «Қазақ тіліндегі бейвербалды элементтердің көпмағыналылығы» [83], т.б. еңбектері назар аударарлық.

Б. Момынованың «Қазақ ым-ишараттары: сөйлеу этикеті мен қатысым мәдениетінде» атты монографиясында ғалым бейвербалды амалдарды әр қырынан талдап, зерттейді. Соның ішінде халықтың тұрмысы мен мәдениетіне қатысты әдет-ғұрып ишараларына айрықша назар аударылып, олардың лингвомәдени қырларын ашып көрсеткен.

Автор әдет-ғұрып ым-ишараттарын мынадай лексика-семантикалық топтарға жіктейді: күнделікті тұрмыста қолданылатын ым-ишараттар; амандасу, қоштасу ишараттары; кешірім ишараттары; тыйым, тоқтау салу ишараттары; өлім-қазаға байланысты орындалатын дәстүрлі ишараттар; тұрмыстық заттармен, құралдармен орындалатын дәстүрлі ишараттар. Сонымен бірге бейвербалды амалдардың танымдық сипатының когнитивтік тұрғыда қарастырылуы еңбектің антропоэзектік бағыттан алшақ еместігін танытады [79].

Прагмалингвистиканың көптеген мәселелері бүгінгі күнге дейін біршама өзгерістерге ұшырап жеткен. Мысалы, Ю. Степанов «Язык и метод» атты еңбегінде тарихи тұрғыдан *прагматика* ұғымының «тиімділік: пайдалылық» мәнін көрсетеді: «Қазірдің өзінде Шеллингтің «Система трансцендентального идеализма» (1800) деген еңбегінде терминнің ығысуы (бұрын анықталған) тіркелген: «Жалпыға бірдей сипатты қабылдамайтын кез келген басқа тарих тек прагматикалық болуы мүмкін, яғни белгілі бір практикалық мақсатты көздейтін бұрынғы ұғымға сәйкес келеді. Керісінше, дүниежүзілік тарихтың прагматикалығы өзіне қарама-қайшы ұғым болып табылады». Мұнда «Прагматикалық» «қоғамда қандай да бір мақсатқа қол жеткізу үшін пайдалы, қолайлы» деген мағынаға жақындайды [15].

Оған қоса, ғалым еңбегінде Канттың прагматика жөнінде тұжырымын көрсетеді: «Прагматикалық тұрғыдан алғандағы антропология» мынадай анықтама береді: «Адамның мәніне қатысты және жүйелі түрде жазылған ілім (антропология), физиологиялық немесе прагматикалық тұрғыдан ұсынылуы мүмкін. Физиологиялық адамтануда табиғаттың адамға жасайтын іс-әрекеттері зерттеледі, ал прагматикалық адамтануда оның еркін қозғалатын тіршілік иесі ретінде не істейтіні немесе не істей алатыны, өздігінен не істеу керектігі зерттеледі... Адамды әлемнің азаматы ретінде зерттеген кезде ғана прагматикалық болады. Сондықтан да тіпті, табиғат күшімен жаратылған адам нәсілдерінің маңызы прагматикалық емес, тек теориялық әлемтану болып саналады» [15, 373 б.]. Демек, бұл пікірге сәйкес өзін өзі дамытушы, танытушы адамның тілі *прагматика* деген атауға лайық.

Ғалым Ю. Степанов *прагматика* деген атау сөйлеуші тілінің барлық қырын аша алмайтынын айта келіп, оны *дектика* деп атауды ұсынады. Ю.Степановтың ойынша, дектика прагматикаға қарағанда сөйлеушінің тілдік мүмкіндіктерін толық қамти алады [15]. Қазіргі таңда *прагматика* мен *дектика* терминдерін қатар қолданып жүрген ғалымдар да бар.

Бүгінгі таңда қазақ тіл білімі үшін де прагматикалық зерттеулер өзекті мәселеге айналып отыр. Ғалым Н. Уәлидің «Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері» атты докторлық диссертациясының мақсаты сөз мәдениетіне қатысты прагматиканы анықтауға бағытталған. Аталмыш зерттеудің жаңалығы мен маңыздылығы сөзді тек нормативті аспектіде ғана қарастырмай, тілдік және тілдік емес бірліктерді функционалдық, коммуникативтік-прагматикалық, когнитивтік, лингвомәдени аспектіде зерттеудің тіл білімі үшін тың идеялар мен жаңалықтар әкелетінін дәлелдеуінде. Жоғарыда көрсетілгендей, прагматикалық коммуникацияның өзіндік ережелері болатыны белгілі. Осымен байланысты Н. Уәли тілдік және тілдік емес нормадан прагматикалық мақсаттағы ауытқудың түрлері мен типтеріне тоқталып, мынадай тұжырым ұсынады: «тілдік қарым-қатынас кезінде «іріктелген», «тұрақталған», «уақыт сынынан өткен» қолданыстағы жүйелер белгілі бір себептен «бұзылып» жатады. Сөз субъектісі реципиентке әсер, ықпал етудің тілдік, риторикалық, стильдік тәсілі мен амалы ретінде сөзді тіркеспейтін сөздермен тіркестіруі, сөзді әдеттегі, үйреншікті мағынасынан өзгеше мәнде жұмсайды, фразеологизм, паремологизмдердің тұрақты құрылымын «бұзып» қолданады, сөзді түрленбейтін қосымшалармен түрлендіреді, орфографиялық, орфоэпиялық тәртіптен ауытқиды. Сөйтіп автор реципиенттің мәтінді қабылдау үрдісіндегі (процесіндегі) автоматизмді «әлсіретуге» тырысады. Белгілі бір мақсатты көздеп, нормадан осылай ауытқуды *прагматикалық ауытқу* деп атайды» [32, 28 б.]. Соның негізінде Н. Уәли прагматикалық ауытқудың *тілдік нормадан прагматикалық ауытқу, мәтін нормасы/сөз нормасынан (сөйлеу нормасы) прагматикалық ауытқу, логикалық нормадан прагматикалық ауытқу, онтологиялық нормадан прагматикалық ауытқу, этологиялық нормадан прагматикалық ауытқу* деген бес түрін көрсеткен. Бұл мақсатты ауытқулардың барлығы прагматикалық коммуникацияның ережелеріне сай жүзеге асырылғанда ғана сөйлеуші өз мақсатына жететінін ғалым атап көрсетеді.

Сонымен бірге қазіргі таңда көркем мәтін тілін прагматикалық аспектіде қарастыру да өзекті мәселелердің біріне айналды. Бұл арада көркем мәтінді зерттеу арқылы тілдің зерттелмеген қабатын ашу мүмкіндігі бұл бағыттағы зерттеу үрдісінің өзектілік мәнін толық ашып бере алмайды. Құрылымдық лингвистиканың аясында орыс тіл біліміндегі академик В.В. Виноградовтың еңбегі өте зор. Ал қазақ тіл біліміндегі академик Р. Сыздық пен профессор Б. Шалабаев көп еңбек сіңірді.

Р. Сыздық – қазақ ғалымдарының ішінде жазушы тілін, оның көркемдік әлеміне терең зерттеулер жүргізген ғалымдардың бірі. Ғалым ұлы Абайдың сөз қолдану, сөз таңдау, сөз құбылту, сөз үйлестіру, сөз үндестіру тәсілдері мен тәжірибесін талдайды. Сонымен қатар Р. Сыздық «Әдебиет – тілмен әдебиет». Бұл – Мұхтар Әуезовтің өз сөзі. Демек, жазушы мен ақын есімі аталған

тұстарда, олардың суреткерлік келбеті, шығармашылық қызметі сөз болған сәттерде оның тілі туралы да әңгіме қозғалуы заңды да қажет. Оның үстіне суреткерлік еңбегін ұлттық тілдің тарихына байланыстыра сөз ететін қалам иелері болады. Олар – тілдің белгілі бір кезеңдерінің негізін қалаушы, көшбасшысы немесе сол тілдің белгілі бір тарамдарының (стильдерінің) іргетасын бекітуші, тілдегі сапалық өзгерістерге мұрындық болушы деп танылатындар» [60] дей келе, көркем проза, драматургия, публицистика, ғылыми әдебиет стильдері салаларының іргетасын қалаушылардың ірі болып табылатын М. Әуезовтің суреткер ретіндегі шеберлігіне, көркемдік әдістеріне зерттеулер жүргізеді. Ал Шерхан Мұртазаның «Қызыл жебе», «Жүрекке әжім түспейді» шығармаларына лингвистикалық стилистика талаптары бойынша талдау жасаған ғалым. Яғни тілші жазушының стилін танытатын тілдік бірліктерге лингвистикалық зерттеулер жүргізген. Бұндай талдаулар тарихи романдар қатарына жататын Ә. Кекілбаевтың «Үркер» және «Елең-алаң» атты тарихи диалогиясы, М. Мағауиннің «Аласапыран» атты тарихи романы, Қ. Жұмаділовтің «Дарабоз» романы арқылы жалғасын тапты. Ғалым бұл үш романды жазуда жазушылардың өткен тарихты суреттеу үшін қолданған тілдік бірліктерін, олардың тарихи стиль тезіне түсуін, тарихи реалийлерді суреттеуін назарға алған. Сол арқылы авторға тән шеберлік үлгілерін, авторлық ерекшеліктерін көрсеткен.

Белгілі ғалым Б. Шалабаев «Көркем проза тілін зерттеудің ғылыми-теориялық негіздері» атты докторлық диссертациясында «Мәтіннің көмегімен тілдің өмір сүруін, оның заңдылықтарын тануға болады» деп тіл білімі саласында мәтіннің алатын орнының ерекше екендігін айтады.

Профессор Д. Әлкебаева «автор бейнесі» теориясына сәйкес қаламгер тілін, стилін, тілдік қорын, сөз қолданысын ерекшелеп көрсететін лингвистикалық талдауларға арқау болғаны белгілі. Д. Әлкебаева мен Л.Ж. Ахметқалиеваның «Прагматика негіздері: ойлау мен сөйлеу» атты ғылыми мақаласында жеке адамның сөзі арқылы оның болмысын, ойын, интеллектісін және ниетін, пиғылын айқындап, өмірінен хабардар алуға болатыны айтылады. «Антропоэзектілік парадигмасы бойынша адам басқы орынға шығып, тіл оның ары қарай өмір сүруіне арналған қажеттілігі болып саналады. Тіл білімінің дамуына антропоэзектілік парадигмалары, атап айтқанда сөйлеу мен адамның ойлану процестерінің байланысы мәселелері ықпал ете бастайды». Аталған ғалымдар адамның ойлауы мен сөйлеуіне эксперимент жасай келе мынадай қорытындыға келеді:

1) прагматика адам мен тіл арасындағы қатынас, демек адамның сөйлеу процесіне дейін ойлауда да прагматика өтеді;

2) ойлау туралы психологиялық, филологиялық, философиялық еңбектер негізіне сүйене отырып сөзде ойлау мақсаты, яғни прагматика болатыны анықталды;

3) адам сөзі ойлау арқылы сүзгіден өтеді, прагматиканың ойлауда негізі қаланады;

4) ойлау – тек адам баласына тән күрделі процес. Қазақ тілінде «маймылдың басы ойнауға жеткенмен, ойлауға жетпейді» деген жалпақ тілмен

айтылған мақалы мен «ойлай берсең дана боларсың, ойнай берсең бала боларсың» сөздері соған дәлел;

5) сана, ақыл, ой ұғымдары қандай тілде болса да жарыспалы, жуық мағынасында қолданылады, ал психология мен философиялық еңбектерде әрқайсысы бөлек деңгейлі процес ретінде сипатталады [84].

Адамның сөйлеу тілі прагматикасының негізінде ойлау прагматикасы тұрғанын назардан шығармаған жөн. Себебі сөз – ойдың жемісі.

Ал С. Үсенбаева «Көркем мәтіндегі сөйлеу тілінің лингвостилистикалық қызметі (Т. Нұрмағанбетов шығармалары негізінде)» [85] атты кандидаттық диссертациясында Т. Нұрмағанбетовтің «Туған ауыл түтіні», «Дарияның арғы беті», «Балалық шақтың әндері», «Жер иісі», «Айқай», «Ескі үймен қоштасу», «Бөрібайдың тымағын ит алып қашқан қыс» сияқты романдары мен пьесаларындағы сөздік қорға, лексика-семантикалық қабаттарына, кірме сөздерге, мақал-мәтелдер мен тұрақты сөз тіркестеріне, күрделі сөздерге лингвостилистикалық тұрғыдан жүргізілген зерттеуде сөйлеу тілінің ерекшеліктеріне басымдық берілген. Яғни автор кейіпкердің болмысына тән сөздері арқылы «автор бейнесіне» тән прагматикасын анықтайтын жазушының өзіндік стилін қалыптастырған. «Автор бейнесін» тілдегі зерттеудің кейінгі кезеңіндегі «тілдік тұлға» қағидасымен сабақтас қарайтын болсақ, Т. Нұрмағанбетов шығармашылығының прагматикалық қазығын белгілейтін қазақ аулының төл болмысының антропоэзектік сипаты кейіпкерлер тілінің болмысымен айқындалады.

Бұл мәселенің байыбына тереңдеп, автор прагматикасын түсіну көркем аударма тәжірибесінде де маңызды екенін ағылшын тіліндегі мәтіндердің прагматикасын анықтау мақсатында жазылған З. Досмурзаеваның еңбегінен көрінеді. Осы мақсатқа жету үшін ғалым көркем мәтіннің прагматикалық құрылымын барлық деңгейде, атап айтқанда, лексикалық, синтаксистік деңгейлерде талдап, соның нәтижесінде көркем мәтіннен мәдени-прагматикалық аспектісін зерттеу жұмысының өзегіне айналдырған [86]. Ш. Зукай неміс-қазақ тілдеріндегі еліктеуіш және бейнелеуіш сөздердің көркем шығармадағы қолданысын айта келіп, кейіпкерді, іс-әрекетті, әртүрлі оқиғаларды суреттеуде олардың таптырмас лексика-семантикалық, коммуникативтік-прагматикалық құрал екенін айқындайды [87].

Жазушының көркемдік әлемін зерттеу арқылы ең алдымен қазақ тілінің түрлі мүмкіндіктерін ашуға әрі жазушының тілдік ерекшеліктерін даралап көрсетуге болады. Жазушы көркем тілімен, көркем идеясымен жазушылық биігіне жетеді.

Көркем мәтін прагматикасына қатысты мәселе қозғағанда дискурс мәселесі міндетті түрде негізге алынады. *Мәтін* сөзінің негізінде қалыптасқан *дискурс* термині, нақты айтар болсақ, сөйлеу кезінде пайда болатын мәтін.

Р.О. Якобсон ойдың сөз арқылы адресатқа жеткізілуін *дискурс* деп атайды. Осы бағыттағы еңбектер негізінде шешендік дискурс туралы еңбегінде Г. Смағұлова қазіргі кезде ғылыми сипат алған дискурстың бірнеше түрін көрсетеді: 1) әскери дискурс; 2) газеттік дискурс; 3) саяси дискурс; 4) бала дискурсы; 5) өнертану дискурсы; 6) магиялық дискурс; 7) бұқаралық ақпарат

құралдары дискурсы; 8) ғылыми (академиялық) дискурс; 9) парфюмерлік дискурс; 10) педагогикалық дискурс; 11) поэтикалық дискурс; 12) публицистикалық дискурс; 13) жарнамалық дискурс; 14) спорттық дискурс; 15) техникалық дискурс; 16) террористік дискурс; 17) феминистік дискурс; 18) көркем дискурс; 19) экономикалық дискурс; 20) электрондық дискурс; 21) этикалық дискурс; 22) заңи дискурс және т.б. [88, 232 б.]. Ғалымның пікірінше, қарапайым тілмен айтқанда, қандай да бір саланың, ортаның өз тілі бар. Кішкентай балаға барып, ғылыми тілде сөйлемейтініміз анық. Демек, *дискурс* туралы айтқанда, жалпы дүниетаным, оның ішінде ұлттық таным мәселесі, ғылыми терминдер, жастар тілінде кездесетін әртүрлі сленгтер немесе белгілі бір кәсіп саласындағы және т.б. сөздердің әртүрлі лексикалық қабаттары қарастырылады.

Осы бағытта тұрақты зерттеу жүргізген ғалымдардың бірі – К. Садирова «Қазақ тіліндегі көп пропозициялы дискурстың құрылымдық негіздері» атты монографиясында *дискурстағы ментальді құрылымдардың* рөлі мен қызметін зерттейді. Автор ментальді құрылымдар дискурста, соның ішінде қазақы дискурста қалай көрініс табады, оған не әсер етеді деген сұрақтарға жауап іздей отырып, мынадай қорытындыға келеді: «тіл өз иесі халықтың рухын тасымалдайтын болса, яғни ментальділігі сол тілде көрінсе, тілді пайдаланып қарым-қатынасқа түсушілердің өз бойындағы қалыптасқан ой-бейнелері, ментальділігі болатын болса, коммуникативтік жағдайда олар да өзара ықпалдасып, көрініс табады да, дискурстың өтуіне, оның нәтижесі мәтінге, коммуникацияның нәтижелі орындалуында елеулі қызмет атқарады [89].

Мұндай дискурстағы қарым-қатынас қатысушыларының ментальді бірліктерді жаппай түсінуі, ол туралы білім базасы, өмірлік тәжірибесі болуы – дискурстың сәтті өтуіне қажетті негізгі шарт, ал бұл шарт орындалмай қалған жағдайда қарым-қатынас шиеленісіп, оң нәтиже бермеуі, адресант пен адресаттың келіспеушілігін тудыруы мүмкін.

Ғалым ментальді құрылымдардың дискурс барысындағы көрінісінің мынадай үш сипатын көрсетеді:

1) дискурсқа қатысушылардың әрқайсысы – белгілі бір дәрежеде аталған ментальді құрылымдардың иесі, демек олардың тілдесу сәтінде бұл құрылымдар тілдік бірліктер құрылымынан көрініс табады;

2) ментальді құрылымдардың өзара сәйкестілігі мен сәйкессіздігі дискурс нәтижесі өнімінің дұрыс не бұрыс құрылып бағалануынан, коммуникацияның, сәттілік не сәтсіздігінен көрінеді;

3) дискурс белгілі бір дәрежеде осы құрылымдардың дамуына, сақталуына ықпал етіп отырады [90].

Сонымен әр сөздің өз орны мен қызметі болуына байланысты көркем шығарманы талдауда дискурсты айналып өту мүмкін емес.

«Дискурс (фр. discours) – тілдік коммуникация түрі. Кең шеңберде, *дискурс* дегеніміз – уақыттың мәдени тілдік контексті. Оған рухани-идеологиялық мұра, көзқарас, дүниетаным кіреді. Тар мағынада, *дискурс* деп қандай да болмасын мағыналы, құнды іс-әрекеттің (актінің) нақты тілдік шындығын айтады».

Бірақ тіл мен дискурстың ара қатынасы тең емес, яғни дискурс – тілдегі бұрыннан қалыптасқан әр түрлі бірліктердің сөйлеуде (лебізде) көрініс табуы. Бұл сөзімізді көркем мәтіндегі дискурс табиғатын қарастырған ғалым А.Ж. Шайкенованың мына пікірі дәлелдей түседі: «Тіл мәтінде орналасып, дискурста жанданады, туындайды» деген пікірге сүйенсек, мәтін мен дискурс қатынасы дискурстың динамикалық, ал мәтіннің статикалық (тұрақты, қозғалыссыз) сипаттары арқылы танылады деп түсінеміз. Мәселен, қандай да бір автордың көркем шығармасы біз қолға алып оқығанға дейін «тыныш күйінде» тұрып, мәтін ретінде танылса, оқырман қолына тиіп, коммуникациядағы тілдік құрылым – мәтіннің динамикалық күйіндегі сипатын дискурс деп тануымызға болады. Бұл жерде де, тікелей болмаса да, автор мен оқырман арасында «хабар алысу» жүреді [91, 23 б.]. Біздіңше, көркем шығарманың өзі – дискурс, өйткені мұнда автордың оқырманмен қарым-қатынасы оның когнитивті, танымдық, эстетикалық ақпараттарды беруі, қоғамдағы түрлі келеңсіз жайттарды жеткізуі, сол арқылы жеке тұлғаның рухани әлеміне ықпал етуімен жүзеге асады. «Көркем мәтін оқырманға жол тартқанда оқырман мен автор арасындағы қарым-қатынас әрекетінің сипаты түрліше өрбиді. Автор көркем шығармадағы бейнелеулермен оқырманның дүниетанымын кеңейтеді, оны тың қарым-қатынасқа жетелейді. Сондықтан көркем шығарма барысында жазушы оқырманмен өзара қарым-қатынас орнатып, қатысымдық байланысқа түседі. осыдан келіп, оқырман мен автор арасында іштей пікірлесу орнайды» [92, 11 б.].

Демек, көркем шығарма немесе кез келген мәтін қатысымдық негізде құрылып, оқырманға, қабылдаушыға түрліше әсер етеді. Бір сөзбен айтқанда, көркем шығарма жазуда жазушы өз танымына сай құрылған дискурстың заңдылықтарын ұстанбаса, шығарма шындыққа жанаспай, оқырман ықыласына бөлене алмайды. Д. Исабековтің «Социализм зәулімі» әңгімесінде осы заңдылық дұрыс сақталған. Мысалы: Жетісаз ауданына қарасты «Коммунизм» колхозы партияның алға қойған «Қала мен деревняның арасындағы айырмашылықты жою» жөніндегі саясатын қызу қолдап, «Социализм» бөлімшесіне бес қабатты екі үй тұрғызуды жоспарлаған еді. Құрылыс объектілерін пайдалануға беру үшін бір жыл мерзім бекітілген болатын. Бөлімше еңбеккерлері мен сырттан шақырылған жұмысшылардың жанқиярлық еңбектерінің нәтижесінде әрқайсысы 64 пәтерлік, яғни 128 пәтерлік (жүз жиырма сегіз) екі үй мерзімінен 7 (жеті) ай бұрын орындалды. Кеше, 1981 жылдың 21 сентябрь күні жаңа үйлерге жаппай қоныстану аяқталды. Үкімет пен партияның алға қойған жаңа міндеттерін бұдан былай да бұлжытпай орындай береміз деп уәде береміз.

«Коммунизм» колхозы басқармасының төрағасы – Б. Жалмұратов.

Партия ұйымының секретары – С. Керейбаев.

«Социализм» бөлімшесінің меңгерушісі – П. Барақатов.

1981 жыл, 22 сентябрь» [93, 189 б.].

Көркем шығармалар тілін зерттеу бүгінгі күннің көптеген сұрақтарына жауап бере алады. Туындыдағы кейіпкер тілін, онда кездесетін көркемдеуіш құралдардың және ұлттық танымды көрсететін мақал-мәтелдердің қолданысы,

салт-дәстүрді дәріптейтін атаулар мен ұғымдардың, өзге авторларда кездеспейтін окказионалды сөздердің жұмсалымы арқылы жазушы стилін анықтауға болады. Мысалы, оған қоса автор мен кейіпкер, автор мен оқырман арасындағы байланыс үзілмеуі – шарттылық. Үш тағанның ажырамас байланысы – сәтті (көркем) жазылған көркем шығарма болмақ. Қандай да шығарманың ең негізгі бөлшегі – шығарманың авторы. Ең алдымен автордың дүниеге, әлемге деген танымы кең, тіл байлығы мол болғаны, тілдің ішкі даму заңдылықтарын терең білгені абзал. Одан кейін автор туындысын не үшін, кім үшін және қандай мақсатта жазылғанының негізінде автор кейіпкермен және оқырманмен байланысын үзбейді. Сондықтан автордың еркімен кейіпкерлерді суреттеуде, оларға мінездеме беруде әртүрлі тілдік бірліктерді қолданады, олар тура мағыналы сөзден ауыспалы мағынадағы тіркес түрінде де беріледі. Үш тағанды (*автор – оқырман – мәтін*) байланысты зерттеуіне арқау еткен Г. Әзімжанова көркем мәтіннің прагматикалық әлеуетіне қатысты өз еңбегінде автордың оқырманның қиындықсыз шығарманы түсінуіне көмектесуін «автордың көздеген прагматикалық бағдары» деп атайды [94]. Ғалым көркем мәтінді коммуникация формасы дей келе, оған байланыс, белгі (код), меңгеру, тезаурус, дүниетаным, коммуниканттардың әлеуметтік, тарихи, ұлттық ерекшеліктері, интенцияның (мақсат, дәлел, себеп) коммуникативті прагматикалық қарым-қатынас талаптарына сәйкес келуін жатқызады. Ғалымның пікірінше, «көркем мәтіннің ақпараттық-мазмұндық және прагматикалық деңгейдегі экстралингвистикалық (когнитивті) аспектісі коммуниканттардың тілдік және әлеуметтік тәжірибесіне негізделеді, ақпараттық дүниетанымына және қатынасушылардың мақсатына сәйкес болады. Сөздің эстетикалық мәні оның сапасы ретінде сипатталады, ол мәтін жүйесінде лексикалық бірліктердің коммуникативті әлеует негізінде, тұтас бүтіннің бейнелі перспективасында, оның басқа элементтермен жан-жақты байланысында қалыптасады [94].

Ғалым З. Ерназарова қазақтың сөйлеу тіліне прагматикалық талдау жасаудың нәтижесінде сөйлесім прагматикасын коммуникативті бірлік ретінде және дискурс ішіндегі синтаксистік бірлік ретінде анықтаған. З. Ерназарованың зерттеуінде тілдің прагматикалық аспектісіне, прагмалингвистика саласының негізгі категорияларына тоқталып, негізгі категориялары ретінде *сөйлеу актілерін, сөйлесімді, «пресуппозиция» ұғымын, сөйлеу жағдаятын* атап көрсеткен [95]. Ғалым зерттеуінде сөйлем мен сөйлесімнің ара-жігін ажыратып, оны тілдік деректермен дәйектеп шыққан. Сөйлесімнің *пропозиция* және *модальділік* деген екі семантикалық қабатын көрсетеді. *Пропозиция* – шындық өмірдің сөйлесім мазмұнында болуы, ал *модальділік* – сөйлеушінің берілген ойға қатысы. Себебі адам өзімен өзі сөйлесе алмайды. Ол белгілі бір мақсатты жүзеге асыру үшін қарым-қатынасқа түседі, яғни бұл үдеріс екі адамның арасындағы сөйлесу, яғни диалог арқылы жүзеге асады. Демек, *сөз, субъект, диалог (коммуникация)* бір-бірімен тығыз байланысты ұғымдар. Сонымен қатар ғалым осы зерттеу жұмысының өзегі болып табылатын автор – кейіпкер – оқырман үштағаны жөнінде зерттеулер жүргізген. Ғалымның өз сөзімен айтар болсақ: «Адам тілдік таңбаларды өзара түсінісу үшін ғана емес, қарсы жақ

тыңдаушының қызығушылығын оятып, оның реакциясын туғызу үшін де қолданады. Яғни хабарды жай жеткізу ғана емес белгілі бір түрде тыңдаушыны қабылдауға итеретін құралдарды пайдалана отырып жеткізу көзделеді. Сондықтан тілдің прагматикалық аспектісін зерттеу ықпал етуші тіл бірліктерін тілдің әр деңгейінде анықталуын қажет етеді» [95]. Демек, жазушы - көркем шығармаларда түрлі тілдік бірліктерді қолдану арқылы автор – кейіпкер – оқырман арасындағы прагматикалық байланысты орнататын тұлға.

Ұлттың танымдық деңгейін танытушы көркем тілдік құралдардың бірі – мақал-мәтелдер. Б. Динаеваның «Қазақ мақал-мәтелдерінің прагма-когнитивтік аспектісі» монографиясында қазақ мақал-мәтелдерінің когнитивтік мәні қарастырылған. Ғалым мақал-мәтелдің бойында ұлттық танымға тән мазмұнның таңбалануы, ең алдымен, тілдің қоғамдық құбылыс ретіндегі қоғамда қалыптасқан үш түрлі қызметін жүзеге асыратынын атап көрсетеді. Олар: *қатысымдық* (қоғам мүшелерінің өзара түсінісуі, пікір алысуы үшін қажетті қызметі), *эстетикалық* (көркем шығарма тіліне тән, адам баласына образ арқылы әсер ететін эстетикалық қызмет), *кумулятивтік* (тілдің ғасырлар бойы жиып, сақтап, оны келешек ұрпаққа асыл мұра ретінде түгел жеткізіп отыратын игілікті қасиеті) қызметі [96, 9 б.].

Көркем мәтінге талдау жұмысын жүргізгенде осылардың ішіндегі эстетикалық қызмет негізге алынады. Жазушының сөздік қолданысындағы қазақ халқына тән мақал-мәтелдер, нақыл сөздер, тұрақты тіркестер, еркелету, жекіру сөздері сөздерді, ұйқастыра сөйлеу арқылы, соған сәйкес грамматикалық категорияларды қолдануы оның дискурсын қалыптастырып, соның негізінде ақын-жазушының шығармаларында белгілі бір мақсатты орындау үшін мақал-мәтелді ұтымды қолдану шығарманың көркемдігін арттырып, оқырманмен, зерттеушімен байланысын нығайтады. Осыған орай жазушы қашанда сөз саптауда, ойын жүйелі жеткізуде оқырманның ойын, қабылдауын ескереді. Демек, көркем мәтінде қазақтың өзіне ғана тән танымымен ұштас ұлттық ділі, ғасырлар бойы елдің тұрмыс-тіршілігіне, табиғатына, тарихи жағдайларына байланысты қазақ халқының дамып, қалыптасқан ұлттық мінезі, түсінігін айшықтайтын мақал-мәтелдерді қолдану шығарманың прагматикалық діттеміне қызмет етеді.

Баспасөз, жарнама, т.б. тіліндегі прагмалингвистикалық сипат тәуелсіздік кезеңінде жаңғырып, дамыған, ұлттың қоғамдық-әлеуметтік өмірінің айнасы ұлттық баспасөз екені белгілі. Тарихы тереңде жатқан қазақ баспасөзінің тілін зерттеу қазақ үшін жаңалық емес. Десек те, қазіргі қазақ баспасөзін прагмалингвистикалық аспектіде қарастыру қазіргі таңда аса өзекті. Мысалы, Н. Дәулеткереева қазақ баспасөзіндегі қайталамалардың прагматикасын тану үшін, біріншіден, қазіргі қазақ тіл біліміндегі прагмалингвистика бағытының даму, қалыптасу тарихына тоқталған. Екіншіден, тілдегі қайталамалардың көмегімен баспасөз тілінің нақты деректері негізінде адресант пен адресат факторларына прагматикалық талдау жасаған, қазақ баспасөзі мен көркем шығармалар мәтіндеріне салыстыру жүргізген. «Егемен Қазақстан», «Жас Алаш» сияқты орталық басылымдармен қатар, аймақтық деңгейдегі «Орал

өңірі», «Ана тілі», «Түркістан» сияқты газеттердің тілін бір-бірімен салыстыру жасап, олардың ерекшеліктеріне прагмалингвистикалық баға берген [97].

Бүгінгі ақпарат пен телекоммуникация дамыған заманда кино саласын, яғни кино тілін зерттеушілер де бар. Мәселен, Ш. Нұрмышева «Кинодискурс аудармасының коммуникативтік-прагматикалық сипаты» (2010) атты кандидаттық диссертациясында аударма теориясындағы «*түпнұсқа шығарма – аудармашы – оқырман – әсер*» жүйесіне негізделген «*түпнұсқа фильм – аудармашы – дыбыстаушы – уақыт – көрермен – әсер*» сынды жаңа жүйені ғылымға ұсынды. Кино әлемі де – көркем шығарма сияқты үлкен бір жүйе негізінде жасалатын дүние. Ғалымның пайымынша, «кино жанрларының көздеген мақсаты мен тілдік жеткізілуінің өзіндік ерекшеліктері мен айырмашылықтары оның коммуникативтік қызметін сипаттайды. Яғни прагматикалық әлеует – ақпараттың мазмұны мен оны жеткізудегі тілдік құралдарды таңдай білуге байланысты» [98]. Шынында да, қандай да бір терең мазмұнды немесе жеңіл мазмұнды киноның берер тәлімі, көрерменге ықпалы, әсері болуы керек. Ал сол терең мазмұн мен тәлім қандай бірліктер арқылы оқырманға жететіні сол кино тілі немесе кешенді сипаттағы дискурсы прагматиканың өзекті мәселесі болмақ.

Қорыта келгенде, көркем мәтінді прагматикалық аспектіде қарастыру арқылы тілдің қолданыстық жаңа қабаттарын, әлеуметтік жаңа қырларын ашуға мүмкіндік туады. Көркем мәтіндегі кейіпкердің тілін көркем шығармадағы автордың идеясы, автор қандай формада беріп, қандай таныммен жеткізуі шығарманың прагматикалық белгілерін танытады. Себебі көркем мәтіннің негізгі қазығы – *автор, автор тұлғасы*. Сондықтан *автор – кейіпкер – оқырман* ұштағаны негізінде ғана көркем туынды адресатқа жетіп, антропоөзектік сипаттағы коммуникативтік қызмет атқарады.

2.2 Д. Исабеков шығармаларындағы тілдік бірліктердің коммуникативтік-прагматикалық қызметі

Көркем шығарма – көп қабаттан құралатын күрделі құбылыс. Автордың дүниетанымы, ой-қиялы, өмірлік тәжірибесі, тілдік қабілеті арқылы жүзеге асқан идеясының арқасында көркем шығарма оқырман жүрегіне жетеді. «*Автор – кейіпкер – оқырман*» жүйесінің тұтасуы арқылы жазушы ойы үлкен шығармаға айналады.

Автор – идеяның иесі, оқиғаны құрастырушы, оқырманға туындыны жеткізуші. Сонымен қатар ол – кейіпкерлерді оқиға заманына апарып, түрлі қимыл-әрекеттермен сипаттап, оқиға желісімен өмір сүруге ықпалын тигізетін тұлға. Автор өз идеясын кейіпкерлердің сөзі арқылы жүзеге асырады.

«Кейіпкер – көркем шығармада суреттелетін оқиғаға қатысушы адам, әдеби образ. Әдебиетте адамның көркем бейнесін жасағанда, жазушы оның кескін-тұлғасын, іс-әрекетін, мінезін сол ортаның, дәуірдің өзгешеліктерін танытатын типтік сипаттарымен қатар өзінің басына ғана тән ерекшеліктері де анық байқалатындай етіп суреттейді» [99]. Яғни автор әрбір кейіпкерді өзінің танымындағы ерекшелігіне сай тұлға ретінде оқырманға ұсынуы автор мен кейіпкердің бір-бірінен ажырамас ұғымдар екенін дәлелдейді. Сол себепті

көркем шығарма тілін зерттеу дегеніміз автордың, яғни жазушының тұлғасы мен болмысына тән тілін зерттеу болып табылады.

Көркем шығарманың мазмұны сюжетке толы оқиғалар тізбегінен, кейіпкерлер өмірінен, бір-бірімен алмасып отыратын әрекет-жағдайлардан тұратыны баршаға белгілі. Дегенмен, соның бәрін бейнелеп жеткізетін, кейіпкерлерді сөйлететін, оқиғаны өрбітетін, оқырманға әсерлі етіп жеткізетін автор екенін жоғарыда көрсетуге тырыстық. Кейіпкердің болмысы мен мінезі, дүниетанымы, түсінігі, сөйлеу тілі ең алдымен автордың қиялына байланысты. Десек те, кейде автор қиялынан туындамайтын, тарихи шындықты, болған оқиғаны суреттеуде автор қиялына бағынбайтын кездер де болады. Қазіргі таңда «әлеуметтік, этикалық мәселелерді, автордың орны мен оқырманның ара қатынасын, оқиғалардың қызметі, шығарманың баяндалуы мен тілін» қарастыратын *нарратология* деген сала бар. Ол Р. Барт, Ж. Женетт, М. Риффатер, А. Прието, М. Лотманның мен Р. Якобсонның [100] тұжырымдары негізінде қалыптасқан.

Автор мен кейіпкер әлемін зерттейтін нарратология саласы бүгінде ғылымға көптеген жаңалықтарды әкелуде. Неміс ғалымы В. Шмидт «Нарратология» [101] атты еңбегінде *автор, оқырман, нарратор* мәселелеріне жан-жақты зерттеулер жүргізген. Ғалым оқырманға *наррататор* деген атау беріп, оның *абстрактілі және жалған түрлерін* ажыратып көрсеткен. Көркем шығарманы баяндауда ең негізгі функцияны осы нарратор атқарады. Ол шығармада әңгімеші, әңгімені баяндаушы болып табылады. Сонымен қоса нақтылы автор деген мағына береді. Осы нарратология саласының негізгі нысандарының бірі болып табылатын автор көркем шығармада екі түрлі бейнеде оқырманға танылады. Бірі – *баяншы* болса, екіншісі – *әңгімеші*. Автор баяншы болған жағдайда оқиға желісі үшінші жақта баяндалады.

Мәселен, зерттеу жұмысымызға негіз болып отырған Д. Исабековтің «Қара шаңырақ» әңгімесінде оқиға үшінші жақта баяндалады. Автор баяншы ретінде оқиға желісін әңгімелейді. Мысалы: «*Ол майқамдалған пәлектерді жөндеп, ит жеп кеткен қауындарды анадайда ағып жатқан арыққа лақтырды. Домаланған ақ торламаларды бір жерге үйіп болып, қыр басынан қылтиып көрінген күнге қарап белбеуінің ұшымен бетінің терін сұртті. Тері басылып, денесі салқындаған соң құлақ арықтағы, сылдырап ағып жатқан мөп-мөлдір мұздай сумен бетін жуды. Сонан кейін қауындық басына кеше кешкілік арқандап кеткен көк есекке тоқым салып, айылын тартты да, қауын тола екі қапты қоржын етіп артып, иесінің тым ерте әбігерге салғанына наразылық білдіргендей басын төмен салбыратып әлі самарқау тұрған есекті «ықы, арам қатқыр!» деп су арқанның ұшымен тартып жіберді. Иесінің әлденеге ашулы екенін біле қалған әккі есек бірден сергіп, тиюыңдаған жорғасына басып үйренген жолдың шаңын будақтата үйге тартты» [93, 15 б.].*

Көріп отырғанымыздай, баяншы оқырманға кейіпкердің әрекеттері туралы баяндап, кейіпкердің бейнесін, ортасын суреттеп, оның ішкі дүниесін өзінше баяндау арқылы ашады. Баяншы кейіпкер де, автор да емес, ол – көркем шығармадағы прагматикалық қызмет. Жалпы алғанда, автордың баяншы қызметін пайдалануы шығарма мазмұнына шынайылық беруге қатысты

прагматикалық амал деп түсінуге болады. Келтірілген мысалдан көріп отырғанымыздай, баяншының тіліндегі прагматикалық тілдік бірліктер ретінде етістік тұлғалардың (жедел өткен шақтағы) қолданысы автордың (баяншының) мақсатынан туындап, оқырманға баяндау мақсатын жеткізуге коммуникативтік қызмет етіп отыр. Жалпы функционалдық стильдердің қай-қайсысында болмасын етістіктер маңызды коммуникативтік рөлге ие доминант сөз табы болып табылады. Етістік категориясы кез келген стильдің стильдік жаны десек те болады. Бұл аталған сөздер тобының өзге сөз таптарына қарағанда қимыл-әрекетті білдірудегі мағыналық реңктерінің сан алуандығымен, әр түрлі грамматикалық формалармен түрленгіштігімен, сөйлемде өзге сөздермен тіркесу мүмкіндігінің молдығымен, сонымен қатар ешқандай синтаксистік қатынасқа түспей жеке тұрып-ақ эмоционалды-экспрессивті мәнге ие болу қасиетімен байланысты болса керек. Сөз таптарының прагмастилистикасын зерттеген профессор Д. Әлкебаева функционалдық стильдерде етістіктің бірдей рөл атқара алмайтынын, ресми мәтіндерде етістіктің қолданылу сипаты шектеулі, ал көркем әдебиетте оның үш есеге өсіп отыратынын айтады: «...Жақ, шақ, рай, етіс категориялары арқылы өмір құбылыстарына қатысты қозғалыстың сан алуан әрекетін сөз таптарының ішінде етістік қана бере алады» [102, 163 б.].

Көркем туындының бір кейіпкері оқиғаны оқырманға тартымды әрі әсерлі суреттейтін болса, онда әңгімеші болғаны. Д. Исабековтің «Ағайындылар» әңгімесінің әңгімеленуі соған дәлел: «*Ойыма сонау Жамалмен қосылған кезім орала кетті. Той-думан тарқап, кісі аяғы басылған соң, біз үйреншікті жұмысымызға кірістік те, ағамның үй-ішімен тату-тәтті өміріміз жалғаса берді. Арада санаулы күн өткен соң-ақ, Жамал олармен кәдімгідей үйренісіп кетті. Бұрын ағамның балаларымен алысып-жұлысып, күлдіріп, жылатып дегендей у-ду өмірге үйреніп қалғаным ба, қарсы бөлмеде балалардың шуын естіп, бөлек үйде жым-жырт жата алмадым*» [93, 205 б.]. Бұл арада оқиғаны оқырманға әңгімелеп отырған – Нұржанның інісі Камал. Яғни автор кейіпкер тілі арқылы сөйлеп тұр. Автордың баяншы я болмаса әңгімеші болуын зерттеу нысанына айналдырған нарратология саласы бұлардың қатарына *нарратор* терминін қосқан. «*Нарратор* – көркем туындыда тарихты мазмұндау, оқиғаны баяндау қызметтері бөлінген тұлға» [101].

Оқырманға тартымды туынды сыйлап, кейіпкерлерге жан бітіретін автор болғандықтан, көркем туындыны зерттеу қашанда жазушының тілін зерттеумен тікелей байланысты екеніне жоғарыда назар аудардық. Себебі әр жазушы өзінің сөз қолданысы, сөз әрлеуі, бір сөзбен айтқанда, стилі арқылы ерекшеленеді. Жалпы *стиль дегеніміз (лат. stylus, грек. stylos – жазуға арналған таяқша) – қаламгердің жазу мәнері, ой түйінін ашу тәсілі, образдар жүйесінің тұрақты бірлігі* [102]. Қарапайым түрде жеткізер болсақ, өмірде бір адам бір адамның дәл көшірмесі бола алмайды, бірақ ұқсас болуы мүмкін. Сол сияқты бір жазушы екінші жазушыдан тілдік қолданыстарымен, сөздік қорымен, сөз саптауымен, тапқырлығымен, көркемдігімен ерекшеленіп отырады. «Стиль – өнер ерекшелігі» деп бағалаған қазақ әдебиеттануының негізін салушылардың бірі академик Қ. Жұмалиевтің мына пікірі осыған дәлел: «Жазушының стилі бір

күнде, не бір жылда ғана қалыптаса салмайды. Бірді-екілі шығарма жаза салып, «менің стилім, менің әдісім» деп төс қағушылық, жұқалап айтқанда, - әулікпелік. Бірден әдебиетке өз стилін ала келушілік – өте сирек кездесетін құбылыс. Ақын-жазушылардың стилін сөз еткенде олардың барлық шығармалары бұлжымастан бір із, бір әдіспен шыға береді деуге болмайды. Олардың үйрену кезі, өсу жолдары бар. Бұл жолда олар әр соқпаққа кездесуі, өз стилі қалыптасқанға шейін кейде олай, кейде бұлай ауықтуы да мүмкін. Бірақ қадала қарап, мұқият зерттеген адамға бір жазушының көптеген шығармаларында қайталанып отыратын, басқаларда жоқ, тек сол ақын, жазушының шығармасына хас ерекшеліктердің элементі болады да, ол біртіндеп дамып, беки бастайды. Бұл жазушының стилін анықтауда шешуші жағдайдың бірінен саналуы керек» [103].

Зерттеу жұмысымызға арқау болып отырған Д. Исабековтің шығармаларын антропоэзектік тұрғыда талдауды автор мен мәтін тұтастығын дәйектейтін жазушы тілін зерттеуден бастаған жөн деп санаймыз. Себебі жазушының жазу стилін зерттеу арқылы автордың сөздік қорының молдығын, сөз саптауындағы ерекше иірімдерін, дүниетанымының кеңдігін тануға болады. Ал Д. Исабековтің шығармаларының қазақ әдебиетіндегі алатын орны ерекше, өзгеге үлгі боларлық өзіндік стилі қалыптасқан жазушы екені даусыз.

Жазушының стилін антропоэзектік парадигмада зерттеуде «автор бейнесіне» мән берген академик Р. Сыздықтың тұжырымдары назар аудартады. Ғалым «Сөз құдіреті» еңбегінде көркем әдебиет тілін танудың қырларына барынша терең тоқталған. Ғалымның пікірінше, «функционалдық стильдердің бір тармағы – көркем әдебиет тілін зерттеуде әңгіме негізінен екі түрлі проблема төңірегінде болады. Олар: 1) жалпы ұлттық әдеби тілдің даму барысындағы көркем әдебиет тілінің орны, 2) жеке жазушылардың сөз мәнері (даралық стилі). Бұларды тағы екі түрлі тұрғыдан қарастыруға тура келеді: бірі – шеберлік, екіншісі – нормалылық тұрғысы. Ашып айтсақ, біріншісі – көркем әдебиет тілін, яғни «поэтикалық сөзді» стилистика объектісі ретінде қарастыру, екіншісі – жалпы ұлттық әдеби тілдің белгілі бір қаттауының, айталық, лексикасының немесе грамматикасының нормалары мен ұлттық көркем тіл нормаларының арақатынасы, қарым-қатынасы және бұл нормалардың көркем текстерде көрінуі тұрғысынан қарастыру» [60, 241 б.].

Ғалымның осы жіктемесіндегі жазушының шеберлігі мәселесі, біздің ойымызша, біздің зерттеу жұмысымызға арқау болуы тиіс. Р. Сыздық көркем әдебиет тілін бірнеше топқа ажырата келіп, жазушы шеберлігін зерттеуде мынадай мәселелерді назарда ұстау қажет деп есептейді: «1) диалектизмдердің (жергілікті элементтердің) жұмсалуды, яғни орыс тіл білімінде *диалектизация* деп аталатын құбылыстың қазіргі қазақ көркем әдебиеті тіліндегі көрінісі, күй-қалпы, өріс алу бағыты; 2) жалпыхалықтық тілге тән бейнелі (образды) сөздерді жұмсау тәсілі, фразеологизмдердің сөгілуі; 3) қарапайым, көне, сирек сөздердің жұмсалуды; 4) синонимдерді тандау; идеографиялық және стильдік синонимдердің қолданысы; 5) лексикалық жаңа қолданыстардың орын алуы (қажетсіз тұста жаңадан сөз жасау немесе қажеті бар жерде ұсынылған жаңа қолданыстың сәтті-сәтсіз болуы); 6) штамп сөздер мен тіркестерді қолдану;

сөздердің тіркесу аясын кеңіту арқылы сөз мағыналарын жаңғырту; 7) лексикалық варианттардың қолданысы, яғни морфологиялық, орфограммалық, семантикалық, генезистік т.б. жарыспалы элементтердің *дұрыс-бұрыс* жұмсалуды; 8) белгілі бір сөз тудырушы элементтердің және синтаксистік тәсілдердің көркем әдебиет тілінде активтенуі; 9. көркем әдебиет тілі арқылы лексиканың стильдік жіктерге (поэтизм, қарапайым сөздер, канцеляризм т.б.) ажыратыла түсуі» [60, 249 б.].

Ғалым Р. Сыздықтың бұл жан-жақты жіктемесі, біздің ойымызша, антропоэлектік бағытқа сәйкес көркем шығарманы прагматикалық тұрғыда зерттеуге барынша мол мүмкіндік береді. Тілдің әртүрлі лексикалық қабаттары, нақтырақ айтсақ, тура және ауыспалы мағыналары, көне және жаңа сөздер қатары, қарапайым сөзден күрделі оралымдарға дейін көркем шығарма мәтінінде қолданылады. Автордың өз танымына, адами тұлғасына сай бұл бірліктерді қандай мақсатта, қандай формада қолданылуы жазушының стилдік ерекшелігін ғана емес, тұлғалық танымын да көрсетеді.

Жазушы Д. Исабековтің дара стилін танытатын шығармаларының бірі – «Қара шаңырақ» әңгімесі. Жазушы бұл туындысында жалпыға ортақ ауызекі сөйлеу тілін көп қолданған. Мәселен: «Ит жесін деп еккен екем ғой бұларды! *Қап шошқаның иті-ай!* Ана *сүмелек* Есіркепке мылтық әкеп бер деп құдайдың зарын қылғаным қашан! «Мәкүл көке» деп кетіп еді, мылтық әкелмек түгіл қарасын да көрсетпеді ғой. Обалдағы-ай, обалдағы-ай! Ол майқамдалған пәлектерді жөндеп, ит жеп кеткен қауындарды анадайда ағып жатқан арыққа лақтырды. Домаланған ақ торламаларды бір жерге үйіп болып, қыр басынан қылтиып көрінген күнге қарап белбеуінің ұшымен бетінің терін сүртті. Тері басылып, денесі салқындаған соң құлақ арықтағы, сылдырап ағып жатқан мөп-мөлдір мұздай сумен бетін жуды. Сонан кейін қауындық басына кеше кешкілік арқандап кеткен көк есекке тоқым салып, айбылын тартты да, қауын тола екі қапты қоржын етіп артып, иесінің тым ерте әбігерге салғанына наразылық білдіргендей басын төмен салбыратып әлі самарқау тұрған есекті «ықы, *арам қатқыр!*» деп су арқанның ұшымен тартып жіберді. Иесінің әлденеге ашулы екенін біле қалған *әккі* есек бірден сергіп, типындаған жорғасына басып үйренген жолдың шаңын будақтата үйге тартты» [93, 15 б.].

Жазушы бұл мәтінде әдеби тілдің сөйлеу нормаларына жатпайтын, ауызекі тілге тән қарапайым сөздерді арнайы қолданған. «Қап, шошқаның иті-ай!», «сүмелек» сынды экспрессивті бояуы бар сөздер мен тіркестерді кейіпкер тіліне салу арқылы қарапайым тұрмыс-тіршілікті, қарапайым халықты, қарапайым өмірді көрсету мақсатында осы мәтінде қазақтың қолданысында бар «арам қатқыр!» деген зілді қарғыс сөздерін де әдейі қолданған. Ғалым Р. Сыздық жазушының бұндай шешімдерге не себепті баратынын былайша түсіндіреді: «Кейіпкерді жазушы әдетте өз заманының немесе өмір сүрген кезеңінің тілімен сөйлетеді, сондай-ақ кейіпкер өзінің мінезіне, алған тәрбиесіне, өскен ортасына, жасына, әлеуметтік орнына сай сөйлеуі қажет» [60].

Яғни кейіпкер заманы мен кейіпкер тілі бір-бірімен ұштасуы керек. Себебі кейіпкер үлкен қарт адам болып, баланың сөзін сөйлеп тұрған жағдайда шынайылық жойылып, оқырман шығарманы дұрыс қабылдамайды да, автор

мен оқырман арасындағы байланыс үзіледі. Академик Р. Сыздықтың осы тұжырымына дәлел болатын мына мәтіндегі оқиға еліміздің оңтүстігінде суреттелген. Жазушы соған сәйкес кейіпкерлер тілінде диалектілерді қолданып, оқырманға логикаға сай эпизодтарды ұсынған: «Ауық-ауық «ықы» деп қойып, арба үстінде үнсіз келеді. «Осы иттер әке-шешеміз бар-ау деп ойламайды ғой деймін. Әйтпесе «қалайсындар?» деп сүт пісірімге келіп кетсе қайтеді шіркіндер. Бір-екі қадақ қанты мен үнді шайларының, тіпті мылтықтарының да керегі жоқ *жүдә*, өздері көрініп кетсе нетеді. Қауын-қарбыздың сас боп пісіп, ит жеп, ит жегенінен қалғаны шіріп жатысы анау. Осылар келеді, осылар жейді, осылар рахатын көреді деп көктемнің көк өзегінде бүгілген белді бір жазбай ертеден қара кешке дейін төккен терімнің бекер болғаны ма? Келеді деп күнде тосамыз, *дарбазаны* жел сықырлатса да сендердің біреулерің екен деп елең ете түсеміз» [93, 16 б.]. Қазіргі тіл білімінде *аймақтық лексика* деп аталып жүрген осы диалектілер көркем шығармада оқиғаның шындыққа жанасуы үшін қолданылады. Бірақ автор өз шығармаларында жергілікті сөздерді орынды-орынсыз, талғамай қолдана бермейді. Ол бірді-екілі диалектілерді мақсатты түрде таңдап алу арқылы, бір жағынан, көркем шығарманың шынайылығын арттырса, екінші жағынан, сол шығарманың оқиға орнынан («географиялық ортасынан») немесе кейіпкерлердің тұрғылықты мекенінен хабар береді, әрі олардың күнделікті тұрмыста әдеби тіл нормасынан гөрі ауызекі элементтерді жиі қолданатындығын көрсету үшін қолданған. Мәселен, жазушының «Ақырамаштан наурызға дейін» әңгімесіндегі *дуал, там, қоңсы, әулі, қоза, мақта терім* сияқты диалектизмдер мен кәсіби сөздер шығарма оқиғасы оңтүстік өңір адамдарының тұрмыс-тіршілігін суреттейтінін бірден аңғартады. «*Арада біраз күн өткен соң шаң сорып түтіккен жүздерге қан жүгіріп, диланып алған еркектер қорадағы малдарының астын тазалап болған соң қуыс құлақ күректі дуалға сүйей салып, үйдегі қайнап тұрған шайға да қарамай көптен хабарсыз кеткен қоңсысының үйіне барып, әуліден мойнын созып ішке қарайды. Осы кез әулі ішінде әйтеуір сол үйдің бір адамы жүреді, тым болмаса иті үреді*» [104, 250 б.].

Автор көп сөзділікке салынбай, оқиғаға қатысты кейбір қосымша ақпараттарды нақты тілдік бірліктердің бойына еркін сыйдыра білген. Оның жазушылық шеберлігі де осында. Көркем шығармадағы уақыт пен кеңістік мәселесін сөз еткен Ө.Әбдиманұлы бұл категориялардың Д. Исабеков шығармаларында көрініс табуы туралы мынадай пікір білдіреді: «Дулат Исабеков шығармаларындағы болып жататын оқиғалар кеңістік жағынан әдейі тиянақталмаған. Оқиғаның қандай жерде, қай уақытта болып жатқанын тек адамдар қатынасынан, анда-санда бір көрініп қалып жататын тұрмыстық суреттерден, кейіпкерлердің сөз саптау ерекшеліктерінен ғана жобалай аламыз» [105].

Жалпы диалектизмдердің қолданысын антропоэзектік бағытпен байланыстыра қарастырып жүрген ғалым Ж.И. Мұхамбетов жергілікті тіл ерекшеліктерінің эстетикалық мәні олардың контекстегі қолданысы мен ішкі уәжділігі негізінде айқындалатынын айтады. Ғалым өзінің «Диалектизмдердің қолданысын антропоцентристік бағытта зерттеу мәселелері» атты мақаласында:

«Шығарма авторы жергілікті тіл ерекшеліктерін қолданғанда кейіпкер бейнесін аша түсу мақсатымен сол жерге, аймаққа тән лексикалық, морфологиялық, фонетикалық ерекшеліктері бар сөздерді қолданады. Бұл – мақсатты қолданыс, яғни шығарманы жазбас бұрын автор болашақ туындысына қажетті сюжет, фактілерді, деректерді жинаумен қатар сол аймақтың тұрғындарының тіліндегі жергілікті ерекшеліктерді де сұрыптап пайдалануға тырысады», – дей келе, осыған байланысты С. Аманжоловтың пікірін келтіреді: «Диалектілік лексика шығарманың көркемдік құрылымының ішкі заңдарына бағынады және оның түрлі деңгейлерімен күрделі әрі жүйелі қатынаста болады. Сондықтан оның контекстуалды-көркемдік мақсатын туындыны құрудың ішкі заңдарының ұстанымдары туралы осы қарым-қатынас анықталған кезде ғана ашуға болады» [106, 185 б.].

Сонымен қатар автор кейіпкер сөзіне экспрессивті-эмоциялы реңк беру мақсатында дөрекі сөздерді кейіпкер сөзіне қосып, оның болмысын, танымын, білім деңгейін танытуды да көздейді:

«– *Оңбаған*, жер жыртуды әлі үйретемін мен саған, – депті.

– Әй, бригадир болмақ түгілі, құдай болсаң да, әлгі сөзіңді қайталап айтсаң, айтпады деме, *сойып саламын*, – дейді Шойекең.

– Сен кімді соясың, мына мені ме? Кімге шамаң келеді, *оңбаған Шойынқұлақ!* – деп анау өзеурейді. Онда Шойынқұлақты бәріміз де Алданыш деп шыға атымен атайтынбыз. «*Оңбаған Шойынқұлақ*» деген сөзді алғаш есіткен ол, бригадирге бүркіттей төніп:

– Әй, не дедің? Қайта айтшы! – дейді.

– Несі бар? *Оңбаған Шойынқұлақсың!* – дейді анау қайталап. Бірақ айтарын айтса да, түрі бұзылып кеткен Шойынқұлақтан сескеніп, атына міне салып қашпақ болады. Шойынқұлақ оны жұлып алады да, біраз мыжып-мыжып, ерге теріс қарай отырғызып, шылбырмен әбден шандиды да, қалтасындағы темекіден атының құйрығына құйып, жүгенін сыпырып қоя береді» [93, 9 б.]. Бұл үзіндіде жазушы кейіпкерді сипаттау мақсатында *Алданыш* есімді ерге *Шойынқұлақ* деген лақап ат беріп, оны дөрекі «оңбаған» сөзімен тіркестіреді. Мұндай сөздер «Ақырамаштан наурызға дейін» әңгімесінде де жиі ұшырасады:

«Иесін көрген соң есіріктене түскен төбетті «*Жат, әтәңә нәлет*» деп, жәшік ұясына қуып тығып, «*Ойбай-ау, кірсеңші. Әбдешім бригад құсап қораның сыртынан айғайлап тұрғаның қалай? Үй-ішің аман ба? Ой, аузыңды ұрайын!*» – деп жалбақтап қуанып қалады»;

– Өшір! Осы *иттің баласы-ақ* өлтіретін болды-ау адамды, – деді сонау Киевтегі баласын кінәлап»;

«– Қап, кап мына *қызталақты-ай*, ә?

– Ақсақал, боқтамай сөйлеңіз.

– Боқтағаны несі, кім сені боқтаған?

– Сіз боқтадыңыз. Ол сөзіңіз үшін жауап бересіз» [104, 263 б.].

Жоғарыда келтірілген мысалдардан ауылдың қарапайым, аңғал адамдарының боямасыз бейнесі көрінеді. Автор кейіпкерлерді *оңбаған, әтәңә*

нәлет, аузыңды ұрайын, иттің баласы, қызталақ сияқты бейәдеби тілдік бірліктермен сөйлету арқылы олардың ішкі сезімін, адуынды тұлғасын, қатты ашу-ызасын әсерлі, шынайы жеткізеді.

Автордың тілдік қолданысында бұдан басқа *әптің құрғыр, көргенсіз, боқмұрын, енеңді ұрайын, есалаң, оттама, иттің күшігі* сияқты дәрекі сөздер көптеп кездеседі. Жазушының бұл тіркестерді пайдаланудағы негізгі мақсаты – оларды экспрессивті (эмоциялық бояуы күшті, әсерлі сөз) ретінде қолдану болса керек. Дәрекі сөздерді көңіл-күй лебіздерін білдіретін сөз орамдарының қатарына жатқызып жүрген ғалым С.Бизақов тіліміздегі қарғыс, зеку, ескертпе жасау, кею мен кекесін, лағынет пен назалану, боқтау, ғайбаттау мәнді сөздерді жинақтай келе: «Ғайбаттау – жеке адамның, белгілі бір топтың жақсы қасиеттерін көре алмаушылықтан туындайтын ашу-ыза мен қызғаныш сезімінің жағымсыз көрінісі. Балағаттауға адамның ар-намысы мен қадір-қасиетін әдепсіздікпен, анайы түрде кемсіту жатады» деп тұжырым жасайды [107, 270 б.]. Дегенмен бейәдеби элементтер әрдайым ашу-ыза, қарғыс пен наза мағынасында айтыла бермейді, контексте автордың стильдік мақсатына байланысты өзінің тура мағынасынан ауысып қолданылатын кездері де болады. Мәселен, жоғарыдағы мысалдағы «әтәң нәлет», «аузыңды ұрайын» тіркестері еш зілсіз, кексіз, кекесінсіз айтылып, әзіл-қалжыңы жарасқан құрбы-құрдастардың бейнесін шынайы жеткізу үшін мақсатты түрде алынған.

Қалай десек те, қазақ тілінің сөздік қорынан айрықша орын алатын дәрекі сөздер өзінің сыр-сипаты жағынан да, стильдік қолданысы жағынан да, эмоционалды-экспрессивті реңкі жағынан да шығарманың ұлттық қасиетін айқындайтын тілдік бірліктер болып табылады. Көркем шығармада дәрекі сөздерді қолдану арқылы жазушы адресат пен адресанттың кейпін, сипатын оқырманға ұсынатынын Р. Сыздық былайша түсіндіреді: «Дәрекі, қарапайым элементтер, бөгде тілдік сөздер, әсіресе макаронизмдер кейіпкердің мінез-құлқын, алған тәлім-тәрбиесін, білім, мәдениет дәрежесін көрсету үшін келтіріліп, оның образын жасауға көмектеседі. Көркем шығарманың «көркемдік» шарттарының бірі де – осында. Бұл шарт – тәсіл, стильдік тәсіл. Тәсілдің дұрыс қолданылуы – жазушының сөз құдіретін тану шеберлігіне алып барады» [60]. Десек те, бұндай қарапайым сөздерді орынсыз қолдану көркем шығарманың сапасына әсер етіп, көркемдігінен айырады. Қарапайым сөздер қашан да тілді көркемдемеген, олар тілге экспрессивті-эмоционалды бояу ғана берген.

Адам мен қоғамның өзгеріп, өсіп, дамуына сәйкес тіл де үнемі толығып, әртүрлі ішкі-сыртқы факторлардың әсерінен өзгерістерге ұшырап, кемелденіп, жетіліп отырататыны белгілі. Сондықтан тілді уақыт факторынан тыс қарастыру, танып-білу мүмкін емес. Уақыт факторы арқылы тілдегі кейбір ішкі өзгерістердің себеп-салдарын, сол өзгерістер арқылы тілімізге енген лексикалық, грамматикалық бірліктердің қолданылу аясы мен ерекшеліктерін анықтауға болады. Өткен ғасырларда халық өмірінде орын алған кейбір саяси-тарихи оқиғалардың көркем шығармаларда көрініс тауып отыруы да уақыт факторының белгілі бір деңгейдегі көрінісі болып табылады. Тарихи оқиғалар көркем шығарманың тақырыбы мен идеясына арқау болып қана қоймай, оның

ішкі тілдік сипатына да әсер етеді. Мәселен, Д.Исабековтің Ақпан, Қазан төңкерістері жылдарындағы немесе Кеңестік кезеңдегі өмір шындығын суреттеген шығармаларынан («Социализм зәулімі», «Дермене», «Тіршілік», «Ескерткіш», т.б.) автордың сол заманға тән тілдік бірліктерді жиі қолданғанын көруге болады. Автор кейіпкер тілі немесе баяншы сөзі арқылы оқырманды сендіру мақсатында сол заманға сай терминдерді шығармасында әдейі пайдаланған.

XIX ғасырдың бас кезінен XX ғасырдың екінші жартысына дейін қазақ тілінің лексикалық құрамында орыс сөздерінің актив қолданыста болғаны белгілі. Бұл құбылыс әкімшілік, сауда-саттық, сот-заң, ел билеу салаларынан бөлек, күнделікті өмір тіршілігіне, яғни тұрмыстық лексикаға да өз әсерін тигізбей қоймады. Д. Исабеков халықтың ауызекі сөйлеу тіліндегі осындай өзгерістерді шынайы көрсете білген. Автор қолданысында кірме элементтер, соның ішінде орыс тілінен енген сөздер екі түрлі тәсілмен берілген. Бірі – сыртқы түпнұсқа қалпын сақтап қалған кірме сөздер. Мысалы: *Ол кезде Тоқсанбай қарттың жалғыз ұлы **совхоз директоры** еді; Тоқаңның ұлының **машинасы** шынжыр табан **тракторға** соғылып қабысып қалған зой; Өкіметтің арнайы жасақтаған **бригадасына** жетпей жатқан **комбайн** мен **машинаны** екі күн жүріп алып келді де, бас-аяғы бір-ақ күнде ойпан-тойпан жегізіп, ертесіне бұлар қырман көтеріп шыға келді; **Комбайнерге** жүз сом, екі **шоферға** екі жүз сом бердім.* («Дермене»). *Үй-үйдің **подвалында** қызыл арақ ішіп жүрген ешкімге белгісіз Әштен осылайша аяқ астынан аудандағы ең аты-шулы адамдардың біріне айналып шыға келді* («Ескерткіш»). Автордың кірме сөздерді ұтымды қолдануындағы екінші тәсілі – оларды қазақ тілінің дыбыстық заңдылықтарына бағынған, игерілген тұлғада беру. Мысалы: – *Сіз маған сенбей отырсыз зой! Жүріңіз, іздеп жүрген милицияларға да жолықтырайын. – Аулақ! **Млисаң** өзіңе! Сенейін, сенбейін, болар іс болды; **Сөткесіне** кісі басы жетпіс-ақ тиын.* («Дермене») *Кемпірбай күнде ертеңмен Отардың үйіне барып: «Біздің баланың **паселкесі** келді ме?» дейді; – Сен жүр, **Кийпте** ойнап-күліп. Қыдыр, ән сал, биле. Мен жүрейін бұл жақта күйіп-пісіп.* («Ақырамаштан наурызға дейін»). *Бүкіл **әмірикә** мен неміс елін алып қараңдаршы, Конрад деген фамилиядан аяқ алып жүре алмайсың* («Бонапарттың үйленуі»).

Автор бұл сөздерді өзгертпей, *милиция, сутка, Киев, Америка, посылка* деп, немесе *тәулік, сәлемдеме* деп аударып берсе де болар еді. Бірақ автордың мақсаты оқиғаны құр сөзбен баяндау емес, оны шынайы, нанымды жеткізу, кейіпкерлердің болмысын барынша тереңірек аша түсу, сондай-ақ шығарманың көркемдік қуатын арттыра отырып оқырманға әсер ету.

Жоғарыдағы «Дермене» повесінен алынған диалогта милиция сөзін екі кейіпкер екі түрлі тұлғада (*милиция – млиса*) айтуының да өзіндік мәні бар. Сөздерді бұлай алмастырып қолданудағы негізгі мақсат – кейіпкерлердің жас ерекшеліктерін, кәсібін, лауазымын, білімін, мәдениет дәрежесін, тұрғылықты мекенін (ауылдық не қалалық екенін) айқын аңғарту. Бір шығарманың бойында бір сөздің бірнеше варианты жарыстыра қолдану автордың сөздерді орынсыз,

талғамсыз жұмсауы емес, керісінше оның сауаттылығы мен талғампаздығының, әр кейіпкерді жіті бақылауында ұстай білетіндігінің көрінісі. Көркемдік мақсатқа орай алынған мұндай бөгде стильдік элементтер оқиганың қай дәуір, қандай ортада өтіп жатқандығын, соған тән бояуларды көрсетеді. Кейіпкер тіліне элеуметтік-типологиялық мінездеме береді [33, 60 б.]. Дегенмен, көркем шығармада бөгде тілдік сөздерді қолдану уәжі әрқашан бірізді бола бермейді. Алдыңғы мысалда автор қазақ азаматтарын орысша сөйлету арқылы олардың жеке ерекшеліктерінен ақпарат берсе, «Ескерткіш» әңгімесінен алынған мына мысалда ағылшын сөзі таза коммуникациялық функцияда жұмсалған:

«Олар комбинат алдына келгенде өз көздеріне өздері сенбей тұрып қалды. Бәрі тұр, тіпті, тұғыр да орнында, тек ескерткіш жоқ! Аудармашы мен шетелдік бір-біріне қарады. Сонан соң көздерін уқалап тұғыр үстіне қайта үңілді.

– SOS! – деді Джонс айғайлап, – SOS! Ескерткішті біреу ұрлаған».

Адам лексиконындағы әрбір сөз – оның өткен тарихы мен бүгінгі өмірінің айқын көрінісі, нақты куәгері. Тілдің сөздік құрамы қоғам өмірінің саяси, материалдық және басқа да салаларында тұрақты болып жататын өзгерістерді барынша жылдам бейнелейді. Осындай экстралингвистикалық факторлардың әсеріне байланысты тілде сөз мағыналарының тарылып, кеңейіп, ауысу немесе мүлдем жойылып кету үдерістерінің болуы заңды құбылыс. Ал көркем шығарма – сол көнерген сөздерді оқырман санасында қайта жаңғыртып, жаңа мағына берудің бірден-бір көзі болып табылады. Әсіресе тарихи тақырыпқа жазылған шығармаларда мұндай сөздер айрықша мәнге ие болады. Д. Исабеков шығармаларының тілдік ерекшеліктерінің бірі – көнерген, қазіргі күн тұрғысынан қарағанда мағынасы көмескіленген атаулардың жиі қолданылуы. 1. Айталық, бір әңгіменің тақырыбына арқау болған **«ақырамаш»** сөзін басқа шығармалардан да жиі кездестіреміз: *Қызыл топырақтың астынан қос құлақ боп қылтып көрінген қоза жарықтық бейнет атаулыны жер бетіне өзімен бірге түгел ала шығып, қыр басындағы ауыл адамдарына сонау ақырамашқа дейін ес жигызбайды («Ақырамаштан наурызға дейін»).* Сонау **ақырамаштың** алғашқы суығында-ақ терезеге тұтылған қанар-қап су тиіп, енді қатты аяздан түйенің мойнағындай сіресіп қатып қапты («Тіршілік»). Сөздіктерде «ақырамаш» сөзінің бірнеше мағынасы беріліп жүр: 1. Желтоқсан айы (Б.Қалиев. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі), 2. Белгілі бір науқанның, қарбалас шақтың соңы, ақыры (Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 1-том). Жазушы бұл сөзді алғашқы мағынасында (ай атауы ретінде) қолданғаны мысалдардан түсінікті болып тұр. 2. **Кеурек.** *Қураған кеурек пен құлқайырдан итарқа етіп жасалған шайла астында аптаптан бас сауғалап екі адам жатыр («Дермене»).* Құлқайыр, шағыр, бетеге, **кеурек**, сасыр дегендерің ұйыса өскен («Мазасыз күндер»). *Ен даланы қаптаған шаңырақтай-шаңырақтай кеурек пен жусанның ашқылтым иісі қатты желмен күшейе түскен-ді («Бекет»).* Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде берілген анықтама бойынша, кеурек – шөлейт жерде өсетін шөптесін өсімдік. 3. **Түніке.** *Мынау не, түнікелі тостақ па? Балам-ау, түйедей нәрсені қалай байқамағансың, мә, бәрін де қайтарып бер, кісі ақысының сұрауы жаман болады («Дермене»).* Түніке

сөзінің сөздіктегі мағынасы – «үй төбесінің шатырын жабатын қаңылтыр», ал түнікелі сын есімінің мағынасы – «қаңылтыр шатырлы» деп берілген. Бұл атау бастапқыда үймен немесе қандай да бір құрылыс нысанымен байланысты қолданылғанымен, жазушы оны ыдыс атауымен тіркестіре беріп тұрғанына қарағанда, сөз мағынасы абстрактіленіп, жалпы шатырлы, жабулы, қақпақты деген мағынаны білдіріп кетсе керек. 4. **Әбдіре** – киім-кешек, әртүрлі бұйымдар салатын үлкен ағаш сандық, кебеже. *Күйінгенмен іс орнына келе ме, кемпірі екеуі ескі әбдірені аудар-саудар ақтарып, үйдегі іліп алар тәуір мата мен жизан-терген ақшаны шүберекке орып қоржынға сап берді* («Тіршілік»). 5. **Дүрмек** – әрлі-берлі шұбырған жиын, мол тобыр (ҚӘТС). *Оң-солын танығаннан бері жат кісі атаулыдан алғаш рет шын мейірбандық, шын жанашырлық тапқан Тұңғыш мойны қатса да, қанаты қатпай, дүрмегінен көз жазып қалған соң бір қырғидан жан сауғалаған бейшара торғай секілді көзі қарауытып кеп бірінші кездескен диуананы паналай кетіп еді* («Сүйекші»).

Автор осы сияқты көнерген сөздерді образ жасауда, көріктеу құралдарына айналдыруда шеберлікпен жұмсай білген. Баршаға ортақ, қалың жұртшылыққа түсінікті бейтарап сөздерден бөлек, диалектизмдер, көнерген сөздер – көркем әдебиет тілінің негізгі сипаты, дегенмен оларды шектен тыс асыра пайдалану шығарманың әрін кетіретіні рас. Ал оларды қажетті жерінде кәдеге жарата білу, керісінше, мәтіннің бейнелілік қасиетін арттырып, оқырманды қызықтыра түсері сөзсіз. Д. Исабеков көне сөздерді өте жиі қолданбайды, оларды мақсатты түрде, өз стиліне сай ара-тұра кірістіріп отыратынын байқаймыз.

Ал көркем шығарманың көркемдігін арттырып, автордың асқан шеберлігін танытатын, ерекше стилін көрсететін – тілдің көркемдеуіш құралдары. Тілдің көркемдеуіш құралдары көбіне көркем әдебиет стилінде қолданылады. Тілдегі көркемдеуіш құралдар қатарына теңеу мен эпитет, айшықтау және құбылтудың түрлері кіреді. Солардың ішінде белсенді қолданысқа ие болғаны – теңеу мен айқындау. Айшықтаудың түрлері шендестіру, қайталау, параллелизм, риторикалық сұрақ-жауап, дауыс ырғағы болса, ал ауыстыру, кейіптеу, пернелеу, алмастыру, синекдоха, гипербола, литота, ирония, сарказм, перифраздар құбылту қатарына жатады. Осымен байланысты Д. Исабековтің шығармаларымен таныса келе, автордың теңеуді көп қолданғанын көруге болады. Автор заттың не құбылыстың ерекше белгілерін басқа затпен не құбылыспен салыстыра суреттеген. Д. Исабеков шығармаларында «жүнін жұлған құстың денесіндей», «бүршік-бүршік бетіне үсіген картондай емін-еркін мұрын жайласыпты», «әжесінің асқар таудай тілегі – жұдырықтай немересі», «көзі шыныдай жылт-жылт», «қабыландай қайратты, қабыландай айбатты болсын», «көсеудей қолын көстендетіп», «жайынның ауызындай жайылып жатыр», «тойған масадай торсып кеткен», «қақпағы жабық қазандай жарылғалы келемін», «екі көзі шырадай жайнап тұр», «сәбидей аңқау, сәбидей таза», «сұлулықтан алдына жан салмайтын кербез актрисадай», «нағыз бақытқа кенелген адамша», «суға сүнгітін адамша», «сырықтай жігіт», «күректтей алақан», «жүрегі таудай тулап», «көжектей жас жігіт», «құлаған түйедей», «тілдей қағаз», «қатқан қайыстай», «басынан аяғына дейін шыттай шетелдік киім», «адасқан жолаушыдай», «шибарқыттай әжім», «кірпідей

жиырылатын болды», «күйген қыштай», «тайдай тулап», «жабылған зындандай», «Бонапарттай болса» және т.б. теңеулер кездеседі.

Теңеу қазақ көркем сөз тарихында ертеден келе жатқан бейнелеуіш тәсілдердің бірі болып есептеледі. Сол себепті жазушылардың шығармаларында бұл тәсіл әбден қалыптасып үлгерген. Жоғарыда аталған теңеулер тіркесіп тұрған сөздерді одан әрі ажарландыра түседі. Осыған орай, Д. Исабеков теңеулерді қолдана отырып, оқырманға сол ортаны, адамдарды, өмірді, тіршілікті елестетуге, сезінуге мүмкіндік береді.

Теңеумен қатар жүретін заттың не құбылыстың ерекшелігін, сыр-сипатын бейнелі түрде танытатын стилистикалық ұғым – *эпитеттің* де сәтті түрлерін жазушы шығармаларында жиі қолданған. Атап айтсақ: *дәмді әңгіме, қоңыр үн, қоңыр әңгіме, жібек үн, алтын адам, тәтті сезім, ұлы қайғы, үміт сәулесі, ит тіршілік, тақыр кедейлік, тәтті қиял* және т.б. Бұл эпитеттер оқығанды ерекше бөлейтіні анық. Мәселен, күнделікті өмірде *қызықты-қызықсыз әңгіме, шағын әңгімені* деген қолданыстар белгілі, бірақ Д. Исабековтің *қоңыр әңгіме, дәмді әңгіме деп*, әңгіменің соншалықты қызық екенін, қатысушылар тарапынан қажеттілік туындатып тұрған әңгіме екендегін *дәмді әңгіме* деп беруі сәтті шыққандай. Сол сияқты, қазақ танымында *ұлы* сөзі ерекше тұлғалармен, оқиғалармен байланыста қолданса, жазушы осындай үлкен сөзді қайғымен тіркестіріп, ауыр күндерді, қиыншылықты сипаттайтын *ұлы қайғы* эпитетін оқырманға ұсынған.

Көркем шығармада жансызға жан бітіріп, тірінің әрекетімен ауыстыра суреттеуді *кейіптеу* дейді. Жазушы құбылудың бір түрі кейіптеуді де шығармаларында жиі қолданған: *«Топырақ астында бұғып жатқан тіршілікті құдіретті күн сәулесі қытықтап оятып, бұ дүниеге сүйрелеп шығып жатқан сияқты»*. Бұл сөйлемде *күн сәулесі қытықтап оятып деген кейіптеуді автор оқырманды оқиганың барысына дайындау мақсатында жыл мезгілін, ауа-райын суреттеуде қолданған. Сонымен қатар жазушы «Кеудемде ыза қайнап, қақпағы жабық қазандай жарылғалы келемін» деп ашуға булыққан кейіпкер бейнесін суреттейді. Қайнаған ызаны елестетудің өзі қорқынышты емес пе!? Қайталау тәсілі мен кейіптеу қатар келетін тұстар да жазушы шығармаларынан орын алған: «Азап айдады ма, ажал айдады ма, дүрілдеп тұрған бір совхоздың ең артта қалған шаруашылыққа барамын деп, белсенділік көрсетіп осы колхозды сұрап алып еді, үш жылдан соң сотталып тынды»*. Бұл сөйлемдегі «ажал» мен «азапқа» қимыл беріп, жандандыра түсу арқылы автор баяншы сөзін одан әрі әсерлей түскен.

Көркем шығарманың көріктеуде жұмсалатын тағы бір стилдік амалы – *қайталама* тәсілі. Академик Р. Сыздық оған мынадай анықтама береді: «Қайталама дегеніміз – бір сөздің (не тіркестің, сөйлемнің) бір сөйлемде, не абзац, шумақ сияқты микротексте қайталанып келтірілу тәсілі. Қайталаманы суреткер көркем тексте әр алуан стильдік мақсат көздеп жұмсайды» [60, 101 б.]. Д. Исабеков шығармашылығында бұл амал да тысқары қалмаған. Мысалы, «Мен қызыма пәлен деп қолқа сала алмаймын. Барлық билік өзінде. Қалау соныкі. Көнбегенде елің *жаман*, жұртың *жаман*, я болмаса ұлың *жаман* деп көнбей отырған жоқпын». Қызының жай-күйі туралы ойын білдірген әкесі

«жаман» сын есімін елмен, жұртпен, ұлмен байланыстыра жеткізеді. Сол арқылы ішкі ренішін де білдіргендей болады. Сонымен қатар жазушы сілтеу есімдігі болып табылатын «сол» бірлігі арқылы ауылдың тұрмыс-тіршілігін, халқының қал-жағдайын, мұң-мұқтажын оқырманға жеткізген. «Ертесіне де ойламады, өйткені ойланатындай ештеңе де өзгермеді: сол ауыл, сол адамдар, сол үй, сол жүн, сол тіршілік, сол күлкі, сол мұң». Автор қайталанып тұрған сөзге *ауыл, адамдар, үй, жүн, тіршілік, күлкі, мұң* сөздерін тіркеу арқылы оларға ерекше екпін түсіруді көздеген.

Сөзді жандандырып, тілімізге өткірлік сипат, ұлттық ажар беретін стильдік мәні бар айрықша құралдың бірі – *фразеологизмдер*. Х. Кәрімов әдеби шығарма тілін көркемдеп, айшықтап, нәр беруші амалдардың бірі – халық тіліндегі тұрақты фразеологиялық тіркестер деп есептейді. Ал ғалым Н. Уәлиев дүниенің тілдік бейнесін берудегі тұрақты тіркестердің орнына байланысты мынадай тұжырым жасайды: «Халық тілінде байырғыдан келе жатқан тұрақты сөз оралымдарының (мақал, мәтел, қанатты сөздер, фразеологиялық тіркестер т.б.) сан алуан сыры бар. Олай болатыны халық өзінің өткен дәуірлеріндегі наным-сенімін, түйсік-түсінігін, ой-қиялын, тыныс-тіршілігін аз сөздің аясына сыйдырып, әрі нәрлі, әрі әрлі етіп ерекше өрнектей білген. Көнелікті ең көп сақтаған «жаны сірі» сөздердің небір шоғырлары алдымен мақал-мәтел, фразеологизмдердің құрамында шегенделіп қалған деуге болады» [33, 12 б.].

Д. Исабеков те шығармаларында тұрақты сөз тіркестерін ұлттық танымына қатысты кеңінен пайдаланған жазушылардың бірі. Атап айтсақ: *ана сүті аузынан кеппеген, қуанышын су сепкендей басқан, ит арқасы қияннан келген* және т.б. Қазақ тіліндегі тұрақты сөз тіркестері көркем шығарманы одан әрі көркемдеп, жазушы тілін ерекшелендіре түсеумен қатар, тұрақты тіркестерді қолдану арқылы жазушы өзінің ұлттық танымын, көзқарасын, түсінігін танытады.

Сонымен қатар автор кейіпкер бейнесін ашуда, портрет жасауда, кейіпкердің ішкі жан дүниесін, психологиясын беруде, кейіпкердің әлеуметтік жағдайын, ұлттық дүниетанымын көрсетуде, тұрмыс-тіршілікті суреттеуде шығармаларында мақал-мәтелдерді тиімді қолданған. Мәселен: «*Жылқы мен жылқы кісінескенше, адам мен адам сөйлескенше*», «*Атам өлсе қойылар, атан өлсе сойылар*», «*Шын досыңның қимасын сұрама*», «*Достың көңілі бір атым насыбайдан қалады*», «*Ит тойған жеріне*», «*Жақсы ит өлігін көрсетпейді*», «*Ашу алдында, ақыл соңында*», «*Пенденің ойлағаны емес, Алланың дегені болады*, т.б. Жазушы қазақтың тоқсан ауыз сөзін бір сөйлеммен жеткізген мақал-мәтелдерін пайдалану арқылы ең алдымен ана тілінің өзіндік тілдік оралымдарының қазынасын дәріптесе, екінші жағынан кейіпкердің дүниетанымын, сөйлеу ерекшеліктерін оқырманға айшықты көрсеткісі келеді. Себебі мақал-мәтелдер көркем сөз тәсілдерінің ішінде танымдық көздердің ең құнарлысы болып табылады.

Қорыта айтқанда, көркем шығарманы талдауда *автор, кейіпкер* және *оқырман* ұштағаны бойынша автордың кейіпкерді суреттеуі мен оның аузына сөз салуы, тұрмыс-тіршілігін сипаттауы, оған тән әрекеттер мен жағдайлардағы сипаты арқылы өзінің доминант ұғым әрі тұлға екендігін танытады. «Мәтіннің

түзілісінде стилистикалық ерекшеліктер мен прагматикалық мақсат қатар тұрады. Адресанттан алынған мәтіннің толық табиғаты адресаттың да ақыл-ойына қозғау салады, жан-дүниесіне әсер етіп реакциясын тудырып, оның көзқарасының, пікірінің, сана-сезімінің өзгеруіне ықпал етеді» [102, 23 б.] Кейіпкерлер психологиясы, оқырман психологиясы, оқырманның шығарманы қабылдауы, ұлттық танымның шығармадағы көрінісі, ұлтымыздың, еліміздің тарихы, қоғамға, өмірге, саясатқа, табиғатқа қатысты қандай да бір маңызды мәселелердің барлығы автордың көкейінде болуы – шарттылық. Сонда ғана автор ұштағанды байланысты ұстап тұратын шығарманың антропоөзегіне айналады.

2.3 Д.Исабековтің *автор – мәтін – мәтіннен тыс болмыс – мәдениет – оқырман* ұғымдарының тұтасу қызметі

Қазіргі таңда көркем мәтінді зерделеуде автордың шеберлігі мен оқырманның қабылдауы арасындағы байланыс жөнінде көптеген зерттеулер жүргізілуде. Автор өз туындысын оқырманға бағыттап жазады. Автордың ойы, тілегі жүйеленіп оқырманға жетемін дегенше бірнеше сатыдан өтеді. Демек, *автор* мен *мәтін* – ажырамас ұғымдар. Себебі мәтін – автордың кемел идеясының нәтижесі. Ғалым А.Салқынбай «автор – мәтін – оқырман» жүйесін төрт түрлі аспектіде бөліп көрсеткен: «1) лингвонегізді тәсіл: *«тіл – мәтін»* бағыты бойынша; Қазақ әдеби тіліндегі басты зерттеулер осы дәстүрлі тәсілдің негізінде жазылған-ды. Мұндағы логика тілдік бірліктер мен категориялардың қызметін көркем мәтін бойынша анықтауға құрылады. Дәстүрлі стилистика мен тілдік бірліктердің стилистикасына қатысты жазылған көптеген ғылыми жұмыстар осы бағытта зерттеу жұмыстарын жүргізіп, қазақ әдебиетінде жазылған көркем шығармалардың тілі мен стилін зерделеді. 2) мәтін бүтіндігі тәсілі мәтіннің ішкі құрылымдық-мәндік бүтіндігін анықтаумен байланысты. Мәтін бүтіндігі тәсілі мәтінді нәтижелі бірлік және шығармашылық қызметтің нәтижесі, аяқталған бүтін нысан ретінде қарастырады. Біздіңше, бұл тәсіл қазақ тіл білімінде енді ғана қалыптасып келе жатыр. 3) антропоцентристік тәсіл: *«автор – мәтін – оқырман»* бағыты бойынша. Бұл тәсіл авторлық позиция, оқырманның қабылдауы мен оған шығарманың әсерін зерделеуге бағытталады. 4) когнитивтік тәсіл: *«автор – мәтін – мәтіннен тыс қызмет»* бағыты бойынша.

XXI ғасырдың басы қазақ тіл білімі үшін осы ұғыммен басталды. Әуелгі сөздің басы – когнитивтік ұғымдар мен терімсөздерді орыс тілі арқылы енгізіп, аударма ғылыми жұмыстар жазылды. Ендігі басты мақсат тілді, лебезді жүйелі зерделеп, психолінгвистикалық, қызметтік, антропологиялық тіл білімі тұрғысынан айқындау, осының негізінде тілдің, сонымен бірге мәтіннің де когнитивтік негізі мен ерекшелігі айқындалуы қажет» [64, 30 б.]. Ғалымның жіктемесінен көріп отырғанымыздай, көркем шығарма автордың ойынан туындаған мәтіннен ғана тұрмайды. Оның негізін мәтіннен тыс болмыс, ұлттық мәдениет пен таным құрайды. Яғни көркем туынды ақынның когнитивтік санасындағы терең астырт құрылымдарды тілдік санасына көшіру арқылы жасалған «ғаламның» индивидуалды көркем бейнесі де болып шығады. Ол

арқылы, мәтінде ұсынылған әрбір тілдік бірліктің таңбалық табиғатына мән беріп, онда тілдік семантикалық құралдар арқылы қатталған мәдени ақпаратты ашуға болады. Бұл бір жағынан, автордың ортағасырлық тіл ұстанушы ғана емес, тілдік тұлға ретіндегі қырларын тануға жол ашса, екінші жағынан, поэтикалық мәтіннің мәдени семиотикалық кеңістігін лингвокогнитивтік тұрғыдан зерделеуге, яғни көркем мәтінді адекватты түрде интерпретациялауға мүмкіндік береді.

Ғалым Қ.Т. Жанұзақова «мәтіннің мағыналық мазмұны мен композициялық құрылымының ерекшеліктерін түсініп қана қоймай, оған қоса автордың ұстанымы, автордың ішкі әлемі, дара стилі, өзіндік дүниетанымы ескерілгені жөн деп есептейді. Ғалымның пайымынша, герменевтика саласы туындыны жеке дара қарастырмай, оны тудырған, дүниеге келуіне ықпал еткен дәстүрлі мәдениет аясында тану, түсіну қажеттігін алға тартады» [108].

Әдебиеттану саласында көркем мәтінді талдауда қолданылатын *герменевтика* деген сала бар. «Герменевтика – гр. *hermeneutikos* – түсіндірмелік, талқылаушылық – классикалық түсінікте – мәтіндерге түсінік беру өнері» [109]. Мәтін тануға көмегін тигізетін бұл саланың негізгі ұғымы *интерпретация* болып табылады. Интерпретацияның, яғни түсіндірудің бірнеше түрі бар:

«1. Алғашқы, оқырмандық интерпретация. Адамның шығарманы оқып шыққаннан кейінгі алғашқы әсеріне, көңіл-күйіне, сезіміне негізделеді.

2. Ғылыми интерпретация. Мәтінге ғылыми тұрғыда түсініктеме беру.

3. Шығармашылық-образдық интерпретация. Әдеби шығарманы көркемөнердің басқа түріне көшіру (мысалы, әдеби шығарма негізінде көркем фильм түсіру, сахналық қойылым, опера немесе балет жасау т.т.)» [110].

Демек, автор өз танымы, көзқарасы, идеясы негізінде мәтін түзсе, оқырман сол шындықты өз дүниетанымы арқылы түсінеді. Осылайша автор мен оқырман арасында диалог туындайды. Әңгімелесу мәтінінің стилистикалық сипатын зерттеген М. Маретбаева «аяқталған мәтін қашанда *тақырыптық, мағыналық және құрылымдық тұтастыққа, композициялық тәртіптілікке, грамматикалық байланыстылыққа* ие болуы керек. Сонда ғана сөйлеу әрекеті толыққанды жүзеге асады» деп санайды және *аяқталған сөйлеу бірлігіне / мәтінге тән қасиеттер* мен олардың *психологиялық мәнін* былайша санамалап көрсетеді:

Тақырыптық тұтастық – сөйлеудің логикасына нұқсан келтірмейді, реципиенттің мәтінді қабылдауына оңтайлы жағдай туғызады.

Мағыналық тұтастық – сөйлеудің негізгі (орталық) және қосалқы (перифериялық) компоненттерін және мәтіннің, сөздің маңызды бөліктерін ажыратуға мүмкіндік береді.

Композициялық тұтастық – мәтінді түсінуді, қабылдауды жеңілдетеді, мәтіннен тыс, мәтіндегі және мәтінде астарлы берілген мән-мағыналарды жалпы композициялық тұтастықта алып түсінуге мүмкіндік береді.

Грамматикалық байланыстылық – мәтін мазмұны мен құрылымын тұтастықта ұғынықты және жеңіл қабылдауға әсер етеді [111, 9 б.].

Бұл жерде мәтіннің түзілуі мен оны оқырманның қабылдануы жіктелесін көруге болады. Мәтіннің жасалуы *кодталу* болса, оны оқырманның қабылдауы мен түсінуі *декодталу* деп түсініп, ғалым «Алғашқысы сөйлеуші немесе жазушы автор арқылы қалыптасса, соңғысы айтылған мәтінді қабылдаушы тарапынан жүзеге асырылатын үдеріс болып табылады. Біріншісі психолінгвистиканың сөйлеудегі сөзөндіру үдерісі туралы мәселелердің негізін құраса, екіншісі сөзқабылдау және түсіну туралы мәселелерге тірек болады. Аталған психологиялық үдерістердің нысанын сөйлеу әрекетінің негізгі бірлігі ретінде мәтін құрайды. Әңгімелеу мәтіндерін талдауда сөйлеу әрекетінің аталған аспектілерінің алғашқысы – мәтін талдаудың өлшемдері мен талаптары ретінде негізге алынса, соңғысы – оның эстетикалық және коммуникативтік, прагматикалық табиғаты мен болмысын, сипатын тануда басшылыққа алынады» деп тұжырымдайды [111, 10 б.]. Демек, жазушы өзінің танымын, көзқарасын ұлт мәселесімен ұштастырған жағдайда қазақ халқының ұлттық танымы, ұлттық мәдениеті, ұлттық болмысы тақырыптары арқылы туындысының іргесін қалай алады.

Сонда көркем шығарма қазақ халқының табиғатынан алыстамай, ұлттық кодымызды сақтай отырып, оқырманға жетеді. Осымен байланысты бұл байланыстың ғылыми негізін анықтап, қазаққа тән тілдік табиғатты зерттейтін этнолінгвистика саласының негізін қалаушы академик Ә. Қайдар тіліміздің, ұлтымыздың ерекшеліктерін, мәдениетін, танымын зерттеуде мынадай қағидаттарды атап көрсетеді:

1) қазақ этносының ұлттық бейнесін, өзіндік болмысын толық та түбегейлі түрде тек оның тіл байлығы – «тіл әлемі» арқылы ғана жан-жақты танып-білуге болады;

2) қазақ этнолінгвистикасы алдына қойған мақсаттың үдесінен шығуы үшін этнос тіліне қатысты көптеген қоғамдық пәндермен де, лингвистика салаларымен де бірлесе отырып, өзара сыбайласа, іліктесе әрекет ететін, бірақ олардың бірде-біреуінің шылауында жүрмейтін, пәнаралық қызмет атқарып, «қолбала» да болмайтын, өзіндік үрдісі мен принципін сақтаушы әмбебап ғылым;

3) қазақ лингвистикасы қазақ тілінің лексикалық байлығын мүмкін болғанша (жетер жеріне жеткізе) түгел қамтып, індетте зерттеуді мақсат етеді. Тіл әлеміндегі этнос бейнесін тек лексика қорының жиі қолданылатын «үстіңгі қабатындағы» мағыналық бірліктер негізінде ғана емес, сонымен қатар оның төменгі қабаттарына, қойнау-қолаттарында тұнып жатқан (бүгінде сирек қолданылатын) сөз маржандары арқылы да жаңғыртуға тырысады;

4) лексикалық байлықтың мазмұны мен мән-мағынасын этностық таным тұрғысынан толық ашу, этнос болмысына қатысты мағлұматтар мен құнды деректерді түгел сөйлету, тілдің өзіне тән бояу-нақышымен бейнелі де көркем түрде суреттеу;

5) жүйелілік [27, 17 б.].

Көріп отырғанымыздай, этнолінгвистика саласы тілде сақталған және тіл арқылы ұлт танымын, ұлт болмысын танытатын тіл қазынасы аясында зерттеулер жүргізеді. Сонымен қатар қазақ тілінің көп қатпарлы тіл тарихында

калып кеткен көне сөздер, тарихи лексемаларды қайта қопарып, жандандыру жұмыстарын жүргізетінін көруге болады. Осыған сәйкес тарихи-мәдени мазмұнды шығармалардың көркем мәтінінде сипатталған қазақтың ұлттық болмысы мен дүниетанымы ең алдымен этнолингвистика аясында жаңғырып зерттеледі.

2.4 Д. Исабеков шығармаларындағы мәдени коннотацияның коммуникативтік мәні

Ұлттық тарихымызда маңызды орын алатын дін, діл, әдебиет, мәдениет, әдет-ғұрып сынды рухани құндылықтардың бәрі де тіл арқылы, сөз арқылы танылып, ұрпақтан ұрпаққа жетіп, ұлттық сана-сезімді қалыптастырып отыр. Белгілі тілтанушы ғалым Б. Қалиұлы тіл мен рухтың, тіл мен халықтың, тіл мен мәдениеттің байланысы жөнінде мынадай тұжырымды пікір айтады: «Тіл – халықтың бүкіл өмірінің айнасы. Ол (тіл) халықтың ақыл-ойы мен сана сезімінің, мәдениетінің барлық жауһарлары жинақталған мұражайы, асыл қазынасы, алтын қоры. Өмірді тілден артық бейнелейтін, тілден артық сипаттайтын ешнәрсе жоқ» [112, 141 б.]. Бұл тұжырымның мәнін Ю.Н. Карауловтың мына пікірі бекіте түседі: «Білім жиынтығы (қоғам, адамзат) бекітілген және тұрақты нәрсе ретінде тек тілдің көмегімен және тек мәтіндерде ғана жиналып, тұрақтанбайды, сайып келгенде, бүкіл мәдениет, өркениеттің барлық өнімдері, қалалардың сәулеті, көліктер, көпірлер, симфониялар, ұшақтар, тұрмыстық техника, жиһаз және ғарыштық зымырандар сияқты әрбір артефакт, таным әрекетінің объектісі болған әрбір табиғи феномен оның іске асырылуы мен материализациясы болып табылады. Бірақ бұл субъектілік және объективті тезаурустарда көрініс беретін анизотропты кеңістік өздігінен белсенді емес, оның өзіндік қозғалысы және өсу себептері жоқ. Белсенділік субъектінің қасиеті және тезаурус облыстары арасындағы қозғалыс болып табылады, оның серпіні индивидтің өзекті көрсететін болмыс бейнесінің (оның фрагментінің, оның элементінің) және бұрын оның субъектілі тезаурусында қалыптасқан бейненің үйлесімсіздігімен, сәйкессіздігімен түсіндіріледі», – дейді [113, 174 б.]. Демек, кез келген халықтың көне тарихының қатпарлары мен қоғамдық-мәдени өмірінің ерекшеліктері, ең алдымен, көркем сөзде, мәтінде көрініс табады. Осы тұрғыдан алғанда, Д. Исабеков шығармаларында да рухани және материалдық лексиканы құрайтын туыстық атаулардың, өлшем атаулары мен киелі сандар жүйесінің, діни лексиканың, киім-кешек, ыдыс-аяқ, ас-тағам және қару-жарақ атауларының, халқымыздың салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, наным-сенімін бейнелейтін этнографиялық деректердің автор мақсатына сай көркем мәтін кестесінде өзіндік коммуникативтік қызметі ерекше. Жазушының қай шығармасын алсақ та – нағыз қазақи өмір, қазақи шынайылық, қазақи тұрмыс-тіршілік, қазақи таным-түсінік, бір сөзбен айтқанда, қазақилықтың иісі аңқып тұрған ұлттық бояуы қанық туындылар [114, 32 б.].

Белгілі бір халықтың тұрмыс-тіршілігінен, мәдениетінен, салт-санасынан, т.б. ерекшеліктерінен ақпарат беретін тілдік бірліктер этнолингвистика ғылымында реалия, логосистема, лакун, т.б. терминдермен аталып жүр. Профессор Ә. Әлметова аталған терминдердің негізгі ерекшеліктерін және

оларға тілтанушы, мәдениеттанушы ғалымдардың берген анықтамаларын саралай келе, бұл ұғымдарды аялық білімнің бір түрі деп санайды: «Реалия – белгілі бір ғана ұлттың өміріне, тұрмысына тән олардың материалдық, рухани мәдениеттерін және тарихи-әлеуметтік дамуын көрсететін сөздер мен сөз тіркестері» [115, 190 б.]. Реалиялар тілде, бір жағынан, белгілі бір этникалық топтың ғасырлар бойғы жинақтаған тәжірибесін ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуші кумулятивтік қызмет атқарса, екінші жағынан, көркем шығармаларда қолданылу арқылы мәтіннің эмоционалды-экспрессивті мәнін күшейтетін стилистикалық қызметімен ерекшеленеді. Осыған орай Ә. Әлметова әртүрлі мәдениеттер мен тілдерді салыстыра келіп, реалияларды былайша бөліп көрсетеді:

1. Тек қана бір тілге тән реалиялар, басқа тілде мүлдем жоқ: Қазақ тіліндегі үйге кірген адамға «*Нан ауыз тиіңіз деу*» (басқа тілде жоқ).

2. Екі тілде де кездесетін реалиялар. Бірақ біреуінде ол қосымша мағынаға ие. Қазақ халқында *шай ішу* шөл басумен бірге тамақтану ұғымын берсе, өзбек халқында *шайхана* – шөл басу мағынасында ғана.

3. Әртүрлі қоғамда ұқсас функциялар әртүрлі реалиялар арқылы жүзеге асады: Қазақ тілінде *сарыауыз балапан* фразеологизмі орыс тіліндегі *у него молоко на губах не обсохло* фразеологизміне сәйкес келеді.


4. Әр тілдегі ұқсас реалиялар өз ұлтына тән мағыналық бояумен ерекшеленеді: Орыс тіліндегі *Отбивать хлеб* фразеологизмі «зорлық жасау» мағынасын берсе, қазақ тіліндегі *Нанынан айырды* тіркесі «жұмыссыз қалдырды» деген мағынаны береді [115,184 б.].

Ғалымдар мұндай реалияларды тіл мен мәдениеттің тоғысынан, сабақтастығынан туындаған сөздер ретінде қарай отырып, оларды этнографиялық, фольклорлық, мифологиялық, тұрмыстық, қоғамдық-саяси, тарихи, ономастикалық, т.б. топтарға бөледі. Д. Исабеков шығармаларынан қазақ халқының ұлттық-мәдени ерекшеліктерін танытатын реалияларды жиі ұшыратамыз. Жазушының тілдік коды арқылы біз, яғни оқырман «оның» мәтіннен тыс болмысы мен танымын, мәдениетін түсінеміз, автор арқылы сол заманның, ұлттың, жалпы қазақ халқының өзіне тән мәдениетін көреміз. Мысалы: «– *Күнім-ай, әшейін. Бір кесе айран да ішпеді-ау! Сен шал бүлдіріп келгенсің зой, баланы түн ішінде әбігерге салып. Ертең ертемен сонау Байырқұмға жүреді екен тағы. Е, құдай, өзің жар бола көр әйтеуір. Жол-жөнекей бірдеңеге ұрынып қалмаса жарар еді*» [93, 20 б.]. Бұл мәтіннен қазақтың қашанда Алладан жақсылықты, қамқорлықты, тыныштықты ғана тілеген наным-сенімі көрінеді. *Алла, құдай, тәңір, жаратқан, жасаған* ұғымдары бір-біріне эквивалент синоним ретінде жұмсала береді.

«Қанағат қарын тойғызар» дейтін қазақтың құдайға шүкіршілігін айтып, «барға қанағат» деп тіршілігін жасайтын атадан балаға дарыған қасиетін, қазақтың қанына сіңген шүкіршілік сезімін Д. Исабеков шығармаларына арқау еткен. «*Екі қария қуаныштан жүректері жарыла жаздап есікке жарыса ұмтылады. Қартайғанда ата-ана перзентінің алдында бала болады екен-ау! «Ой айналып кетейін сенен! Матасекіліңнен де айналдым-ау. Дүр етіп жетіп келді әні, о шүкірім» – дейді екеуі*» [93, 23 б.]. Анасы баласын *шүкір* деген асыл

сөздердің бірімен атауы ерекше іңкәрлікті көрсетеді. Сол арқылы өміріне, балашағасына, тұрмыс-тіршілігіне шүкіршілік танытушы ананың бейнесі көз алдымызға келеді. Қазақтың әрбір күніне Аллаға алғысын білдіруі де жазушы туындыларынан табылады: «Қарекең осы өміріне күн сайын мың шүкіршілік келтіріп, балаларының тыныш та тәтті тұрмыстарын тіледі. Бірақ енді бір жыл өткен соң толқынсыз көлге тас лақтырылғандай әдемі тұрмыстың іргесі шайқатылып кетті» [93, 24 б.].

Д.Исабеков шығармаларында қолданылатын "Алла", "Әупірім тәңір", "Жасаған", "Құдай", "Тәңір" теонимдерінің арасалмағы біршама ерекшеленеді, оны төмендегі диаграммадан көруге болады.



1-сурет – Теонимдердің жұмсалыу жиілігі

Жалпы *тіл* мен *дін* – халық танымында бір-бірімен тығыз байланысты ұғымдар. Діни лексика – қазақ тілінің ажырамас құрамдас бөлігі. Д. Исабеков шығармаларында араб-парсы лексикалық қабатына жататын *Алла*, *Құдай*, *шайтан*, *ораза*, *азан*, *ауызашар*, *әзірейіл*, *періште*, *молда*, *намаз*, *әумин*, *құран*, *иман*, *мола*, *әруақ*, *айт*, *бісмиллә*, *дұға*, *құптан*, *жайнамаз* сияқты діни ұғымдар кейіпкерлер тілінде кең көрініс тауып отырады. Оқырман бұдан кейіпкердің наным-сенімін, дінге деген көзқарасын аңғарады. Мұндай атаулардың семантикалық сипаты лингвистикалық тұрғыдан гөрі философиялық мәнге ие болады. Жазушының «Ақырамаштан наурызға дейін» әңгімесінде Кемпірбай ақсақалға Киевте оқып жүрген баласының «ауызашар» рәсіміне деп салып жіберген сәлемдемесінің уақытында жеткізілмеуі ақсақал мен ауыл пошташысының арасындағы кішігірім дауға себеп болады. Шығармада «*ораза айы*», «*ауызашар*» секілді ұғымдардың қолданылуы және шығарма оқиғасының дәл осы діни жоралғыдан басталуы халық дүниетанымындағы ислам дінінің мән-маңызын ашып көрсеткендей. Осы сияқты діни ұғымдар «Тіршілік» повесінде де жиі ұшырасып отырады. Автор кейіпкер бейнесін шынайы сомдауда, оның эмоциясын дәл жеткізуде «*Құдай-ау!*», «*Астапыралла!*», «*О*

тоба!», т.б. сөз оралымдарын орынды қолданып отырған. Мысалы, «*Қолына не түсер екен, құдай-ай!...*», «*Құдай-ау, не дейді мынау, не боп кеткен дүние*». Тағы бір айта кетерлік жайт, бұл детальдардан жазушының діни ұғымдарды пайдалануда ерекше шеберлік танытқаны және оның бұл тақырыптағы аялық білімінің молдығы да айқын аңғарылады. Бұл сөзімізге мына сөйлемдердегі авторлық теңеулер дәлел бола алады: «*Қыжымкүлдің жасы он алтыға толған соң-ақ Меккеге азылған мұсылмандардай айттырып келушілер қыз әкесінің миын сасытты*», «*Ораза, намаз – тоқтықта*» дегендей, басына бәле тумаған мәмірежай шақта далаға шығудан жүрексініп шөптің басы оқыс сыбдыр етсе, үйге кеп суық су ұрттайтын үркек те нәзік қыз ауылдан төрт-бес шақырымдай меңіреу далада қорқыныш дегенді мүлдем ұмытып, бағыт-бағдарсыз бет алды қаңғи берді» («Тіршілік») [116, 336 б.].

Әрбір күнге, әрбір іске құдайға алғыс білдіру әрбір адамның міндеті ғой. Сол міндетті сезіне білген қазақтың кейпін жазушы Д. Исабеков те шығармаларында кейіпкерлері арқылы керемет таныта білген. Келесі мәтін де соған айғақ болады: «*Осы кезде алыстағы үйдің есігі ашылып іштегі шам жарығымен әлдеқалай бір әйелдің есік тұтқасынан ұстап, делдиіп тұрғаны көрінді. Молдабай әлдене күткендей солай қарай еңсесін көтеріп қадала қалды.*

– *Қайнаға-ау, қайнаға, – деп айғай салды әлгі әйел.*

– *Уа, не мен мұндамын, – деп Молдабай орнынан ұшып тұрып, солай қарай жүрді. Қасындағы Қарекенді ұмытып кеткен секілді.*

– *Қайнаға, сүйінші, сүйінші. Немерелі болдыңыз, ұл, ұл! – деп оның алдынан ентіге шықты.*

– *О жасаған, шүкір, шүкір мұныға. Қатишайым, сүйіншіңе ана көгендегі бір тоқтыны ал, ол аз болса өзіңе тағы бір көйлек...*

Қарекен сол орнында қимылсыз қатты да қалды. «*Қайнаға немерелі болдыңыз*» – дегенді естіген кезде, оның буын-буыны қалтырап, денесінен дәрмен кете бастады. «*Немере дейді! Құдай-ау немере дейді. Келінжан босанған ба? О тоба, о жасаған*» [93, 34 б.]. Бұл мәтін – тұнып тұрған халықтық таным, қазақи болмыс. Қазақ қиындыққа тап болса немесе қуанышқа бөленсе, Жаратушыға алғысын білдіретіні белгілі. Оған жоғарыдағы үзінділер дәлел. Себебі кейіпкер аузына жазушы шынайы өмірге қатысты тілдік бірліктерді салады.

Д. Исабеков шығармаларында мол көрініс табатын тілдік бірліктердің бір тобы – салт-дәстүр мен ырым-жоралғыларға байланысты туған рухани-мәдени лексика. Қазақ тілінің рухани және материалдық лексикасын арнайы зерттеген А. Жылқыбаева, Ә. Аймауытова, К. Қайырбаева, К. Күркебаев сынды ғалымдар ұлттық дәстүрлердің астарында символдық сипат жатқанын айтады. Біз де аталмыш лексиканы семантикалық шеңбері кең, прагматикалық әлеуеті зор мәтін құраушы тілдік бірліктер ретінде қарастырып, оның жазушы әңгімелеріндегі қолданысына жіті назар аудардық. Сонымен рухани-мәдени лексиканың Д. Исабеков шығармаларындағы жұмсалу жиілігін мынадай диаграмма түрінде кескіндеуге болады.



2-сурет – Салт-дәстүрге байланысты рухани-мәдени лексиканың қолданыстық жиілігі

Д. Исабеков халықтың кәсібіне, дүниеге көзқарасына, танымына байланысты туған дәстүрлердің символдық сипатын өз шығармаларында шебер ашып көрсете білген. Қазақтың «сүйінші сұрау», «көрімдік беру» сынды дәстүрлері атадан балаға мирас болып келеді. Бұл сөздер әрбір қазақи тәрбие көрген қазақтың тілдік қорында бар. Көркем шығарма тілінде ғана емес, күнделікті тұрмыс-тіршілікте де салт-дәстүрімізге қатысты атаулар коммуникативтік жағдаятқа сай ауыспалы мағынада қолданылып жатады. Жазушы сондай үдерісті де оқиға желісінде кейіпкер сөзінде қолданған: «*Осы кезде оның қалай ұрғанын білмеймін, өткір шапалақ жағымды ду еткізді. Мен бетімді ұстап отырып қалдым. – Басқа біреу болғанда тиісті **сыбағасын** алатын еді, саған ғана жеңіл жаза қолданып отырмын, екінші есіңде болсын, – деді ол темекісінің тұқылын қара қошқыл топыраққа көміп жатып*» [93, 11 б.].

Сыбаға – қазақтың дәстүрінде құрметті қонаққа немесе жақын-жуыққа арнап сақталған кәделі ет мүшелері, тағам. Жазушы *сыбаға* сөзін ауыспалы мағынада қолданып отырып, қазақтың салт-дәстүрден кенде емес екендігін танытқан. Жазушының қай туындысын алып қарасақ та, қарапайым қазақи өмірден алыс кетпеген. Қазақтықты сақтап тұратын осы салт-дәстүрлер екені тағы хақ. Қуанышты хабарды айтуда адресат адресанттан сүйінші, яғни сыйлық сұрайды. Ал «жаңа туған балаға, жас келінге, жаңа туған төлге және тағы басқа алғаш көрген сәтте «көрімдік сұрау» халықтың ежелгі дәстүрі. Мұның маңызы алып-беруде ғана емес, жақын-туыстың адамгершілігін, ниетін, ашыққолдығын да танытудың белгісі ретінде қаралады». Мысалы: «*Көзі ілініп кеткен екен. Әлдекімнің терезені асығыс тақылдатқанынан оянды.*

– Бұ қайсың?

– Әй, Қалампыр, **сүйінші, сүйінші!** – деді сырттағы дауыс. Оның бағанағы Қатира екенін бірден таныды.

– Сүйіншің қойныңда? Не болды?

– Жайбасардың әйелі ұл туды!

– Ой **айналайын-ай-ә!** Аман-есен босанған екен ғой. Ойбай-ау, кірсеңші үйге, нағып тұрсың, есік ілінбеген.

– Жоқ, мен кетейін. Енесі сырқат қой, тез бармасам болмас. Кіндігін кесіп бола салып, сені қуантқалы осылай қарай жүгірдім. Ал, тез киініп келерсің. **Сүйіншімді ұмытпа-ай кемпір.** Кейін, ана Тұрлыбегің үйленгенде **көрімдік етіп қайтарамын»** [93, 37 б.]. Бұл мәтінде салт-дәстүрмен қатар қазақтың тілінде, әсіресе үлкен кісілерден еститін жылы да жұмсақ «айналайын» сөзі кездеседі. Үлкен әжелер мен аталардың тілінде жиі кездесетін бұл сөз кішінің еңсесін көтеріп, алға жетелейтін ерекше күшке ие. Қ. Сәрсембина осы «айналайын» сөзіне қатысты мифтік таным деңгейіндегі мәнін былай түйіндейді: «Айналайын» сөзінің тамыры көне түркі дәуірінен бастау алған. Кәрі кісілер дертке шалдыққан жастарды аман алып қалу үшін өздерін құрбандыққа атап, ауру адамды киіз үйдің ортасына жатқызып, қарт кісі үш рет айналып, есікке келгенде «айналайын» деп дауыстаған екен. Сонымен қатар «сенің жолыңда менің жаным құрбан» немесе «саған келген пәле маған болсын» деген ұғымды да тарихта кездестіруге болады» [114, 32-39 бб.].

Қазақ қоғамындағы сүйінші мен сыбағаға ұқсас рухани-мәдени құндылықтардың бірі – **бәсіре беру** салты да жазушы шығармаларынан тыс қалмайды. *Бәсіре* – шаңырақта ұл бала дүниеге келгенде сүндет тойының алдында ауыл адамдары мен жақын-жұрағаттарының құлын немесе тай атау рәсімі. Бәсіре негізінен жылқы малынан аталғанымен, кейбір ретте қозыны да атайтын болған. Бәсіре малдың басына түскен ауыртпалығы (ауруы, ақсауы, тау-тастан құлауы) арқылы баланың ілгеріде бақытты, бақытсыз боларын жорамалдаған, ырым еткен [117, 611 б.].

«Кемпірлер» әңгімесінде Қалампыр кемпір Сырғакүлдің немересіне *бәсіре* ретінде қой атайды: «*Келінің босанып, немерелі болғанда бұл жатысың қай жатыс, – деді құрдасын көңілдендірмек боп. – Мейлі, не болса да немереңді көрдің. Құтты болсын! Бәсіресіне көгендегі саулығымды атадым»* [93, 37 б.].

Д. Исабеков прозалық шығармаларында осындай ұлттық бояуы басым тілдік бірліктерді жиі пайдалану арқылы оқырманға халықтың рухани-мәдени өмірінен, дүниеге көзқарасынан, қанына сіңген жақсы-жаман қасиеттерінен хабар береді. Мысалы, қазақ халқы – қонақ десе ішкен асын жерге қоятын көпшіл халық. Қонақ күту дәстүрінің келген қонақты қадірлеп, сән-салтанатымен қарсы алу, төрге шығару, оған қой сойып, дастарханнан дәм татқызу, аттанарда ақ пейілін білдіріп, шапан жауып шығарып салу сияқты жазылмаған заңдары бар. Осы салт Д. Исабековтің шығармаларында айқын көрініс тауып отырады: «*Жаңа жекжаттардың алғашқы жүз көрісуінің көңілсіз сәттері артта қалып, бес-он минут өткен соң, қонақтар төрге салынған құрақ көрпеге жайғасып отырды»* («Кемпірлер»). «*Бүгін Молдабай байғұсты ренжітіп алдым-ау, – деді. – Ертең басты соның алдына қояйық. Қанша дегенмен ескі таныс қой».* «*Ертең оның алдына асықты жілік қой. Қырсықтығы болмаса ақ көңілдігі бар өзінің»* («Ақырамаштан наурызға дейін»). Автор бұл жолдар арқылы қазақтың табақ тарту дәстүрін еске түсіреді.

Табақ тарту – қонаққа сыбағалы мүшелер салынған тиесілі табағын ұсыну [118, 312 б.]. Әдетте, бұл дәстүр бойынша басты жасы үлкен, сыйлы, мәртебесі жоғары адамның алдына қояды. Ал *асықты жілік* – жастар табағының ең кәделі жілігі.

Қазақ халқы өз тарихында ислам дінінің қағидаларын ұлттық менталитетке сай берік ұстанғаны, діни ырым-жоралғыларды бұлжытпай орындағаны белгілі. Халықтың осындай діни наным-сенімдерінің бір көрінісі – дүниеден өткен кісіге құран оқытып, құрбандыққа мал шалу дәстүрі.

«Тоқсанбай қарт пен кемпірі тұяқ біткеннен немерелеріне ала сиырды гана қалдырып, өзгесінің бәрін сатып ас берді, құран оқытты, баласының басына Самарқаннан әкеп көк тас орнатты, әйтеуір, қолда барды түгел жұмсады» («Дермене»). *«Әке-шешесінің өлі әруағына құран оқытсам дегені ойына сап ете түсті»;* *«Тым болмаса жұмасына бір рет май тұтатпай кетіппін-ау, өлі әруақтар дәм етіп жүр зой жарықтық... Өзім барып сұрамаушы ем, ертең екі-үш тиесілі кісіге жолығайыншы, малдың басы құралса қан шығарып, құран оқытып жіберейін («Сүйекші»).* *«Өлі жебемей, тірі байымайды»* деген нақылды берік ұстанған қазақ қоғамында мұндай ырым-жоралғыларға ерекше мән берілген, әрі бұлардың бәрі де қайтыс болған адамның артында қалған жақындарына міндет болып саналады. Жалпы Д. Исабеков кейіпкерлерінің дені аузынан «Алласы» түспеген, бес уақыт намазы мен оразасын қаза қылмаған діни сенімге берік жандар болып келеді. Автор олардың мұсылманшылық қасиеттерін арнайы суреттеп, кейіптеп жатпаса да, жазушының олардың аузына салған сөздерінен-ақ бәрі белгілі болып тұрады. Мысалы:

«– Қашан бітеді мына жиналыс?»

– Ертең.

– Қап, намазым қаза болды-ау!...» («Жүз жылдық арман»).

Қазақ табиғатынан баланың арқасынан қағып, кішіге ілтипат көрсеткен. «Үлкенге құрмет, кішіге ізет» мақалы соған дәлел. Оған қоса, қазақтың тілінде көп қолданылатын жақсы көру, еркелету мәнін беретін – жан, -тай жұрнақтары халқымыздың өзіндік сөйлеу стилін көрсететіндей. Мысал келтірер болсақ: *«Кемпірі арба үстіндегі қапшықтарды қолымен басып қалғанда есегіне деп ала шыққанмен желінбей қайтып келген бір бау жоңышқаны ұстай алып, ыршып түсті.*

– Көтек, мынауы несі құдай-ау, Қуатжан қайда?»

– Қуатжан, Қуатжан! «Жан» деп қапты зой маған барып. Қайда болушы еді, қалды сонда. Сені мен мені адам деп жүр дейсің бе олар! Самаурыныңа от сал, таңдайым кеуіп келді» [102, 18 б.]. Бұндай еркелету мәнінде жұмсалатын жұрнақ жалғанған кісі есімдерімен қатар, үлкен ата-әжелеріміз, әке-шешелеріміз, аға-жеңгелеріміз балаларды төрт түліктің төлдерімен, табиғаттың ерекше құбылыстарымен атап жатады. Мәселен: *«Шынымен ұйықтап жатқан шығар деп ұясын көрді, мал қораны қарады. Ізім-қайым. Ол там айналып, үйге қайта кіргелі бұрыла бергенде қара көлеңке бұрышта күшігінің серейіп өліп жатқанын көрді де «әже!» деп айғайлап жіберді. Әжесі далаға атып шығып, немересін көтеріп алды да:*

– Не боп қалды! Далаға жалғыз шықпа дедім зой саған! – деп оның таңдайын басты. – Әже... Сырттан... өліп қапты.

– Әу, **шыбыным**.

– Енді... енді ешқайда кетпейікші-а?

– Мақұл, **күнім**, мақұл. – Әже, – деді сәлден соң тағы да.

– Не **жарығым**?

– Біздің үйге нағып ешкім келмейді?

– Ұйықтай зой, **қарағым**, ұйықтай зой. Кейін бәрі де келеді. Қалампыр таң аппақ атқанша көз ілмеді» [93, 38 б.].

Байқағанымыздай, бұлардың барлығы бірінші жақта айтылып, коммуникацияға жылулық, мейірім сыйлайтындай. Мәтіндегі **қарағым** қаратпасының шығу тарихы жайлы мынадай пікір бар: «Ал ең көп қолданыстағы әрі көне сөздердің бірі «қарағым». Ол «қарашық» сөзімен тарихи жағынан мағыналас. *Көзімнің қарашығы* деген мағынаны білдірсе керек-ті. Махмұд Қашқаридің «Диуани лұғат-ат-түрік» кітабының аудармасында «*Ұлым саған айтайын өсиетін дананың, Білімдіні таны да, соңынан ер, қарағым*» деген сөздерді кездестіруге болады. Соған қарағанда бұл сөздің ерте заманнан қолданып келе жатқанын білуге болады» [119].

Мәтін зерттеуде әрқашан мәтіннен тыс болмыс, мәдениет болатыны жоғарыда айтылды. Ол болмыс пен мәдениетті кейіпкер тілі, баяншы сөзі арқылы аңғаруға болады. Қазақтың өзіндік болмысы мен мәдениетін танытатын тағы бір тілдік бірліктер – туыстық атаулар. Туыстық – тарихи-этникалық ұғым. Оның қалыптасуы мен дамуы белгілі бір этностың өмірімен, тұрмыс-тіршілігімен, мәдениетімен, әдет-ғұрып, салт-санасымен байланысты келеді. Д. Исабеков шығармаларында бұл атаулар өте көп кездеседі. Мәселен: «*Есік алдындағы үлкен шайла астында үш-төрт немересі пырылдап ұйықтап жатыр. Кең төсекте аунай-аунай әрқайсысы әр тұсқа шашылып қапты. Анау, басы төсектің аяқ жағына қарап қалғаны – үлкен баласы Жарылқаптың ортаншы ұлы, ала мысықты құшақтап ұйықтап жатқаны – Мүсіркептің кенже қызы, ал бергі шетте, жастығын аяғына жастап жатқаны – Ордабасыдағы жиен қыз. Үлкені алтыда, ең кішісі екіде, бұлардың арасында Арыстағы Есіркептің ғана баласы жоқ. Көктемде барып кішкентайларын алып қайтпақ болғанда баласы: «Әлі тым жас қой көке, сәл буыны қатайсын, сонан соң өзім апарып тастаймын» деп күмілжіген. **Келін** де пәлендей ниет білдіре қоймады. Шөмішбай қарт ызаға булығып, күйіп қайтты. «Ойбай-ау, бұ жамандарға бала не керек. Өздерінің жүрісі анау, аттың жемін жеп, тайдың тірлігін істейді. Күні бойы екеуі екі жақта. Сөйтіп жүріп балаларын қимайтынын қайтерсің! О, жамандар, күшіктер, кеше ғана еді зой мұрындарыңның тыйылғаны, бүгін кеп бала керек боп қапты!..» [93, 15 б.].*

Халқымыз ұлдан туған баланы *немере* десе, қыздан туғанды *жиен* дейтінін жазушы шығармаларынан да көруге болады. Туыстық қарым-қатынасты білдіретін *келін*, *құда*, *жегжат*, *абысын* және т.б. атаулар жазушы шығармаларында жиі кездеседі. Нақтылай түссек: «*Осы оқиға аздап ескіріп, әке-шешенің қайғысы серпіле бастаған шақта үлкен бесінмен таласып, үш*

құда сау ете қалды. Қарекең бір баласы екеу болып, әйтеуір бір жат үйге **бас құда** болып табалдырық аттайтын ең бақытты, ең қуанышты кезеңді қалай қарсы аларын көз алдына анық елестете алмаушы еді. Ал дәл қазір, көліктен түсіп, үлкен бастырманың алдындағы қазыққа ат байлап жатқанда үйден өзінің **ет құдасы** бой көрсетіп сәлем бере шықпағанына іштей налып қалды» [93, 28 б.]. Күйеу мен қалыңдықтың аталары немесе әкелері бір-біріне құда болып саналады. Сол құдалардың бірнеше түрі бар. Қазақта *бел құда, құрсақ құда, бас құда, жанама құда* деген түрлері кездесіп жатады. Ал Д. Исабековтің «Шалдар» әңгімесінде **ет құда** деген түрі де бар. Біздіңше, бұл бәрінен жақын, бауырындай болған құда. Қазақта «бауырым – бауыр етім» деген сөз бар ғой. Соғай орай жасалған күрделі тіркес деген болжам жасауға болады.

Д. Исабеков туындыларында жиі кездесетін туыстық қатынастың бір түрі – *бәйбіше мен тоқал*. *Бәйбіше* – бірнеше әйел алған ер адамның бірінші әйелі. Ал қалған әйелдері ретіне қарай *үлкен тоқал, кіші тоқал*, сондай-ақ *кішілік* деп аталады. Қазақ дәстүрінде көп әйел алмаған ер адамның әйелі дана, елге сыйлы, ағайын-жұрт арасына сөзін жүргізе алатын болса, егде тартқан шағында оны да *бәйбіше* деп атай береді [117, 602 б.]. Қазақ қоғамында бұл қатынас отбасылық татулықты, береке мен бірлікті сақтап, ел алдында абыройлы жанұя атануда, бала-шағаның азамат болып өсіп-өнуіне үлкен әсерін тигізетін маңызды мәселенің бірі. Д. Исабеков шығармаларында бәйбіше мен тоқал арасындағы қарым-қатынас егжей-тегжейлі баяндалып, ашық суреттелмесе де, жалпы қазақ отбасында көп әйел алушылықтың жиі кездесетінін байқатады. Мұндай жұбайлық қатынас әсіресе дәулетті, қолында билігі бар ауылнай, болыстардың отбасындағы қалыпты жағдай екенін көреміз. Тоқалдың отбасындағы рөлі бәйбішеге қарағанда төмен болған. Мәселен, «Тіршілік» повесіндегі Қыжымкүл – Дәулетбай байдың тоқалынан туған қызы. Дәулетбай оны жастығы мен көркіне қызығып алған болатын. «*Құдд-ай-ай, құддай-ай, сорлы басым-ай!*» деп Дәулетбайдың **бәйбішеден** кейін ажарына қызығып жуан алған **тоқалы** шарасыз халде күйіне жылап жіберді», «*Қайтыс болған тоқалы өзіне қамшының сабындай да құны болмаса да, біреуге – мына жатқан қызына ана екен-ау!*».

Жалпы қазақ тілінде туыстық қатынасты білдіретін ұғымдар өте көп екені белгілі. Бұл – халықтың көпшіл мінезімен, ішкі ұлттық сипаттарымен өлшенетін баға жетпес құндылық. Терминолог-ғалым Б. Қалиұлы қазақ тілінде «туыс» концептісінің этномәдени мәнін және оған қатысты тілдік бірліктерді жинақтай келе, бұл ұғымның ауқымдылығын былай түсіндіреді: «Туыстық ұғым орыс халқында 5-6 ұрпақты ғана қамтыса, қазақ халқында ол 10-12 (15) ұрпақты қамтиды. Қазақ халқында бар «нағашы жұрт» ұғымы орыс халқында жоқ. Сондай-ақ, қазақ салты бойынша келін күйеуінің туыстарын аты-жөнімен атамай, оларды «ұзын қайнаға», «сері қайным», «сылқым қайың сіңлім» деп тергеуінен де ұлттық мәдениеттің белгісі көрінеді [112, 166 б.]. Автордың 15 ұрпақ деп отырғаны мыналар: 1. Баба, 2. Ата, 3. Әке, 4. Бала, 5. Ұл-қыз, 6. Немере, 7. Шөбере, 8. Шөпшек, 9. Немене, 10. Туажат, 11. Жегжат, 12. Зәузат, 13. Жұрағат, 14. Жамағат.

Адам өмірінде жақындығы туған-туыстан асып түсетін, жүректің сырын білетін дос болатыны белгілі. Автор шығармаларында *үзеңгі дос* тіркесін қолданып, достың образын одан ары аша түскен. Мысалы: «Қарекеннің өзі дйттеп жүрген көрші ауылда бір қыз болатын. Оның әкесімен де әмпей-жәмпей еді. *«Құдай қос көрсе, жекжат боламыз түбі»* деп ішіне түйіп жүрген... Сөйтіп, арада бір апта өткен соң Ерғабылдың үйлену тойы болды. Бұл қуанышына Қарекен көрші ауылдағы түбі *жекжат* болармын деп жауап түйген *үзеңгі досы Шерәліні* де шақырды. Бірақ ол жіберген шақыру қағазын нақ той болатын күні бара алмаймын деп қайтарыпты» [93, 25 б.].

Жалпы қазақтың салт-дәстүрге бай халық екенін тілде сақталған көптеген этномәдени атаулар көрсетеді. Мысалы, ата-ана баласы 5-6 жасқа толған кезде атқа мінгізеді. «Бұл – *қозы жаю* сияқты т.б. ұсақ шаруашылыққа қолқабыс ете бастауын айқындайтын тіршілік цикліне байланысты атқарылатын ғұрыптардың бірі. Ата-ана үшін жеткіншегінің жетілуі, әр кезеңі – жаңаша қуаныш, келер күннің жақсы үміті. Баланы атқа мінгізетін күні ауыл адамдары түгел жиналады. Атқа мінгізу жоралғысы бала 5-6 жасқа келгенде жасалады. Аттың жал-құйрығына, бастан-аяқ жаңа киім киген баланың баскиіміне, шапанына арқасына шоқтап үкі тағылады. *Үкі* – қазақ ұғымында «зиянды күштердің залалын қағатын құс». Балаға арнайы дайындаған ашамай ер атқа ерттеледі» [120]. Соған қарағанда сол жастан бастап серігіне айналған досты *үзеңгі дос* деп атауы ықтимал.

Қазақ дүниетанымында ер жігіттің өмірімен байланысты жүйеленген жеті қазынасы бар. Оларға *жүйрік атты, қыран бүркітті, құмай тазыны, берен мылтықты, қанды ауыз қақпанды, майланғыш ауды, өткір кездікті* жатқызады. Солардың қатарына адамға ең жақыны, досы болып кеткен итті ерекше атауға болады. Осы жеті қазынаның бірі итті Д. Исабеков те шығармасына арқау еткен. Жазушы «Қабылан» атты әңгімесінде нағыз малды қасқырдан қорғайтын, иесіне адал ит бейнесін оқырманға ұсынған. Мысалы: «– *Шын досыңның қимасын сұрама»* деген емес пе, Беріш. Өзге нәрсемнің қайсысына қолқа салсаң да қой демес ем. Мына қалауың қиын тиіп отыр. *«Достың көңілі бір атым насыбайдан қалады»* дейді, бірақ бір қалауымды жерге тастады деп сен өкпелеме. Құдай о баста итті де адамның ырыс-құтымен бірге жаратқан деседі. Демек, оның да несібесі иесімен бірге, осы үйдің бір мүшесі сияқты зой. Бере алмаймын, оған ренжіме» [93, 46 б.]. Жазушы Қабылан атты итті суреттеуде сағыныш, қуаныш, мұңаю сынды сезімдердің барлығын кейіпкер тілі арқылы оқырманға жеткізген. *«Шын досыңның қимасын сұрама»* деген сөйлем арқылы итті қимасына теңесе, *«Жақсы ит өлігін көрсетпейді»* деп оның жақсылығын танытып тұр. «Ит» ұғымы қазақ үшін адалдықтың, достықтың, сенімнің нышаны іспетті. Сол себепті оқырманның ішкі дүниесі бұл әңгіменің негізгі идеясын жоғары деңгейде қабылдайтыны анық.

Қазақтың тағы бір жүректі жылытар қасиеті – *жетімді жылатпау*. Халқымыз жетім көрсе басынан сипап, жандарына медеу болған. Басынан өткізген сан түрлі қиындықтың нәтижесінде жетімдер саны көбейіп, күйзелген халқымыз «Жетім көрсең, жебей жүр, Жесір көрсең, демей жүр», «Әкесіз жетім

– жарты жетім, Анасыз жетім – нағыз жетім» деген. Бұл ауыр тақырып жазушы Д. Исабеков шығармасынан да көрініс тапқан. Жалпы жұртшылыққа қатал көрінген Шойынқұлақ Олжабектің анасыз өскенін естіп, оған деген көңілін өзгертті. «– *Менің анам жоқ, – дедім төмен қарап. Олжабек үлкен қой көздерін маған бір тастады да, орынсыз берген сұрағына ыңғайсызданып қалды. – Қой, қайғырма, – деді ол біраз үнсіздіктен соң маған көңіл айтқан болып. – Мен де анамнан дәл сендей кезде ажырағанмын*» [93, 4 б.]. Тағдырдың түрлі қиындығы салдарынан әкесіз, анасыз қалған балаға қазақ халқы ерекше ілтипатпен, мейіріммен қараған ғой. Қазақтың бұл қасиетін де жазушы тыста қалдырмай, оқырманның жұмсақ көңіліне жеткізуді мақсат еткен. Жазушы шығармаларындағы әрбір оқырманның жүрегін селт еткізетін мұндай сәттердің коммуникативтік, прагматикалық ықпалы анық [114, 38 б.].

Кез келген көркем туындының мазмұнында белгілі бір мөлшерде сол халықтың мәдениеті мен тарихынан хабар беретін ақпараттар тасқыны болады. Біз жоғарыда Д. Исабеков шығармаларында кездесетін рухани құндылықтарға шолу жасау арқылы тіл мен мәдениеттің біртұтастығына одан әрі көз жеткізе түстік. Халықтың рухани болмысы мен арман-қиялының, ой-өрісінің нәтижесінде күнделікті тұрмыс қажеттілігін өтейтін әр түрлі заттық (материалдық) мәдениет үлгілері дүниеге келгені белгілі. Біз зерттеп отырған Д. Исабеков шығармаларында қолданылған материалдық мәдениет лексикасы да көркем шығарманың ұлттық колоритін қалыңдата түседі. Ол қандай тақырыпта ой қозғаса да, ешқашан қазақы танымнан, қазақы болмыстан, ұлттық құндылықтардан алыстап кетпейді. Жазушы төл лексиканың ішінен көне киім-кешек, құрал-жабдық, сауыт-сайман, ыдыс-аяқ, әшекей бұйым, ас-тағам, т.б. атауларын, яғни тұрмыстық реалияларды еркін қолданады. Мәселен, киім-кешек атаулары: *кебіс, жібек шапан, сырма шапан, шекпен, кимешек, ит көйлек, шәлі орамал, жібек көйлек, бөрік, сәукеле, жаулық, мәсі, барқыт беишент, қасқыр ішік*, т.б. Мысалы: «*Ана кіші келінім, – дейді төрде отырған кимешекті кемпір дауысын кілт төмендетіп*», «*Аяқ астында бұдан өзгенің реті келмеді, – деп оның басына шәлі орамал жауып, қолына сусылдаған тігулі жібек көйлек ұстатты*». «*Қалампыр Жайбасардың үйіне келгенде жиналған жұрт нәрестеге ит көйлек кигізіп те қойыпты*» («Кемпірлер»). Екі шал иығына *барқыт беишент* жамылып, күні бойы әзіл-күлкіден оқ бойы алыс отырған Таңатарға сұраулы пішінде көз тастады («Тіршілік»). Осы бір кішігірім шаһарға ол қашан келді, қайдан келді – оны да сұрап-біліп жатқан бір жан жоқ, бар білетіндері – жалаңаш денесіне киген *түйе жүн шекпені* қысы-жазы үстінен бір түспейтін қушиған молашы шал. Торғайдың шоқығанындай тістеп-тырнақтап жиналған ақша тер сіңген *орамалға түйіліп, шидем-шекпеннің* қалтасына түседі. Мына *кебісті* сен кие ғой, – деді ескі-құсқыны сатып, күйеуіме деп алдын күні Сайрам базарынан алған *кебісті Тұңғышқа ұстатып* («Сүйекші»). Аталған киім-кешек атауларының бәрі де ұлтымыздың эстетикалық талғамы мен өмір сүру салтының айнасы іспеттес. Сонымен бірге мұндай атаулар кейіпкердің әлеуметтік жағдайын, жасын, жынысын, тіпті өмір сүру аймағын да аңғартады. Айталық, Д. Исабеков шығармаларында *кимешекті кемпір* тіркесі жиі ұшырасады. «Кимешек –

жасамыс (егде) әйелдер киетін бас киім. Ол өн бойы көкіректі жауып тұратын тұтас ақ матадан тігіледі, бұл ақ түс әже болудың белгісі. Автордың бұл эпитетті қолданудағы негізгі мақсаты «кемпірдің» тұлғасын нақтылау ғана емес, сонымен бірге ешқашан бас киімсіз жүрмейтін қазақ әйелінің көркем бейнесін сомдау, тазалығын, ұқыптылығын көрсету. Яғни автор танымында *кимешек* – әйел бойындағы даналықты, тазалықты танытатын негізгі белгі. Қазақ тілінің материалдық лексикасын жан-жақты зерттеген профессор Ж. Манкеева киім-кешек атауларының түрлі ерекшеліктерін ескере отырып, оларды бірнеше топқа жіктейді: 1) Сырт киім атаулар: *шекпен, шапан, тон, ішік, күпі, қаптама*. 2) Үстінен киетін киім атаулары: *бешпент, камзол, көйлек, шалбар*, т.б. 3) Іш киім атаулары: *дамбал, жейді, ішкөйлек*; 4) Бас киім атаулары: *салы//шәлі, орамал, бөрік, қарқара, кимешек, күләпара, желек, жаулық, сәукеле, айырқалпақ, тамық, тақия, шаршы*, т.б. 5) Әскери киім атаулары: *құяқ, қаттау, жарғақ шалбар, жалаңқат, аймауыт*, т.б. 6) Аяқ киім атаулары: *саптама, мәсі, кебіс, етік, байпақ, шарық*, т.б. 7) Киімнің құрамдас қосымша бөліктерінің атаулары: *белдік, белбеу, білезік, жүзік, кісе, моншақ, сақина, сырға, түйме, шашбау, шолпы*, т.б.

Жоғарыдағы мысалдағы «иткөйлек» – ұлттық салт-дәстүрдің нәтижесінде туындаған атау. *Иткөйлек* – дүние есігін енді ашқан жас нәресте қырқынан шыққанша киетін, сәбидің денесіне батпау үшін тігісі әдейі сыртына қаратылып тігілген көйлек. Бала қырқынан шығарылар күні осы уақытқа дейін киген иткөйлегіне түрлі тәтті-дәмділер түйеді де, бір иттің мойнына байлап жібереді. Оны ауыл балалары қуып жетіп, иткөйлекке түйілген тәттілерді бөліп алады да, иткөйлекті иесіне қайта тапсырады. Бұл ғұрып «ит қуу» деп те аталады, мәні сәбидің пәле-жаласын қырық жаны бар хайуан – ит өзімен бірге алып кетеді деп сенген. Балаға иттің жүйрік, ақылы озық, алғыр қасиеттері дариды, сәби күшікше бауырын тез көтеріп, жаны берік, «итжанды» болады деп те ырымдайды. Қазақта итжанды деген сөз оның беріктігі мен төзімділігін білдірген. Иткөйлекті баласы жоқ келіншектер ырым ретінде алатын да дәстүр бар. Көйлекті берген кезде ырымдап, бір шетінен кішкене кесіп алады. Иткөйлекті қазақ халқы қастерлейді. Кейбір ауыл оны сақтап қойып, келесі балаларына да кигізеді. Ертеде де дауға барған адамдар, жауға шапқан батырлар, жауынгерлер, сапарға шыққан адамдар баланың иткөйлегін сақтап, өзімен бірге алып жүрсе, пәле-жаладан сақтап, жолаушының жолын ашады, баланың періштесі қағып, аман-есен сапардан алып келеді деп сенген [120].

Тұрмыстық реалиялардың бір тобын ұлттық тағам атаулары құрайды. Д. Исабеков шығармаларында кейіпкердің қонақжайлығы, дархан көңілі, кеңпейілділігі оның мол дастарқаны, дәстүрлі сусын және тағам атаулары арқылы көрінеді. Жазушы шығармаларында кездесетін тағам атаулары: сүт тағамдары: *қымыз, боза, айран, көже, қаймақ, құрт, ірімшік, уыз, малта*, т.б.; нан тағамдары: *бауырсақ, шелпек, тоқаш, жарма, күлше*, т.б.; ет тағамдары: *қазы, сорпа, тұздық, сүр*, т.б. Шығармада кейде кейіпкерлердің әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын, яғни оның бай-қуатты өмір сүретінін немесе бір үзім нанға зар болып отырған тақыр кедей екенін білдіру қызметін дәл осы тағам атаулары атқарады. Мысалы:

– Ал, **бозаң** бар ма?

– *Мырзалар-ау, менде боза қайдан болсын. Қазір серігім айран әкелер.*

– **Айран?** Ах-ха-ха-ха! Айран дейді! («Сүйекші»).

Повестен алынған үзіндіде қарапайым құдық қазушы жігіт пен бай балаларының арасындағы әңгіме көрініс тапқан. Оқырман бұл диалогтан боза сұрап тұрғандардың бай баласы екенін, ал оның жоқтығын, айран ғана бере алатындығын айтқан адамның қарапайым шаруа адамы екенін түсінеді. Себебі автор әр тілдік бірлікті орнымен жұмсай білген. *Боза* – тары, бидай сияқты дәнді дақылдар қосылып ашытылған сусын болса, ал *айран* – қой, сиыр сүтінің ұйытылған түрі. Ол заманда күнін әрең көріп отырған қара қазақтың үйінен көже мен айран табылса да, қымыз, боза сияқты сусындарды көбіне-көп қолында мыңғырған малы бар бай-дөкейлер ішкен болуы керек. Кей деректерде бозаны ішімдіктің бір түрі деп те береді. Жазушы танымында боза – байлыққа мас болып, есірген бай балаларының немесе желпінген жас жігіттердің ішетін сусыны:

– *Жігіттерге боза құйыңдар, – деді заманға өкпелі шал осы үйдің қожасындай өктем үнмен.*

Үш түн көрген салқын бозаға толы тостақ ішем деушілерді екі-үш қайтара аралап шыққанда жігіттер аяқтарын көсіліп, желпініп қалды. Жұртқа боза құйып, өзі қазан үсті ожаумен ішіп отырған манагы жігіт әп-сәттің ішінде қайта еліріп шыға келді («Тіршілік»).

Ұлттық сусындардың әлеуметтік мәні туралы Г. Мұратова Абай поэзиясындағы «қымыз» концептісінің автор танымындағы бейнесін былайша саралайды: «*Қымыз* – әлеуметтік жіктелістің символы: 1) Қымыз – байлық, өйткені қолында қымызы бар мен қымызы жоқтар қоғамдағы таптық бөлініске негіз болады. Қымызы бар қымызы жоқты өзіне тәуелді етеді. Автордың айтпағы – осы: «Бір жілік пен бір аяқ қымыз берген

Дереу сені жұмсайды бір жұмысқа».

2) Қымыз – байлықтың бағасын арттырушы құрал.

«Осы қымыз қазаққа

Мақтаның ба, асың ба?

Мақтанға бола жиям деп,

Жылқы үшін жұртқа бас ұрма» [121, 36 б.].

Қазақ қолында болса ас та төк молшылықтан, кең дастарқанынан ешқашан айныған емес, ал ел басына күн тауып, аумалы-төкпелі заман болған кездердің қиыншылығы да сол үйдің дастарқанынан көрінеді. *Бұрын, ел тоқшылық кезде лажы болса ақша, яки бүтін киім сұрап, құрт-май, нан-нан бергендерді жақтырмай батасының жартысын жұтып, бетін сипап кете беретін масайған диуаналар енді бір тостақ арпа беретін үйге бар білетін батасын қақтап бір айтатынды шығарды. Шие ттей балалар әуелгіде екі диуанадан қорқып үрпийскенімен ала қоржынның іші күлие-құртқа, өрік-жаңғаққа толы екенін, диуана деген аты болмаса олардың да өздері көріп жүрген адамдардай екенін біліп бірте-бірте бойлары үйрене бастады.*

Көркем шығармада жиі кездесетін реалиялардың бір түрі – тұрмыстық зат, құрал-сайман, ыдыс-аяқ атаулары. Жазушы үшін мұндай реалиялар кейіпкердің

тұрмысын, үй-жайын, мекенін, әлеуметтік жағдайын сипаттағанда, поэтикалық бейнелі тіркес жасауда ұтымды қолданылатын таптырмас құралдар. Олар: *самаурын, құман, тостақ, ожау, қазан, қамшы, балта, ошақ, жерошақ, мор ошақ, киіз, алаша, көрпе, жастық, кесе, табақ, жүк аяқ*, т.б. Д. Исабеков шығармаларында бұл атаулар үнемі эпитеттермен тіркесіп қолданылады. Мысалы: *сары самаурын, зерен тостақ, жез құман, кәрі құман, жез сапты қамшы, ағаш табақ*, т.б. Мысалы: *Атты кісі жез сапты қамшысымен беткей жақты көрсетті; Есік жанындағы мор ошақтың күлі әлі шығарылмапты. Үйдегі бар дүние – бір киіз, бір алаша, бір көрпе, бір жастық. Жерошақтағы қазан қақпағының үстінде жұмыртқаның уызымен жамалған сынық кесе, кәрі құман, ағаш қасық, ағаш табақ тұр («Сүйекші»).* Кемпірі желінді ешкінің бір сауым сүті мол сиятын зерен тостақты лып еткізіп шалының созылған қолына ұстата қойды. Киевтан табақтағы көкнәрді тостаққа шүпілдете құйып, түбіндегі тұнбасын қалтаға сарқыды да, кеудесін көтеріп суға сүңгітін адамдай терең дем алды... Үй іші тіріліп сала берді. Оң жақ қабырғадағы жинаулы жүк, босаға жанындағы ілулі киім, тызылдап жанып тұрған ондық шам, жаюлы дастарқан, сары самаурын жанында төбесі кемпіректен асар-аспас боп отырған шүйкедей қара кемпір – бәрі-бәрі де жанарына енді ілікті («Тіршілік»).

Осы жолдардан автордың мәтіннен тыс болмысы, мәдениеті халық мәдениетімен астасып, біте қайнасып жатқандығын көреміз. Осыншама ұлттық құндылықтарды шашау шығармай, артық кетпей, дәл, нақты суреттеп, бір сөйлемнің бойына сыйдырып бере білу, әрине, шеберлік. Бұл тұста автор көнерген сөздерді де орынды қолдана білген. Жоғарыдағы мысалдағы «кемпірек» сөзі қазіргі күн тұрғысынан қарағанда түсініксіз, мағынасы көмескіленген атаулардың қатарына жатады. Қазақ әдеби тілінің сөздігінде бұл сөзге мынадай анықтама берілген: «Кемпірек – шай демдеген шәйнекті қою үшін самаурынның оттығына кигізетін бөлігі» [122, 592 б.].

Қазақ десе алдымен сайын дала, киіз үй, киіз үйдің ішіндегі сары самаурын, қара қазан, жез құман, зерен тостақ елестейді. Бір қарағанда қарапайым зат атаулары болғанымен, шығарманың эстетикалық құндылығын, ұлттық бояуын, нақышын келтіріп, оқырманды өзіне еріксіз тартып тұрған да – осындай мәдени тілдік бірліктер. Мұның барлығы да жазушының танымдық-мәдени тезаурусын құрайды.

Мәтінде кездесетін семантикасында ұлттық компонент қамтылған лексикалық бірліктердің толық түсінілмеуі немесе жартылай танылып, түйсінілуі мынадай бірқатар факторлармен байланысты деп ойлаймыз: оқырман мен көркем мәтін авторының мәдени қорларының арасындағы едәуір айырмашылық, екеуінің көлем жағынан тең келмеуі, адам жадының шектеулілігі, білім қорының әр түрлілігі т.б.

Демек, жеке тілдік тұлғаның шығармашылығы арқылы оқырман тұтас бір ұлттың өмірі, мәдениеті, тұрмыс-тіршілігі мен дүниетанымынан, өткен тарихынан хабардар болады. Қорыта келгенде *автор – мәтін – оқырман* арасындағы байланысты зерттеуде мәтіннің артында тұрған болмыстан, халықтық таным мен қазақи мәдениеттен тыс ешқандай нәтиже шығаруға,

жаңалық ашуға болмайтыны байқалады. Демек, әрбір «мәтіннің семантикалық кеңістігі – ұлттық дүниетанымның көрінісі. Кез келген көркем шығармада автордың дүниетанымы мен ішкі болмысы көрінеді деген уәжді мойындасақ, онда, әрине, мәтіннің де ішкі мәндік құрылымындағы менталдықты жоққа шығармаймыз. Мәтіннің семантикалық кеңістігінде ұлттық білім мен білік жинақталған, оның мазмұнындағы менталдық кеңістікті өзіндік ерекшелігі ретінде бағалау қажет. Жалпы адамзаттық мәселені көтеру – мәтіннің мәнін анықтаса, ұлттық негіз бен ұлттық болмысты таныту мазмұнда көрініс табады» [64, 251 б.] деген ғалым А.Салқынбайдың мәтінтанудағы пікірі айтар ойымызды толығымен аша түскендей. Мәтін түзуші автордың сан салалы қиялына, ұлттық дүниетанымына шек жоқ. Десек те, оны қабылдаушы оқырманның да дүниетанымы, білімі, мәдениеті соған сай болғаны абзал. Себебі автор мен оқырман арасында сәтті диалогтің болуы үшін автор оқырманның тілдік білімімен, ұлттық танымымен, жалпы өмірге, әлемге деген түсінігімен санасқан жағдайда шығарманың мәтіні шынайылыққа ие болады.

2-ші тарау бойынша қорытынды

Тіл ғылымы адамдар арасындағы қарым-қатынас кезіндегі тілдік қатынастың сөйлеу үдерісін жан-жақты зерттейтін *прагматлингвистика* деген саланы бөліп шығарды. Бұл арадағы *прагматика* – гректің *πράγμα* («ілік септігі») және *πράγματος* («әрекет») деген сөздерінен құралған термин. Прагматикалық аспектіде барлығы санадағы оймен, мидағы астарланған кодпен байланысты. Ой көптеген ғылым саласына қатысты болса, ал, код – ұлтқа, тілге, ділге тікелей қатысты құрылымдалатын ұғым. Мәселен, тек қазақ халқына тән – өзінің тарихы, салт-дәстүрі, санасы, ділі, тілдік ерекшеліктері тілімізде сақталып, қазақтың болмысын танытады. Тіл арқылы адамның сөйлеу әдебін зерттеу арқылы ұлтының ділін, діни көзқарасын, салт-санасын, ұлттық мәдениетін аңғара аламыз. Сол себепті де, адресат тілі, адресат пен адресант арасындағы байланыс соңғы кездері тіл зерттеушілерін ерекше қызықтырып келеді. Осы кезге дейін дәстүрлі лингвистикада тілдің құрылымдық сипатын зерттеген ғалымдар қазіргі таңда сөзге жан беретін адам қызметі екенін түсініп, антропоэлектік сипаттағы зерттеулерге баса назар аударып жүр.

Көркем шығармалар тілін зерттеу бүгінгі күннің көптеген сұрақтарына жауап бере алады. Туындыдағы кейіпкер тілін, онда кездесетін көркемдеуіш құралдардың және ұлттық танымды көрсететін мақал-мәтелдердің қолданысы, салт-дәстүрді дәріптейтін атаулар мен ұғымдардың, өзге авторларда кездеспейтін окказионалды сөздердің жұмсалымы арқылы жазушы стилін анықтауға болады. *Автор мен кейіпкер, автор мен оқырман* арасындағы байланыс үзілмеуі – шарттылық. Үш тағанның ажырамас байланысы – сәтті жазылған көркем шығарма болады. Ал, кез келген шығарманың ең негізгі бөлшегі – *автор*. Көркем мәтіннің негізгі қазығы – *автор, автор тұлғасы*. Сондықтан *автор – кейіпкер – оқырман* ұштағаны негізінде ғана көркем туынды адресатқа жетіп, антропоэлектік сипаттағы коммуникативтік қызмет атқарады. Ал көркем шығарманың көркемдігін арттырып, автордың асқан шеберлігін танытатын, ерекше стилін көрсететін – тілдің көркемдеуіш

құралдары. Тілдің көркемдеуіш құралдары көбіне көркем әдебиет стилінде қолданылады. Д. Исабековтің шығармаларымен таныса келе, автордың көркемдеуіш құралдарды ұтымды да, дөп қолдану арқылы шығарма тілін ерекше қызықты да, дара етуін көреміз. Қазіргі кезде көркем мәтінді зерделеуде автордың шеберлігі мен оқырманның қабылдауы арасындағы байланыс жөнінде көптеген зерттеулер жүргізілуде. Автор өз туындысын оқырманға бағыттап жазады. Автордың ойы, тілегі жүйеленіп оқырманға жетемін дегенше бірнеше сатыдан өтеді. Демек, *автор* мен *мәтін* – ажырамас ұғымдар, себебі мәтін – автордың кемел идеясының нәтижесі. *Автор – мәтін – оқырман* арасындағы байланысты зерттеуде мәтіннің артында тұрған болмыстан, халықтық таным мен қазақи мәдениеттен тыс ешқандай нәтиже шығаруға, жаңалық ашуға болмайтыны байқалады. Яғни әрбір мәтіннің семантикалық кеңістігі – ұлттық дүниетанымның көрінісі.

3 КӨРКЕМДІК ЖҮЙЕНІҢ КОММУНИКАТИВТІК СИПАТЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ НЕГІЗДЕРІ

3.1 Жазушының көркем әлемін құрудағы автор – кейіпкер – оқырман үштағанының коммуникативтік қызметі

Атаның қанымен, ананың сүтімен дарыған ұлттық мәдениетімізді, ұлттық тәрбиемен қалыптасқан болмыс-бітімімізді, жылдар бойы жаңқалап, оқып-түйіп дамытқан танымымызды, өмірлік тәжірибемен жүйеленген аялық білімімізді тек тілдік білім арқылы көркем туындының тақырыбы мен идеясын ашуда қолдана аламыз. Сайып келгенде, *ұлттық сана, ұлттық таным, ұлттық мәдениет* деп отырғандарымыздың барлығы білімге бағынады. Себебі білім арқылы ғана бұл ұғымдар жандана түседі. Автордың тілдік білімі негізінде көркем мәтін көркем болады, ал ұлттық таным мен мәдениет арқылы терең мазмұнды болады. Ал оларды көркем шығармада айшықтап бейнелейтін – тілдің көптеген көркемдеуіш құралдары. «Тілдің көркемдеуіш құралдары көбіне көркем әдебиет стилінде қолданылады. Тілдегі көркемдеуіш құралдар қатарына теңеу мен эпитет, айшықтау және құбылтудың түрлері кіреді. Солардың ішінде актив қолданысқа ие болғаны – теңеу мен эпитет. Айшықтаудың түрлері шендестіру, қайталау, параллелизм, риторикалық сұрақ-жауап, дауыс ырғағы болса, ал ауыстыру, кейіптеу, пернелеу, алмастыру, синекдоха, гипербола, литота, ирония, сарказм, перифраздар құбылту қатарына жатады» [123, 95 б.]. Жазушының шығармаларында ең көп қолданылатын көркемдеуіш құралдары – теңеу мен эпитет.

1-кесте – Д. Исабеков шығармаларында қолданылатын көркемдеуіш құралдары үлгілері

ТЕҢЕУ	ЭПИТЕТ
жабайы адамдарша	ақ шыным
бәрін бес саусағындай білу	ақ ниет
алақандай ауыл	дәмді әңгіме
кеңірдегі кетпендей	қоңыр үн
жылан сорып жатқан құрбақадай және т.б.	ақ көңіл және т.б.

Д. Исабеков шығармаларында теңеу мен эпитеттің ерекше талғаммен, қазақи таныммен таралған түрлерін көруге болады. Теңеу мен эпитет көркем шығармада стилистикалық қызмет атқарады. Жазушы бір жағынан бұл амалдарды үнемдеу тәсілі арқылы өз ойын жеткізсе, екінші жағынан астарлап сөйлеу арқылы өзіндік тапқырлығы мен сөздік қорының молдығын оқырманға танытады. Сонымен қатар айшықтау амалының шендестіру, қайталау, параллелизм сынды түрлерін жазушы шығармаларынан көруге болады.

Д. Исабеков айшықтаудың бұл түрлерін (шендестіру, қайталау, параллелизм) қолданып, ішкі сезімін жеткізуде тіркескен сөздеріне екпін түсіру немесе қарама-қарсы қою арқылы оқырманның назарын баурап алу мақсатында

жұмсаған. Жазушы сезімін жеткізуде осындай шешімге бармаса, сөздерінің ешқандай экспрессиясы болмасы анық.

2-кесте – Д.Исабеков шығармаларында қолданылатын айшықтау амалдары үлгілері

ШЕНДЕСТІРУ	ҚАЙТАЛАУ	ПАРАЛЛЕЛИЗМ
Ашу алдында, ақыл соңында,	Көнбегенде елің жаман, жұртың жаман, я болмаса ұлың жаман деп көнбей отырған жоқпын.	Атам өлсе қойылар, Атан өлсе сойылар.
Ертесіне де ойламады, өйткені ойланатындай ештеңе де өзгермеді: сол ауыл, сол адамдар, сол үй, сол жүн, сол тіршілік, сол күлкі, сол мұң.	<i>Неткен сұлулық!</i> <i>Неткен тәкаппарлық!</i> <i>Неткен нәзіктік!</i>	

Сол сияқты, автордың тілдік қолданысында жиі кездесетін құбылту амалдарынан кейіштеу, ауыстыру, алмастыру, гипербола сынды түрлерін де көрсетуге болады:

3-кесте – Д.Исабеков шығармаларында қолданылатын құбылту амалдары үлгілері

КЕЙШТЕУ	АУЫСТЫРУ	АЛМАСТЫРУ	ГИПЕРБОЛА
Кеудесіне кеп қонақтап жатқан ұлпа сезім шудалары	Е-е, бұл далада бәрі бар, Тәнейжан! Тек көре білу керек. Тыңдай білу керек. Сүйе білу керек. Сонда барлық құпияның сыры ашылады.	Ауыл түгел ұйқыда.	Жүрегім кеудеме сыймай.
Жағалауды толқыны баяу соғып	Іздеген жетер мұратқа.	Сарт санасымен байиды.	Жүрек жұтқан әйел.
Қайғының кара түтіні кеуденді қар жарып	Қалайсың-ей, иттің баласы?		Қалауын тапсаң қар жанады.

Жазушы шығармаларында көркемдеуіш құралдар саны өте көп. Бұл тарауға тек бірнешеуі берілген. Келесі бөлімдерде олар жеке-дара талданатын болады.

Автордың көркем мәтіндерін талдау барысында оның ең алдымен өз ұлтының, халқының танымын, психологиясын, мәдениетін, қоғамдағы орнын терең түйсінгенін, ішкі жай-күйін, қуанышы мен күйінішін бойынан өткізгенін көре аламыз. Бір сөзбен айтқанда, жазушының шығармаларын оқи отырып, өзінді қарапайым қазақ ортасында, әлемінде жүргендей сезінесің. Демек, жазушы шығармаларын жазу барысында адресант (оқырман) танымын, аялық білімін, рухани әлемін ескере отырып жазған.


Мәтінді дәстүрлі лингвопоэтикалық талдауда тілдік құралдардың стилистикалық ерекшеліктері, олардың шығарманың идеялық-тақырыптық мазмұнындағы ролі басты назарда болса, ХХ ғасырда поэтиканы, психолингвистиканы, антропология мен семиотиканы бірге қамтитын мәтін лингвистикасы қалыптасты. Мәтінді кешенді зерттеу, оның ішінде мәтіннің «когнитивтік-коммуникативтік құрылымдануы» идеясы қазіргі кездегі көркем мәтінді зерделеудегі (интерпретация) негізгі концепция болып отыр.

«Кең мағынасында түсінілетін мәтін лингвистикасы – әлемдік тіл ғылымының күретамыр бағыттарының бірі. Көркем мәтін лингвистикасы мәтіннің бір емес бірнеше деңгейіне тән бірліктердің мақсатты өзара әрекеттестігін қарастырады. Сондықтан да онда белгілі бір семантикалық және эстетикалық функциялар барынша толық жүзеге асырылады» [124, 39 б.].

Мәтін автордың ойын объективтеу, оның шығармашылық түпниетін жарыққа шығару, Адам мен оның әлемі жөніндегі білімдерін жеткізу үшін, аталмыш ұғым-түсініктерін автор санасынан сыртқа шығарып, өзге адамдардың да игілігіне айналдыру мақсатымен жасалады. «Мәтін дербес емес және ол барлық жағынан жетілген де болмайды, ол сөз арқылы ойлау қызметінің негізгі компоненті. Оның құрылымындағы аса маңызды құрамдас бөліктерге – автор (мәтін адресанты), оқырман (адресат), бейнеленіп отырған ақиқат болмыс, ол жөніндегі білімдер, сондай-ақ автордың өз түпниетін қажетті формада жеткізу үшін іріктеп, пайдаланатын тілдік құралдар алынатын тілдік жүйе жатады» [125, 10 б.].

Көркем мәтін қашан да кейіпкерлер, автор мен оқырман, кейіпкер мен оқырман арасындағы байланыс арқылы қалыптасатын коммуникациядан құралады. Бұл байланыс үзілген жағдайда туынды *көркем шығарма* деген қасиетінен айырылады. Көркем шығарманың прагматикалық әлеуетін зерттеген Г.Әзімжанова көркем шығарма мен коммуникация ұғымдары жайында пікірін былайша сабақтайды: «*Көркем мәтін – коммуникация формасы, оған байланыс, белгі (код), меңгеру, тезаурус, дүниетаным, коммуниканттардың әлеуметтік, тарихи, ұлттық ерекшеліктері, интенцияның (мақсат, дәлел, себеп) коммуникативті-прагматикалық қарым-қатынас талаптарына сәйкес келуі жатады. Көркем мәтіннің ақпараттық-мазмұндық және прагматикалық деңгейдегі экстралингвистикалық (когнитивті) аспектісі коммуниканттардың тілдік және әлеуметтік тәжірибесіне негізделеді, ақпараттық дүниетанымына және қатынасушылардың мақсатына сәйкес*

болады. Сөздің эстетикалық мәні оның сапасы ретінде сипатталады, ол мәтін жүйесінде лексикалық бірліктердің коммуникативті әлеует негізінде, тұтас бүтіннің бейнелі перспективасында, оның басқа элементтермен жан-жақты байланысында қалыптасады» [94, 28 б.]. Ғалымның бұл тұжырымында көркем мәтінді зерттеудің жолдары мен қырлары анық көрсетілген. Яғни көркем шығарманы зерттеуде автордың түсінігі мен танымын, ұлттық болмысы мен мәдениетін, талғамы мен талабын зерттеу арқылы туындының прагматикалық-коммуникативтік сипатын анықтауға мүмкіндік аламыз. Әрине, авторды негізгі нысан етіп алғанмен, оның артында кейіпкер, оқырман мәселелері де бар. «Автор – кейіпкер – оқырман» ұштағанының коммуникативтік-прагматикалық байланысын өзара тығыз байланысты үшбұрышты кескіндеме арқылы көрсетуге болады:



3-сурет – Көркем мәтін арқылы жүзеге асырылатын коммуникативтік-прагматикалық байланыс

Кейіпкерді сөйлететін, оқырманды мәтін тануға шақыратын, доминант болып табылатын авторды жан-жақты зерттеу арқылы біз кейіпкер тілін, оқырман қабылдауын тануға мүмкіндік аламыз.

Автор көркем мәтін түзуде ең алдымен өзінің ұлттық мәдениетінен хабар береді. Арабтың «маданият» деген сөзінен бастау алған бұл атау бүгінде «адамның өз қолымен, ақыл-ойымен жасағандары және жасап жатқандарының бәрін түгел қамтиды. Жай ғана сауат ашудан және тазалық ережелерін сақтаудан бастап, өмірдің асқан үлгілі шығармаларын жасағанға дейінгі ұғымды қамтып жатқан мәдениет саласының өрісі кең [94]». Демек, қазақ халқының атадан балаға мұра болып қалған салт-дәстүрлері, наным-сенімдері, ырымдары мен тыйым сөздері еліміздің мәдениетін көрсетіп, атақты философ И.Г. Гердердің «Салт-дәстүр – тіл мен мәдениет бастауларының анасы» деген сөздерін нақтылай түседі. Адам көркем шығарманы оқығанда сол ел туралы, елдің салт-дәстүрі туралы, халықтың наным-сенімдері мен өзіне ғана тілдік бірліктері туралы ақпарат алуы керек. Ол ақпаратты кейіпкерлер тілінен, әңгімешінің баяндауынан алады. Сол үлгілердің бірі ретінде Д. Исабеков шығармаларының мәтіндері дәйек болады:

Осы кезде алыстағы үйдің есігі ашылып іштегі шам жарығымен әлдеқалай бір әйелдің есік тұтқасынан ұстап, делдиіп тұрғаны көрінді. Молдабай әлдене күткендей солай қарай еңсесін көтеріп қадала қалды.

– **Қайнаға-ау, қайнаға,** – деп айғай салды әлгі әйел.

– Уа, не мен мұндамын, – деп Молдабай орнынан ұшып тұрып, солай қарай жүрді. Қасындағы Қарекенді ұмытып кеткен секілді.

– **Қайнаға, сүйінші, сүйінші.** Немерелі болдыңыз, ұл, ұл! – деп оның алдынан ентіге шықты.

– **О жасаған, шүкір, шүкір** мұныға. Қатшайым, сүйіншіңе ана көгендегі бір тоқтыны ал, ол аз болса өзіңе тағы бір көйлек...

Қарекен сол орнында қимылсыз қатты да қалды. «Қайнаға немерелі болдыңыз» – дегенді естіген кезде, оның буын-буыны қалтырап, денесінен дәрмен кете бастады. «Немере дейді! Құдай-ау немере дейді. **Келінжан босанған ба? О тоба, о жасаған!**».

Оның кезерген еріндері осы сөздерді тынымсыз қайталай берді. Содан соң есін жиып айналасына қарады. Қыбыр еткен жан жоқ. Молдабай да ішке кіріп кетіпті. Өзі келгенде оның далада жүрген себебін енді аңғарды. Ол екі аяғына бір-бір батпан тас байлағандай алға қарай ақырын қозғалды. Сол бойы қақпа алдына кеп тоқтады. Ашық қалған есіктен қуанышты адамдардың дабұр-дұбыр сөйлескен үндері естілді. Қарекен қақпаға сүйеніп тұрып ішке езіле, ентіге қарады.

Осы сәтте іштен шыр етіп жылаған жас нәрестенің даусы естілді. Қарекен басын көтеріп алып, қақпаның кедір-бұдыр тақтайларын сипалай берді. «Айналдым-ау, айналдым-ау үніңнен! Немере! Менің немерем, Қаражанның немересі. **О құда... Айналдым-ау үніңнен!**» [93].

Бұл мәтіннен қазақтың өзіндік мәдениетін танытушы салт-дәстүрлерінің, наным-сенімдерінің айқын белгілерін көруге болады. Қазақтың салт-дәстүріндегі жиі қолданылатын түрінің бірі – *сүйінші сұрау*. Яғни дүниеге жас нәресте келуін, келін түскенді, алыстағы сағынған адамның келгендігін, жалпы қандай да бір қуанышты хабарды жеткізуші адам басқаларынан сүйінші сұрайды. Сүйіншіге бағалы зат немесе ақша беріледі. Осындай ерекше дәстүрді дәріптеуші автор қазақ мәдениетін оқырман қауымға кейіпкер тілі арқылы жеткізеді. Бұл көркем шығарманың прагматикалық сипатын танытады. Сонымен қатар қазақ халқы қашанда есінен Жаратушының құдіретті күшін ұмытпауға тырысқан. Жоғарыда берілген үзіндіде автор немерелі болған қарттың қойнына қуанышы сыймай тұрған кейпін бейнелеуде кейіпкер тіліне Жаратушыға деген алғысын салады. Бұдан біз ең алдымен қазақ жұртының қандай қуанышқа бөленсе де, қиындыққа душар болса да, шешімін құдайдан сұрағанын, қайырын Алладан тілегенін көруге болады [126, 342 б.].

Мәдениетпен қатар жүретін ұғым – таным. Автордың танымы ұлттық танымымызбен тікелей байланысты. Ұлттық мәдениетіміз арқылы қалыптасатын ұлттық таным қорында ұлттың болмысымыз, дүниеге деген көзқарасымыз, рухани-мәдени құндылықтарымыз табылады. Сондай тамыры терең танымымызбен сусындап өскен адамның танымы қашанда «қазақша»

болады. Ғалым Ж. Манкееваның мына пікірі ойымызды толықтыра түскендей: «Ұлттың дүниетанымымен сабақтас қалыптасқан материалдық өндіріс пен тұрмыс күйі де әркімнің жеке басының жағдайына байланысты күй емес. Ол – халықтың әлеуметтік-психологиялық, мәдени, тұрмыстық, дүниетанымдық негізін – ұлттық санасын қалыптастыратын құбылыс. Оның негізгі бір сипаты – оның тұрақтылығы. Ол оңайлықпен өзгере салмайды, тіл арқылы ол ұрпақтан-ұрпаққа беріледі. Сол арқылы ұлт өмірінің желісі үзілмей, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіледі» [34, 195 б.]. Демек, көркем шығармадағы ұлттық танымымызды танытушы қазақтың мақал-мәтелдері, тұрақты сөз тіркестері, көріктеу амалдарының түрлері, сөз оралымдары туындының мазмұнын ұлттық деңгейге жеткізеді. Жазушы Д.Исабековтің шығармалары да осындай қазақи танымның негізінде қалыптасқан көркем туындылар. Мысалы:

«Жылқы мен жылқы кісінескенше, адам мен адам сөйлескенше» деген осы зой. Шалдар жиналып, әзіл-оспақ араласқан соң Қарекең өзін алғаш кіріп келгендей емес еркін, кең ұстады. Құдасы да жаман кісі көрінбейді. Болса да келгелі бері бақылап отыр. Әңгімесі дәмді екен. Тыңдаушысын тамсандырып, айызын қандырып тастайды. «Әлбетте, әлбетте, — деді Қарекең өзіне-өзі. — Қыз ашуы оңай дейсің бе? Соның орнында мен болсам қайтер едім? Алғашында солғын болса, кеудесін ашу кернеген шығар. «Ашу алдында, ақыл соңында» деген бар емес пе?» [93].

Жоғарыда көріп отырғанымыздай, қазақи тәрбие көрген адам үшін бұл мәтінді түсіну қиын емес. Ал тәрбиесі өзгеше адам үшін *«Жылқы мен жылқы кісінескенше, адам мен адам сөйлескенше», «Ашу алдында, ақыл соңында»* деген қазақтың мақал-мәтелдерін түсіну оңай болмайды. Ұлттық салт-дәстүрімізден хабары бар адам қазақтың *құда, жегжат, құдағи, келін, күйеубала, балдыз, қайны, қайынсіңлі, қайнаға, қайынапа* сынды туыс атауларын еш қиындықсыз түсінеді. Себебі олар – санамызға сіңіп кеткен этномәдени атаулар.

Көркем шығарма түзуде ұлт мәселесінің негізінде қалыптасатын *ұлттық сана, ұлттық таным, ұлттық мәдениет* ұғымдарымен қатар *қоғам, қоршаған орта туралы түсініктер* де негізге алынуы – шарттылық. Себебі адам ең алдымен қоғамның негізгі нысаны, ол қоршаған ортамен байланыс негізінде қоғамда өмір сүреді. Сол себепті адамды қоғамнан тыс қарастыру мүмкін емес. Соған сәйкес ғылымда *аялық білім* деген ұғым қалыптасқан. Адамның қоршаған ортасына, қоғамның түрлі жағдайларына қатысты білімін *«аялық білім»* деп атайды. *«Тілдік ұжым мүшелерінің когнитивтік санасындағы білім жүйесі құрылымдық тұрғыдан қоршаған орта туралы білім, тілдік білім, бейвербалды білім болып бөлінеді. Мұндағы қоршаған орта туралы білім аялық білім жүйесі ұғымын береді. Аялық білім жүйесі – индивидтің материалдық және рухани құндылықтарды меңгерудің нәтижесі».* О.С. Ахманованың анықтамасы бойынша: *«Аялық білім - тілдік қатынастың негізі болып табылатын екіжақты тыңдаушы мен айтушыға бағытталған реалийлер туралы білімі» [127, 74 б.].*

Демек, қоршаған орта туралы білімді аялық білім десек, онда сол білімді қолдану арқылы автор оқырманға жақындай түседі. Жоғарыда айтып

кеткеніміздей, адам – ең алдымен қоғамның бір мүшесі. Сондықтан мәтінді түзуші адамның (автордың), кейіпкерлердің, оқушының аялық білімінің кең болуы көркем шығарманың мазмұнын тереңдете түседі. Жоғарыда берілген мәтінге қайта назар аударатын болсақ, оқырман тарапынан аялық білімнің маңыздылығын байқаймыз. Мәселен:

Қыз ашуы оңай дейсің бе? Соның орнында мен болсам қайтер едім? Алғашында солғын болса, кеудесін ашу кернеген шығар. «Ашу алдында, ақыл соңында» деген бар емес пе?». Осы арадағы «Қыз ашуы оңай дейсің бе?» деген сөйлемнің астарында тағы бір мәселе жатыр. Оны түсіну оқырманның аялық білімінің деңгейіне байланысты. Яғни қызды алып қашқанда қыздың және оның әке-шесінің реніші, өкпесі болады. Соны автор үнемдеу тәсілі арқылы «**қыз ашуы**» деп сәтті қолданған. Х.М. Нұрмұқанов, Қ.Ж. Балапанова сынды ғалымдар бұндай астарлы ойдың тілдік көрінісін былайша түсіндіреді: «*айтылған сөзде*» *айтылмаған мән (смысл) болады. Айтылған сөздің мағыналық өрісінен тысқары жатқан «кеңістікті» аялық білім деп ұғамыз*» [128]. Демек, автор өзінің аялық білімін қаншалықты ұтқыр қолданса, соншалықты өзінің тапқырлығын оқырманға көрсетеді. Дегенмен, автор оқырман қауымның да аялық білімін ескеруі қажет. Себебі көркем шығарманы дұрыс қабылдау үшін оқырманның білімі, талғамы, қалауы да маңызды.

3.2 Д. Исабеков тұлғасының коммуникативтік-көркемдік әлеуеті

Көркем шығарманың тілі көркем сөз өнеріне ғана тән мазмұнды бейнелейді. Оны ашу стилистикалық (кең түрде эстетикалық) талдау арқылы жүзеге асады. Сонда көркем әдебиет тілін стилистикалық (кең түрлі эстетикалық) талдау жасай отырып көркем шығармада қолданылған тілдік тұлға бірліктерінің мағынасын ашуға болады. Көркем шығарманың идеялық мазмұны автор бейнесімен байланыста болады. Ал автор бейнесінің негізін бір-бірімен мағыналық қабаттасулар арқылы біріккен, қызметі жағынан сараланған тілдік тұлғалар жүйесі құрайды. Сонда стилистикалық талдау арқылы көркем шығарманың идеялық мазмұнын бейнелейтін тілдік тұлғалардың қызметтік, эстетикалық өзгеру, ұйымдасу заңдылықтары ашылады. «Ғаламның тілдік бейнесі» қағидасына сәйкес, кез келген көркем шығармадағы дүниетанымдық тілдік бірліктер кейіпкердің образын ашуға қызмет ететіні – заңды құбылыс. Адам ес біле бастағаннан ақиқат өмірге бейімделуі үшін өзін қоршаған ортаның болмысы мен өмірлік тәжірибесі туралы мәдени ақпараттардың жадтағы қорын жинақтай бастайды. Осы түрлі білімдер арқылы тұлғаның бойында ғаламның тілдік бейнесі жасалады. Бірақ дүниені қабылдау мен танымның көрінісі барлық адамдарда бірдей болмауы мүмкін. Дегенмен, белгілі бір қоғамдастыққа тән өте қажетті білімдер жүйесі тұлғаның санасында бірте-бірте жетіле түседі» [129]. Адамның дүниені әртүрлі қабылдауының түрлі себептері бар. Атап айтсақ:

- 1) отбасы мен алған тәрбиесі, білімі;
- 2) қоғамдық-әлеуметтік жағдайлар;
- 3) жаңа білім алуға құштарлығы мен қызығушылық ауқымының дамып отыруы;

- 4) қоғамға танымал адам болуымен қатар әлеуметтік маңызды адам болуы;
- 5) сөйлеуде тілдік қазынаны пайдаланумен қатар жаңа үлгілерді жасай білуі [130].

Адамның өмірге келуінен бастап қоршаған ортасы, яғни отбасы мүшелері баланы түрлі ақпаратпен қамтамасыз етіп отырады. Бұл жерде ата-ананың қай тілде қарым-қатынас жасайтыны да аса маңызды болып есептеледі. Ана тілінде ойлап, ана тілінде сөйлейтін баланың тілдік тұлғасы да ана тілінде болмақ. Демек, тілдік тұлға дегеніміз тілдің ғылыми тұжырымдары ғана емес, адамның аялық білімі де. Сонымен қатар әлемнің тілдік көрінісі негізінде анықталатын суреткердің таным әлемі. Бұлай дейтініміз, бүгінгі таңда ақын-жазушылардың тілін зерттеуде ғалымдардың негізгі тоқталатын мәселесі – осы тілдік тұлға. Автордың тілдік тұлғасы шығарманың көркем әрі сауатты жазылуына тікелей әсер етеді. Себебі шығарма мазмұн мен идеядан ғана құрылмайды, сол мазмұн мен идеяны оқырманға жеткізетін тілдік бірліктерден де тұрады.

Қазіргі таңда ғылыми еңбектерде тілдік тұлғаға тән мынадай белгілер беріліп жүр:

- 1) ана тілін жете меңгерген, өз тілінде дұрыс сөйлей алатын тұлға;
- 2) әлеуметтік өмірге бейімделген, өзіндік қызығушылығы мен машығы бар тұлға;
- 3) әдеби тілді шығармашылық деңгейде тұтынатын және қызмет ету барысында өзіндік шығармашылығын таныта алатын тұлға [39].

Ана тілінде көркем шығарма жазатын кез келген жазушының өз деңгейіндегі тілдік тұлғасы болады. Ал оның алған тәрбиесі мен білімі, оқыған дүниелері шығарманың көркемдігі мен мазмұнына әсер етеді. Белгілі лингвист В.А.Маслова тілдік тұлғаның бірнеше компонентін атап көрсетеді:

- 1) құндылық, дүниетанымдық, тәрбие, яғни құндылықтар жүйесі және өмірдің мәндері;
- 2) мәдениеттану компоненті, яғни тілге деген қызығушылықтың тиімді құралы ретінде мәдениетті игеру деңгейі;
- 3) жеке тұлғалық компонент, яғни, әр адамда бар терең жекелік қасиеттер [65].

В.А.Маслованың жіктемесі жазушы тұлғасын ашуда көп көмегін тигізетіні анық. Олай дейтініміз, бала тәрбиеленген отбасындағы құндылық болып есептелетін ұғымдар есейген шағында да ол үшін құндылық болып қала береді. Ал әлемге деген көзқарас, яғни тәрбиемен, туған тілмен дарыған таным мен мәдениет адаммен өмір бойы бірге болмақ. Отандық тіл білімінің ғалымы А. Абасилов тілдік тұлғаны лингвистикалық, әлеуметтік, интеллектуалдық, этикалық, эмоциялық және т.б. бірліктерінің тілде, сөйлеуде, дискурста, мәтінде жүзеге асырылуы деп көрсетеді. Оған қоса, тілдік тұлға ұғымына тілдік сана-сезім, сөйлеу мәдениеті, тіл және ойлау, тіл және сөйлеу, тіл және мәдениет арасындағы байланыстарды, тілдің өмір сүру формаларын және т.б. жатқызады.

Ғалымның пайымынша, тілдік тұлға құрылымы үш деңгейден тұрады:

- а) вербалды-семантикалық, яғни тілді білу деңгейі;

ә) әлемнің тілдік бейнесіндегі ұғым, идея концептісін қоса алғандағы когнитивті деңгейі;

б) мақсат, уәж, қызығушылық, интенциямен анықталатын прагматикалық деңгейі.

Демек, тілдік тұлға дегеніміз – өзі ұлттық тіл ортасында, ұлттық құндылықтар арасында тәрбиеленген, ұлттық рух пен ұлттық тілді толық меңгерген жеке адам, бүкіл ұлттық болмысты бойына жинақтаған индивид.

Зерттеу жұмысының өзегіне айналып отырған Д. Исабеков шығармаларынан автордың тұлғасын тануға әбден болады. Себебі жазушы тілдік білімі, аялық білімі, таным мен мәдениеті арқасында көркем туындыны өмірге әкелді. Туындыдағы әрбір тілдік бірлік автордың түйсігі мен санасын, танымы мен талғамын толық аралап барып сыртқа шықты. Авторды жанды десек, шығарма да автормен бірге өмір сүріп келе жанды тірі құбылыс.

Көркем шығарма авторының тұлғасын анықтауда мынадай мәселелер қарастырылады:

1. Мінез-құлықты феномендік сипаттау мен ажырату мәселесі.
2. Зерттеушінің алдында тұрған міндеттердің кез келген шартына сәйкес мінез-құлықтың жекелік типологиясының мәселесі.
3. Мінез-құлықтың жекелік бірліктерін талдау мәселесі.
4. Мінез-құлықты қалыптастыру және оның сыртқы ортамен қатынасы мәселесі [130].

Автор тұлғасын анықтауда зерттеушілер шығармадағы кейіпкерлер тілін негізге алады. Автордың кейіпкерді сөйлетуі, түрлі әрекеттер жасатуы арқылы өзінің ұлттық мәдениетінен хабар береді. Себебі кейіпкерді сөйлететін де, оқырманды мәтін тануға шақыратын да автор. Бүгінгі ғылымда бұл мәселені «автор – кейіпкер – оқырман» ұштағаны деп атайды.

Кейіпкер тілі арқылы оқырман автордың ұлттық мәдениетін бағалай алады. Д.Исабековтің тілдік білімі негізінде көркем мәтін көркем болмақ, ал ұлттық таным мен мәдениеті арқылы терең мазмұнға ие болады.

3.3 Тілдік тұлғаның рухани әлемінің, ойлау өрісі мен аялық білімінің көркем мәтіндегі көрінісі

Лингвистикада «тілдік тұлға» мәселесін алғаш В. фон Гумбольдт, К. Фосслер, М.М. Бахтин, Г. Штейнталь, В. Вундт, А. Потебня, В.В. Виноградов, Ю.Н. Караулов сияқты ғалымдар қарастырған болатын. Жалпы, ғалымдар тілдік тұлғаға зерттеу міндеті ретінде, зерттеу нысаны ретінде және зерттеу әдісі ретінде үш жолмен келуге болатынын айтады. Олар: ең алдымен, тіл және сөйлеу психологиясы арқылы, яғни психолингвистикалық аспектіде; содан кейін – тіл үйрену заңдылықтары арқылы, яғни лингводидактикалық аспектіде; соңғысы – көркем әдебиет тілін зерттеу арқылы.

Орыс тіл білімінде тілдік тұлға мәселесін арнайы қарастырған ғалым В.В. Виноградовтың айтуы бойынша, тілдік тұлғаны психолингвистикалық аспектіде қарастырған Бодуэн де Куртенэ, Потебня тәрізді ғалымдар әдеби тілді зерттеуде тарихи талдау әдістерін жоққа шығарып, тілдік тұлғаны әлеуметтік-

тілдік және ұжымдық нормалардың жиынтығы ретінде қарастырды. Әдеби шығарманың тілі оны әлеуметтік-топтық дағдылар мен үрдістерді, тілдік сана нормаларын немесе белгілі бір ұжымның тілдік дүниетанымын көрсету тұрғысынан ғана қызықтыра алды, ал автордың жеке шығармашылығы қарастырылмады.

Тілдік тұлға тұжырымдамасын дамытудың лингводидактикалық аспектісі ежелгі дәуірден бастау алады. Мұнда тілдік тұлға мәселесі «Ана тілі әркімнің жеке басымен тығыз байланысты, оны үйрену оқушының рухани қабілетін дамытады» деген концепциямен ұштасады. Әрине, бұл көзқарас бойынша тілдік тұлғаның құрылымы мен мазмұны осы адам қолданатын тілдің ұлттық ерекшеліктеріне бей-жай қарамайды. Екіншіден, лингводидактика тілдік тұлғаның генезисіне назар аудара отырып, анализден гөрі синтезді жөн көреді, бұл көркем әдебиет тілін зерттеуде лингвистикалық тұлғаны талдауға кең мүмкіндіктер беретіні сөзсіз. Г.И. Богин: «Лингводидактиканың орталық концепциясы – тілдік тұлға, яғни сөйлеуге даярлығы тұрғысынан қарастырылатын адам... Тілдік тұлға – бұл тілді сөйлеу үшін меңгеретін адам. Тілдік тұлға оның тіл туралы білетіндігімен емес, тілмен қалай қолдана алатындығымен сипатталады», - деген болатын.

Ал үшінші бағыттың негізгі өкілі В. Виноградов көркем мәтінді зерттеуде оның әрбір деталіне назар аудару керектігін айтады. Оның пікірі бойынша, жеке тұлғаның жеке сөйлеуі, өзіндік стилі көркем әдебиет тұрғысынан қарастырылуы керек. В.В.Виноградов жеке тұлғаның ұлттық тілді қалыптастырудағы рөлі жоғары екенін, көркем шығарманы зерттеуде автордың жеке субъективті қасиеттерін де есепке алу қажеттігін айтады.

«Тілдік тұлға» ұғымын психологиялық және философиялық аспектілерді ескере отырып, кең ғылыми қолданысқа енгізген, оның өзіндік моделін ұсынған, антропоэзектік бағыттың дамуына айрықша үлес қосқан ғалым – Ю.Н. Караулов. Автор тілдік тұлға дегенді құрылымдық-тілдік күрделілік дәрежесімен, мақсатты бағыттылығымен, ақиқат шындықты бейнелеудегі тереңдігі мен дәлдігімен ерекшеленетін мәтіндерді тудыру және қабылдау қабілетіне ие адам деп есептейді. Ғалым адамның лексиконын сипаттайтын вербалды-семантикалық немесе құрылымдық-жүйелік деңгейден тұратын тілдегі семантика мен прагматика тұрғысынан тілдік тұлғаның үш деңгейлі құрылымын; тұлғаның тезаурусын, әлем туралы білім жүйесін қамтитын лингво-когнитивті; сөйлеу қызметі барысында тұлғаның мақсаттары, себептері мен прагматикалық ұстанымдары жүйесін көрсететін мотивациялық құрылымдарын ерекшелеп көрсетті. Ю.Н. Караулов өзінің «Русский язык и языковая личность» деп аталатын іргелі зерттеу еңбегінде тілдік тұлғаның нөлдік, когнитивтік, уәждік деңгейлерден тұратынын атап көрсетті [113]. Бұл деңгейлердің барлығы да көркем шығармадағы автордың «менін» тануға бағытталған.

Абайдың тілдік тұлғасын ашуға қатысты оның мәнін Г. Мұратова былайша бағалайды: «Қазіргі тіл біліміндегі зерттеулерде тілдік тұлға құрылымы Ю.Н.Караулов ұсынған деңгейлік өлшеммен талданып жүр: 1) нөлдік, яғни вербалды-семантикалық деңгейге – тілді қарапайым, қалыпты дәрежеде

меңгеру сәйкес келеді; 2) алғашқы немесе лингвотанымдық деңгейге – тұлғаның интеллектуалды деңгейі үйлеседі, (бұл деңгей «түсінік», «идея», «концепт» сияқты бірліктер арқылы танылады), ол когнитивті социумға тән таным кеңістігін немесе тұлғаның тілдік тезаурусы мен мәдениетін белгілейді; 3) прагматикалық уәжділік деңгейі немесе коммуникативті әрекет деңгейі мақсат, уәж, қызығушылық дәрежесін білдіреді» [63, 20 б.]. Бұл деңгейлердің бәрінде де ұлттық мінез, ұлттық сипат болады. Ол туралы Ю.Н. Караулов былай дейді: «Ұлттық деген ұғым тілдік тұлғаны ұйымдастырудың барлық деңгейлерін қамтиды, олардың әрбір деңгейінде қатып қалған, орныққан және өзгермейтін сияқты түрліше жүзеге асады, тілдік тұлғаның құрылымындағы ұлттық ұғымының сипаты тілде оның динамикалық, тарихи құрамдас бөлігіне қамтылады» [113].

Көркем әдебиет тілін зерттеу барысында, әдетте, не автор тілі мен стилінің ерекшеліктеріне, не кейіпкерлердің сөйлеу мәнеріне, сөзіне (сөзжұмсам сипаттамаларына) баса мән беріледі. Кейінгі жағдайда ол сипаттамалар образ сомдау тәсілдері ретінде қарастырылып, ақын-жазушы шеберлігіне баға беруге негіз болады. Көркем әдебиет тілін зерттеудің тағы бір қыры – олардың оқырманға тигізетін әсеріне талдау жасауға арналған еңбектердің саны салыстырмалы түрде аз. тілдік тұлғаны нақтыланудың (конкретизация) соңғы, жоғарғы сатысында қарастыру күрделі де қызықты міндет болып табылады. Өйткені, осы тұрғыдан алғанда, бұл ұғым мазмұнына нақтыланудың алдыңғы екі сатысы да еніп кетеді; яғни бұл жерде оны талдау барысында тіл мен оны ұстанушының жалпы адамзаттық мінездеме//сипаттамалары да, олардың ұлттық нышан-белгілері де ескерілуі тиіс болады, талап етіледі. Бұл жолды таңдағанда мұндай зерттеуге қажетті репрезентативті материалды табу қиындық тудырады. Яғни қандай да бір ұлт тілінің ұстанушысы (өкілі) болып табылатын белгілі бір индивидуум қаламынан туындаған мәтіндер көлемінің ауқымды да жеткілікті болуы аса маңызды мәселе саналады.

Осы параметрлерді ескере отырып, Ю.Н. Караулов тұлға құрылымы өзара байланысқан үш деңгейден тұрады дейді. Әрбір деңгейдің құрылымы сәйкес бірліктерден және олардың ара қатынастарынан, сондай-ақ әр деңгейге тән стереотиптік (таптаурындық) бірлестіктерден тұрады. Сонымен Ю.Н. Карауловтың пікірінше, тілдік тұлғаның құрылымын мына деңгейлер құрайды: *Нөлдік* немесе *вербалды-семантикалық деңгей* – тіл ұстанушының табиғи тілді қалыпты (жалпы жақсы) меңгеруіне сәйкес келеді, ал зерттеуші үшін белгілі бір лексикалық және грамматикалық мағыналарды білдірудің формалық құралдарын дәстүрлі сипаттауды білдіреді;

Бірінші немесе **лингвокогнитивтік деңгейді** ұғымдар, концептілер, идеялар сияқты бірліктер құрайды. Ол бірліктер әрбір тілдік даралық (индивидуальность) үшін белгілі бір дәрежеде реттелген, жүйелі «ғалам бейнесін» құрайды, ол бейне құндылықтардың иерархиясын (сатылы байланысын) бейнелеп көрсетеді. тілдік тұлға құрылымындағы және оны талдаудағы когнитивтік деңгей *мағынаны* кеңейтіп, *білімдерге* өтуді қажет етеді; яғни тұлғаның интеллектуалдық аясын қамтиды, бұл зерттеушіге тіл

арқылы, сөйлеу және түсінілім процестері арқылы адамның біліміне, санасына, таным процестеріне шығуға мүмкіндік береді;

Екінші, прагматикалық деңгей тұлғаның мақсаттарын, уәждерін, мүдделерін, өмірлік ұстанымдары мен мұраттарын (интенционалдылық) (мұраттарын) қамтиды. Тілдік тұлғаны талдауда бұл деңгей оның сөйлеу әрекетін бағалаудан болмыстың қызметін түсінуге заңды және шартты түрде өтуді қамтамасыз етеді.

Адамның сөйлеу әрекеті барысында пайдаланған әрбір сөз қолданысының *мәнін* толық және дұрыс түсіну үшін, оның *адами болмысын* айқындай түсу үшін тілдік деректерді ғана қамту аздық етеді. Бұл жерде зерттеуші когнитивтік психология пәніне жүгінуі тиіс. Өйткені когнитивтік психология мен лингвистиканың арасында заңды байланыс бар. Адам санасының тереңінде болып жататын психикалық процестерді сырттай көру мүмкін емес. Оларды сана тереңінен шығарып алу үшін *тілдік бірліктер /жасалымдар/* түріндегі құрылымдар пайдаланылады. Сондықтан да тіл когнитологтардың басты назарында болады. Өйткені тіл – ойды құрастыру мен жеткізудің басты құралы. Осыдан келіп, егер тілді когнитивтік (терең астырт) құрылымдарды репрезентациялайтын үстірт құрылымдар көзі ретінде қарастырсақ, онда когнитивтік (терең астырт) құрылымдарды тану үшін бізге анағұрлым жақын тұрған, түсінікті болатын тілдік құрылымдарды пайдаланғанмыз жөн. Бұл үшін ақпаратты кодтаудың екі формасына (когнитивтік және тілдік) тоқталуымыз керек. Ғалымдардың пікірінше, бұл екеуі бір емес, білімді түсінудің (елестетудің, ұғынудың) әр түрлі пропозиционалды, екі түрі, бірақ олар органикалық жағынан өзара байланысты. Демек, сөздер өзара ассоциациялануы үшін, оларға сәйкес болатын ұғымдар жадта кодталған *пропозицияларға* енген болуы тиіс.

Пропозициялар дегеніміз – ойлаудың тұтас субъектілік-предикаттық құрылымдары. Олар кейбір ситуациялар мен олардың элементтерінің конфигурациясын бейнелеп көрсетеді. Ю.Н. Карауловтың айтуынша, стереотипті ситуациялар (фреймдер) мен пропозициялардың өзара байланыстылығы «пропозиционалды құрылымның барлық менталдық процестерге тән элемент ретіндегі әмбебаптығынан» туындайды және көрінеді [1, 194 б.].

Пропозиционалды құрылымдар – барлық менталдық процестерге тән әмбебап элементтер болып табылады. Адамның жады – өзара қиылысып жататын пропозиционалды ағаштар түріндегі аса ауқымды желі (сеть) деуге болады. Осы пропозиционалды желідегі әрбір түйінде бір концепт болады. Концептіні вербалдайтын тілдік таңбалар да осындай түйінмен байланысты болады. Ол тілдік таңбалар адамның лексиконында белгілі бір позицияларды иемденеді. Сондықтан да табиғи тіл таңбаларының жүйесі арқылы адамның *ішкі менталды лексиконына* жол ашылады. «Адамның ішкі менталды лексиконы – ақпаратты когнитивті қайта өңдеудің аса маңызды механизмі» деген болатын ғалым А.А.Залевская. Адамның ішкі менталды лексиконы психолингвистикада үлкен проблема болып саналады. Ол туралы ғалымның еңбектерінде кеңінен баяндалады [10, 45 б.].

Сонымен тілдік тұлға категориясын зерттеуге қатысты мәселелер бойынша мынадай қорытынды жасауға болады:

1. Қазіргі лингвистика ғылымы және ондағы әдістер тілді және адам тұлғасының әрекетін тіл арқылы жүйелі түрде, оның бүкіл көлемін қамти отырып зерттеуге мүмкіндік береді; бұл – оның тіл мен тұлғаны үзік-үзік яки фрагментарлы күйде зерттейтін өзге ғылымдардан басты айырмашылығы.

2. Тілдік тұлға құрылымын үш деңгейге бөліп көрсеткен Ю.Н. Караулов тұлға тілдің лингвокогнитивтік (тезаурустық) деңгейінен басталатынын атап айтады, жалаң (бір қабатты) тілдік семантика деңгейінде тұлғаның даралығы, ерекшелігі мен қайталанбас қасиеттерін бөліп көрсетуге мүмкіндік жоқ.

«Тұлғаның тілі күнделікті қолданыстағы тілдің ар жағынан басталады» [113, 36 б.], ол кезде зияткерлік күштер және оны зерттеудегі бірінші деңгей – оған тән ғалам бейнесіндегі, тезаурусындағы мәндер мен құндылықтардың сатылы байланысы белгіленіп, айқындалады.

Қазақ қаламгері Ш. Мұртазаның «Шын жазушының көзі көкірегінде болады» деген сөзінде терең философия жатыр. Көзімен көргенді жүрегімен сезініп, өзіндік жазушылық талғамының сүзгісінен өткізетін жазушы қауымы қашанда сезімтал келеді. Көрген-білгенін сезім арқылы өрнектеп, асыл сөздің қадірін түсінетін оқырманға сөз иірімдерін маржандай жіпке тізіп жеткізеді. Қандай да бір көркем туындыны оқу барысында тілдік тұлғаның, яғни автордың ішкі жан дүниесін, рухани әлемін, тілдік және аялық білімінің негізінде аңғаруға болатыны белгілі. Себебі жазушы көкейінде жүрген ұлы идеяларын, жүрегін сыздатқан, көңілін жабырқатқан ішкі күйзелісін, қоғамдағы түрлі мәселелерге қатысты терең толғаныстарын, бір сөзбен айтқанда, өзіндік рухани әлемін қағаз бетіне түсіреді. Жазушының ұшы-қиыры жоқ қиялы, жылдар бойы жинақтаған жазушылық, адами тәжірибесі, атадан алған ұлттық тәрбиесі, ұлылардың мұралары, ой-тұжырымдары арқылы қалыптастырған ұлттық танымы мен талғамы, жылдар бойы жаңқалап, ұштай түскен өзіндік стилі көркем туындыны терең мазмұнды, көркем тілді нағыз ұлттық шығарма етуге негіз болады.

Зерттеу нысаны болып отырған Д. Исабековтің шығармаларын жан-жақты талдау жазушының рухани әлемінің халық рухымен үндес екенін дәйектейді. Соның нәтижесінде көркем тілді жазушы ретінде қалыптасқан Д. Исабековтің рухани әлемі оның көркемдік әлемі арқылы оқырманға жетеді. Осымен байланысты *автор, автор бейнесі, мәтіндегі автор, баяншы, әңгімеші* мәселелері сабақтас қарастырылады.

Жоғарыда атап көрсеткеніміздей, «автор бейнесі» терминін ғылымға алғаш болып енгізген – көрнекті ғалым В.В.Виноградов. Ғалым автордың шығарма қатыстылығын байланысты *«авторлық позиция», «авторлық модалдылық»* мәселелеріне тоқталған, бірақ *автор бейнесі* мен *баяншы бейнесін* бір-бірінен бөліп қарастыру қажет деп есептейді: *«Баяндаушы – жазушының сөзі, ал баяндаушының бейнесі (өзін автор ретінде көрсететін) – бұл жазушының әдеби артистизмінің формасы. Онда автордың бейнесі өзі жасаған сахна бейнесіндегі актердің бейнесі сияқты қарастырылады»* [131].

Ғалымдар көркем шығармадағы авторды «мәтіндегі автор», «баяншы», «әңгімелеуші», «автоним», «актор», «адресант», «нарратор», «бенефициарий», «скриптор», «сөйлеу субъектісі» және т.б. атап келеді. Ал О.Н. Копытов сынды орыс ғалымы жоғарыда аталған терминдерге «авторлық әлеует», «авторлық бастама» терминдерін қосқан. Оның пікірінше, «авторлық бастама» мен «авторлық әлеуетті» сабақтастыратын, тоғыстыратын нәрсе – мәтін. Ғалым авторлық әлеуетті қарастырғанда мәтін жанрына (көркем, ғылыми, публицистикалық, т.б.) баса назар аудару керектігін атап көрсетеді. Ғалымның тұжырымынша, *авторлық әлеует* – мәтін болып қалыптасқанға дейін автордың танымындағы, санасындағы дүние. Ал ол сұрыпталып, өңделіп барып қағаз бетіне түссе, *авторлық бастама* болып саналады. Нақтылай айтқанда: *«авторлық бастама» – автордың мәтіндегі (көркем де, көркемдік емес те) вербалды көрінісі, оның ішінде жасырын, имплицитті, шағын мәтінді, логикалық, композициялық, стилистикалық және т.б. көріністер* [132]. Ғалымның бұл пікіріне қосылмасқа болмайды. Себебі жазушы көркем мәтін түзуде оны ұлттық танымы мен мәдениеті, өзіндік болмысы арқылы өй жиегінен өткізеді. Бұл үдеріске таным мен мәдениетпен қатар қиял, толғанис та қатынасады. Осындай үлкен қызметті О.Н. Копытов *авторлық әлеует* деп көрсетсе, ал сол әбден сұрыпталған ойдың қағаз бетіне түсіп жазылуы *авторлық бастама* болады. Авторлық бастама кезінде шындық пен қиялға, таным мен талғамға, мәдениет пен болмысқа көркемдеу амалдары мен экспрессивті-эмоционалды реңктер қосылады. Яғни жазушының аялық білімі мен тілдік білімі бір арнаға тоғысады. Сонымен қатар автор бейнесі туралы М. Восканяннің пікірі де көптеген сұрақтарға жауап береді: *«Жинақтай келе, көркем мәтінде нақты автор мен оқырман арасында «жалған» тұлға бар, нақты автор жасаған және осы шығармада ақпарат көзі ғана емес, сонымен қатар тұтас құрылымдық – мағыналық бірлікке жету үшін күшті топ болып табылатын «автордың бейнесі» деп айтуға болатын әлдебір баяндаушы/әңгімелеуші бар деген қорытынды жасауға болады. Нақты автор жасаған, ойлап тапқан бұл ақпарат көзі нарративтегі күшті және қажетті бастапқы нүкте болып табылады, бүкіл көркем мәтін оны қолдау үшін құрылады. Бұл қарапайым сөйлеу субъектісі емес, бұл – шығарманың мәнінің шоғырланған көрінісі, тұтастық фокусы, кез келген көркем шығарманы бір тұтас етіп байланыстыратын «цемент»* [132]. Бұл пікір автор бейнесінің автор мен оқырман арасындағы дәнекер тұлға екеніндігін көрсетеді. Автор қашанда бүкіл ақпарат пен идеяның иесі болып табылады. Ол оқырманның аялық, тілдік білімін, дүниетанымын ескере отырып, мәтін дайындайды. Ал сол автордың шындыққа қиял араласқан, көркемдеуіш сөздермен көмкерілген мәтінін жеткізетін шығарма ішінде тұлға болады. М. Восканяннің *«подставное лицо»* деп отырғаны – осы тұлға. Ол тұлғаны да түзетін – автор.

Көркем шығарма тілін зерттеуші ғалым А.Б. Есин *«Принципы и приемы анализа литературного произведения»* атты еңбегінде автор бейнесіне эстетикалық қырынан зерттеулер жүргізіп, мынадай пікір айтады: *«Автордың бейнесі – бұл шығарманың ішінде осы туындыны жасаған бейне пайда болған кезде туындайтын ерекше эстетикалық категория»* [133, 75 б.]. Бұл арада

ғалымның «эстетикалық категория» деп беруі автор бейнесін беруде өте орынды тіркес болып табылады. Автордың ойы, танымы мен түсінігі, тілдік қоры және қолданысы көркем мәтінде әртүрлі бояулармен әрлене түседі. Содан кейін барып, оқырманға ұсынылады. Бұл да бір автор бейнесінің сипатын берудегі ерекшелік болып табылады. Сонымен қатар ғалым автор бейнесін ашуда *авторлық позиция, авторлық бағалау және авторлық идеал* терминдерін қолданады. Ғалымның *авторлық идеал* деп отырғаны – автордың арман-тілектерін жүзеге асыру мақсатында жасалған бейне.

Қазақ тіл білімінің және әдебиеттану саласының негізін қалаушы А. Байтұрсынұлы бұл категорияны өткен ғасырдың 20 жылдары ұлттық бояуы сіңген атаулармен атап, ғылымға енгізген болатын. Ғалым «Әдебиет танытқыш» еңбегінде *автор бейнесі* категориясын *әуезелеуші, толғаушы, сарындаушы* атауларымен берген. *«Әуезелеуші айтатын сөзіне өзін қатыстырмай, өзінен тысқары ғаламда болған істі әңгіме қылады. Ескерту: тысқарғы ғалам деудің мәнісі адамда екі ғалам болады – ішкі ғалам, тысқы ғалам. Ақыл, көңіл, қиял сияқты адамның рухына қараған жағы – ішкі ғалам болады да, онан басқалары – басқа адамдар, мақұлықтар, нәрселер, бүтін дүние тысқы ғалам болады. Әуезе тысқы ғалам турасындағы сөз. Ақын әуезе түрінде сөйлегенде, уақиғаның ішінде өзі болып, басынан кешірген адамша сөйлемей, тек біреуден естіген адамша айтады. Уақиғаны бұлайша түрде айтып көрсету – тысқарғы түрде айту болады»* [134, 103 б.] – деп, А. Байтұрсынұлы қазіргі тіліміздегі ешқандай кейіпкер кейпінде келмейтін баяншы бейнесін *әуезелеуші* деп атап, оның ерекшеліктерін толық әрі түсінікті сипаттаған. Ал *«толғағанда айтатын нәрсесін толғаушы тысқарғы ғаламнан алмай, ішкергі ғаламнан алады. Толғаушы ақын әуелі көңілінің күйін, мұңын, мүддесін, зарын, күйінішін, сүйінішін айтып, шер тарқату үшін толғайды. Екінші, ішкергі ғаламында болған халдарды, нәрселерді тысқа шығарып, басқаларға білдіріп, басқаларды сол көңілінің күйіне түсіріп, халін түсіндіру мақсатпен толғайды. Толғау қысқасынан айтқанда, іш қазандай қайнаған уақытта шығатын жүректің лебі, көңіл құсының сайрауы, жанның тартатын күйі. Ақындық жалғыз өз көңілінің күйін толғай білуде емес, басқалардың да халін танып, күйіне салып толғай алуда. Әуезе – тысқарғы ғаламның жыры, толғау – ішкергі ғаламның күйі деп екі айырғанымызбен, екі ғаламның ісінің арасында зор іліктік бар»* [134, 103 б.] деп толғаушы мен әуезелеушінің өзіне тән ерекшеліктері мен байланыстарын халыққа түсінікті, санамызға жақын тілмен жеткізген.

Расымен, адамның ішкі толғасы, жай-күйі, көңіл-қошы, тебіренісі, аты айтып тұрғандай, *толғау* болып келсе, өмірде болып жатқан түрлі оқиғалар мен жағдайларды тыңдарманға (оқырманға) жеткізуді *әуезе* деп атайды. Тілімізге еніп бара жатқан «адресант», «нарратор», «бенефициарий», «скриптор» сынды кірме сөздерді ысырып, ғалымның *әуезелеуші, толғаушы* терминдерін қолдансақ, ұлттық тіліміздің құлашын кеңейте түсер едік.

Бүгінгі күні қазақ тіл білімінде ақын-жазушылардың тілін зерттеулеріне нысан етіп, автор бейнесін тілдік тұрғыда жан-жақты қарастырып жүрген ғалымдардың бірі – Р.Сыздық. Р.Сыздық *«автор образын көркем шығарманың*

мағыналық-стильдік діңгегіне теңеп, оны анықтау сол шығарманы стилистика тұрғысынан талдау» деп көрсетеді. Ғалымның өз сөзімен айтар болсақ, «автор образын» шығарманың баяндау стилінен, диалогтар мен монологтерді беру үлгісінен, экспрессивтік-стильдік элементтерінен тануға болады. Қысқасы, «автор образы» – лингвостилистикалық проблема. Көркем шығарма құрылымы жағынан баяндау (автор сөзі) және диалогтер (кейіпкерлер сөзі) болып бөлінеді. Сондықтан көркем шығармада баяндаудың авторлық нормаларын айқындап алу қажеттілігі туады» [60].

Көріп отырғанымыздай, көркем шығармадағы автор бейнесін ашу арқылы біз туындының шынайы, ешқандай қиял мен экспрессия қосылмаған шығарма авторының бейнесін ашуға мүмкіндік аламыз. Яғни мәтінде автор бейнесі туынды авторының рухани әлемін, аялық білімі мен ой өрісін тануға жол ашады. Осы автордың дүниетанымы жөнінде ғалым Ж. Манкеева былай дейді: «Көркем мәтінді танымдық тұрғыда зерттеу барысы жеке тілдік тұлғаның ойы, қиялы, болжамы, ғалам жөніндегі өзінің біртұтас тұжырымы мен білімін дәйектеп, автордың жеке тәжірибесі мен таным үрдісі негізінде қалыптасатын өзіндік тілі мен даралығын идиостиль (жеке стиль) ұғымы ретінде анықтайды. Соған сәйкес жеке тілдік тұлғаның көркем мәтіндік тілі ұлттық болмыс пен автордың тарихи-мәдени тәжірибесімен толықтырылған шығармашылық нәтижесі» [135, 104 б.]. Осы мәселеге қатысты көкейдегінің барлығын қамтыған ғалымның тілдік тұлғаға қатысты ой-тұжырымдарынан автордың тарихи-мәдени тәжірибесі, қоршаған ортаға қатысты көзқарасы нәтижесінде мазмұнды көркем туынды болатынын түсінуге болады. Осы пікірдегі «тарихи-мәдени тәжірибесі» ұғымының астарында не тұр? Қазіргі таңда, атап көрсетілгеніндей, адамның қоршаған ортасына, тарихы мен мәдениетіне қатысты білімін бір сөзбен «аялық білім» деп атап жүр. Осы аялық білімнің кең немесе тар болуына байланысты көркем шығарма мазмұны ұлттық сипатқа ие болады. Ғалым Н. Уәли диалогтің сәтті немесе сәтсіз шығуына коммуниканттардың әлеуметтік-стереотиптік ерекшеліктері, коммуниканттардың аялық білімі, коммуниканттардың құзыретіндегі жақындық, я болмаса алшақтық, коммуниканттардың жыныс, жас, тұлғалық ерекшеліктеріне байланысты жайттарды ескеру-ескермеуі әсер етеді деп есептейді [33, 46 б.].

Тіл білімінде О.С.Ахманова мен И.В. Гюббенет «аялық білім» жүйесінің *әлеуметтік-мәдени ақпарат және тарихи-филологиялық ақпарат* деген екі ұғымын ажыратып көрсетеді [5]. Ал В.Г. Костомаров пен Е.М. Верещагин сынды тіл мен мәдениет байланысын зерттеушілер тілдік жүйе және аялық білім жүйесін тұтас қарастыратын «рационалистік тіл» теориясын ғылымға ұсынады. Әрбір адамның санасында айналасындағы болып жатқан құбылыстар мен жайттарға байланысты білім қоры болады, тілімізде жылдар бойы жинақталған білімді тұспалдап жеткізу үдерістері де бар. Оны жеткізу автордың аялық біліміне байланысты. Сол білімді қабылдаушы тыңдарманның да аялық білімі соған сай болмаса да, жуық болғаны дұрыс. Тілдік коммуникациядағы аялық білімнің жүйесін зерттеген Х. Ордабекова көрсеткендей, тілдік қарым-қатынас барысындағы «аялық білім жүйесі –

индивидтің материалдық және рухани құндылықтарды меңгеру нәтижесі» [127, 74 б.]. Ал автордың рухани әлемін, оның ішінде өзіндік танымын, ішкі болмысын, дүниеге деген көзқарасын, бір сөзбен айтқанда аялық білімін тану үшін ең алдымен көркем мәтіндегі автор бейнесін тану қажет.

Лингвистикада «аялық білім» туралы алғашқы ойлар Е.М. Верещагин мен В.Г. Костомаровтың «Тіл және мәдениет» атты кітабында «лексикалық фон» термині арқылы түсіндірілген болатын. Ғалымдар бұл ұғымды өзге тілдегі мәтінді түсіну барысында қолданды. Авторлар болмыстағы заттар мен құбылыстардың, яғни денотаттың мәнді белгілері мен қасиеттерін *семантикалық үлес* (семантические доли) деген терминмен атайды. Қарым-қатынас барысында өзге ұлт өкіліне денотат туралы бір-екі семантикалық үлес белгілі болса, ана тілінде сөйлеп тұрған коммуникант оның бірнеше семантикалық белгісін білуі мүмкін екендігімен түсіндіреді. Еңбекте келтірілген тұжырымдар сөздің уәжділігімен (мотивировка) тікелей байланыстырылады және белгілі бір сөздің уәжі көп жағдайда ана тілінде сөйлеушіге (носителю языка) ғана айқын белгілі болады деген ойды негіздейді. Бұл – сол сөздің лексикалық аясы. Е.М. Верещагин лексикалық фонға мынадай анықтама береді: «Лексикалық ая – адамның тіл арқылы жанама қызметіне қатыспайтын сөз мазмұнының құрамдас бөліктері» [136]. Яғни лексикалық фон дегеніміз сөзге қатысты әдеттегі тілдік санаға тән мәліметтердің барлық жиынтығы. Верещагин мен Костомаров тұжырымдамасы бойынша әр сөздің айналасында оған қатысты барлық ақпараттың тұтас кешені қалыптасады, ол адамның ойында бірден пайда болмайды, бірақ уақыт өткен сайын ассоциация үдерісінің арқасында жоспарсыз және саналы түрде іске асады.

Аталған зерттеушілердің *аялық білім* идеясын дамыта отырып, оны адам танымына қатысты қолданған алғашқы ғалым Г.Д. Томахин болатын. Ол аялық білімді өзінің лингвоелтанымдық аспектідегі зертеу жұмыстарында кеңінен талдап, бұл ұғымды белгілі бір этнос өкілінің сол халыққа тән географиялық, тарихи, этнографиялық, бір сөзбен айтқанда, өлкетанымдық мәліметтерді білуі деп түсіндірді. Бірақ ғалымның бұл тұжырымы аялық білімнің мәнін толық ашып бере алмайды. Өйткені кез келген тарихи-географиялық білім өзге ұлт өкілі үшін де қолжетімді бола алады [137].

Ұлттың өткен тарихы, мәдениеті, дүниетанымы туралы білім қорын танудың бірден-бір жолы сөз екені белгілі. Сондықтан «аялық білім» таза лингвистикалық зерттеулерде де жиі көрініс таба бастады. Кейінгі зерттеулерде бұл ұғымның аясы кеңейіп, оған берілген анықтамалар саны да артты. Мысалы, О.С. Ахманова аялық білімге мынадай анықтама береді: «аялық білім – тілдік қарым-қатынастың негізі болып табылатын сөйлеуші мен тыңдаушы реалийлерін екі жақты білу» [5]. Қорыта айтқанда, *аялық білім дегеніміз* – бұл қарым-қатынас кезінде толық көріне бермейтін, ұлттың мәдениетімен, тарихымен, салт-дәстүрімен байланысты экстралингвистикалық ақпараттар жиынтығы. Лингвомәдениеттанушы ғалым Ә. Әлметова аялық білімді былай түсіндіреді: «Мысалы, орыстар «*Отан*» ұғымын *Волга өзенімен (Волга-матушка), орыстың табиғатымен (русска зима, белая береза), орыстың жан дүниесімен (русская душа), т.б.* осындай жағдайлармен байланыстырады. Ал

қазақтар үшін «Отан» қазақтың ұлан-байтақ сары даласы, кең де мол дастарқаны (еті, қазы-қарта, қымызы, қою күрең шайы), дархан көңілі, мамыражай тірлігі. Біздің байқауымызша, жалпыадамзаттық білімдегі халықтық рең мазмұнынан аймақтық және елтанушылық маңызы бар білімдегі ұлттық бояу көрінеді» [115, 178 б.].

Д. Исабековтің аялық білімі оның шығармаларында осындай ұлттық бояуы қанық, астарлы, символдық мағынадағы тілдік бірліктерді қолдана білуінен көрінеді. Жазушы шығармаларымен танысу барысында мәтінде автордың әртүрлі бейнеде жасалғанын көруге болады. Бір шығармада автор кейіпкер кейпінде болса, енді біреулерінде автор әңгімелеуші ретінде көрінген. Ол автордың автор бейнесін танытуға шеберлігі мен ыңғайына қарай жұмсалған. Көркем мәтінде автордың әртүрлі ракурста көрінуі жөнінде орыс ғалымы И.А. Широкова «*Образ автора в художественном произведении: отражение отражаемого*» [138, 103 б.] атты ғылыми мақаласында жан-жақты қарастырған. Ғалым автордың оқиғаны І жақта суреттеуін үшке бөліп көрсеткен: «автор – баяншы; кейіпкер – баяншы; кейіпкер образында жұмсалмайтын баяншы. Яғни автор – баяншы кейіпкерлермен диалогке түсіп, оқиғаға деген өз көзқарасын білдіре алады. Ал кейіпкер – баяншы оқиға ішінде болады. Үшіншісі, кейіпкер образында жұмсалмайтын баяншы басқа кейіпкерлерді ғана емес, оқиғаны да, тіпті өзін де әртүрлі сипаттай алады.

Мысалы, Д. Исабековтің «Кемпірлер» атты әңгімесінде автор баяншының көмегіне жүгініп, оқиғаны баяндауды соған ұсынады. «*Құлағы салпиган қара күшік түнемеге там айналып шәуілдеп үріп шығады. Әліне қарамай ол да осы үйді қориды, оған да осы үй қымбат. «Өй, әптің құрғыр!» – дейді әжесі тыныш түнде ұйқысыз жатып. Бірақ, бұл кею емес, керісінше, оның бұл үнінен: «Үй болып, түтін түтетіп отырғанымызға шүкір. Балам өліп, келінім кетсе де жалғызымның көзіндегі боп немерем қалды. Ішіме құса толып, өзіңе тіл тигізген кезім болса кешіре гөр жаратқан, қуартып қу басымды қалдырсаң қайтер едім. Немере сүйдіріп, ит асыратқаныңа, оны шәуілдетіп үргізіп қойғаныңа құлдық» деген жоққа нысап, барға қанағат ризашылық көңілін аңғаруға болар еді. Таң атқан соң бұлар да өзгелер сияқты өз тіршілігіне кіріседі. Екеуі сөйлеп жүріп қорадағы үш малды, өріске айдайды, итке быламық қайнатады. Сөйтіп жүргенде иығы бүлкілдеп сары самауыр да қайнап, әжесі дастарқан жаяды. Күнде осы кезде дастарқан басында екі адам отырады. Бір – жүзін әжім көмген қарт әже, екіншісі – уыздай балғын немере. Барлық жастық шағы мен балғын дәуірін немересіне сыйлап әже отырады, сол әженің арқасында жетімдік дегенді жете білмей, мәз-мәйрам боп бала отырады. Салден кейін көрші кемпірлердің бірі кеп әңгіме құрады, не «шай іш» деп ертіп кетеді. **Шаңырағы астында қонақсыз, кісісіз отыра алмайтын қазақ емес пе, біраз кемпір бір үйге жиналып, шөлдемесе де қоңыр әңгіме үшін күрең шайды жайлап тартып отырады. Бәрінің айтатындары ел тыныштығы, балалары мен немерелерінің амандығы**» [93, 35 б.]. Көріп отырғанымыздай, қазақи тілмен, қазақи таныммен, қазақи болмыспен жазылған мәтін. Ең алдымен «**жүзін әжім көмген қарт әже**» деген тіркес арқылы көз алдымызға ауылдағы ақ әжемiз елестейтiнi анық. Қазақ танымында әжеден*

катты, әжеден жұмсақ адам жоқ. Бұл – парадокс. Әжемiзден қаншалықты қорықсақ, соншалықты жақсы көреміз. Себебі ол да ана. Ал ананың жүрегі қашанда мейірімге толы ғой... Ақ кимешек киген, аяғынан мәсісін тастамайтын, бетінде қатпар-қатпар әжімі бар әже бейнесі – қазақтың санасына сіңіп кеткен бейне қазіргі таңда елеске айналғаны да шындық. Халық санасындағы сол әжені автор көз алдымызға *жүзін әжім көмген қарт әже* деп кейіптеу әдісін қолдана отырып жеткізген. Ал немере бейнесін ашуда да «уыз» сөзін пайдалана отырып, қазақтық танымына тамырластырған. Қазақ жақсының бәрін төрт түлік малмен байланыстыратыны белгілі. Соның бірі – малдың уызы. Уыз – жаңа төлдеген малдың ең маңызды сүті. Автор немерені ең алғашқы уызына теңеп, оның жастығын, балғындығын, тазалығын жеткізіп отыр. Жазушының аялық білімін танытатын «уыз» сөзі немеренің кейпін одан әрі аша түсетіндей. Жазушының қазақ халқының күнделікті тіршілігінде, мәдени өмірінде ерекше орынға ие болатын «шаңырақ» ұғымын да қалай қолданғанына талдау жасау қызықты. Негізінде қазіргі таңда халық арасында шаңырақтың бірнеше мағынасы қолданылады:

- 1) киіз үйдің уықтарын біріктіріп ұстап тұратын күлдіреуіштері бар дөңгелек шеңбер;
- 2) өзінің туған тұрғын үйі;
- 3) орда, мекен;
- 4) әулет, үрім-бұтақ;
- 5) отбасы, жанұя [120].

Бұлардың қай-қайсысы болмасын қазақ үшін маңызды. Қазақ танымындағы *шаңырақ* бейнесі жоғарыда аталған мағыналардың барлығымен тікелей байланысты. Қазақтың «*шаңырағың шайқалмасын*», «*қара шаңырақ иесі*», «*шаңырақ көтерді*» деген тіркестері санамызда қалыпты ұғымға айналып кеткен. Бұл ұғымды халық алдына ұсынып отырған жазушының да нағыз қазақи тәрбиемен сусындаған тұлға екендігін көруге болады.

Д. Исабековтің келесі «Шалдар» әңгімесінде автор біресе кейіпкер болып сөйлесе, бірде жай ғана баяншы ретінде оқиғаны баяндайды. Оны мына үзіндіден көруге болады: «*Ақымақтар-ай, тентектер-ай түге! О, жарым естер-ай десеңші! Бойына сыймаған күйініш пен өкініш, Қарекеннің жан түбінен осы бір сөздерді лақтырып тастады. «Не жетпейді, ойпыр-ау не жетпейді екен бұларға. Ел тыныш, қой үстіне бозторғай жұмыртқалап, ақ түйенің қарны ақтарылып жатысы мынау. Белі сырқырап жұмыс істеп жатқан да жоқ қой жүдә. Енді не жетпейді бұларға? «Осылар жесін, осылар кесін» деп жар құлағың жастыққа тимей, жарасымды өмірлеріне жаның сүйсініп, «е, құдай, балаларымды бақытты қыла гөр, өмір жастарын ұзақ қыла гөр» деп жүргенде, бұл ақымақтардың сүттей ұйыған тұрмыстары нілдей бұзылып, қақыратып кетті-ау қабырғаны! Ақымақтар-ай, тентектер-ай түге! Қарекен ұзақ түнге кірпік ілмей, жиі-жиі күрсінуге болды. Түн ортасы әлдеқашан ауып қалған. Жанындағы кемпірі де көпке дейін көз жұмбай, өзімен бірге күрсініп, аһ ұрып жатыр еді, енді маужырап ұйықтап кетті. «Қайтсін, шаршаған шығар байғұс. Таңның атысынан күннің батысы қыбыр-қыбыр бір тыным көрмейді, – деді Қарекен кемпіріне аяушылықпен*

қарап қойып. – Оның үстіне, мына уақиға да оған оңай тиіп жүр деймісің. Осының бәрін көре-біле тұрып, кейде оған орынды-орынсыз қожыраңдаймын кеп-кеп. Енді қартайғанда, осым не менің осы? А? **Тоба!**» [93, 22 б.]. Бұл мәтіннен жазушы автор бейнесін ашуда көптеген амал-тәсілдерді қолданғанын көруге болады. Мысалы, баяншы тілін әрі көркем, әрі қарапайым тілдік бірліктермен жеткізген. Қарапайым сөздерді қолдану арқылы оқиғаның ауылда, қарапайым халық арасында өтетіндігін таныту мақсатында қолданған. Ал көркем болуы тілдің түрлі көркемдеуіш құралдарын қолдануына байланысты. Жазушы «сүттей ұйыған», «нілдей бұзылған» сынды теңеулерді қолдана отырып, кейіпкер кейпіндегі автор бейнесін одан әрі әрлендіре түскен. Оған қоса, теңеулер сөзді көркемдеуімен қатар, автордың танымынан да хабар береді. Академик Р. Сыздықтың «Теңеу – таным нәтижесі. Сондықтан теңеулердің дені этнографиялық, ұлттық сипатта болады» [60] деген сөздері соған дәлел болмақ. Теңеуді қолдану арқылы жазушы ұлттық дүниетанымының кеңдігін көрсетеді. Бұл мәтіннен тыс осы әңгімеде *жас баладай, түйеден түскендей, құстай қомданып, сүттей жарық* сынды теңеулерді көруге болады. Жазушы теңеуді қолдана отырып, өзінің белгілі объектіге немесе субъектіге қатысты көзқарасын білдіреді. Қазақта сүтке қатысты *ананың ақ сүті, аузынан сүті кетпеген* деген тіркестер қолданылады. Сүт ақтың, адалдықтың белгісі іспеттес. Осы бір түсінікті жазушы да ескере отырып, автор мен кейіпкер бейнесін ашуда қолданған. Сонымен қатар автордың бұл шығармасы сәтті эпитеттерге де толы екендігін айта кету керек. Атап айтсақ, *ақ шыным, ақ ниет, ақ көңіл, дәмді әңгіме, қоңыр үн*. Осылардың ішіндегі ерекше көңілге қонғаны – **«ақ шыным»**. Ақ түс – адалдықтың, пәктіктің, тазалықтың нышаны. Оны қай қазақ та біледі. Ақ түсін шындыққа тіркеу арқылы автор нақтылықты, сенімділікті оқырманға жеткізуді көздейді. Қазақ халықының тілдік қорындағы *аппағым, ақ бөпем, ақ ботам, ақ бұзау* сынды тіркестері арқылы қазақ үшін ұнамды әрі жағымды түстердің бірі екендігін көруге болады. Бұл мәтінде қоңыр түсіне қатысты тіркестер де кездеседі. Академик І.Кеңесбаевтың түсіндірмесінде *«қоңыр дауыс», «қоңыр ән», «қоңыр үн»* синонимдері бір қалыпты ырғақпен айтылатын құлаққа жағымды жұмсақ үн» [139] деген мағынада беріледі. «Қоңыр» басқа да кейбір сөздерге қосылып, тиянақты ой тіркесін құрағанда, көбінесе орташа деген ұғымды да береді.

Д.Исабековтің бұл шығармасында қазақ халқының даналығын, даралығын танытатын мақал-мәтелдерді көп кездестіруге болады. Қазақтың құнарлы сөздер қатарына жататын мақал-мәтелдерді автор кейіпкердің өзіне тән мәдениетін, тілдік білімін, ортасын көрсету мақсатында қолданған. Кейіпкерлер тілінде кездесетін **«Жылқы мен жылқы кісінескенше, адам мен адам сөйлескенше», «Ашу алдында, ақыл соңында», «Күйеу жүз жылдық, құда мың жылдық»** сынды мақал-мәтелдер еліміздің ұлттық ерекшелігін таныта отырып, оқырманға автордың рухани әлемін тануға мүмкіндік береді. Р.Сыздықтың «Мақал-мәтелдер де – дүниенің ұлттық танымы, ұлттық философиясы» [60] атты пікірі ойымызды айқындай түседі.

Д. Исабековтің автор бейнесі кейіпкер образында жұмсалатын шығармаларының бірі – «Ағайындылар» әңгімесі. «Бір ретте үйге келген

әйелдермен әңгімелесіп отырып, олардың: «*Сенің мырзағаң үйленбей тұрғанда ерке еді, енді басылайын деді ме, қалай?*» – деген сұрақтарына жеңешемнің: «*Жо-жоқ, негылған басылу, әлі бала сияқты, даладан келсе, азасын құшақтап, балалармен алысып, тіпті біреуімен кәдімгідей кергілесіп тасыр-тұсыр етіп жүргені. Біз де соған үйреніп қалғанбыз ғой, ол үйде жоқ болса, қашан келеді, қашан келеді деп шыдамымыз таусылып отырамыз*», – деген жауабын естіп қалғаным бар еді. Менің жеңешем де **алтын адам** ғой шіркін, жүрегі кең-ақ, қашанда күлімсіреп тұрғаны» [93, 206 б.]. Қазақ дәстүрінде бірге туған бауырлардың жасы үлкенінің әйелі іні-қарындастарына жеңге болады. Жеңге мен қайын сіңлі, қайын іні арасындағы өзара сыйластық қазақи салт-дәстүрді, отбасылық, туыстық ынтымақты, сыйластықты құрметтей білуге тәрбиелейді. Жеңгелер қайын іні мен сіңлілерін еркелетіп, *сері жігіт, төрем, мырза жігіт, ерке қыз, сырғалым* деген сияқты жарасымды аттар қойып құрметін көрсетеді. Бұл дәстүрді қазақта *ат тергеу* деп атайды. *Ат тергеу* – байырғы қазақ тұрмысында әйелдердің қайын жұртының адамдары мен дүниеден озып кеткен ата-бабаларының есімдерін тура атамай, тұспалдап атау дәстүрі [118, 322 б.]. Өзге ұлттан ерекшелейтін бұл дәстүрдің нышандары Д. Исабеков шығармаларынан да орын алған. «Тіршілік» повесінде де бас кейіпкері Қыжымкүл ақ жаулықты әжеге айналса да, әлі күнге ата салттан айнымай, қайныларының атын тура атамайды. «*Көсегең... көсегең көгергір Сендібай қайным (Теңдібай деп тура атауға жеіңгелік жолы көтермейді)*». Автор кейіпкерге осындай қасиеттерді телу арқылы тек Қыжымкүлдің ғана емес, барша қазақ әйелінің бейнесін ашады. Оны жоғарыдағы мысалдардан да көруге болады. Оған қоса, баяншы образындағы Нұржан атты кейіпкердің Шолпан жеңгесін «*алтын адам*» деп сипаттауы арқылы халқымыздың жеңгеге деген құрметін, сыйластығын көруге болады. Жалпы ұлтты ұлттық сипатынан айырмай, сақтап тұратын салт-дәстүр десек, жазушы осы дәстүрімізді бейнелейтін тілдік бірліктерді насихаттау мақсатында және шығарма мазмұнын ашу үшін қолданған.

Жоғарыда автордың мәтінінің арғы тұратын, мәтіннің жазылуына себепші болатын аялық білім туралы айтылды. Осыған орай жазушының «Қабылан» әңгімесінде автордың аялық білімін танытатын мына мәтінге назар аударуға болады: «**Шын досыңның қимасын сұрама**» деген емес пе, Беріш. Өзге нәрсемнің қайсысына қолқа салсаң да қой демес ем. Мына қалауың қиын тиіп отыр. «**Достың көңілі бір атым насыбайдан қалады**» дейді, бірақ, бір қалауымды жерге тастады деп сен де өкпелеме. Құдай о баста итті де адамның ырыс-құтымен бірге жаратқан деседі. Демек, оның да несібесі иесімен бірге, осы үйдің бір мүшесі сияқты ғой. Бере алмаймын, оған ренжіме» [93, 46 б.]. Бұл мәтінде «**Шын досыңның қимасын сұрама**», «**Достың көңілі бір атым насыбайдан қалады**» деген қазақтың санасына сіңіп кеткен мақалдары шынайы достықтың белгілерінің бұзылу, бұзылмау амалдарын сипаттайтын аялық білімді көрсетеді. Сол арқылы ой жиегінен өткізіп, бұл мақалдарды кейіпкерлер арасындағы қарым-қатынасты көрсету мақсатында қолданады. Қазақи ортада өсіп-өнген қарапайым қазақ жазушының бұл ойын қиындықсыз түсінетіні анық: «*Берішке тән бір қасиет – көрсеқызарлығында.*

*Әкеме де оның осы мінезі ұнамайды. Біреудің жақсы малы, әсем мүлкі, ыдыс-аяғына дейін қызыға қарайды. Сонан соң достық қарым-қатынасын көлденең тартып «қаладым» деп қиыла өтінеді. Бірде алады, бірде көңілі қалады. Алса-берген адамнан жақсы жоқ, көңілі қалса – қызығуы қызғанышқа айналады. Былтыр қыста ол әкемнің Арқа жақтан бір сиырдың құнына сатып әкелген ер-тұрманын көре салып қалау сала келген. Әкем бермеді. Жалпы, исі қазақ ат иесінің көзі тірі тұрған көзінде **ер-тұрманын сұрамайды, ол жаман ырым**. Ер-тұрман әке өлсе балаға, аға өлсе ініге мұра боп қалады, мұрагер жоқ болса, марқұмның үзеңгі досы мен көңілі жақын адамына аманат ретінде тапсырылады. Сондықтан әкем тіксініп, үзілді-кесілді бас тартқан. Беріш тойған масадай торсыып кеткен. Сол бойы үйге де келмей әкеммен жарты жыл бойы араз боп жүрді. Ақырында әкем оған күміс сапты қамшысын беріп, үйге шақырып, ескі кірбіңнің ізін жуып-шайған болды. Ақ көңілмен ұсынылған қамшы түрткі болды ма, әлде, ол оқиганың әлдеқашан ескіргені себеп болды ма, әкем шақырғанда, ол да маңғазсымай әйелі, үлкен қызы үшеуі кештетіп жетіп келді. Бұл жолы Беріштің көңілі қатты қалып, әкеммен арадағы ала арқанын біржолата үзіп кеткен секілді» [93, 47 б.]. Қазақтың ата салтында ер-тұрманды сұрауға болмайтынын, ол атадан балаға мұра болып қалатын жәдігерлердің бірі екендігі туралы оқырманға таныс аялық білімге сүйенген жазушы ер-тұрманның ерекшеліктері мен иесінің оған деген көңілі туралы оқырманға толық әрі нақты танымдық ақпаратты ұсынады.*

Көркем шығармада ұлттық дүниетанымды көрсетудің бір тәсілі – ментальді тілдік бірліктерді қолдану. Д. Исабеков шығармаларында қазақ дүниетанымындағы «уақыт» пен «кеңістік» ұғымдарын білдіретін тілдік бірліктер *бозторғай шырылдағанша, күн арқан бойы көтерілгенде, күн бақан бойы көтерілгенде, күн қазық бойы көтерілгенде, сүт пісірім уақыт, ет шайнам уақыт, қазан қайнам уақыт, бие сауым уақыт, сиыр сауым уақыт және ат шаптырым жер, таяқ тастам жер, қозы көш жер*, т.б. тіркестер арқылы көрінеді. Көшпелі қазақ халқының шаруашылығы, тұрмыс-тіршілігі төрт түлік малмен байланысты болғандықтан, халқымыз уақытты малдың төлдеу, өрістен қайту, күзеу уақыттарымен байланысты немесе сол малдан алынатын тағамдарды дайындауға кеткен уақытпен анықтап отырған. Яғни олар ертедегі сағат және кеңістіктегі мөлшерлерді анықтау құралдарының рөлін атқарған десек те болады. Бұл туралы тілтанушы ғалым А. Жаңабекова өзінің антропоэзектік бағытта жазылған «Қазақ дүниетанымындағы «уақыт» ұғымының тілдік парадигмасы» атты зерттеу еңбегінде былай дейді: «Қазақтың ата тегіндегі «уақыт» ұғымы бейнелі, эмоционалды сипатқа ие. Олар уақыт пен кеңістік өлшемдерін болмыс, яғни белгілі бір құбылыстар мен табиғат заңдылықтарына сәйкес салыстыру, орайластыру, байланыстыру, яғни уақыт пен кеңістік өлшемдерін шендестіріп елестету арқылы жасалған. Мысалы *ат шаптырым жер* дегені шамамен отыз шақырым жер, осы сияқты *қозы көш жер* дегені шамамен он бес шақырым жер. Мұндай халықтық өлшемдерді көшпелілер ойлау, логикалық тұрғыдан өлшеу, парықтай алу, табиғи сезімталдық қабілеттерінің арқасында ойлап тапты» [140, 47 б.]. Ғалым айтып кеткендей, бұл ұғымдардың бәрі де болмыспен, дүниетаныммен байланысты

туған ұғымдар және мұндай сөздерді қолдану шығарманың эмоциялық сипатын арттырады. Д. Исабеков өз шығармаларында осындай тіркестерді молынан пайдаланады. Мысалы:

– *Жазған-ау, саған не болды?*

– *Салмағы қандай еді-ей? Бір шелек судың ауырлығындай бар ма?*

Әйелі үн шығармай жымиып күліп алды.

– *Қайдағы бір шелек су! Қымыз толы торсықтан сәл-ақ ауыр. Балаңды бір алып деп ойлайсың зой деймін* («Дермене»).

Жауап ала алмаған сұрақ иесі ет шайнам уақыт әрі-сәрі боп тұрды да, тез-тез басып шығып кетті («Тіршілік»).

Атқа қамшы тартып, арқан бойы ұзай бергенімде ұлыған боранмен араласып, арт жағымнан әлсіз бір дыбыс естілгендей болды («Гауһар тас»). **Бақан бойы көтеріліп қалған күнге көзін сығырайта қарап, есінен қояды** («Гауһар тас»).

Жұпыны екі шаңырақтың кішігірім тойы бозторғай шырылдағанша созылды («Тіршілік»).

Сол түні торғай шырылдағанша дермене тасылды («Дермене»).

Бұл тіркестер қазір абстрактілі сипатқа ие болғанымен, бір кездері халық үшін нақты уақытты білдірген. Автор танымындағы «уақыт» концептісінің тілдік көрінісі осы ментальді бірліктер арқылы танылады.

Көркем шығарманың құрамындағы ерекше әсерлілік, мазмұндық сипаты бар кейбір сөйлемдер оқырманға ой салып, оның санасында жатталып қалып жатады. Мәселен, Д. Исабеков әр шығармасында кейіпкер тіліне өмірлік мәні бар сөздерді салу арқылы, өзінің ақыл-ойын, таным-түсінігін, дүниеге көзқарасын танытады. Ғылымда мұндай сөздер авторлық афоризмдер, кейде *сентенция құбылысы* деп те аталып жүр. *Сентенция* – ғибратты ой-пікір, нақыл сөздер. Мысалы: *«Екі жарым-ақ бет! Кешкі сегізден таңғы төртке дейін бітіргені осы. Бір де бір сөзі өшірілмеген екі жарым беттік диалогсыз текст. Жалпы ол өшіріп жазғанды ұнатпайтын. Өзгелердің талай рет көшіремін, өңдеймін, сызамын дегендеріне түсінбейтін, оған қарсы болатын да. «Таза өнер бір сәтте екі тумауы керек, – дейтін ол»* («Қарғын»). Шындығына келгенде, бұл кейіпкердің емес, жазушының өз ойы. Жазушының ойынша шын таланттың шабытынан туған дүние өңдеп, қайта жазуды қажет етпейтін болуы керек. Оның ұлылығы да сонда. Аз сөзбен көп мағына беру – Д. Исабеков қаламына тән басты сипат. Осы сипатты танытуда авторлық афоризмдердің атқарар рөлі зор. Сонымен қатар мұндай сөз оралымдары автордың ішкі болмысын, көзқарасын, яғни «менін» табуда үлкен мәнге ие. *«Бәлкім сол шалдың сөзінде көп мән жатқан болар. Тереңге ұмтыламыз деп саязда жатқанды, әріге ұмтыламыз деп беріде тұрғанды көруден қалған шығармыз»* («Өкпек жолаушы»). Шынында да, адам алысқа ұзаған сайын жақындағысын ұмыта бастайды. Автордың кейіпкер сөзі арқылы жеткізген осы ойы көзі қарақты оқырманды терең ойға қалдырады. Жазушы осындай философиялық мәні зор авторлық сентенциялар арқылы оқырманның көкірек көзін оятып, өмір шындығына қанықтыра түсетінін байқаймыз. Жазушының

тағдыр талқысына түскен екі жан туралы жазылған «Өкпек жолаушы» атты повесі осындай афоризмдерге, адам жанының нәзік иірімдерін қозғайтын толғаныстарға толы. Мысалы:

«Осы сәт оның есіне жұртқа таныла алмай ерте қайтыс болған ақын досының бір айтқаны түсе кетті: «Әрбір әйел – танылмаған планета. Жай гана планета емес, әрқайсысы мұңлы планета. Бүкіл дүние жүзінің ұлы ғалымдары жиналып, әйтеуір бір кезде әлемнің құпияларын ашуы мүмкін, бірақ ешқандай ғылым, ешқандай данышпан қарапайым әйел жанының құпиясын аша алмайды».

«Әжем қызық адам болатын, – деді Зейнеп әлгі қайғы құрсауынан біршама босанғандай кенет басқа әңгіме бастап... «Үйде тұмаған әйелдің баласы мейірімсіз болады» деп айтып отыратын-ды. Қазіргі әйелдер үйде тұмайтын болды емес пе?».

Баяғы бір кезде оны еркелетіп отырып: «Перзент – адам өмірінің тірегі. Менің қуанышым сендерсіңдер... Перзент әкеге қандай қуаныш әкелсе, әке де перзентке сондай борышты» – дегенім бар еді.

Көптеген жазушылар мұндай афоризмдерді көбіне көп оқиғаның ғибратты түйіні, яғни мораль ретінде шығарманың соңына сақтаса, Д. Исабеков шығармаларында аталған сөз оралымдары кейіпкер сөзінде, автор сөзінде араласып қолданыла береді. Бұлай қолданудағы автордың мақсаты өзіндік пайымын кейіпкер сөзіне қосу арқылы оның тұлғасын нақты, шынайы суреттеу. Айталық, берілген мысалдар «Өкпек жолаушы» повесіндегі Айтөре мен Зейнептің диалогынан алынған үзінділер. Повестегі екі кейіпкер де тағдыр теперішін көп көрген, өмірден көрген-білгендері мол жандар. Олардың ақыл-парасатын, өмірлік тәжірибесін көрсету мақсатында автор терең мағыналы цитаталарды өз атынан емес, кейіпкер атынан айтады. Шығармада екі кейіпкер бірінің ойын бірі осылай қорытып, түйіндеп отырады. Афоризмдік сипаттағы фразалар арқылы жазушының өз тұлғасының көрінуіне келер болсақ, бұл арқылы ол өмірлік кредосын, адамдық қасиеттерін танытады. Мәселен, жоғарыда келтірілген мысалдардан байқағанымыз: жазушы әр уақытта әйел баласының жанын түсінуге, ардақтауға ұмтылады; дүниеге ұрпақ әкелетін әйел-ана болғандықтан, оған қатысты ырымдарға да қырын қарамайды, барлық әйел сол қағиданы ұстанғанын жөн көреді; сонымен қатар болашақ ұрпақ алдында әке ретінде, ата ретінде, баба ретінде асқан жауапкершілікті сезінеді және оның тағдырына алаңдайды.

Адам өзінің саналы ғұмырында көрген-білген, естіген нәрселерін ұғынып, санасына сіңіріп қана қоймай, оны өңдейді, жетілдіреді, өзгелерге жеткізеді, қажетіне жаратады. Қандай да бір халық тілінде сол ұлт өкілі ғана жақсы білетін, астарлап айтса бірден түсіне алатын ақпараттар болады. Мысалы, қазақта *Алдар көсе – қу, Қожанасыр – аңғал, Шығайбай – сараң* деген сияқты қалыптасқан түсініктер бар. Бұл персонаждардың мұндай қасиеттерге ие болуы олар туралы ел арасында тараған аңыз-әңгімелер арқылы белгілі болып, ауыздан-ауызға, ұрпақтан-ұрпаққа тарап, санаға сіңіп қалған. Халық жадында жатталып қалған мәліметтер уақыт өте келе тура мағынасынан символдық мағынаға ауысуы да заңды құбылыс. Мәселен, *Өзің бір жүрген Қожанасыр*

екенсің десеңіз, кез келген қазақ оның аңқаулығын айтып тұрғаныңызды бірден түсінеді. Ғылымда осы сияқты танымдық мағына арқылы қалыптасқан ұғымдар *логоэпистемалар* деген терминмен аталып жүр. Логоэпистемалар, ең алдымен, тіл мен мәдениет сабақтастығынан туындайды. Логоэпистемаларға әртүрлі деңгейлі лингвоелтанымдық құнды тіл бірліктері жатады: сөздер, ұғымдар, қанатты сөздер, сөз тіркестері, фразеологизмдер, прецеденттік мәтіндер, т.б. Мұндай тілдік бірліктер нақты бір ұлт тіліне қатыстылығымен, коммуникация барысында қайта құрылмайтын, бірақ қайта жаңғыртыла алатын тұрақтылығымен, дидактикалық, символдық, семиотикалық сипаттарымен ерекшеленеді. Ал оларды көркем шығармада қолдану автордың когнитивтік базасының, яғни аялық білімінің кеңдігін айғақтайды. Ә. Әлметова логоэпистемалар туралы өз еңбегінде былай дейді: «Логоэпистема өмірде бір затқа, құбылысқа меңзей, соны нұсқай еске түсіре айтылады. Ал сол еске түсіетін зат пен оған арнап айтылатын сөздің не ұғымның арасындағы байланыс халықтың жадында ұмытылмай, жүздеген жылдар өтсе де, сақталып тұрған болса, онда логоэпистема да өмір сүреді» [115, 199 б.]. Д. Исабеков шығармаларында оның аялық білімін танытатын мынадай логоэпистемалар бар: *Төрттен жаңа асса да қолына орақ алған кішкене сіңлісінің, құрт-құмырсқа құрт-құмырсқа мен бидайдың қылтығын жеп қоймасын деп аузы бір қабат дәкемен таңылып, «жылаған балаға да емшек жоқ» екенін тумай жатып түсінген бір жарым жасар інісінің әкесі болатынына қуандық.*

Автордың соғыс жылдарындағы аштық кезеңді суреттеуде тілімізде бұрыннан бар «Жыламаған балаға емшек жоқ» мәтелін қолдануы – оның сөз таңдауындағы ең бір ұтымды тұсы деуге әбден болады. Балалық шағын сұрапыл соғыс өрті шарпыған, әкесінен тірідей айырылған, ата-ана мейірімінен алыс қалған бейкүнә сәбилердің жай-күйін жеткізуде дәл қолданылған тіркес.

Өздерінің сәбилік тағдырлары кісі мүсіркейтін халде бола тұрып, отқа салса күймейтін, суға салса батпайтын Алпамысты аяды, кірпігі айқасса түсіне ыстық күлше кіретін күйде жатып зынданға қапылыста түскен Қобыландыға жандары ашыды, бір үйлі жанның үлкенді-кішісі, баласы-шағасы боп киетіндері бір пар етік бола тұрып махаббат жолында мерт болған қайдағы бір Қозының тағдырына жылады.

Мұнда аты аталған *Алпамыс, Қобыланды батырлардың, Қозы* сияқты адал махаббат иесінің есімдері, яғни прецедентті есімдер, шығармада ерекше прагматикалық жүк арқалап тұр. Автордың прагматикалық ұстанымына орай қолданылған арнайы лексика құрамы да бүгінгі оқырманның аялық білімі дәрежесіне сай келе бермесі хақ. Біздің зерттеуімізге нысан болған көркем мәтіндерде ұлттық таныммен байланысты тілдік деректер көптеп жұмсалған. Ондағы әрбір есім мен атаудың астарында маңызды оқиғалар мен тарихи тұлғалардың өмірлері, қызметтері, идеялары жөніндегі ауқымды ақпарат қатталған. Осы аталғандарды автор жекелеген сөздер мен тіркестер немесе нақыл сөздер, *прецедентті есімдер* арқылы кодтау тәсілін кеңінен пайдаланған. Бұл шығармаларды оқи отырып, ондағы әрбір есімнің қолданылу сырына үңілу қажеттігін білдіреді.

Д. Исабеков өз шығармаларында кеңес кезінде белгілі бір саяси-идеологиялық себептермен қазақы салт-дәстүрлердің ұмыт бола бастағанын, адамдардың қазақы атаулардан қашқақтап, орыс немесе шет тілдерден ауысып келген кірме есімдерге құштар болуы «сәнге айналғанын» анық көрсетеді. Мысалы, қалада тұратын немесе ауылдық жерде тұрса да, орысша оқыған кісілердің басым бөлігі өздерінің қазақша қойылған есімдерін орысшаға бұрмалап, өзгертіп алатыны жиі кездескен жайт. Мұны 1960-70 жылдары туылған Күлбағданың – Катя, Тамараның – Тома, Сәуленің – Света, Қалибек пен Камалханның – Коля, Сауытбек пен Сәкеннің – Сашка, Амангелдінің – Алеша, Сапаркүлдің – Соня болып кетуінен де көреміз. Мұндай мысалдарды әрқайсымыздың таныстарымыздан немесе туыстарымыздың арасынан табуға болады. Тіпті қазақ ауылдарында жаңа туған баласына орыс есімдерін немесе шет тілдерден енген есімдерді қою жиі кездескен. Есімі байырғы қазақ лексикалық қорынан алынған кейбір адамдар өз атын айтуға арланатындай халге жеткені жасырын емес. Осылайша экстралингвистикалық факторлардың теріс ықпалымен қоғамдық сананың мәңгүрттену үрдісін бейнелейтін тамаша мысалды Д. Исабековтың «Бонапарттың үйленуі» атты әңгімесінен кездестіреміз.

Бас кейіпкердің атын да жоғарыда айтылған «қазақша есімнен жеріну» үрдісінің тілдегі бір көрінісі ретінде санауға болады. Француздың «ұлы қолбасшысының» атын иемденген қазақ баласын ата-анасы кішкентай кезінде сүндетке отырғызуды «ұмытып кетеді». Ер жетіп, сүйген қызын жолықтырып, үйленуге бел байлаған жігіттің «әлі күнге мұсылман болмағаны» есіне түскенде бұл оқиға күллі жұрттың аузындағы «өзекті тақырыбына» айналады... Бүкіл елде байғұс бозбалаға күлмеген адам қалмайды...

Қазақта әке-шешенің ең басты парызының бірі саналатын «сүндетке отырғызуды» ұмытуға бола ма?! Әлбетте, жоқ! Бұл жерде жазушы сол тоқырау жылдарында орын алған «мода» ұғымының, оған жөнді-жөнсіз еліктеудің салдары қандай болатынын астарлап, имплицитті түрде жеткізіп отыр. «Моданың отаны» саналатын Франция жұртына жөн-жосықсыз еліктеу нәтижесінде қойылған баланың есімі оның тағдырына да теріс әсерін тигізіп үлгереді... Мәселенің түпкі мәніне үңілсек, бір қарағанда ешқандай зияны жоқ мұндай «сәнді есімнің» салдары кейін шығатыны аңғарылады. Бұл – шындап келгенде, бұрынғы қазақ айтатын «қағынан жерінудің» бір көрінісі, яғни «біреудің қаңсығын таңсық көру» түптің түбінде өзінің тарихи тамырынан ажырауға әкелетін, таратып айтар болсақ, ұлттық болмысын жоғалтуға апарып соғатын көзсіздік, түйсіксіздік екен.

Шет елдіктерге еліктеп, алдыңғы қатарлы, озық ойлы болып көріну – адамның өзіндік «Менін» жоғалтуға бастайтын алғашқы қадам. Оның ар жағында өзін өзгелерден кем санау, қорыну, өзіндік бағасының төмендігі сияқты бірқатар әлеуметтік психологиялық факторлар бой көрсетеді. Бұл – ұлттық болмысқа, этникалық сарасанаға қауіп төндіретін, зиянды жайт. Қаламгер осындай күрделі, саяси астары бар өзекті мәселелерді импликация тәсілімен, яғни әңгіме кейіпкеріне француз есімін қою арқылы меңзеген.

Егер француз халқының өкілдері осы есімді (Бонапарт) өз баласына қойса, бұл олардың шексіз патриоттық сезімінің көрінісі ретінде бағаланар еді. Мұны қазіргі кезде қандастарымыздың жаңа туған сәбиіне *Фараби, Бейбарыс, Абылай, Абай, Ақарыс, Жанарыс, Бекарыс* сияқты ұлы тарихи тұлғалардың атын қоюмен салыстыруға болар еді. Перзентіне даналығымен, білімпаздығымен, ақылдылығымен, батырлығымен аты шыққан даңқты бабаларымыздың есімін қою, әлбетте, құптарлық жайт. Бұл адамның есімі оның тағдырына да өз әсерін тигізеді деген сенім тұрғысынан да жағымды әсер қалдырады.

Алайда өзінің туған жерін жаудан қорғау үшін атқа қону бар да, өзгенің жеріне көз аларту бар. Өз халқының намысын қорғау бар да, жазықсыз жандардың қанын төгіп, өзге елдің обалына қалу бар. Бұл тұрғыдан алғанда Наполеон – шексіз билікке ұмтылып, талай елдің тарихында қанішер ретінде қалған, ең «жұмсартып» айтқанда жағымсыз адам.

Көшбасшы ретінде қарастырсақ, оның жекелеген тұлғалық қасиеттерін (мақсатқа ұмтылғыштық, табандылық, ержүректік т.б.) үлгі тұтуға да болар еді, алайда жат елдерді жаулаушы, қолбасшы ретінде қарастырсақ, әлбетте, оны ең алдымен қанішер, жауыз ретінде танимыз. Сонда қазақтың өз жерін, өз елін жаудан қорғаған батырларын қадірлеп, құрмет тұтуы мен өзгенің «қолбасшысын дәріптеуі» таяқтың екі ұшы сияқты ешқашан бірікпейтін, үйлеспейтін дүние болып шығады.

Француз есімін қойғаннан қазақ баласы еуропалық болып кетпейді... Қай қырынан алсаңыз да, ол – қазақ, оның бойындағы қаны қазақ, қара көзі де қазақтікі... Сондықтан оның жаны да, рухы да қазақы болуы тиіс! Бұл – дәлелдеуді қажет етпейтін ақиқат, аксиома! Өкінішке орай, мұндай «мәңгүрттік» деген кесел қазақ арасында әлі күнге дейін кездеседі. Мұның тамыры өте тереңде жатқандықтан, оның салдарымен мемлекеттік деңгейде күресу керек. Қазақтың өткені мен бүгінін жалғау арқылы келешегіне де сара жол салынады. Сондықтан тарихымыздағы атақты кісілердің есімдерін, олардың ел үшін атқарған өлшеусіз қызметін дәріптеп, өскелең ұрпақтың санасына құю керек. Өзіне сондай даңқты тұлғалардың есімі қойылғанын әр бала мақтан тұтатындай деңгейге жеткізуіміз қажет. Бұл үшін социумдағы тілдік сана мен когнитивтік сананың арасын жалғайтын аялық білімді толықтырудың маңызы зор.

Балаларымызға ешқандай пайдасы жоқ, мағынасыз компьютердік ойындарды ойнағаннан гөрі тағылымы мол тарихи туындыларды көрудің берері мол екені мәлім. Сондықтан әрбір ата-ана ұрпақ тәрбиесіне осындай жауапкершілікпен қарауы керек. Осы жерде ойымызға еріксіз оралатын, заманымыздың заңғар жазушысы М. Әуезовтің «Ел боламын десең, бесігінді түзе» деген сөзі ұлттық ұранымызға айналуы тиіс!

Сонымен көркем мәтінге түсіндірме беру барысында лингвокогнитивтік сипаттағы тілдік деректердің берері мол. Себебі, автордың прагматикалық ұстанымына сәйкес әрбір тілдік таңбаның астарында қатталған білім түрлерін тани, анықтай және түйсіне білу үшін оқырманға міндетті түрде аялық білім керек. Ол аялық білімді құрайтын компоненттер өте көп, солардың ішінде қазақ

каламгерлерінің шығармаларын талдағанда, әсіресе, діни танымдық және мифологиялық түсініктердің семиотикалық кілтін ашудың маңызы зор.

Лингвистика ғылымын дамытудың қазіргі кезеңі ұлттық мәдениет пен тілдің өзара байланысты дамуының күрделі үдерісін көрсететін тілдік бірліктерге деген қызығушылықтың күшеюімен сипатталады. Ондай тілдік бірліктер авторлардың, жалпы сол тілде сөйлеушілердің когнитивті базасының құрамдас бөлігі бола отырып, кең ассоциативті әлеуетке ие болады және сөйлеудің экспрессивті-эмоционалды, образды етеді.

Қазіргі таңда тілдік тұлғаның өмірде көрген-түйгені, отбасында алған тәрбиесі, қоршаған ортаға деген көзқарасы *автордың аялық білімі* деп аталады. Аялық білімге қатысты отбасы, тәрбие, қоғамның түрлі құбылыстары, ұлттық салт-дәстүр, діл мен дін, мәдениет пен болмыс мәселелері сияқты қазақтың сипатын танытушы бұл ұғымдар автордың тілдік білімімен ұштасып, көркем де мазмұнды шығарма туғызады. Сайып келгенде, автордың көркем шығармадағы бейнесі арқылы тілдік тұлғаның рухани әлемі, ойлау өрісі, аялық білімі көрініс табады.

Жоғарыда айтылғандарды жинақтай келе, мынадай тұжырымдар жасауға болады. Көркем әдебиеттің айрықша белгісін суреткер шығармашылығының даралық ерекшеліктері құрайды. Ол ерекшелік тілдік категориялар жүйесінде көрініс табады. Ол категориялар өзара байланыса және мазмұнмен біріге отырып, біртұтас бүтінді құрайды. Осы категориялар ұлттық ерекшеліктерді тасымалдаушы, жеткізуші болып табылады.

Көркем мәтін – аса күрделі құрылым. Оны толық қабылдау, түйсіну тұлғаның мәдени деңгейіне, оның аялық білімдеріне байланысты, тікелей тәуелді болады. Көркем мәтінге түсіндірме беру, ондағы берілген кодын ашу жеткізілім құралдары мен олар арқылы жеткізілетін мазмұнның арақатынасына талдау жасауды қажет етеді. Бұл да – өте күрделі құбылыс. Ал көркем әдебиет, бір жағынан тілдік білім алудың қайнар көзі болса, екінші жағынан, тұлғаға ықпал ететін аса қуатты құрал, оны ойлауға және талдау жасауға итермелейтін фактор болып шығады.

3.4 Көркем мәтіндегі автордың нақты коммуникативтік мақсатын көрсететін тілдік бірліктер

Көркем шығармадағы тіл арқылы автор бейнесін ашуда, туындыға негіз болып отырған идеяны тану жазушы тіліндегі тілдік бірліктерді зерттеуден басталатыны анық. Жазушы өзінің мәдениеті мен болмысын, танымы мен түсінігін, пікірі мен тұжырымын, қандай да бір ішкі жай-күйін көріктеу амалдары мен экспрессивті-эмоционалды сөздер арқылы оқырманға ұсынады. Д. Исабековтің көркем шығармаларындағы нақты коммуникативтік мақсатты көрсететін ерекше сипаты бар тілдік бірліктердің қолданысын әйел кейіпкерлердің тіліне қатысты көруге болады. Себебі қай ел болсын, қай заман болсын әйел тілі экспрессиялық және эмоциялық сипатымен көрінетіні белгілі. Қазақтың дәстүрлі мәдениеті мен қоғамындағы қазақ әйелінің ғасырлар бойғы рухани-тарихи тәжірибесі негізінде қалыптасқан әлеуметтік мәртебесіне сай өзіндік тіл ерекшелігі айқындалатыны да тілдің қоғамдық, әлеуметтік

қызметіне қатысты зерттеулерде атап көрсетілген: «Әйел тілі – дәстүрлі қазақ мәдениетінде кеңінен орын алған тілдік қарым-қатынастағы әйелдерге ғана тән шартты сөз қолданысы. Әйел тілінің қалыптасуына қоғамда орын алған әлеуметтік, діни, моральдық факторлар басты себеп болып табылады» [123, 26 б.]. Д. Исабековтің көркем туындыларындағы **«айналайын-ай, жарығым, қарағым, шыбыным, құлыным-ау, күнім-ау»** деген сияқты еркелету мәніндегі қаратпа сөздер арқылы қазақ әйелдерінің мінез-құлқы, ұлттық-мәдени ерекшеліктері, әдет-ғұрпы айқын аңғарылады. Жазушы шығармаларынан мысал келтіретін болсақ:

«Шынымен ұйықтап жатқан шығар деп ұясын көрді, мал қораны қарады. Ізім-қайым. Ол там айналып, үйге қайта кіргелі бұрыла бергенде қара көлеңке бұрышта күшігінің серейіп өліп жатқанын көрді де «әже»! деп айғайлап жіберді. Әжесі далаға атып шығып, немересін көтеріп алды да:

– Не боп қалды! Далаға жалғыз шықпа дедім зой саған! – деп оның таңдайын басты.

– Әже... Сырттан... өліп қапты.

– Әу, шыбыным.

– Енді... енді ешқайда кетпейікші-а?

– Мақұл, күнім, мақұл.

– Әже, - деді сәлден соң тағы да.

– Не жарығым?

– Біздің үйге нағыз ешкім келмейді?

– Ұйықтай зой қарағым, ұйықтай зой. Кейін бәрі де келеді.

Қалампыр таң аппақ атқанша көз ілмеді» [93].

Бұндай жылы да жұмсақ сөздерді әрқашан әйелдің тілінен, яғни асыл аналарымыз бен ардақты әжелеріміздің тілінен табатынымыз да рас. Бұндай мәнді тілдік бірліктер көбіне әйелдер тілінде кездеседі. Әйел тілінің осындай өзіндік тілдік ерекшеліктерін автор ескере отырып, кейіпкер тілі арқылы оқырманға ұсынған. Десек те, қазақ әйелдерінің тілінде еркелету мәніндегі қаратпалардан басқа алғыс, қарғыс мәніндегі тіркестер де кездесіп жатады. «Алғыс (көне түркі тілінде алқыш – *algis*) – дәстүрлі қазақы дүниетанымда адамдардың бір-біріне жасаған түрлі жақсылығына байланысты игі тілегін, ризашылығын білдіретін ерекше концепт. Сөзді киелі, қасиетті күш ретінде таныған халқымыз алғыс сөздер арқылы адамға жақсылық жасауға болады деп сенген. Неғұрлым алғысты көп алған адам соғұрлым бақытты өмір сүреді деген нанымға иланған халқымыз біреуге риза болғанда ықыласын алғыспен жеткізген. Алғыс, тілек, бата сөздер – өзара мағыналас, мәндес ұғымдар. Алғыс та, тілек те, бата да өзара жымдасып, тұтасып жатады. Бұл сөздердің тәрбиелік мәні зор» [123, 10 б.]. Академик Ә. Қайдардың пікірінше, алғыс сөздер екіге бөлініп қарастырылады: 1) бата сөздер; 2) тілек сөздер. Бұндай ризалық пен тілекті білдіретін алғыс сөздердің бірқатары Д. Исабеков шығармаларынан да орын тепкен. Мысалы: *«Есіркеп тілге келмей лып беріп далаға шығып кетті. Әжесінің ашулы екенін түсіне қойды. Осы кезде іштен келіні де шығып, атасының жүзіне қарай алмай күлімсіреп, ұяла сәлем берді.*

– *Бәрекелді, өмірлі бол, балам. Ана немелерің қайда?*
– *Үйде. Ұйықтап жатыр»* [93].

Бұл мысалда ең алдымен қазақ халқына тән «сәлем салу» дәстүрінен ақпарат беріліп тұр. Әрбір қазақ отбасында келін күйеуінен үлкен әрбір туысына сәлем салады. Сол арқылы қайын жұртының ақ батасын, ризашылығын алады. Сәлем салу келіннің отбасындағы әдептілігінің белгісі, ата-енесіне, қайын жұртына деген құрметі. Автор осы дәстүрді де ойдан шығармай, оқырман назарына ұсынған. Иіліп сәлемін беріп тұрған келінге әрбір адам ақ тілегін, ақ алғысын білдіріп жатады. Қазақтың бұл дәстүрінің артында үлкен тәрбие жатыр. Бұл дәстүр «Тіршілік» повесінде бас кейіпкер Молдарәсілдің Қыжымкүлді алғаш болыстың үйіне алып келген сәтінде де көрініс табады: *«Молдарәсіл аяғының ұшымен басып далаға шығып кетті де, сәлден соң келіншегін жетектеп үйге алып кірді. Қыжымкүл табалдырықтан аттай бере төрге қарап үш мәрте иіліп сәлем жасады»*.

Халық дәстүрінде қазақ келіншектері өзінен жасы үлкен кісіге қырындап тұрып, тізесін бүгіп, оң қолын кеудесіне қойып, иіліп сәлем беруі кездеседі. Қырындап тұрып амандасудың өзіндік сыры бар, үлкенге қарама-қарсы тұру әдепсіздік болып саналады.

Қазақтың алғыс айту дәстүрін айтқанда сонымен қатар қарғыс сөздер де бірден ойға келеді. Жазушылар шығармаларында жағымсыз кейіпкер бейнесін ашуда осындай құрылымдарды қолданып жатады. Д.Исабековтің шығармаларында көрініс тапқан *«Сайтан алғыр! Өй, әптің құрғыр! Ой, әдірем қал-ау, сен, әдірем қал!»* сынды қарғыс мәнді оралымдарды кездестіруге болады. Осы ретте М.Әуезовтің *«Адам баласы бір үлгі аларда, ең әуелі шын жүрегімен сүйген кісісінен күштеп алады. Сол сүйген кісісінен сүйіп алған үлгі жүрегіне нық орнайды. Біздің бала күнімізден елжіреп сүйетін кісі кім? Ол анамыз... Бұлай болғанда біз адамшылығымызға ірге болатын құлықты әкеміз қандай галым болсын, қой сауып, тезек теріп жүрген анамыздан аламыз. Бұлай болғанда өмірінде гаділет, мархамет, махаббат деген нәрсенің атын естімеген ананың харекеті үй іші мен отбасынан, гайбат өсектен аспаған анадан ақ жүрек, адал ниетті қамқор жан тууы мүмкін бе?... Сол себепті әйелдің басындағы сасық тұман айықпай халыққа адамшылықтың бақытты күні күліп қарамайды. Ал, қазақ, мешел болып қалам демесең, тағліміңді, бесігіңді түзе! Оны түзейім десең, әйелдің халін түзе!»* деген сөздері ойға келеді [123].

Көркем шығарманың тілі сөздің тура мағынасынан өрбитін сөздің ауыспалы мағынасы арқылы ажарлана түседі. Оны жүзеге асырушы – автордың қиялы мен тілінің көркемдігі негізінде жазушының тілі даралана түседі. «Ауыспалы мағынаның жасалуына бір зат пен екінші бір заттың, бір құбылыс пен тағы басқа құбылыстың форма, сыртқы түр, түс ұқсастығы, қызмет сәйкестілігі негіз болады. Сөздің ауыспалы мағынада қолданылу тәсілдеріне метафора, метонимия, меңзеу, т.б. жатады». Д.Исабековтің шығармаларында *«тағдырдың мазағы», «мәселенің төркіні», «сезім тұтқыны», «сезім торы», «қайғының қара түтіні», «қара жердің жарығы», «көңіл құрты», «сөздің майы»* сынды ауыспалы мағынадағы жазушының сөз саптаудағы шеберлігін

танытатын өзіндік тіркестер кездеседі. Сөз тіркесіндегі бағыныңқы мүше басыңқы мүшеге ерекше мағына үстеп, оны ажарландыра түскен.

Көркем шығарманың тілі көркем сөз өнеріне ғана тән мазмұнды бейнелейді. Оны ашу стилистикалық (кең түрде эстетикалық) талдау арқылы жүзеге асады. Сонда көркем әдебиет тілін стилистикалық (кең түрлі эстетикалық) талдаудың мазмұны көркем шығармада қолданылған тілдік тұлға бірліктердің мағына мәндерін барлық ендіктегі, тереңдіктегі ауытқулармен бірге ашудан тұрады. Екінші сөзбен айтқанда, тілдік тұлға бірліктердің шығарма мазмұнына қатынасын айқындау – міне, стилистикалық талдаудың мазмұнына осы. Көркем шығарманың идеялық мазмұнын автор бейнесімен байланыста болатын, өздерінің мағаналық қабаттасулары арқылы біріккен, қызметі жағынан сараланған тілдік тұлғалар жүйесі құрайды. Сонда стилистикалық талдау арқылы көркем шығарманың идеялық мазмұнын бейнелейтін тілдік тұлғалардың қызметтік, эстетикалық өзгеру, ұйымдасу заңдылықтары ашылады.

Көркем шығармада көріктеу құралдарының ішінде ең көп кездесетіні – теңеу. Ғалым Т.Қоңыров «Қазақ теңеулері» атты еңбегінде теңеудің жасалу жолдары мен түрлерін жан-жақты қарастыра келіп, мынадай анықтама береді: «Теңеу дегеніміз – ұқсас ортақ белгілердің негізінде бір затты екінші бір затқа салыстыру арқылы сипатталушы нәрсенің бейнелілік, көркемдік, эмоционалды-экспрессивтік сапасын күшейтетін, сол нәрсені жаңа қырынан танытатын әрі стильдік тәсіл, әрі таным құралы» [141, 7 б.]. Теңеуді жан-жақты зерттеген ғалым оның тоғыз түрін ажыратып көрсеткен: метафоралық, эпитеттік, метонимиялық, синекдохалық, гиперболалық, литоталық, градациялық, синонимдік, антонимдік теңеу.

Д. Исабековтің шығармаларында теңеудің бұл түрлерінің барлығы да кездеседі. Мысалы: *жабайы адамдарша, бәрін бес саусағындай біліп жүретін, алақандай ауылымыз, кеңірдегі кетпендей, жылан сорып жатқан құрбақадай дала сүттей жарық, жебедей атылып, құлқайырдың гүліндей, жан дүниесін жегі құрттай жеп, күздің шұбатылған мизамындай, дарияның иіріміндей, жұдырықтай болған құс, патша сарайындай, таңғы раушан гүліндей, кінәлі адамша, жұлдыздай аға жөнелуге дайын, туған айдай құлпырып* және т.б.

Профессор М.Серғалиевтің сөзімен айтқанда «теңеудің стилистикалық қызметі әр алуан. Бір ыңғайда, негізінен аз сөзге көп мағына сыйғызуды мақсат етсе, тағы бір жағдайда автордың астарлап сөйлеуіне мүмкіндік береді. Сол астарлап сөйлеудің өзі жинақылықтың арқасында болып отырады» [142, 42 б.]. Демек, автор теңеуді ойын көркемдеу және әсерлендіру құралы ретінде қолданған. Сол арқылы өзіндік шығармашылық танымы мен сөздің әлеуетін көрсетеді.

Көркем шығарма тілінде теңеуден кейінгі ең көп кездесетін көріктеу амалдарының бірі – *кейінтеу*. Кейінтеу – әр түрлі жануарларды, табиғат құбылыстарын немесе жансыз нәрселерді адам кейпіне келтіріп суреттейтін көркемдік тәсіл. Жазушы шығармаларында «*кеудесіне кеп қонақтап жатқан ұлпа сезім шудалары*», «*жағалауды толқыны баяу соғып*», «*қайғының қара*

түтіні жас кеуденді қақ жарып», «тіршілікті құдыретті күн сәулесі қытықтап оятып» сынды кейіптеулер кездеседі. Ассоциациялық қабылдау арқылы жазушы бірқалыпты, бірсарынды оқиға желісін өзінің ешкімге ұқсамайтын қиялына сабақтап, оқырман назарын аударады.

Жазушының тілдік-поэтикалық парадигмасының семантикалық компоненттерінің бірі – ойды өзектеудің құрылымдық құралдары – қайталаулар (лексикалық, семантикалық). Олар әлемнің тілдік бейнесінің концептуалды жүйесінде сәйкесінше автор тілінің көрінісі болып табылады. Көркем шығармада коммуникативтік мақсатқа сай қайталау амалын ұтымды қолдану оқырманның мәтінді дұрыс әрі ерекше сезіммен қабылдауына әсер етеді, яғни оның экспрессивтілік қасиетін арттыра түседі. Әдетте синтаксистік қайталаулар мәтіндегі сөйлемдерге дүркінділік, созылықтық, белгілі бір құбылысты, іс-әрекетті мойындату сияқты екінші дәрежедегі коммуникативтік мақсаттар үстейді. Академик Р. Сыздық шығармадағы қайталамалар жөнінде мынадай пікір айтқан: «Шығарма тілін көріктеуде қайталама құбылысы – өте ұтымды, әсерлі тәсіл қатарынан табылады. Ол стильдік категорияға жатады. Атының өзі айтып тұрғандай, қайталама дегеніміз – бір сөздің (не тіркестің, сөйлемнің) бір сөйлемде, не абзац, шумақ сияқты микротексте қайталанып келтірілу тәсілі. Қайталаманы суреткер көркем тексте әр алуан стильдік мақсат көздеп жұмсайды» [60, 100 б.]. Қайталаулар тілдің әр деңгейінде кездесетіні белгілі (фонетикалық, лексикалық, синтаксистік). Соның ішінде лексикалық, синтаксистік қайталаулар прозалық шығармаға тән болып келеді. Қазақ тіліндегі қайталамаларды арнайы зерттеу нысанына айналдырған ғалым О.Бүркіт «Қайталамалар және көркем текст композициясы» атты мақаласында бұл амалдың көркем мәтінде атқаратын қызметін былайша жіктеп көрсетеді:

- 1) тексттің бөлімдерін (бұл жерде микротекст туралы айтылып тұр) бір-бірімен байланыстыру, яғни тексттің жүйелілік, бірізділік ерекшелігін сақтау;
- 2) көркем тексттің мағына желісін сақтау;
- 3) көркем тексттің әсерлілігін күшейту [143, 32 б.].

Қайталамалар туралы айтқанда, олардың мәтінде орналасу және мәтіндегі ойды байланыстыру қызметіне қарай бірнеше түрге бөлінетінін де айта кету керек. Олар: *контактілі, дистантты және аралас қайталамалар*. Контактілі қайталамада редуликант (қайталаманың алғашқы сыңары) пен редуликатор (қайталанатын екінші қайталанатын сыңары) бір-бірімен тығыз байланыста болып, ара жігі ажырамай, бірінен соң бірі қолданылып отырады. Ал дистантты қайталауда бірінші сыңар мен екінші сыңар арасы алшақ орналасып, автор белгілі бір «қашықтық» сайын не туралы айтып отырғанын оқырман есіне салып отыруы мүмкін. Қашықтықтағы қайталаудың мазмұны оқырман қабылдауы арқылы анықталады: қайталанатын элементтер бір-бірінен едәуір алшақ тұра алатындығына қарамастан, оқырман қайталаманы қабылдағанға дейін жалғасады. Ал аталған қайталама түрлерінің араласа қолданылуы аралас қайталама болып табылады.

Д. Исабеков шығармаларында да бұл коммуникативтік амал өнімді қолданыс тапқан. Мәселен: «**Қандай көп халық! Қандай көп шатыр! Қандай салтанат!**», «**Неткен қасірет! Неткен қайғы!**», «**Сұлу табиғат, сұлу ай, сұлу**

қыз», *«Неткен сұлулық! Неткен тәкаппарлық! Неткен нәзіктік!»*. Қайталанып тұрған «қандай, неткен, сұлу» тілдік бірліктері жазушының ішкі сезімін жеткізуде тіркескен сөздеріне акцент беріп, оқырманның назарын баурап алу мақсатында жұмсалған. Жазушы сезімін жеткізуде осындай шешімге бармаса, оқырман қабылдауында нәзіктіктің де, тәкаппарлықтың да, сұлулықтың ешқандай экспрессиясы болмас еді. Ал мына мысалдардағы қайталама арқылы жасалған сөйлемнің негізгі коммуникативтік мақсаты – сөйлеушінің өз іс-әрекетіне деген сенімділігін білдіріп, оған тыңдаушының көзін жеткізе түсу: *Иә, естігем, естігем! Жолыға алмай қалсақ, сәт сапар тілеймін!; Білем, білем, қазір!; Сенбеймін, сенбеймін! Туған жерге ынтыға қоятындай сіздің басыңыздан үлкен оқиғалар өткен жоқ; Не болды, не болды?* – деді Мәлике оның қолынан түсіп кеткен кітапты да көтермей иығынан құшақтап. Осы сияқты етістік қайталамалар кейіпкердің ішкі психологиялық жай-күйін барынша шынайы көрсетуде автордың прагматикалық мақсатын көрсететін амалдар болып саналады. Мысалда «не болды?» сұрағын екі рет қайталануы арқылы кейіпкердің болған оқиғаға деген қызығушылығын, ынтызарлығын, алаңдаушылығын және сол оқиғаға бей-жай қарамайтындығын білеміз.

Жалпы қайталамалар мәтінде әртүрлі мағынада, әртүрлі реңде қолданыла береді. Ол автордың жеке танымына, талғамына қарай өзгеріп, дамып отырады. Көркем мәтінде қайталамалардың қалай қызмет ететіндігі туралы зерттеуші Г.Әзімжанова мынадай пікір айтады: «Қайталама әдісін сөз зергерлері терең психологиялық талдауға бару үшін пайдаланады. Қиын мәтіндерді түсіндіру үшін, жеңілдету үшін қайталама әдісі қолданылады. Бір ойдан екінші ойға логикалық байланыспен қатар жай байланыс туғызуға болады. Осы әдіс арқылы оқырман шығарманың объективті қасиеттерін бойына сіңіреді, жазушыға іс-әрекет, құбылысты ассоциативті байланыс арқылы шебер жеткізуге, өмір шындығын салмақтай білуге, белгілі көңіл күй пернелерін дөп баса білуге мүмкіндіктер ашады» [94].

«Жасын, – деді Бағила оның атын іштей қайталап. – Жасын Мәдиев. Жасын... Ғажап! «Жасын» деп ат қоюшы ма еді? Найзағай деген ұғым зой... Жасын!.. Бұл – сол екен зой. Бұрын суретін көрмеген екенмін-ау...». («Қарғын»). Мұнда «Жасын» сөзінің әр сөйлем сайын қайталануы сөйлемнің экспрессивтілігін күшейтіп, Бағиланың мазасын бұзып, көңілін бөлген Жасынның рөлін арттыра түседі. Қайталамалардың тағы бір маңызды қызметі – айтылған ойға біреуді сендіру, мойындату мағынасын үстеу. Мысалы:

– *Не... Сендер... Ішкен жоқсыңдар ма?*

– *Ә... Жоқ... Тойып алғанбыз... – Ол саусағымен кеңірдегін кесті де, еріген мұздың судың қалайы табақпен шелекке сырылдатып құйып ала бастады.*

– *Шыныңды айт. – Орнымнан тұрып оған жақындадым.*

– *Рас деймін.*

– *Өтірік!*

– *Рас дедім зой, рас. Ана, қарашы, тамақ ішкеміз десем нанбайды. Рас қой, іштік қой, ана, ә? («Біз соғысты көрген жоқпыз»).*

Жазушы қайталау амалы арқылы белгілі бір сөзге акцент түсіре отырып, оның мәнін өзектейді, дәл сол сәтте сол құбылыстың не заттың (адамның) қаншалықты маңызды болып тұрғанын немесе әңгіменің өзегі не туралы екенін білдіру міндетін қайталамаларға жүктейді. Мысалы:

– *Киінсеңші, тамағыңды іш.*

– *Тамағыңды іше зой, – деді апам да.*

Олар мені «Мектебіңе бара зой», – деп емес, дәл осы сөзді – «**Тамағыңды іше зой**» дегенді айту үшін гана оятқан сияқты боп көрінді. Бұл сөз екеуінің аузынан соншалықты байыпты, соншалықты салтанатты шықты. «**Тамағыңды іше зой**» деп салмақтап жүргендері – зерен тостақтың ортасынан бір мысқал төмен, бір мысқал жоғары тары көже екен. («Біз соғысты көрген жоқпыз»).

Бала апасы мен әпкесінің бұл сөздеріне күдікпен қарайды, өйткені үйде ішетіндей тамақ жоқ екенін біледі. Бір жағынан үнемі дәл бұлай сенімді естіле бермейтін сөздің бұл жолы салтанатпен, салмақты айтылуы оның көңіліне үміт ұялатқандай болады. Автор *тамақ* сөзін қайталау арқылы баланың ішкі сезімін, бүтін бір отбасын аш-жалаңаш қалдырған сұм соғысқа деген наласын, бұрынғы молшылық күндеріне деген сағынышын сыйдырып бере білген.

Қарым-қатынас барысында сөзбен жеткізуге келмейтін, не болмаса сөзге қарағанда рөлі күштірек тілдік емес амалдар болады. Олар – адамның қол, аяқ, бас, құлақ секілді дене мүшелерінің көмегімен орындалатын соматикалық амалдар. Қазіргі қазақ тілінде мұндай тілдік емес бірліктер *ым-ишараттар* деп аталып жүр. Сөйлеу этикетінде мұндай бірліктер үлкен коммуникативтік мәнге ие болады. Көзбе-көз қарым-қатынас барысында орындалатын мұндай тәсіл көркем шығарма тіліне енгенде өзіндік мән-мағынасы мен қызметімен қатар жүретіні белгілі. Д. Исабеков шығармаларында бұл тәсіл оқиғаны, кейіпкерді нақтылауда, оның іс-әрекеті арқылы мінезін, болып жатқан құбылыстарға деген көзқарасын танытуда өнімді қолданылады.

Қазақ лингвистикасында тілдік емес амалдарды зерттеуде алғашқылардың бірі болып зерттеген ғалым Б.Момынова ым-ишарат тілін зерттеудің маңыздылығын былайша түсіндіреді: «Бейвербалды амалдар бірінші кезекте адам табиғатын тани түсуге көмектеседі, екіншіден, тілдік құбылыстардың сырын жұмсалым кезінде, сөз динамикасы арқылы түсінуге жол ашады» [79].

Ым-ишараттардың көркем шығармада қолданылуы ауызекі тілге қарағанда өзгешерек. Мұнда олар қайткенде де сөз арқылы көрініс табатын болғандықтан кейіпкердің іс-әрекетін дәл сипаттау, оны оқырманға түсінікті етіп жеткізе білу тікелей автордың шеберлігіне, сөз таңдауына байланысты. Жазушы шығармаларындағы тілдік емес амалдар бірде ұлттық сипатпен, әдет-ғұрыппен байланысты болса, бірде күнделікті тіршілікте кез келген адам саналы-санасыз түрде жасайтын іс-қимылдар болады. Мысалы:

Таңдай басу. *Қорқып қалдың ба, құлыным! Кел, таңдайыңды басайын. Қарт немересінің қарсылық білдіргеніне қарамастан, оның мойнын өзіне күштеп бұрды да, басын қыса құшақтап тұрып, көз ілеспес жылдамдықпен таңдайына ағаш қасықтың сабындай ұзын саусағын сүңгітіп алды.* («Дермене»). Халықтық медицинада таңдай басу немесе тамақ басу бала бір

нәрседен шошып қалғанда, суық тиіп, тамағы көтеріліп тұрған жағдайда қолданылатын ем-домның бір түрі.

Саусағымен кеңірдегін кесу. *Ә.. Жоқ... Тойып алғанбыз... – Ол саусағымен кеңірдегін кесті де, еріген мұздың суын қалайы табақпен шелекке сарылдатып құйып ала бастады («Біз соғысты көрген жоқпыз»). ... Егер Роза болғаныңда бар зой. – Ол саусағымен кеңірдегін кесті. – Басыңды жұлып алатын едім, білдің бе? («Өкпек жолаушы»).* «Бас бармағымен кеңірдегін кесу» – адамның шындықты айтып тұрғанын дәлелдеуіне көмекші ретінде қолданылатын кинема. Әдетте, ауызекі тілдегі бетпе-бет қарым қатынас кезінде бұл қимылды жасаған адам «Рас айтам!», «Имандай шыным» деген тіркестерді қоса айтады.

Шашын жұлу. *Үңілді де, қос қолымен бұрымын жұлып, аңырап қоя берді («Біз соғысты көрген жоқпыз»).* Әйел адам өте қайғылы жағдайға душар болғанда, жақындарынан айырылғанда, күйеуі қайтыс болғанда басындағы орамалын босатып, қос қолымен шашын жұлып, зар илеп жылайды. Сондықтан да қазақ халқы жай күндері қыз баланың шашын жайып жүруіне тыйым салып, жаман ырымға балаған. Әйел жанының сезімталдығын, әлсіздігін танытатын мұндай кинесикалық амалдар қазақ жазушыларының шығармаларында жиі кездеседі. Ондай амалдар гендерлік сипатына байланысты әйелдерге тән кинемалар және ерлерге тән кинемалар деп бөлінеді. Қазақ қоғамында ер адамдар мына қимыл-әрекеттерді көбірек жасайды: *малдас құрып отыру, төс қағыстыру, қамшы тастау, басын қасу, бөркін аспанға ату, сақалын сипау,* т.б. Ал әйелдерге тән қимыл-әрекеттер: *сұқ саусағымен бетін сызу, шашын жұлу, ернін сылп еткізу, ернін шығару, қасын керу, орамалының ұшымен көзін сұрту, жағын таяну,* т.б.

Сақалын сипау. *Сақалын сипап біраз отырды да, сөз таппаған соң балаға дүрсе қоя берді («Ақырамаштан наурызға дейін»).* Ер адамдарға тән бұл кинема олардың терең ойға берілгендігін, мәселенің шешімін іздеп отырғандығын білдіреді.

Санын соғу. *Әлден соң санын сарт еткізіп: – «Өйбұй!» – деді оқыстан. Кемпірі аузына апара жатқан шайын шашып алды.* Бұл кинема өкінудің, әттеген-айдың, бармағын шайнап қалудың белгісі.

Ала көзімен ата қарау. – *Сайрай бермей баршы орныңа, – деді кемпірі шалына ала көзімен ата қарап («Қарғын»).*

– *Оу, әділқазылар-ау, менің әлгі... пәселкемді не істейсіңдер? – деп еді, екеуі де бұған ала көзімен ата қарап:*

– *Өй, поселкеңізді... аларсыз бір кезде, – деді мынадай сәтте басты қатырмашы дегендей теріс айналып («Ақырамаштан наурызға дейін»).*

Көз соматизмі арқылы орындалатын бұл кинема – жақтырмау, жаратпау мағынасын білдіреді. Жалпы көркем шығарма тілінде көз, қас, бас, қол соматизмдеріне байланысты кинемалар өте өнімді қолданылады, бұл адамның айтайын деген ойын жеткізуде дәл осы дене мүшелерінің басты рөл атқаратындығын білдіреді. Д. Исабеков шығармаларында көзге қатысты көзін

сығырайта қарау, бақырайып қарау, тесірейіп қарау, аларып қарау, ежірейіе қарау, қадала қарау сияқты түрлері кездеседі.

Қол алысу. *Сәргел орнынан тұрып онымен қол алысып қоштасты.- Бәлкім, сіз аттанғанша кездесерміз, қарсы болмасаңыз аэропортқа шығарып салайын («Қарғын»).* Қол алысу – екі адамның оң қолының алақандарын өзара қысудан тұратын қимыл, сәлемдесу немесе қоштасу рәсімі. Бұл әмбебеп кинема адамдар арасындағы сыйластықты, мәдениеттілікті, ресми қарым-қатынасты білдіреді. Көбінесе қол алысу сәлемдесу, қоштасу, құттықтау кезінде, мақұлдау, белгілі бір келісім жасасу немесе татуласу белгісі ретінде пайдаланылады. Қол алысудың мақсаты – адалдық пен ізгі ниет көрсету. Қол алысу – сенім білдірудің белгісі, ол серіктеске деген жақсы ниеттің кепілі ретінде, сондай-ақ бір-біріне құрмет көрсету үшін қолданылады. Қол ұстасудан бас тарту дұшпандық немесе ынтымақтастыққа келмеудің көрінісі болуы мүмкін.

Қол соғу, қол шапалақтау. *Сондай кездесулердің бірінде Алматыдан келген бір жазушы мінбеге шығып алып: «Біз еңбек адамдарын құрметтеуді ұмытып барамыз. Бір қарапайым жұмысшыға тағзым етуіміз керек. Осы комбинаттың ірге тасын қалаған кім? Алғашқы шеберхананың иесі кім? Сол алғашқы тері илеушіні тауып алып, оған комбинат алдында ескерткіш қою керек. Бұл қарапайым еңбек адамына деген шынайы құрмет болады» деген. Жұрт ду қол соқты. Шапалақ ұзаққа созылды; «...Толып жатқан құрметті мамандық иелеріне «кеудеден жоғары бюстер мен кеудеден төменгі жағы да қамтылған толық қанды бейнелер» жасауды жалғастыра беретінін айтқанда ағылшындар жағы ду қол шапалақтап, аупартком жағы үнсіз қалды» («Ескерткіш»).* Әр түрлі көріністер мен қойылымдарда, сондай-ақ спорттық жарыстарда, марапаттау рәсімдерінде және сөз сөйлеулерде көрермендер қос қолын бір-біріне ұрып шапалақтау арқылы сахнада не мінберде тұрған адамға деген ыстық ықыласын, ризашылығын білдіреді. Бұл кинема да барлық халықтар мәдениетіне ортақ әмбебап қимыл. Кейбір елдерде қол шапалақтау аяқтың қысылуымен қатар жүреді. Этикет бойынша қол шапалақтау сөз (өнер көрсету) аяқталғаннан кейін орындалады.

Бас изеу. *Аға лейтенант та күлімсіреп, басын изеді («Ескерткіш»).* Сәргел есіттім, «ризамын» дегендей жымылып **басын изеді** («Қарғын»). Адамның түрлі ниетін, ойын жеткізу барысында өнімді қолданылатын бас изеу кинемасы көп мағыналы қимыл болып табылады. Ол сәлемдесуде, ризашылық білдіруде, мақұлдау мен құптауда, келісім беруде, қоштасуда және басқа да жағдайларда сөйлеу әрекетіне қосымша рең беріп, кейде сол мағынадағы сөздерді алмастырады.

Бас шайқау. – *Мүмкін емес, – деді аудармашы басын шайқап («Ескерткіш»).* Бұл кинема да көп мағыналы ишараттардың қатарына жатады. Өйткені бұл қимыл арқылы адамның белгілі бір ақпаратты теріске шығаруы, таң қалып, таңырқауы, күмәндануы, рұқсат бермеуі білдіріледі.

Ауызекі сөйлеуде қарым-қатынас қатысушыларының тілінде мақсатты-мақсатсыз түрде көрініс тауып жататын бейвербалды амалдар көркем шығармаға енгенде олардың қолданылу сипаты өзгеше болады. Өйткені мұндай амалдар мәтін авторының мақсатына байланысты өзгеріп, түрленіп отыруы

мүмкін. Көркем мәтінде автор көбінесе оқырмандардың назарын кейіпкердің іс-әрекеттерді орындау тәртібіне, мінез-құлық формаларына аударады. Көркем шығармадағы кейіпкердің тілдік емес амал-әрекеттері сөйлеу жағдаятының сыртқы бөлшектері ғана емес, сонымен бірге белгілі бір тұтастық, жиынтық болып табылады. Кейіпкердің бейвербалды мінез-құлқы оның ішкі болмысын (көзқарасын, мәдениетін, дүниетанымын) айқындап, нақтылай түседі, оқырманға оны толық тануға мүмкіндік береді. Ал ұлттық ерекшеліктермен, салт-дәстүрлермен, халық танымымен байланысты ым-ишараттар көркем шығармада автордың аялық білімінің деңгейінде көрініс табады.

Қорытындылай келгенде, қазіргі қазақ тіл біліміндегі бейвербалды амалдарды ғылыми тұрғыдан қарастыру соңғы жылдардың үлесіне тигенімен, жоғарыда айтылған ғалымдардың еңбектерінде бейвербалды амалдар мәселесіне әрқилы тұжырымдар жасалып, құнды пікірлер айтылған. Дегенмен, бейвербалды элементтердің зерттелуі туралы «Кең ауқымдағы танымдық тұрғыдан да дене тілі, ым мен ишаратты зерттеу – тілдің әлеуметтік, психологиялық лингвистика сынды салаларының фактілерін салыстыра отырып, кешенді зерттеу арқылы іске асатынын, теориялық тұғыры әлі толық қалыптаса қоймаған жаңа бағыт екенін» айтқан тілші ғалым Б. Момынованың [79, 12 б.] пікіріне толық қосыламыз.

Д. Исабеков шығармаларында сөйлем құрудың да ерекше әдіс-тәсілдері пайдаланылады. Автор кейіпкердің ішкі ойы, сезімі білдірілетін, оның жан-дүниесіндегі толғаныстар талқыға түсетін монологтарды сұраулы, лепті сөйлемдер арқылы әсерлендіре түседі. Кілең сұраулы сөйлемдерді бірінен соң бірін жалғастырып құрау арқылы кейіпкер жанының ішкі арпалысын сездіреді. Мысалы: *Япыр-ай, – деген Жасын шығарманы оқып біткен соң шын күйініп, – шынымен осыны көркем шығарма деп жазды ма, осыған өзі сенді ме екен? Және осыны творчество деп, сол творчество жолындағы жаңа қадам деп түсіне ме? Қазіргі әдебиетіміздің деңгейі осындай болу керек пе? Енді осыны оқушыға ұсынамыз ба? Бейшара әдебиеттің обалын қайтеміз, оны неге адам алғысыздай арзандатамыз? Егер мек бұл шығарманы мақтап берсем ше? Ол сене ме, шынымен сене ме?..* («Қарғын») Жасынның монологі осылайша жалғаса береді. Байқап отырғанымыздай, монологтік типтегі мәтіндер құрамындағы сұраулы сөйлемдер шығарманың стилистикалық әсерін арттыруда маңызды рөл атқарады. Ауызша сөйлеудегі сұраулы сөйлем – бұл бір жақты жауапты талап ететін құрылым. Ал монологтік сөйлеудегі сұраулы сөйлемнің қызметі де, мақсаты да түрліше болады. Мұнда сұраулы сөйлем негізгіден басқа, қосымша функцияға ие болады, өйткені онда сұрақ пен тергеу, келісім мен терістеу, тандану мен қызығу және т.б. реңктер жымдасып жатады. Берілген мысалда автор сұраулы сөйлемдер арқылы кейіпкердің өзі оқыған шығармаға деген жағымсыз көзқарасын, сыни пікірін, сонымен бірге сол заманғы әдебиетке деген аяушылық сезімі мен күйінішін қоса білдіреді. Д. Исабеков шығармаларындағы сұраулы сөйлемдер көп жағдайда монологтік сөйлеудегі сұрақ-жауап қатынасын ұйымдастыру үшін жұмсалады. Яғни кейіпкер алдымен өзін толғандырған сұрақтарды қойып алады да, артынша соған жауап іздейді. Мысалы: *«Сонда... Сонда мен бұдан былай не істемекпін?*

Мұның бәрінің апарып тірейтін жері не болмақ? Көзді жұмып алып, қайда барары белгісіз кемеңің соңынан ілесе беруге болмайды ғой. Ол кеме, әрине, өзгелерге мүлдем ұқсамайтын алып та сырлы кеме, баратын жері де мен көрмеген зағсайып бір ертегідей қала, бірақ, маған ол қаланың қажеті жоқ, маған басқа қала керек, мүлде басқа қала» («Қарғын»).

Көркем шығармада сұраулы сөйлемдер авторлық баяндауға әртүрлі эмоциялық реңктер беру үшін де жиі қолданылады. Олар айқын экспрессияға ие және риторикалық сұрақтарға ұқсас болып келеді. Мәселен: *«Мені бүгін неге алып кетпейсің» деп тұрған баласына мұның бәрін қайтіп айтып жатсын, атқанменен ол түсінер ме? ...Осылай боларын күні бұрын сезіп те еді, келмей жүргені де сондықтан, бірақ, Доскей ауылы көшетін болған соң, ана жүрегі қойсын ба, шыбын жаны шырқырап жолға шыққанын өзі де білмей қалған жоқ па? Енді не істейді, қолдан келер шара қайсы? Ұлының шырқырап қалған үні құлағынан кетер ме, сол дауыс жатса-тұрса маза беріп, көмейінен ас өткізіп, кірпігін айқастырар ма?» («Сүйекші»).* Баяндауда сұраулы құрылымдарды қолданудағы негізгі мақсат, бір жағынан, оқырманның ішкі сезімдеріне әсер ету болса, екінші жағынан, автордың сол оқиғаға деген өз көзқарасын таныту. Берілген мысалда автор оқиғаны жай баяндап қана қоймай, ондағы баласынан тірідей айырылып бара жатқан анаға деген аяушылық сезімін қоса білдіріп отыр.

Неге? Неге? Себебі қайсы? Бірін-бірінсіз тұра алмайды екен деген адамдар қайда? Қайда қане, солар? Әлде менің өмір жолымда ондайлар кездеспеді ме? Неге? Әлде бірін-бірінсіз тұра алмайтын адамдар адам ойының гана жемісі ме? Пәленше өлді екен деп біреудің қоса өлгенін неге көрмедім? Сонда олардың бәрінің қабірге бірге түсер достарының болмағаны ғой. Адам тек өзіне гана қадірлі болған-ау... Мені кім іздейді, мен кімге қадірлімін?

Ол кенет есін қайта жиып, басын ширақ ұстауға тырысты. «Бұл не? Көз алдымнан мұнартқаны несі? Әлде кәрілік пе? Адам бойына кәрілік осылай енетін шығар? Иә, иә, солай. Кәріліктің жан серігі – уайым болар. Ендігі қалған өмір осылай өтпек пе? Тек осылай? Еш өзгерісі болмақ емес пе?» («Қарғын»).

Келтірілген мысалдардың бәрі де мәтінде бірнеше сұраулы сөйлемдер бірінен соң бірі қолданылған кезде монологтық сөйлеудің эмоционалдылығы, экспрессивтілігі анағұрлым артатынын байқатады. Экспрессивті сұрақтар адамның сөйлеу кезіндегі эмоционалды жағдайынан туындайды. Кейіпкердің ішкі жай-күйі, толқынысы, қорқынышы, біреуді жек көруі, күмәні, реніші т.б. сезімдері оның санасындағы сұрақтардан айқын аңғарылады.

Көркем мәтін авторы туындыны оқырманға неғұрлым дәл, түсінікті етіп жеткізуде түрлі амал-тәсілдерді мақсатты түрде қолданатыны зерттеу барысында дәлелденді. Автор шығарманы оқырман толық түсінуі үшін не ондағы оқиғаға өз көзқарасын білдіру үшін оқиғаның басты сипаттарын бастапқы абзацтарда-ақ білдіріп қояды. Мәселен, «Сүйекші» повесіндегі *«Желтоқсанның ызғарлы күндері де басталды міне. Суық түсіп, даланы қырау көмгелі Үндеместің сарыбы қайта қозып, сүйек-сүйегі сырқырап, кей күндері күн шыққаниша жылы төсегінен тұрғысы келмей жатып алатын*

болды» деп басталатын сөйлем бас кейіпкер Тұңғыштың ызғарлы, суық тағдырынан хабар беріп тұрғандай. Тұңғыштың бұл дүниеде жан баласынан жақсылық көрмеген жабырқаулы көңілі сияқты, күн де тұнжыраулы, мұңлы, қаралы. Оның көр қазудан басталған кәсібі өзінің де бір күні сол көрге кіретінін аңғартқандай: *Өзгелерге ол тек мола қазумен ғана күн көріс жолына түскен бір бейбақ боп қана елестейді және осы бір кәсіпті тағдыр оның маңдайына өшпестей етіп жазғандай, анадан туғанда басқалар секілді би, болыс болуды емес, молашы болуды көкसेгендей көреді.* Осылай көңілсіз басталған әңгіме көңілсіз өрбіп, қайғылы аяқталады. Бұл жолдар автордың туғалы дүниеден рақым көрмеген Тұңғыш шалға деген аяушылық сезімінің алғашқы көрінісі іспетті. Мәтін авторының өзі хабарлап отырған ойға деген көзқарасы мәтін модальділігін тудырады. Мәтін модальділігі субъективті модальділікпен тығыз байланысты. Мәтін модальділігі – бұл автордың мәтінде хабарланатын ойға қатынасы, тұжырымы, көзқарасы, ұстанымы, оны оқырманға жеткізу мақсатында тұжырымдалған құндылық бағдары. Жалпы модальділік автордың хабарланған ойға деген көзқарасының көрінісі ретінде оны мәтінді жеке бірліктердің жиынтығы ретінде емес, тұтас өнім ретінде қабылдауына негіз болады. В.В. Виноградовтың айтуынша, автордың жеке көзқарасы «сөйлеу құрылымының бүкіл жүйесін біріктіретін, шығарманың мәнінің жинақталған көрінісі» ретінде қабылданады.

Модальділікті мәтіндік категория ретінде мәтін лингвистикасында алғаш қарастырған ғалым И.Р. Гальперин болатын. Ол өзінің «Текст как объект лингвистического исследования» деп аталатын зерттеу еңбегінде модальділіктің екі түрін көрсетеді: грамматикалық және лексикалық құралдар арқылы көрініс табатын *фразалық модальділік және мәтіндік модальділік*. Соңғысы «арнайы қолданылған осы құралдарға қосымша, кейіпкерлерді сипаттауда, айтылымның предикативті және реляциялық сегменттерінің ерекше бөлінуінде, максимумдарда, қортындыларда, мәтіннің жекелеген бөліктерін актуализациялауда және басқа да бірқатар құралдарда жүзеге асырылады». Экстралингвистикалық факторлар (суреттеу объектісі, автор тұлғасы, оның дүниетаным ерекшеліктері және т.б.) мәтін модальділігінің қалыптасуына айтарлықтай әсер етеді. Әр түрлі мәтіндердің модальділік дәрежесіндегі айырмашылықтарды қарастыра отырып, автор көркем әдебиетті, прозаны талдауға сүйене отырып, модальдік модель категориясының сөйлемнің мәтіндік құрылымға енуін көрсетеді.

Н.П. Макарова И.Р. Гальперин атап өткен мәтіндік модальділікті жасайтын амалдардың қатарына стилистикалық инверсия, дистантты қайталау, параллель құрылымдар, модальды сөйлемдер, модаль сөздер, әртүрлі көзқарасты білдіретін лексикалық бірліктер, контекстік синонимдер, мәтін кіріспесі және осы сияқты т.б. таза мәтіндік деңгейде көрінетін құралдарды жатқызады. Сонымен бірге ғалым мәтінде сөйлем деңгейіндегі модальділікті білдіретін құралдар қатысып, өздерінің мағыналық әлеуетін іске асыра алса да, кей жағдайда өз функцияларынан айырылуы да мүмкін екендігін айтады.

Зерттеу барысы Д. Исабеков шығармаларының көбі драматургия жанрында жазылғанын көрсетеді. Ал драматургияның тілі қашан да диалогтар

жүйесінен тұрып, яғни шығарманың негізгі арқауы кейіпкерлер арасындағы коммуникациядан құралатыны белгілі. Адресанттың (ол қазақы танымда оқырман) қабылдауын, аялық білімін ескеріп, автор шығарманың осындай айшықты коммуникативті сипатын күшейту үшін пьесалары мен әңгімелерінде ауызекі сөйлеу стиліне тән тілдік бірліктерді кеңінен пайдаланады. Себебі «ауызекі сөйлеу стилі – қарым-қатынас жасау нәтижесінде қалыптасатын, диалогқа құрылған, өте кең тараған функционалдық стильдердің бірі болып табылады. Ауызекі сөйлеу стилі күнделікті өмір салтындағы коммуникациялық байланыс барысында қолданылып, стильдің басқа түрлеріне қарағанда еркін қолданылады» [123, 22 б.]. Ауызекі сөйлеу стилі кезінде сөйлеушінің сөйлеу мәдениетінің деңгейіне байланысты *диалекті, жаргон, арго сөздер мен варваризмдер* қолданыла береді. Мысалы, ауызекі сөйлеу стиліне жататын тілдік бірліктердің бірі – варваризмдер. «Варваризм (грек. barbarous – бөтен елдік) – сөйлеу не жазу кезінде орынсыз қолданылған, тілге етене болып сіңбеген, қолдану қажеттілігі аз, дәл аудармасы табылатын өзге тілден кірген сөз». Осы анықтамаға сәйкес, Д. Исабековтің туындыларында **«экстрасенс, стюардесса, фантастика, депозит, самолет, мисс, паспорт, посылка, секретарь, зоотехник, теплоход, рапорт, делегация, конрад, самосвал, интернационалист антифашист»** сынды варваризмдер кездеседі. «Варваризмдер этимологиясы жағынан кірме сөздерге ұқсас болғанымен, құрылымы жағынан өзгеше болып келеді. Кірме сөздер бастапқы тілдегі қалпын өзгертіп, қабылдаушы тілдің ерекшеліктеріне сәйкес жаңа реңк, қосымша сипат алса, варваризмдер қабылдаушы тілге сәйкестендірілмей, бөтен тілдің сипатын сақтап қолданылады» [123, 34 б.]. Сол себепті Д. Исабеков қолданған бұл сөздерді варваризмдер қатарына жатқыздық. Жазушы сөйлеу тілімізде кездесетін бұндай сөздерді қолдану арқылы жалпыхалықтық тілді оқырманға жеткізуді көздейді. Себебі автор мен оқырман арасындағы байланысты, шынайылықты үзбеу үшін бұндай тілдік бірліктерді орынды қолдану мүмкіндіктері көркем шығарма тілінде кездесіп тұрады. Оған қоса, автор өзге тілдің тілдік бірліктерін қазақтың (кейіпкерлердің) акустикалық-артикуляциялық ерекшеліктеріне қарай бейімдеп қолданған. Олар: **текнікүм, бешірни, көңкүрс, мәшине, матасекіл** және т.б. Шығармадан үзінді келтірер болсақ: «*Ерғабыл зой. Ол неге ұйықтамай жүр екен? Әй, ақымақ, осының бәріне сен зой кінәлі. Келін байзұстан ештеңе де жоқ сияқты-ау. Араларыңа түсіп абырой таба ма бұл адам. Өзіміздікі жөн. Өзіміздікі дұрыс дейсіңдер де тұрасыңдар зой, түге. Ұрыса беретін жас бала емессіңдер тағы да. Қайтерсің енді?*» Қарекеннің есіне өткен күндердің уақиғасы түсті. Онда Ерғабылдың әлі үйленбеген кезі. Ауылда он бір жылдықты бітірген соң, араға екі жыл салып Шымкенттегі мұғалімдік институтқа **документ** тапсырды да, **пизика** дей ме, **қимия** дей ме, айтуеір бірдеңесінен құладым деп қайтып келген. Сонан соң бес-алты күн бос жүріп, қыз-келіншектермен бірге мақта теруге араласты» [99]. Көріп тұрғанымыздай, жазушы **физиканы – пизика, химияны – қимия** деп қолданған. Бұл қазақ халқының тілдік ерекшеліктеріне тән дыбыстық ауытқу болып табылады. «XX ғасырдың бірінші ширегінде орыс халқымен экономикалық, мәдени, саяси қарым-қатынастың негізінде қазақ халқының

күнделікті өміріне, ауызекі қолданысына көптеп сөздер, терминдер ене бастады, әліпбиіміз жаңа әріптермен толықты. Сол себепті де болса керек, І. Кеңесбаев *в, ф, х* дауыссыздарын орыс тілінен ауысқан фонемалар деп таниды. Алайда қазақтың айтуында *в* әрпі, көбіне, *п*-ға, *х* әрпі *қ*-ға, *ф* әрпі кейде *п*-ға айналады» [144, 70 б.]. Демек, бұндай ауытқулар қазақ халқы үшін жат емес.

Кейіпкер тілін бейнелейтін ауызекі сөйлеу стилінің тағы бір категориясы – дөрекі тіл. Дөрекі тіл – сөздің жағымсыз, кері әсерін әсірелеп қолдануға негізделген тіл. Ол дөкір, былапат және жаргон сөздерді қолданудың нәтижесінде пайда болады. «Дөрекі тіл көбіне ауызекі сөйлеу стилінде қолданылады. Мұндай бейәдеби сөздер әдеби тілге, әдеби тілдің лексикалық нормаларына, жалпы тіл мәдениетіне жат құбылыс болып табылады. Десек те, кей жазушылардың стильдік мақсатта пайдалануына сәйкес дөкір сөздер көркем әдебиетте көрініс алып жүр. Әдеби тілдің лексикалық нормасына жатпайтын дөкір сөздерді кейіпкердің бейнесін аша түсу үшін диалогта қолдануға болады, ал автордың баяндауында қолдану тіл мәдениетіне кір келтіреді» [123, 42 б.]. Жазушының шығармаларында осындай тілдік коммуникацияға эмоциялық реңк беру мақсатында жұмсалған дөрекі сөздерді көруге болады. Мысалы: *жылпостар, малғұн, көксоққан, әумесер, маубас, кеңкелес, безгелдек, милау, алжыған, оңбаған заржақ, нақұрыс, иттің баласы* және т.б. Осындай стильдік қолданыстарды көркем шығармада пайдалану арқылы автор кейіпкердің мінезін сомдап, замана бейнесін дәп беруге ұмтылады, эстетикалық, мәдени тәрбиелік ықпал етуді көздейді.

Көркем мәтіннің прагматикасына әсер ететін ауызекі сөйлеу стилінің тағы бір белгілерінің бірі – үнемдеу тәсілін қолдану арқылы тілдік қатынас жасау. Оның тілдің даму барысындағы морфонологиялық үдерістің нәтижесіндегі құбылыс екені белгілі. «Жалпы үнемдеу заңы – белгілі бір дыбыстың, буынның, сөздің, сөйлемнің қысқартылып, ықшамдалып айтылуы. Буындардың, дыбыстардың бірте-бірте түсуі сөздің формасының өзгеруінен болады. Түркі тілдеріндегі сөздердің қысқару, ықшамдалу процесі әртүрлі болғандықтан, белгілі бір сөздердің морфологиялық, фонетикалық сипат алып түрленуі, құбылуы тіл тарихының жемісі болып саналады. Үнемдеу заңы тарихи жазба ескерткіштерде, қазіргі түркі әдеби тілдерінде және диалектілерінде көптеп кездеседі. Үнемдеу заңының әсерінен сөз басында, ортасында, аяғында кейбір дыбыстар бірте-бірте айтылмайды» [145, 136 б.]. Жазушының шығармаларында *«болам, берем, айтам, жүрем, түсінем, кеп қалар, оқып ем, білмейм»* сынды етістіктер кездеседі. Автор үнемдеу әдісімен жасалған етістіктерді пайдалану арқылы кейіпкер тілінің шынайылығын, ауызекі сөйлеу стилінің белгілерін танытады. Себебі оқырманды сендіру үшін кейіпкер тіліне шынайылықты көрсететін тілдік бірлікті енгізу көркем мәтіннің прагматикасына қызмет етеді.

Бүгінгі таңда тіл түрлі аспектіде қарастырылып, зерттелу шеңбері кеңейе түсуде. Соғай орай жоғарыда айтып кеткеніміздей морфеманың фонологиялық құрылымын және фонеманың морфологиялық қызметін зерттейтін морфонология деген сала бар. «Морфонологияның зерттеу нысаны ретінде морфемалар жігіндегі дыбыстық алмасулар мен дыбысталудың түрлі нұсқалары танылады. Зерттеушілер морфонологияны фонетика мен морфологияны

жалғастырушы буын ретінде қарастырады, кейде морфологияның бір саласы деп таниды. Қазақ тіл білімінде морфема жігінде болатын дыбыстық өзгерістерді дыбыстық алмасу, қыстырма дыбыс қосу, ықшамдау деп үшке бөледі. Дауысты дыбыс редуциясы, дауыссыз дыбыстардың түсіріліп айтылуы, апакопа, гаплогия құбылыстары морфонологияға жатады. Мысалы, *ағайын, әжел, әпер, қарлығаш, бүгін, былтыр, сәресі, сексен*. Дыбыстық алмасулар фонетикада қарастырылғанымен, олардың барлығы тек фонетикалық тұрғыдан түсіндіруге келмейді, себебі дыбыс өзгерістері морфемалар жігінде пайда болып, морфонологияның зерттеу нысаны болады» [146]. Осындай тілдік өзгерістерге ұшыраған тілдік бірліктер жазушы шығармаларынан орын алған. Мысалы: «*Пашат мырза, гасыр құрылысы салынатын бопты дегенді есімін, жұмыс іздеген қазақтар осылай қарай ағылуда*» [93]. «*Есім*» сөзі құрамына тағы бір «*і*» дыбысының қосылуы арқылы морфонологиялық өзгеріске ұшырап тұр. Осылайша сөз ортасына дауыссыз дыбыс қосылып, *эпентеза* құбылысы болып тұр. Ал «*осы уаққа дейін екі ойлы болып кеп едік*» деген сөйлемде «*уақыт*» сөзі ымшамдалу әдісі бойынша «*уақ*» деп қысқартылып берілген. Көбіне оңтүстік өңіріндегі қазақтардың тілінде кездесетін *-сай, -сей* жұрнағы да әрі диалектілік өзгеріске ұшыраған жұрнақ, әрі морфологиялық құбылыстың бір түрі. Д. Исабеков кейіпкер тілінде бұл форманы «*бар деген соң барсайшы*» деп қолданған. Сонымен қатар морфонологиялық құбылыс белгілерінің бірі - тілдік бірліктің бір дыбысы ұқсас бір дыбыспен алмасуы. Мысалы: «*Балуан! Шүйінші! Ей, Балуан, шүйінші деймін. Сендер не, жынданып кеткенсіңдер ме?*» деген үзіндіде «сүйінші» сөзінің «*шүйінші*» сөзімен алмастырып берген. Бұл - тілдің морфонологиялық белгілерінің бірі.

Қазақ халқының өзінің тұрмыс-тіршілігіне, ділі мен тарихына қатысты қалыптасқан этномәнді сөздер бар. Оны қазақи тәрбиемен сусындаған, қазақи ауамен дем алған, қазақ топырағында өскен әрбір қазақ біледі. Сондай бірліктердің бірі – байырғы қазақ өлшемдері. Мәселен, ертеректе халқымыз ұзындықты саусақпен, қолмен, аяқпен өлшеген. Саусақпен өлшенетін ұзындық (қалыңдық) өлшемдеріне *елі, тұтам, сүйем, сынық сүйем, қарыс сүйем, сере, қарыс, кере қарыстар* жатса, қолмен өлшенетін ұзындық өлшемдеріне *білем, шынтақ, қолтық, құлаш, кере құлаш* сынды атаулар кіреді. Онымен қоса, аяққа қатысты өлшемдер қатарына *табан, адым, аттам* бірліктерін жатқызады. Мысалы, Д.Исабековтің шығармасында мынадай үзінді бар: «*Жанайдаров жауап таба алмай секретарға қарады. Ол өзін қоршаған бөлім меңгерушілеріне телмірді. «Тұғырға Әштеннің өзін қояйық» деп идея айтқан мал шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі көмекке келмегенде күн қараң еді. Ол кенет: – Бұл – суретшілердің көркемдік шешімі, – деді ол жоғарыға қарап тұрып. – Тері илеушінің қолына гипс не қаңылтыр ұстатып қою тапқырлық емес, одан да табиғи тері ұтымды болады. Бізде не көп тері көп. Комбинат қызметкерлері апта сайын теріні жаңартып отырады. Бұлай ету – көрермендерді өмір шындығына **бір табан** жақындата түседі, – деді ол да не айтып, не қойғанын өзі де білмей»* [93]. Байқағанымыздай, автор қазақтың санасына сіңген бұл атауларды туындысында пайдаланып, қазақ мәдениетінен оқырман қауымға ақпарат жолдайды.

Жоғарыда айтып кеткеніміздей, әр халықтың жылдар бойы қалыптасқан тарихынан сыр шертетін тарихқа, ұлтқа, ділге, салт-дәстүрге қатысты тілдік бірліктер болады. Көркем шығарма оқырман көңілінен шығуы үшін шынайылыққа, тарихи шындыққа жанасып құралуы қажет. Ал сол шындықты оқырманға жеткізу үшін автор сол өмірге, сәтке, кезеңге байланысты тілдік бірліктерді қолданады. Р. Сыздық көркем мәтіндегі көне сөздер мен сирек кездесетін сөздердің қолданыстық мәні жайында мынадай пікір айтады: «Көне сөздер, олардың көнерген (архаизм) түрлері де, тарихтық сөз (историзм) деп аталатын түрлері де бірнеше мақсат көздей жұмсалады. Көнерген сөздер – бұл күнде қолданыстан қалып, мағыналары көмескі тартқандар, орнын өзге тұлғалар басқан сөздер, ал тарихтық сөздер – бұл күнде қолданыстан шығып қалған заттардың, құбылыстардың, ұғым-түсініктердің атаулары, сондықтан бұлардың жұмсалуы тек қана зәруліктен тууы қажет. Ал зәрулікті туғызатын фактордың бірі – өмір шындығын дәл суреттеу принципін ұстау. Айталық, өткен дәуірлерде болған оқиға, іс-әрекет, адамдар жайында жазылған көркем шығармада сол дәуірге тән, бірақ қазір ұмыт болған немесе қасаң (пассив) қолданылатын көне заттардың, құбылыстардың, қарым-қатынастардың атауларын жұмсау – көркем әдебиеттің негізгі талабы, бұл талапты дұрыс орындау суреткердің мамандық (профессионалдық) парызы» [60, 269 б.].

Жазушының шығармаларында өткен тарихтан белгі беретін «*хан ием, тақсыр, бас уәзір, хан, нөкер, патша*» сынды сөздер кездеседі. Оған қоса, еліміздің ел болып қалыптасуына бірден бір себепкер ***Керей, Абылай хан*** сынды ұлы тұлғалардың есімдерін кездестіруге болады. Сонымен қатар тарихи шындықты суреттеуде жазушы Мандельштам, Пастернак, Ахматова, Булгаков сынды тұлғалардың есімдерін пайдаланып, көркем шығарманың шынайылығын арттыра түскен. Мысалы: «*Құдайым-ай, не боп барады бұ дүние. Мандельштам жер аударылды. Пастернак екі ай қамауда отырып шықты. Ахматованың үш жүз беттік кітабы отыз-ақ бет боп шықты. Енді – Булгаков. Тверь көшесінен бастап Театр алаңына дейін «Турбиндер күндеріне» артық билет сұрап жарты Мәскеудің сабылып жүргені кеше еді ғой. Үш жыл бойы қарапайым көрермен де, үкімет адамдары да тікелерінен тік тұрып қол соққан, шымылдықты он рет жаптырып, он рет аштырған, «біздің заманның ұлы драматургі – Булгаков!» деп театр үшін жарып жіберердей жаңғырта айғай сап тұрған көрермендерді үздік шығармаларынан қаулымен ажырату деген!..» [93]. Шындыққа жанасқан тарихи оқиғаларды суреттеуде, баяндауда бұндай шешімге бару арқылы жазушының аялық, тілдік білімін көруге болады.*

Академик Р.Сыздықтың сөзімен айтқанда, көркем шығарма тілі – күрделі, қыры мен сыры мол құбылыс. Өзінде тілдегі дәстүрлі қалыпқа сай келе бермейтін көптеген ерекшеліктерді де қамтиды. Сондықтан көркем тексті лингвистикалық талдау, бір жағынан, әдеби тілдің тарихи ерекшеліктерін ескеруге, екінші жағынан, жалпы тілдік (соның ішінде көркем тілдік) фактілер мен авторлық даралық құбылыстарды айқын ажыратып, дұрыс бағалай білуге негізделеді [147, 10- б.].

Қорыта айтқанда, көркем шығармадағы нақты коммуникативтік мақсатты көрсететін тілдік бірліктерді талдау арқылы жазушының шеберлігін, өзіндік

стилін, өзгеден даралығын көруге болады. Жазушы Д.Исабеков шығармаларында жанрлық белгілерге байланысты ауызекі сөйлеу стилінің тілдік бірліктері (диалекті, варваризм, дөрекі сөз), тарихи сөз, көріктеу амалдарының түрлері (теңеу, эпитет, кейіптеу, метафора, метонимия, гипербола және т.б.) кездеседі. Десек те, бұндай тілдік бірліктерді талдау қашанда жазушы танымы мен мәдениетіне қатысты жасалады. Себебі ауыздан шыққан әрбір сөз оның иесінің тілдік және когнитивтік санасын, таным көкжиегін, мәдени деңгейін, ұлттық болмысын танытады.

3-ші тарау бойынша қорытынды

Көркем мәтін – кейіпкер, автор мен оқырман, кейіпкер мен оқырман арасындағы байланыс арқылы қалыптасатын коммуникациядан құралады. Бұл байланыс үзілген жағдайда туынды *көркем шығарма* деген қасиетінен айырылады. Кейіпкерді сөйлететін, оқырманды мәтін тануға шақыратын, доминант болып табылатын авторды жан-жақты зерттеу арқылы біз кейіпкер тілін, оқырман қабылдауын тануға мүмкіндік аламыз. Қайдай да бір көркем шығарманы оқығанда оқырман сол ел туралы, елдің салт-дәстүрі туралы, халықтың наным-сенімдері мен өзіне ғана тілдік бірліктері туралы ақпарат алуы керек. Ол ақпаратты кейіпкерлер тілінен, әңгімешінің баяндауынан алады. Біздің зерттеу жұмысымыздың дереккөзі – Д. Исабеков шығармалары. Таным – мәдениетпен қатар жүретін ұғым. Автор танымы – ұлттық таныммен тікелей байланысты. Көркем шығарма түзуде ұлт мәселесінің негізінде қалыптасатын *ұлттық сана, ұлттық таным, ұлттық мәдениет* ұғымдарымен қатар *қоғам, қоршаған орта туралы түсініктер* де негізге алынуы – шарттылық.

Шығарманың көркем, әрі сауатты жазылуына әсер ететін бірден-бір факт, ол – автордың тілдік тұлғасы. Шығарма мазмұн мен идеядан ғана құрылмайды, сол мазмұн мен идеяны оқырманға жеткізетін тілдік бірліктерден де тұрады. Автордың тілдік тұлғасын анықтауда зерттеушілер шығармадағы кейіпкерлер тілін негізге алады. Автордың кейіпкерді сөйлетуі, түрлі әрекеттер жасатуы арқылы өзінің ұлттық мәдениетінен хабар береді. Себебі кейіпкерді сөйлететін де, оқырманды мәтін тануға шақыратын да автор. Бүгінгі ғылымда бұл мәселені *«автор – кейіпкер – оқырман»* ұштағаны деп атайды. Кейіпкер тілі арқылы оқырман автордың ұлттық мәдениетін бағалай алады. Д.Исабековтің тілдік білімі негізінде көркем мәтін көркем болмақ, ал ұлттық таным мен мәдениеті арқылы терең мазмұнға ие болады. Көркем шығармадағы нақты коммуникативтік мақсатты көрсететін тілдік бірліктерді талдау арқылы жазушының шеберлігін, өзіндік стилін, өзгеден даралығын көруге болады. Жазушы Д.Исабеков шығармаларында жанрлық белгілерге байланысты ауызекі сөйлеу стилінің тілдік бірліктері (диалектілер, варваризмдер, дөрекі сөздер), тарихи сөздер, көріктеу амалдарының біршама түрлері (теңеу, эпитет, кейіптеу, метафора, метонимия, гипербола және т.б.) кездеседі. Қалай десек те, бұндай тілдік бірліктерді талдау қашанда жазушы танымы мен мәдениетіне қатысты жасалады, себебі ауыздан шыққан әрбір сөз оның иесінің тілдік және когнитивтік санасын, таным көкжиегін, мәдени деңгейін, ұлттық болмысын танытады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Тілді антропоэлектік тұрғыдан зерттеуде адамның тілге қандай ықпал жасайтыны, тілдің адам санасына, ойлауы мен мәдениетіне тіл тұтынушының қолданыс барысында қалай әсер ететіндігі анықталып, ерекше маңызға ие тілдегі адам мәселесін оның әлемге қатынасы арқылы толық сипаттауға болады. Тілді таным құралы, қарым-қатынас құралы ретіндегі қызметі негізінде дамытатын – жеке адам. Соның ішінде жеке шығармашылық тілдік тұлға тілдік қолданысқа жүйедегі құралдарды икемдеп, басқа мағынада жұмсап, жаңа өң беріп, құбылтуы сөз әлеуетін аша түседі. Күнделікті тәжірибеде оның бағасы айқындалып жатады. Кемшілік ретінде кейбір жеке қолданыстардың көпшіліктен қолдау таппай, тілдік заңдылыққа сәйкес тіл жүйесіне ене алмауы түсінілсе, артықшылығы ретінде тілдің жеке адамдардың шығармашылығы арқылы дамуы.

Тіл, этнос және таным – өзара сабақтас ұғымдар. «Тіл әлемінің» өзіндік табиғатын, даму заңдылықтарын толық та жан-жақты зерттеу барысында іштей жіктеліп, дүниеге келген социолінгвистика, психолінгвистика, статолінгвистика, паралингвистика іспеттес этнолінгвистика да – «этнотаным» мен «тілтаным» ғылымдарының ортақ проблемасы шеңберінде тоғысу нәтижесінде пайда болған жаңа сала. Ол – этностың инсандық һәм дүнияуи табиғатын тереңнен танып-білу үшін басқа емес, тек тіл феноменінің өзіне ғана ғажайып мүмкіншіліктері мен қазына байлығын зерделеп зерттеуді мақсат ететін ғылым.

Көркем мәтінге талдау жасағанда осылардың ішіндегі эстетикалық қызмет негізге алынады. Жазушының сөздік қолданысындағы қазақ халқына тән мақал-мәтелдер, нақыл сөздер, тұрақты тіркестер, еркелету, жекіру сөздері, сөздерді ұйқастыра сөйлеу арқылы, соған сәйкес грамматикалық категорияларды қолдануы оның дискурсын қалыптастырып, соның негізінде ақын-жазушының шығармаларында белгілі бір мақсатты орындау үшін мақал-мәтелді ұтымды қолдану шығарманың көркемдігін арттырып, оқырманмен, зерттеушімен байланысын нығайтады. Осыған орай жазушы қашанда сөз саптауда, ойын жүйелі жеткізуде оқырманның ойын, қабылдауын ескереді. Демек, көркем мәтінде қазақтың өзіне ғана тән танымымен ұштас ұлттық ділі, ғасырлар бойы елдің тұрмыс-тіршілігіне, табиғатына, тарихи жағдайларына байланысты қазақ халқының дамып, қалыптасқан ұлттық мінезі, түсінігін айшықтайтын мақал-мәтелдерді қолдану шығарманың прагматикалық діттеміне қызмет етеді.

Көркем шығарма – көп қабаттан құралатын күрделі құбылыс. Автордың дүниетанымы, ой-қиялы, өмірлік тәжірибесі, тілдік қабілеті арқылы жүзеге асқан идеясының арқасында көркем шығарма оқырман жүрегіне жетеді. «Автор – кейіпкер – оқырман» жүйесінің тұтасуы арқылы жазушы ойы үлкен шығармаға айналады.

Автор – идеяның иесі, оқиғаны құрастырушы, оқырманға туындыны жеткізуші. Сонымен қатар ол – кейіпкерлерді оқиға заманына апарып, түрлі қимыл-әрекеттермен сипаттап, оқиға желісімен өмір сүруге ықпалын тигізетін тұлға. Автор өз идеясын кейіпкерлердің сөзі арқылы жүзеге асырады.

Кейіпкер – көркем шығармада суреттелетін оқиғаға қатысушы адам, әдеби образ. Әдебиетте адамның көркем бейнесін жасағанда, жазушы оның кескін-тұлғасын, іс-әрекетін, мінезін сол ортаның, дәуірдің өзгешеліктерін танытатын типтік сипаттарымен қатар өзінің басына ғана тән ерекшеліктері де анық байқалатындай етіп суреттейді.

Оқырманға тартымды туынды сыйлап, кейіпкерлерге жан бітіретін автор болғандықтан, көркем туындыны зерттеу қашанда жазушының тілін зерттеумен тікелей байланысты екеніне жоғарыда назар аудардық. Себебі әр жазушы өзіндік сөз қолданысымен, сөз әрлеуімен, басқаша айтқанда, стилі арқылы ерекшеленеді. Д. Исабековтің бір ерекшелігі – жергілікті тіл ерекшеліктерін қолданғанда кейіпкер бейнесін аша түсу мақсатымен сол жерге, аймаққа тән лексикалық, морфологиялық, фонетикалық ерекшеліктері бар сөздерді қолданады. Бұл – мақсатты қолданыс, яғни шығарманы жазбас бұрын автор болашақ туындысына қажетті сюжет, фактілерді, деректерді жинаумен қатар сол аймақтың тұрғындарының тіліндегі жергілікті ерекшеліктерді де сұрыптап пайдалануға тырысады

Д. Исабеков шығармаларындағы дәрекі, қарапайым элементтер, бөгде тілдік сөздер, әсіресе макаронизмдер кейіпкердің мінез-құлқын, алған тәлім-тәрбиесін, білім, мәдениет дәрежесін көрсету үшін келтіріліп, оның образын жасауға көмектеседі. Көркем шығарманың «көркемдік» шарттарының бірі де – осында. Бұл шарт – тәсіл, стильдік тәсіл. Тәсілдің дұрыс қолданылуы – жазушының сөз құдіретін тану шеберлігіне алып барады».

Тілді уақыт факторынан тыс қарастыру, танып-білу мүмкін емес. Уақыт факторы арқылы тілдегі кейбір ішкі өзгерістердің себеп-салдарын, сол өзгерістер арқылы тілімізге енген лексикалық, грамматикалық бірліктердің қолданылу аясы мен ерекшеліктерін анықтауға болады. Өткен ғасырларда халық өмірінде орын алған кейбір саяси-тарихи оқиғалардың көркем шығармаларда көрініс тауып отыруы да уақыт факторының белгілі бір деңгейдегі көрінісі болып табылады. Тарихи оқиғалар көркем шығарманың тақырыбы мен идеясына арқау болып қана қоймай, оның ішкі тілдік сипатына да әсер етеді. Мәселен, Д. Исабековтің Ақпан, Қазан төңкерістері жылдарындағы немесе Кеңестік кезеңдегі өмір шындығын суреттеген шығармаларынан («Социализм зәулімі», «Дермене», «Тіршілік», «Ескерткіш», т.б.) автордың сол заманға тән тілдік бірліктерді жиі қолданғанын көруге болады. Автор кейіпкер тілі немесе баяншы сөзі арқылы оқырманды сендіру мақсатында сол заманға сай терминдерді шығармасында әдейі пайдаланған.

Адам лексиконындағы әрбір сөз – оның өткен тарихы мен бүгінгі өмірінің айқын көрінісі, нақты куәгері. Тілдің сөздік құрамы қоғам өмірінің саяси, материалдық және басқа да салаларында тұрақты болып жататын өзгерістерді барынша жылдам бейнелейді. Осындай экстралингвистикалық факторлардың әсеріне байланысты тілде сөз мағыналарының тарылып, кеңейіп, ауысу немесе мүлдем жойылып кету процестерінің болуы заңды құбылыс. Ал көркем шығарма – сол көнерген сөздерді оқырман санасында қайта жаңғыртып, жаңа мағына берудің бірден-бір көзі болып табылады. Әсіресе тарихи тақырыпқа жазылған шығармаларда мұндай сөздер айрықша мәнге ие болады. Д. Исабеков

шығармаларының тілдік ерекшеліктерінің бірі – көнерген, қазіргі күн тұрғысынан қарағанда мағынасы көмескіленген атаулардың жиі қолданылуы.

Тілдегі көркемдеуіш құралдар қатарына теңеу мен эпитет, айшықтау және құбылтудың түрлері кіреді. Солардың ішінде белсенді қолданысқа ие болғаны – теңеу мен айқындау. Айшықтаудың түрлері шендестіру, қайталау, параллелизм, риторикалық сұрақ-жауап, дауыс ырғағы болса, ал ауыстыру, кейіптеу, пернелеу, алмастыру, синекдоха, гипербола, литота, ирония, сарказм, перифраздар құбылту қатарына жатады. Осымен байланысты Д. Исабековтің шығармаларымен таныса келе, автордың теңеуді көп қолданғанын көруге болады. Автор заттың не құбылыстың ерекше белгілерін басқа затпен не құбылыспен салыстыра суреттеген.

Халық тілінде баяғыдан келе жатқан тұрақты сөз оралымдарының (мақал, мәтел, қанатты сөз, фразеологиялық тіркес т.б.) сан алуан сыры бар. Олай болатыны халық өзінің өткен дәуірлеріндегі наным-сенімін, түйсік-түсінігін, ой-қиялын, тыныс-тіршілігін аз сөздің аясына сыйдырып, әрі нәрлі, әрі әрлі етіп ерекше өрнектей білген. Көнелікті ең көп сақтаған «жаны тірі» сөздердің таптырмас шоғыры алдымен мақал-мәтел, фразеологизмдер құрамында шегенделіп қалған.

Қорыта айтқанда, тіл дамуының әр кезеңінде ұлттық сөздік құрам көлемі мен мөлшері әртүрлі деңгейде болады, нақтырақ айтсақ ол, бір жағынан, жаңа ресурстармен толығып жатса, екінші жағынан, кеміп, азайып жатады. Мұны бақылап, реттеп отыру мүмкін емес. Оны сол тұста жарыққа шыққан дереккөздердің материалын сұрыптау арқылы анықтауға болады. Біз үшін маңыздысы – осындай көркем туындыларда қолданылған тілдік деректер арқылы оларда қатталып қалатын сол кезеңдегі тіл ұстанушының сарасанасында нық орын тебетін ғаламның концептуалды бейнесін жаңғырту мүмкіндігі. Осыған қол жеткізген сәтте қаламгерлеріміздің *білімдер жүйесіндегі* маңызды ақпараттың кілтін де иемденеміз. Демек, уақыт өткен сайын ескірмей, көмескіленбей, қайта жарқырай түсетін сөз асылына жақындай түсеміз. Бұл тұтас этнос ретінде өзімізді де тани түсуге септігін тигізеді. Осындай ұрпақ пен ұрпақтың арасын уақыт өткен сайын жақындата түсетін қасиет – адамзатқа берілген сандаған игіліктердің ішіндегі киелісі Сөзге дарытылған! Заманымыздың біртуар тұлғасы А. Байтұрсынұлының «Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады...» деген даналығын ескере отырып, сөз зергерлерінің көркем туындыларын зерттеп, зерделеудің маңызы зор.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Роль человеческого фактора в языке: Язык и картина мира / Б.А.Серебрянников, Е.С.Кубрякова, В.И.Поставалова и др. – М., 1988. – 216 с.
- 2 Гуревич П.С. Антропоцентризм как философская позиция / Философская антропология. – М., 2001. – 160 с.
- 3 Байтұрсынұлы А. Тіл – құрал. – Алматы: Сардар, 2009. – 348 б.
- 4 Момынова Б. Тілдегі парадигматикалық және синтагматикалық қатынастар. – Алматы, 1998. – 110 б.
- 5 Ахманова О.С. Словарь лингвистических терминов. – М., 2004. – 571 с.
- 6 Кун Т.С. Структура научных революций (T.S.Kuhn. The Structure of Scientific Revolutions. Chicago, 1962, М., 1975 / пер. с англ. И.Э.Налетова).
- 7 Киклевич А. Ветка вишни. Статьи по лингвистике. – Олыштын, 2013. – 414 с.
- 8 Гумбольдт В. Язык и философия культуры. – М., 1985. – 452 с.
- 9 Потебня А.А. Мысль и язык. – М: Правда, 1989. – 205 с.
- 10 Залевская А.А. Проблемы организации внутреннего лексикона человека. – Калинин: КГУ, 1977. – 83 с.
- 11 Бенвенист Э. Общая лингвистика. – М.: УРСС, 2002. – 448 с.
- 12 Маслова В.А. Лингвокультурология. – М., 2001. – 208 с.
- 13 Айтекова Ф.Х. Антропоцентрическая парадигма в современной лингвистике // Вестник КРСУ. – 2014. – Т. 14. – № 9. – 164-167 С.
- 14 Сепир Э. Избранные труды по языкознанию и культурологии. – М., 1993. – 656 с.
- 15 Степанов Ю.С. Язык и метод. К современной философии языка. – М., 1998. – 771 с.
- 16 Толстой Н.И. «Язык и народная культура. Очерки по славянской мифологии и этнолингвистике». – М., 1995. – 512 с.
- 17 Аврорин В.А. «Проблемы изучения функциональной стороны языка: к вопросу о предмете социолингвистики». – М., 1975. – 276 с.
- 18 Телия В.Н. Русская фразеология: Семантический, прагматический и лингвокультурологический аспекты. – М., 1996. – 284 с.
- 19 Воробьев В.В. Лингвокультурология. – М.: Изд-во РУДН, 2006. – 340 с.
- 20 Вежбицкая А. Язык. Культура. Познание. – М., 1996. – 416 с.
- 21 Слобин Д., Грин Дж. Психоллингвистика. – М., 1976. – 350 с.
- 22 Лурия А.Р. Основные проблемы нейролингвистики. – М., 1975. – 254 с.
- 23 Оразалиева Э. Когнитивтік лингвистика: қалыптасуы мен дамуы. – Алматы, 2007. – 312 б.
- 24 Жубанова А.А. Общая лингвистическая концепция Х.К. Жубанова: автореф. дисс. ... канд.филол.наук: 10.02.20. – Алматы, 2000. – 34 с.
- 25 Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы, 1966. – 362 б.
- 26 Аманжолов С. Қазақ тілі теориясының негіздері. – Алматы: Ғылым, 2002. – 368 б.
- 27 Қайдар А. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы, 1998. – 304 б.

- 28 Қайдар А. Қайдар А. Қазақтар ана тілі әлемінде. Этнолингвистикалық сөздік. Адам. I том. – Алматы: Дайк Пресс, 2009. – 780 б.
- 29 Қайдар А. Қазақтар ана тілі әлемінде. Этнолингвистикалық сөздік. Қоғам. II том. – Алматы: Дайк Пресс, 2009. – 780 б.
- 30 Қайдар А. Қазақтар ана тілі әлемінде. Этнолингвистикалық сөздік. Табиғат. III том. – Алматы: Дайк Пресс, 2009. – 603 б.
- 31 Сыздық Р. Сөздер сөйлейді. Сөздердің қолданылу тарихынан. – Алматы, 2014. – 412 б.
- 32 Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: филол. ғыл. д-ры ... дисс. автореф.: 10.02.02. – Алматы, 2007. – 68 б.
- 33 Уәли Н. Сөз мәдениеті. – Алматы: Мектеп, 1984. – 119 б.
- 34 Манкеева Ж. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы, 2014. – 640 б.
- 35 Сулейменова Э.Д., Смагулова Ж.С. Языковая ситуация и языковое планирование в Казахстане / под общ. ред. Э. Д. Сулейменовой. – Алматы: Казак университеті, 2005. – 343 стр.
- 36 Сулейменова Э.Д., Шаймерденова Н.Ж., Смагулова Ж.С., Аканова Д.Х. Словарь социоллингвистических терминов. – Алматы, 2002. – 170 с.
- 37 Чудинов А.Н. Словарь иностранных слов, вошедших в состав русского языка: Материалы для лексической разработки заимствованных слов в рус. лит. речи. – Санкт-Петербург: В.И. Губинский, 1910. – 676 с.
- 38 Оразбаева Ф. Тілдік қатынас: теория және әдістемесі: оқу құралы. – Алматы, 2000. – 208 б.
- 39 Абасилов А. Әлеуметтік лингвистика. – Алматы, 2016. – 248 б.
- 40 Абасилов А. Әлеуметтік лингвистика сөздігі. – Алматы, 2016. – 168 б.
- 41 Қосымова Г. Қазақ шешендік өнерінің негіздері және тілдік танымы. – Алматы, 2005. – 296 б.
- 42 Жақыпов Ж. Қазақ тілінің функционалдық синтаксисі: филол. ғыл. докт. ... дисс. автореф.: 10.02.02. – Алматы, 1999. – 64 б.
- 43 Тілеубердиев Б. Қазақ ономастикасының лингвоконцептологиялық негіздері: филол. ғыл. д-ры ... дисс. автореф.: 10.02.02. – Алматы, 2006. – 27 б.
- 44 Ислам А. Ұлттық мәдениет контексіндегі дүниенің тілдік суреті (салыстырмалы-салғастырмалы лингвомәдени сараптама): филол. ғыл. д-ры ... дисс. автореф.: 10.02.19. – Алматы, 2004. – 54 б.
- 45 Сүйеркүл Б. Хорезмидің «Мұхаббатнамесіндегі» (XIV ғ.) лингвосемиотикалық кеңістік: филол. ғыл. д-ры ... дисс.: 10.02.06. – Алматы, 2010. – 376 б.
- 46 Аитова Н. Қазақ тіліндегі түр-түс атауларының когнитивтік семантикасы: филол. ғыл. д-ры ... дисс. автореф.: 10.02.02. – Алматы, 2005. – 26 б.
- 47 Сейілхан А. Қазақ тіліндегі этнографизмдердің лингвомәдениеттанымдық мәні: филол. ғыл. канд. ... дисс. автореф.: 10.02.06. – Алматы, 2001. – 26 б.
- 48 Жапақов С. Эпикалық фразеологизмдердің когнитивтік негіздері: филол. ғыл. канд. ... дисс. автореф.: 19.09.03. – Алматы, 2003. – 28 б.

- 49 Күштаева М. «Тары» концептісінің семантикалық құрылымы мен лингвомәдени мазмұны: филол. ғыл. канд. ... дисс.: 10.02.02. – Алматы, 2002. – 192 б.
- 50 Әмірбекова А. Концептілік құрылымдардың поэтикалық мәтіндегі вербалдану ерекшелігі (М.Мақатаев поэзиясы бойынша): филол. ғыл. канд. ... дисс. автореф.: 10.02.02. – Алматы, 2006. – 26 б.
- 51 Айтпаева Ә. Бесік жырларының этнолингвистикалық сипаттамасы (қазақ, орыс, неміс тілдерінің материалдары бойынша): филол. ғыл. канд. ... дисс.: 10.02.20. – Алматы, 2006. – 288 б.
- 52 Байғұтова А. «Қазақ әйелі» концептісінің этномәдени сипаты: филол. ғыл. канд. ... дисс. автореф.: 10.02.02. – Алматы, 2008. – 27 б.
- 53 Жарқынбекова Ш.К. Концепты цвета в казахской и русской культурах. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 226 с.
- 54 Сағидолдақызы Г. Поэтикалық фразеологизмдердің этномәдени мазмұны (Қазақ және монғол тілдерінің материалдары бойынша). – Алматы: Ғылым, 2003. – 248 б.
- 55 Шоқым Г.Т. Тілдің гендерлік жіктелімінің ғылыми негіздері: филол. ғыл. д-ры ... дис. – Алматы, 2009. – 227 б.
- 56 Сұлтан Ж. Тілтанымдағы антропологиялық парадигманың Қ.Жұбанов мұраларындағы көрінісі: филол. ғыл. канд. ... дисс. автореф.: 10.02.02. – Алматы, 2007. – 27 б.
- 57 Сабирова Г. Көркем тілді адамтану парадигмасы тұрғысынан зерттеу (Ж.Нәжімеденов өлеңдері тілі негізінде): филол. ғыл. канд. ... дисс.: 10.02.02. – Алматы, 2002. – 170 б.
- 58 Кенжеқанова Қ. Саяси дискурстың прагмалингвистикалық және когнитивтік негіздері (қазақ тіліндегі мерзімді басылымдар материалдары бойынша): филос. д-ры (PhD) ... дисс.: 6D020500. – Алматы, 2015. – 246 б.
- 59 Абдрахманова Ж. Тіл мен дүниетаным сабақтастығы (Ә.Кекілбаев шығармалары негізінде): филол. ғыл. канд. ... дисс.: 10.02.02. – Алматы, 2004. – 180 б.
- 60 Сыздық Р. Сөз құдіреті. Көптомдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Ел-шежіре», 2014. – 296 б.
- 61 Қожахметова Ф. Тұрмағамбет Ізтілеуов тілдік тұлғасының дискурстық сипаты: филол. ғыл. канд. ... дисс.: 10.02.02. – Алматы, 2004. – 28 б.
- 62 Саткенова Ж.Б. Кейіпкер тілінің когнитивтік аспектісі (Б. Соқпақбаев шығармалары бойынша). – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 126 б.
- 63 Мұратова Г.Ә. Абайдың тілдік тұлғасы: дискурстық талдау мен концептуалды жүйесі: филол. ғылым. д-ры ... дисс.: 10.02.02. – Алматы, 2009. – 50 б.
- 64 Салқынбай А. Абай сөзінің лингвопоэтикасы. – Мадисон, 2013-2014. – 242 б.
- 65 Маслова А.Ю. Введение в прагмалингвистику. – Москва: Флинта, 2020. – 152 с.

- 66 Алефиренко Н.Ф. Лингвокультурология. Ценностно-смысловое пространство языка. – Москва: Флинта, 2010. – 224 с.
- 67 Аккузова А.А. Көркем мәтіндегі коммуникативтік қызметтің прагматикалық сипаты // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. – 2020. – № 6/2. – 334-340 бб.
- 68 Колшанский Г.В. Прагматика языка. – Москва: Изд-во МГПИИЯ им. М. Тореца, 1980. – 176 с.
- 69 Grice H.P. Logic and conversation. – In: «Syntax and semantics», v. 3, ed. by P. Cole and J. L. Morgan, N. Y., Academic Press, 1975, p. 41-58.
- 70 Якобсон Р.О. Избранные работы. – М.: Прогресс, 1985. – 460 с.
- 71 Доржиева Д. Ц. Специфика газетных текстов с позиций функциональной и коммуникативно-прагматической стилистик (на материале аналитических статей немецких качественных газет Frankfurter Allgemeine Zeitung, Süddeutsche Zeitung, Frankfurter Rundschau): дисс. . . . канд. филол. наук: 10.02.04. – Москва, 2019. – 166 с.
- 72 Есенова Қ.Ө. Қазіргі қазақ медиа-мәтіннің прагматикасы (қазақ баспасөз материалдары негізінде): филол. ғыл. д-ры ... дисс.: 10.02.02. – Алматы, 2007. – 345 б.
- 73 Матвеева Г. Г., Самарина И. В., Селиверстова Л. Н.. Два направления в современной прагмалингвистике // Вестник Санкт-Петербургского университета. Сер. 12. – 2009. – № 1 – 50-57 С.
- 74 Геворкян К.У. Кинесический язык. Введение в кинесику: дисс. ... д-ра филол. наук: 10.02.19. – Ереван, 1991. – 249 с.
- 75 Акишина А.А. Кано Х. Жесты и мимика в русской речевой коммуникации. – Москва, 1991. – 146 с.
- 76 Крейдлин. Г.Е. Мужчины и женщины в невербальной коммуникации. – М.: Языки славянской культуры, 2005. – 224 с.
- 77 Пиз Аллан. Язык телодвижений / пер. с англ. Н.Е.Котляр. – Нижний Новгород: Ай-Кью, 1992. – 155 с.
- 78 Кедрова Е.Я. Вербальное обозначение жестов персонажей при передаче прямой речи в художественном тексте (на материале прозы А.П.Чехова). – Ростов на Дону: Наука, 1989. – 129 с.
- 79 Момынова Б. Қазақ ым-ишараттары: сөйлеу этикеті мен қатысым мәдениетінде. – Алматы: Арыс, 2016. – 496 б.
- 80 Зекенова Ш. Коммуникациядағы бейвербалды қатынас және бейвербалды амалдардың омонимділігі, синонимділігі: филол. ғыл. канд. ... дисс.:10.02.02. – Алматы, 2010. – 130 б.
- 81 Бейсембаева С. Невербальные компоненты коммуникации в казахском языке: дисс. ... канд. филол. наук: 10.02.02. – Алматы, 2002. – 119 с.
- 82 Ешимов М. Қазақ ым-ишараттары. Лингвомәдениеттану сөздігі. – Алматы: Қазақ университеті, 2007. – 104 б.
- 83 Мағжан С. Қазақ тіліндегі бейвербалды элементтердің көпмағыналылығы: филол. ғыл. канд. ... дисс.: 10.02.02. – Алматы, 2007. – 123 б.

- 84 Әлкебаева Д.А., Ахметкалиева Л.Ж. Прагматика негіздері: ойлау мен сөйлеу // Хабаршы. Филология сериясы. – 2018. – №2 (170). – 74-81 бб.
- 85 Үсенбаева С. Көркем мәтіндегі сөйлеу тілінің лингвостилистикалық қызметі (Т.Нұрмағанбетов шығармалары негізінде): филол. ғыл. канд. автореф.: 10.02.02. – Алматы, 2009. – 33 б.
- 86 Досмурзаева З. Прагматика англоязычного художественного текста и проблемы прагматики его перевода: дисс. . . . канд. филол. наук: 10.02.20. – Пятигорск, 2006. – 233 с.
- 87 Зукай Ш. Неміс-қазақ тілдеріндегі еліктеуіш және бейнелеуіш сөздердің лексика-семантикалық, коммуникативтік-прагматикалық сипаты: автореф.: 10.02.20. – Алматы: Әрекет-Принт, 2010. – 25 б.
- 88 Якобсон Р. Работы по поэтике: Вступительная статья, составление и перевод на русский язык. – М.: Прогресс, 1987. – 476 с.
- 89 Садирова К.Қ. Қазақ тіліндегі көп пропозициялы дискурстың құрылымдық негіздері: филол. ғыл. д-ры ... дисс.: 10.02.02. – Ақтөбе, 2008. – 161 б.
- 90 Смағұлова Г.Н. Шешендік сөздердің дискурсы. – Алматы, 2008. – 182 б.
- 91 Шайкенова А.Ж. Көркем мәтін және дискурстық талдау: филология факультетінде оқитын студенттерге арналған оқу құралы. – Петропавл: М. Қозыбаев ат. СҚМУ, 2012. – 93 б.
- 92 Адилова А.С. Қабылдау стилистикасы. – Алматы: Эверо, 2016. – 99 б.
- 93 Исабеков Д. Таңдамалы шығармалар. – Алматы, 2014. – 215 б.
- 94 Әзімжанова Г. Қазақ көркем мәтінінің прагматикалық әлеуеті: филол. ғыл. д-ры ... дисс. автореф.: 10.02.02. – Алматы, 2007. – 30 б.
- 95 Ерназарова З. Қазақ сөйлеу тілі синтаксистік бірліктерінің прагматикалық негіздері: филол. ғыл. д-ры ... дисс. автореф.: 10.02.02. – Алматы, 2002. – 30 б.
- 96 Динаева Б. Қазақ мақал-мәтелдерінің прагма-когнитивтік аспектісі. – Астана, 2013. – 172 б.
- 97 Дәулеткереева Н. Қазақ баспасөзіндегі қайталамалардың прагматикасы: филол. ғыл. канд. ... дисс. автореф.: 10.02.02. – Алматы, 2010. – 27 б.
- 98 Нұрмышева Ш. Кинодискурс аудармасының коммуникативтік-прагматикалық сипаты: филол. ғыл. канд. ... дисс. автореф.: 10.02.02. – Алматы, 2010. – 29 б.
- 99 Абилхамитқызы Р. Көркем әдебиеттегі кейіпкерлерді бейнелеу тәсілі мен әдебиеттанудағы «перфоносфера» ұғымы // XXXI Міжнародна науково-практична інтернет-конференція: «Проблеми та перспективи розвитку сучасної науки в країнах Європи та Азії». – 31 Жовтень, 2020.
- 100 Кішкенбаева Ж.Қ. Көркем мәтіндегі «автор», «баяншы», «әңгімеші» ұғымы // Қарағанды университетінің хабаршысы. Филология сериясы. – 2012. – № 2. – 129-133 бб.
- 101 Шмидт В. Нарратология. – М., 2003. – 312 с.
- 102 Әлкебаева Д. Қазақ тілі стилистикасының прагматикасы. – Алматы: 2005. – 266 б.

- 103 Жұмалиев Қ. Силь – өнер ерекшелігі. – Алматы, 1966. – 229 б.
- 104 Исабеков Д. Қарғын: роман, повесть, әңгіме. – Алматы: Жалын, 1980. – 280 б.
- 105 Сердалы Т.О., Әбдиманұлы Ө. Дулат Исабеков шығармаларының көркемдік әлемі // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. Филология ғылымы. – 2017. – № 3/2 (47). – 147-150 бб.
- 106 Мұхамбетов Ж. Диалектизмдердің қолданысын антропоцентристік бағытта зерттеу мәселелері // Изденіс. Гуманитарлық ғылымдар сериясы. – 2009. – №4. – 89-96 бб.
- 107 Бизақов С. Көңіл күй лебіздерін білдіретін сөз орамдары. – Алматы: Елтаным, 2016. – 384 б.
- 108 Жанұзақова Қ.Т., Өмірбекова Г.Т. Қазақ әдебиеттануындағы бағыттар мен ағымдар мәселесі // ҚазҰУ Хабаршысы. Журналистика сериясы. – 2014. - №1 (35). – 168-171 бб.
- 109 Нұрғалиев Р.Н., Ақмамбетов Ғ.Ғ. Философиялық сөздік. – Алматы, 1996. – 228 б.
- 110 Сәулембек Г.Р. Қазіргі прозадағы постмодернизм: филос. д-ры (PhD) ... дисс.: 6D021400. – Алматы, 2017. – 136 б.
- 111 Маретбаева М.Ә. Әңгімелеу мәтінінің тілдік-стилистикалық сипаты: филол. ғыл. канд. ... дисс. автореф.: 10.02.02. – Алматы, 2008. – 24 б.
- 112 Қалиұлы Б. Тіл білімінің жаңа бағыттары: концепт, прагматика, дискурс, мәтін: мақалалар жинағы. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2012. – 246 б.
- 113 Караулов Ю.Н. Русский язык и языковая личность. – 7-е изд. – М.: Изд-во ЛКИ, 2010. – 264 с.
- 114 Аккузова А.А. Д. Исабековтің мәтіндерінде қолданылған рухани құндылықтарды бейнелейтін тілдік деректердің коммуникативтік мәні: Халықаралық ғылыми-әдістемелік Workshop «Әл-Фараби философиясы: мәдениет, тіл және әдебиет». – Қазақстан, Алматы, 2020. – 31-39 бб.
- 115 Әлметова Ә.С. Лингвомәдениеттану негіздері: Жоғары оқу орындары студенттеріне арналған оқу құралы. – Алматы, 2014. – 316 б.
- 116 Исабеков Д. Екі томдық таңдамалы шығармалар.– Алматы: Жазушы, 1993. – Т 1. – 544 б.
- 117 Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі, Традиционная система этнографических категорий, понятий и названий у казахов, The traditional system of ethnographical categories, conceptions and designations of kazakhs. Энциклопедия. А-Б. – Алматы: ТОО Алем Даму Интеграция, 2017. – 856 б.
- 118 Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі, Традиционная система этнографических категорий, понятий и названий у казахов, The traditional system of ethnographical categories, conceptions and designations of kazakhs. Энциклопедия. Ө-Я. – Алматы: Азия арна, 2014. – 840 б.

- 119 Қашқари М. Түрік тілінің сөздігі (Диуани лұғат-ит-түрік): 3 томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Хант, 1997. – 1 том. – 30 б.
- 120 Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. – Алматы, 2011. – 738 б.
- 121 Мұратова Г.Ә. Абайдың тілдік тұлғасы: дискурстық талдау мен концептуалды жүйесі: филол. ғыл. д-ры ... дисс.: 10.02.02. – Алматы, 2009 – 303 б.
- 122 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық / құраст: Б.Момынова, Б.Сүйеркүл, А.Фазылжанова және т.б. – Алматы, 2017. – 7-том. Ж-К. – 752 б.
- 123 Қазақ әдеби тілінің анықтамалығы. – Астана, 2016. – 150 б.
- 124 Адмони В.Г. Грамматика и текст // Вопросы языкознания. – 1985. – №1. – С.38-46.
- 125 Новиков Л.А. Художественный текст и его анализ. – М.: Наука, 1988. – 346 с.
- 126 Аккузова А.А. Көркем мәтіндегі коммуникативтік қызметтің прагматикалық сипаты // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. – 2020. – № 6/2. – 340-345 бб.
- 127 Ордабекова Х.А. Аялық білім жүйесінің тілдік коммуникациядағы көрінісі // Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің Хабаршысы. Филология сериясы. – 2017. – №2 – 155-161 бб.
- 128 Нұрмұқанов Х.М., Балапанова Қ.Ж. Х. Есенжановтың «Ақ жайық» трилогиясындағы теңеулердің құрылымдық, семантика-стилистикалық сипаты // Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің Хабаршысы. Филология сериясы. – 2005. - №3 (39) – 8-13 бб.
- 129 Тымболова А.О., Кушкимбаева А.С. Кейіпкер тілі мен тілдік тұлғаның байланысы (психолінгвистикалық талдау) // Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Хабаршысы. Филология сериясы. – 2015. – №4 (156). – 46-54 бб.
- 130 Есіркепова Г.К. Философия. – Шымкент, 2008. – 144 бб.
- 131 Виноградов В.В. О языке художественной прозы. – Москва: Наука. – 1980. – 366 с.
- 132 Копытов О.Н. Модус на пространстве текста. Монография. – ЛитРес, 2016. – 290 с.
- 133 Есин А.Б. Принципы и приемы анализа литературного произведения. – М., 2000. – 248 с.
- 134 Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. – Алматы, 2003. – 206 б.
- 135 Манкеева Ж.А. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері. – Алматы, 2008. – 356 б.
- 136 Верецагин Е.М., Костомаров В.Г. Язык и культура. Три лингвострановедческие концепции: лексического фона, речеповеденческих тактик и сапиентемы / под ред. и с послесл. академика Ю.С. Степанова. – М.: Индрик, 2005. – 1040 с.
- 137 Томахин Г.Д. Реалии-американизмы: пособие по страноведению. – М.: Высшая школа, 1988. – Т 56. – 239 с.

- 138 Широкова И.А. Образ автора в художественном произведении: отражение отражаемого // Вестник Челябинского гос-го ун-та. – 2014. – № 23. – 103-106 С.
- 139 Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы, ҚазАқпарат, 2007. – 356 б.
- 140 Жаңабекова А. Қазақ тіліндегі «уақыт» ұғымының тілдік парадигмасы. – Алматы, 2012. – 508 б.
- 141 Қоңыров Т. Қазақ теңеулері. – Алматы, 1981. – 192 б.
- 142 Серғалиев М. Көркем әдебиет тілі. – Алматы, 1965. – 228 б.
- 143 Бүркіт О. Қайталамалар және көркем текст композициясы // ҚазМУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2001. – № 42. – 32-37 бб.
- 144 Ерғалиев Қ. І. Кеңесбаев және қазақ тілінің дыбыс жүйесі. – Павлодар, 2014. – 120 б.
- 145 Оданова С. Қазақ тіліндегі ықшамдау құбылыстары // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2010. - №4-5 (128-129). – 135-137 бб.
- 146 Айғабылұлы А. Қазіргі қазақ тілі. Морфонология. – Алматы: Қазақ университеті, 1999. – 92 б.
- 147 Сыздықова Р., Шалабаев Б. Көркем тексті лингвистикалық талдау. – Алматы: Мектеп, 1989. – 128 б.

ҚОСЫМША

Д. Исабеков шығармаларынан алынған мысалдар

- Айттырған қыз секілді
Ақ бата
- Сол Сексенбаев, әні, түк болмағандай айттырған қыз секілді сызылып отыр. («Конфронтация» әңгімесі)
Алдыма келіп ақ бата сұрағандарыңызға бек ризамын. («Шалдар» әңгімесі)
- Ақ сүтке қан тамғандай
- Мұның шошып кеткеніне, ақ сүтке қан тамғандай екі бетінің албырап шыға келгеніне жігіт те таңданып, аз-кем мүдіріп қалды да: "Қаратай Исаевич, сізге қазір ештеңе қажет емес пе?"- деп келген мақсатын білдіріп шықты. («Қарғын» романы)
- Алла
- Ол намаздың өзін дәрет алмай оқисың, оның бәрін қабылдай беретін Алла ақымақ дейсің бе? («Жүз жылдық арман» әңгімесі)
- Алла
- Алладан да, адамнан да үміт үзіп отырған шақта келіні жерік болды. («Кемпірлер» әңгімесі)
- Алла-ай
- Ой, Алла-ай, жер бетінде қазір не көп – дарын көп! («Қарғын» романы)
- Алла ақырын берсін!
- Алла ақырын берсін!- Ол фужерін столға қойды. («Қарғын» романы)
- Алла білсін
- Сол қызымыздың қай күні кетіп қаларын Алла білсін. («Шалдар» әңгімесі)
- Алла сақтасын
- Итті сағыну деген, Алла сақтасын, біздің үйдің қанына сіңбеген нәрсе. («Қабылан» әңгімесі)
- Алла сақтасын
- Ой, Аллам сақласын, сиз ни деп тұрсыз? («Социализм зәулімі» әңгімесі)
- Аллаға разылық
- Әбдәшімнің үй-іші мен жақын туыстары Бонапарттың аман-есен жазылғанына қатты қуанып, Аллаға разылық білдіріп жұма намаз күні қара тоқты сойып той жасады. («Бонапарттың үйленуі» әңгімесі)
- Алладан болсын
- Жо-жоқ, ол мүмкін емес, өлімге өзі тәуекел етпегенше адам өмір үшін күресіп бағады, қараңғы түнде, ұшы-қиырсыз дауылды теңіз үстінде, жападан-жалғыз тақтай құшақтап қана қалған әлжуаз, екіқабат әйелдің өзі өмір үшін арпалысады, адамнан болсын, Алладан болсын, меңіреу табиғаттан болсын, әйтеуір бір үміт оның кеудесінен өше қоймайды. («Ай-Петри ақиқаты» әңгімесі)

Алланың дегені болады	«Пенденің ойлағаны емес, Алланың дегені болады» екен, колхоз бұрынғысынан да нашарлап, екі жылда мемлекетке бес миллион сом қарыз боп шықты. («Жүз жылдық арман» әңгімесі)
Алланың рақымы	– Алланың рақымы жауған саған, Қалампыр! («Кемпірлер» әңгімесі)
Алланың уысы	Жалпы, бұл ауылға жаңалық біткен жұрттың ең соңынан жететін әдеті, тіпті, совет үкіметі де Сырдан кешіп өтіп, Алланың уысындағы алыс ауылды табамын дегенше де екі жыл жүрген. («Бонапарттың үйленуі» әңгімесі)
Алып қашу	Хатында ол Бағиланы алып қашамын деп, нақты уәде беріпті. («Қарғын» романы)
Ана сүті	Ол ана сүтімен еніп, сүйекке сіңеді. («Ай-Петри ақиқаты» әңгімесі)
Астапыралла	–Астапыралла, бір бәле болған ғой бұған. («Қабылан» әңгімесі)
Астапыралла	Астапыралла, кешіре гөр асылық сөйлесем!.. («Кемпірлер» әңгімесі)
Астапыралла	Ал апам иттің мұндай қасиетін көпке дейін бір жамандыққа жорып, «астапыралла» деп үрейленумен болды. («Қабылан» әңгімесі)
Астапыралла	Астапыралла, жын ба, пері ме? («Шалдар» әңгімесі)
Асықты жілік	Ертең оның алдына асықты жілік қой. («Ақырмаштан наурызға дейін» әңгімесі)
Ата-баба	Ел аман, жұрт тынышта ата-бабаның моласын тастап қайда үдере көшеміз? («Жүз жылдық арман» әңгімесі)
Ат басындай алтын	Ат басындай алтыны мен атан түйесін қажет болса сұраусыз-ақ алып жүре беретін тегіміз қазақ емес пе едік. («Қабылан» әңгімесі)
Атам өлсе қойылар, атан өлсе сойылар	«Атам өлсе қойылар, атан өлсе сойылар», көңілі түссе келіп, көңілі түспесе жылына есігіңнен бір сығаламай жүре береді сөйтіп. («Қара шаңырақ» әңгімесі)
Атам өлсе қойылар, атан өлсе сойылар	Тіпті, «атам өлсе қойылар, атан өлсе сойылар» дегендей бейғам жатыр ғой жүдә. («Шалдар» әңгімесі)
Ауызашар	Ертең ауызашар, Киевтен шыққан посылкаға сеніп бұл Қараспан базарына да бармаған. («Ақырмаштан наурызға дейін» әңгімесі)
Ауызашар	Ертең ауызашарға қайтып келуім керек («Ақырмаштан

	наурызға дейін» әңгімесі)
Ашу алдында, ақыл соңында	«Ашу алдында, ақыл соңында» деген бар емес пе?» («Шалдар» әңгімесі)
Әруақ	Қайда барып тоқтары белгісіз Тілекең, ерден мықтап ұстап «әруаққа» сиынып тарта береді. («Шойынқұлақ» әңгімесі)
Әулие	Ол деген нағыз әулие. («Бонапарттың үйленуі» әңгімесі)
Әулиенің басы	Бұрыштамадан бұрыштама соғылып, бұрыштама соғатын сау жер қалмаған соң тілдей-тілдей сілтемелер жапсырылып, Жанайдаровтың алдына әулиенің басындағы шеңгелдей сәусілдеп әрең жетті. («Ескерткіш» әңгімесі)
Әулиет	"Мен әрқашан өз әулетіміздің тазалығы қоғам алдында да, адам алдында да қызарар тірлік жасамауын, алып-қашты сөздерден аулақ болғанын, көбірек ойлаймын,"-депті ол хаттың соңғы жағында. («Қарғын» романы)
Әупірім тәңір	Қысқасы, ескерткіш салу мәселесі әупірім тәңіріммен шешілді. («Ескерткіш» әңгімесі)
Әупірім тәңір	Ай, осы Есіркеп адам болса да әупірім тәңіріммен әрең адам болды-ау. («Қара шаңырақ» әңгімесі)
Бай мен бай құда болса	«Бай мен бай құда болса араларында жорға қатынайды, кедей мен кедей құда болса араларында дорба қатынайды, бай мен кедей құда болса бір-біріне зорға қатынайды» деген ғой бұрынғылар. («Шалдар» әңгімесі)
Бас қою	– Ертең басты соның алдына қояйық, қанша дегенмен ескі таныс қой. («Ақырмаштан наурызға дейін» әңгімесі)
Бата қылу	Елу бес жыл бойы жоғары жақтың нұсқауынсыз ас ішіп, бата қылып үйренбеген ауыл тұрғындары бостандықтың мұндай түрін қалай қабылдауларын білмей, айдалада адасқан жолаушыдай аңтарылып тұрды да қалды. («Жүз жылдық арман» әңгімесі)
Бауырымдау	«Бауырымдап» көзіне жас алды. («Жүз жылдық арман» әңгімесі)
Белбеу	Кемпір шыт белбеуінің ұшымен жасын сүртіп қойып: «Қалай, амансыңдар ма, әйтеуір», – деді күрсініп. («Огонек журналының 17-ші саны» әңгімесі)
Бесік	Сәби өзінің жүз жылдық ерекшелігі мен басты-басты қасиеттерін осы бесікте жатқан шағында алады, бәлкім,

- Қабылан да өзінің айрықша мінездерін қайратты бойының бір түкпірінде жасырын сақтап қалған шығар. («Қабылан» әңгімесі)
- Бесік – Бесікте ме, жерде ме? («Қара шаңырақ» әңгімесі)
- Бесік – Бесік қайдан болсын, «детский кровать» сатып алғанбыз, сонда жатыр. («Қара шаңырақ» әңгімесі)
- Бесік – Им. Бесік неге алмайсыңдар? («Қара шаңырақ» әңгімесі)
- Бесік Бағила ол жігіттің қайта айналып соғуын іштей қалады ма, қаламады ма, ол жағын өзі де анық аңғара алмады, әйтсе де, ұзақ жылдар бойы ізет пен құрметтің, кішіпейілділік пен мейірімнің ғана бесігінде бөленіп, тып-тыныш, бір қалыпты баяу өмірі бүгін ғана түлер алдындағы үкідей бір сілкініп өткенін, сол сілкініс оның тынышын алғанын сезінбеске шарасыз еді. («Қарғын» романы)
- Бәсіре Бәсіресіне көгендегі саулығымды атадым. («Кемпірлер» әңгімесі)
- Бес уақыт намаз Бес уақыт намазым түгел. («Жүз жылдық арман» әңгімесі)
- Бес уақытылы намаз Бес уақтылы намазың көп болса насыбайға қосып сататын әгінді ғана жуар, ал қырық түйеге жүк болатын қалған күнәнді қай жеріңе тығасың? («Жүз жылдық арман» әңгімесі)
- Бір атым насыбай «Достың көңілі бір атым насыбайдан қалады» дейді, бірақ, бір қалауымды жерге тастады деп сен де өкпелеме. («Қабылан» әңгімесі)
- Бір Құдайға Бұл даудың аяғы немен бітетіні бір құдайға ғана аян боп өршіп-ақ келе жатыр еді, дәл осы кезде алдына арбасын сүйреткен «Беларусь» арылдап кеп тоқтай қалды да, құдыққа құлап кеткендей бірден өше қалды. («Есепшот, түйетауық және домино» әңгімесі)
- Дастарқан Тәрде дастарқан жаюлы тұр екен. («Бонапарттың үйленуі» әңгімесі)
- Дастарқан Дастарқан үстінде ашылмаған екі бөтелке «пшеничная» мен грузин коньягін көріп, жұмыс бабымен келген екеуінің ресми жүзіндегі сұстылық табан асты сұйылып сала берді. («Бонапарттың үйленуі» әңгімесі)
- Дастарқан үсті Дастарқан үстінде ретті-ретсіз, әр түрлі тақырыптағы

Дастарқандас болу	бытыраңқы жайттар сөз болды. («Қарғын» романы) Мұндайлармен бірге өмір сүру былай тұрсын, бір сағат дастарқандас болудың өзі азап қой. («Огонек журналының 17-ші саны» әңгімесі)
Дәрет алу	Дәрет алған, алмағанымға үңіліп қарап тұратын сен менің қолымдағы құман емессің ғой. («Жүз жылдық арман» әңгімесі)
Дәрет алу	– Өшшерде-ақ оқи бермейсің бе, бәрібір дәрет алмайсың. («Жүз жылдық арман» әңгімесі)
Екі қолын жаю	Енді ол өз-өзінен күбірлеп, аспанға қарап, екі қолын жайып, тәңірге жалбарынғандай түсініксіз бірдеңелердің басын шата бастады. («Есепшот, түйетауық және домино» әңгімесі)
Еміп өсу	- Жасымда түйе еміп өскем. («Қарғын» романы)
Еміп өсу	Менің бір тарихшы танысым бар, академияда, ол жас кезінде ешкі еміп өсіпті. («Қарғын» романы)
Ер-тұрман	Былтыр қыста ол әкемнің Арқа жақтан бір сиырдың құнына сатып әкелген ер-тұрманын көре салып қалау сала келген. («Қабылан» әңгімесі)
Ер-тұрман	Жалпы, исі қазақ ат иесінің көзі тірі тұрған кезінде ер-тұрманын сұрамайды, ол жаман ырым. («Қабылан» әңгімесі)
Ер-тұрман	Ер-тұрман – әке өлсе балаға, аға өлсе ініге мұра боп қалады, мұрагер жоқ болса, марқұмның үзеңгі досы мен көңілі жақын адамына аманат ретінде тапсырылады. («Қабылан» әңгімесі)
Есік ашу	Қанша айтқанмен кең пейіл, келмесең өкпелей қалатын қонақжай ауыл адамдары емес пе, немересін алдап-сулап, кемпірлермен бұрынғысынша әңгіме-дүкен құрды, Зеркүлдің Түркістаннан есік ашып келген қызының қоржынының аузын сөгуге қатысты. («Кемпірлер» әңгімесі)
Есік көрген	Бір жыл өткен соң Мәликеге үйленді. Мәлике бұған дейін есік көрген әйел-ді. («Қарғын» романы)
Ет асу	Үй иесі: «Өй, кемпір, ет ас мына иттерге», – дейді. («Ақырмаштан наурызға дейін» әңгімесі)
Жақсы ит өлігін көрсетпейді	«Жақсы ит өлігін көрсетпейді» деген осы ма, әлде, ерекше туған Қабылан ақтық демін өскен жердің ауасымен алғысы келді ме екен, әкем оның денесін

		көшкен жұрттан тауып әкеліпті. («Қара шаңырақ» әңгімесі)
Жақсы сөз – жарым ырыс Жаушы жіберу	– Жақсы сөз – жарым ырыс, сұңқылдап қайдағыны айтып тұрғанын қарашы. («Қара шаңырақ» әңгімесі) Жаушы жіберу, құда болу, бетке ұн жағысу, қызға белгі салу т.с.с. толып жатқан жоралғылар артта қалып, той күні белгіленді. («Бонапарттың үйленуі» әңгімесі)	
Жасаған		«Қазір алсаң да жас кетіп бара жатырмын демес ем, бірақ, мына қарғам оң-солын танығанша қарайлай тұр, жасаған» деп немересі үшін өзіне өмір тілейді. («Кемпірлер» әңгімесі)
Жасаған	– О жасаған, шүкір, шүкір мұныға. («Шалдар» әңгімесі)	
Жасаған		"О, жасаған, ақ падишаны сақтай гөр!" («Қарғын» романы)
Жасаған-ау	– Жасаған-ау, Дәметкенбісің! («Кемпірлер» әңгімесі)	
Жеңеше	- О-о, жеңеше, амансың ба?- деген әкесінің сәлемдесуінен Бағила бұл келіншек Тәшкен дастарқанының табынушысының әйелі екенін түсінді. («Қарғын» романы)	
Жолын жуу		«Жолыңды жу» деп жатыр жұрттар. («Ақырмаштан наурызға дейін» әңгімесі)
Жұт ағайынды	жеті	"Жұт жеті ағайынды" дегендей, мотор да сөніп қалды. («Қарғын» романы)
Жылқы жылқы кісінескенше	мен	«Жылқы мен жылқы кісінескенше, адам мен адам сөйлескенше» деген осы ғой. («Шалдар» әңгімесі)
Ит жеріне	тойған	«Ит тойған жеріне» деп жұрт көп итке теліп айтқан, ал Қабылан жүзден, мыңнан кездесетін қасиетті жалқы ғой. («Қабылан» әңгімесі)
Иттің баласы		«Нәлеті, иттің ғана баласы, кім болды екен, қандай ғана мейірімсіз болды екен!– деп әкем түтігіп кетті. («Қабылан» әңгімесі)
Кәлимаға келтіру	тілін	Күйеу баланы күтіп, дабыр-дұбыр, мәз-мейрам боп отырған кемпірлер кәлимаға тілін келтірген. («Қарғын» романы)
Келін түсіру		Осы бір жапырақ қара баланың арқасы ғой жұрт қатарлы жекжат тауып, келін түсіріп, ду-ду той жасап, ел санатына қосылып отырғанымыз. («Шалдар» әңгімесі)

Кереге бау	Тұрған жерінде жоныңнан таспа тіліп, кереге бау жасайын ба! («Қарғын» романы)
Кимешікті кемпір	«Ана кіші келінім, – дейді төрде отырған кимешекті кемпір дауысын кілт төмендетіп, – ене-ау, ас аңдығандай боп қыдыра беріп қайтесіз, үйде отырсаңызшы. («Кемпірлер» әңгімесі)
Киіз	Сол кезде тақта-тақта түс киіздей құлпырып тұрған әлгі ағайынның жері мен қазақтың дәл өзі секілді басы бірікпей, «шықсам ба, шықпай-ақ жата берсем бе екен» деп әр жерден ербие қылтып тұрған тәкаппар жүгерілерді көреді де, сілейіп тұрып қалады. («Талахан 186» әңгімесі)
Киіз	"Бірде киіз, бірде мүйіз, неткен адам",- деді ол наразылық пен разылықтың тең ортасына түсіп. («Қарғын» романы)
Киіз үй	Аула ішіндегі балалар жататын жаздық киіз үй түгел босатылып Бонапартқа берілді. («Бонапарттың үйленуі» әңгімесі)
Киіз үй	Арада екі сағаттай уақыт өткенде операция басталып кетті: киіз үйдің ішінде Рәт ақсақал Бонапартты сүндетке отырғызып, бастырма астында Масақбай мен Держан қара қошқардың терісін сыпырып жатты. («Бонапарттың үйленуі» әңгімесі)
Көрімдік	Кейін, ана Тұрлыбегің үйленгенде көрімдік етіп қайтарамын. («Кемпірлер» әңгімесі)
Күйеу жылдық	жүз «Күйеу жүз жылдық, құда мың жылдық» деген бар. («Шалдар» әңгімесі)
Күйеуге кету	қашып Осы екі аралықта Есқараның ортаншы қызы көрші бөлімшедегі тракторшы жігітке күйеуге қашып кетіп, бұл ауылдың жігіттері ол ауылдың жігіттерімен төбелесіп, ақыры қайта татуласып, мәмлеге келді. («Ақырмаштан наурызға дейін» әңгімесі)
Күйме	– Оған енді күйме жібереміз бе? Үйіне кісі келсе жетіп барамыз ғой осы. («Кемпірлер» әңгімесі)
Қабак шыту	Әкесі аудан көлеміндегі басшысының бірі болып тұрған соң ба, ол өмірдің қабак шытар өзге мінезінен мүлде аулақ өсті. («Қарғын» романы)
Қалыңдық	Қалыңдыққа баруға он күн қалғанда ауылдағы баяғы «төтенше комиссия» Әбдәшімнің үйіне сәскеге жуық

- тағы жиналды. («Бонапарттың үйленуі» әңгімесі)
- Қамшы Ақырында әкем оған күміс сапты қамшысын беріп, үйге шақырып, ескі кірбіңнің ізін жуып-шайған болды. («Қабылан» әңгімесі)
- Қамшы Мынау ақ ниет, ақ көңілмен ұсынған достық белгім болсын, алыңыз, – деп күміс сапты қамшысын ұсынды. («Шалдар» әңгімесі)
- Қамшы Иықтарымен сым тіреген телеграф бағаналары көз алдыңнан сілтенген қамшыдай сып-сып етіп тынымсыз өтіп жатыр. («Огонек журналының 17-ші саны» әңгімесі)
- Қамшы Ақ көңілмен ұсынылған қамшы түрткі болды ма, әкем шақырғанда, ол да маңғазсымай әйелі, үлкен қызы, үшеуі кештетіп жетіп келді. («Қабылан» әңгімесі)
- Қамшы - О, есектің миын жеген доңыз!- деді қонышынан қамшысын суырып. («Қарғын» романы)
- Қамшының сабы – Ана тракторды көрдің бе? – деді ол әлгінде ғана қолдан жасап алған қамшысының сабымен бізден ширек шақырымдай жерде кетіп бара жатқан тракторды нұсқап,– сенің баратының сол, қазір ауыстыруға тиіссің. («Шойынқұлақ» әңгімесі)
- Қамшының сабы Шойынқұлақтың айдап кеткен жерін қамшысының сабымен әрі-бері өлшеп тұрып:
– Әй, мұнда кел. Көрдің бе не істеп қойғаныңды? («Шойынқұлақ» әңгімесі)
- Қамшы салдырмау Мәликемен қосылған күнді от басында ішпесек те ырым үшін атап өтейік деп ойлаған Сәргел мына үшеуінің, әсіресе, мына екі қыздың қамшы салдырмай шампанды сілтеп-сілтеп салғандарына қатты қайран қалды, тіпті, шошынайын деді. («Қарғын» романы)
- Қарғыс атқан – «Қарғыс атқан ауылдың» адамына кім ынтық боп отыр дейсің. («Жүз жылдық арман» әңгімесі)
- Қимасын сұрама – «Шын досыңның қимасын сұрама» деген емес пе, Беріш. («Қабылан» әңгімесі)
- Қой аузына шөп алмайды «Бәрі де бейкүнә, қой аузынан шөп алмайтын момын, сыпайы, – деп ойлады ішінен Ережеп. («Конфронтация» әңгімесі)
- Қонақ ету Кісі шақырып қонақ етпесек болмас. («Ақырмаштан наурызға дейін» әңгімесі)

- Қонақасы бермеу – Әлбетте, ол жақтағы жұрт аш отыр деген ойдан аулақпын, әйтсе де, біздің бортқа аяқ басқан соң қонақасы бермеу де көргенсіздік емес пе? («Ай-Петри ақиқаты» әңгімесі)
- Қоржын Сол кезде ғана әйелдердің шыдамсыздана күткен сәттері де жетіп, Қарекендердің қоржын-қосқұлақтарының аузы сөгілді. («Шалдар» әңгімесі)
- Құда Онсыз да тығырықтан жол таппай амалы құрып отырған дастарқан басындағылар мынадай келеңсіз әңгіменің құдалар ауылына жетпей тынбайтынын ойлағанда әрқайсысы отырған-отырған орнында қара жерге кіріп кете жаздады. («Бонапарттың үйленуі» әңгімесі)
- Құда –Бұл хабар ертең құдалардың құлағына шалынсын, масқараның көкесін сонда көреміз. («Бонапарттың үйленуі» әңгімесі)
- Құда – Ал, құдаларға не дейміз? («Бонапарттың үйленуі» әңгімесі)
- Құдай «Әуелі құдай, сонан соң Кашпировский! –деп Масақбай өзеуреп қоймады. («Бонапарттың үйленуі» әңгімесі)
- Құдай «Құдайдың берем десе баласы жоқ па, жіберем десе бәлесі жоқ па» деген, Алла кәріне алып жүрсе қайтесің. («Кемпірлер» әңгімесі)
- Құдай Құдайдың киелі ораза айты күні тауықтарыңның әкешесін түк қалдырмай сыпыртып боқтап жүр едің ғой алдыңгүні. («Ақырмаштан наурызға дейін» әңгімесі)
- Құдай – Құдайды айтпаңыз. («Ақырмаштан наурызға дейін» әңгімесі)
- Құдай Құдайдың көрсеткеніне құлдық. («Кемпірлер» әңгімесі)
- Құдай – Тек құдай бәле-жаладан аулақ қылсын... («Мәңгілік қағида» әңгімесі)
- Құдай – Құдай бетін аулақ қылсын,– деп шал сақалын ашулана сипады. («Бонапарттың үйленуі» әңгімесі)
- Құдай Оны құдай неге қарғады, қашан қарғады, ол жағын ешкім біле алмады. («Жүз жылдық арман» әңгімесі)
- Құдай «О, құдай, енді елге не бетімді айтамын» деп күрсініп едім, әлгі жігіт мені бас салып құшақтай алғаны. («Жүз жылдық арман» әңгімесі)
- Құдай Құдай қашанғы жылата берсін, тым болмаса барған жеріңде бағың ашылса екен, жарығым... («Мәңгілік

- қағида» әңгімесі)
- Құдай Екеуіне бұдан өзге дәулеттің де, дүниенің де, керегі жоқ, тек құдай патшаларға тыныштық берсін, әнебір жаман немере аман болсын. («Кемпірлер» әңгімесі)
- Құдай «Тамағыңды ішсеңші, суып қалды ғой» деген сөзге «міні, қазір, қазір» деп құдайдың сәске түсіне дейін жүреді. («Шалдар» әңгімесі)
- Құдай «Осылар жесін, осылар кисін» деп жар құлағың жастыққа тимей, жарасымды өмірлеріне жаның сүйсініп, «е, құдай, балаларымды бақытты қыла гөр, өмір жастарын ұзақ қыла гөр» деп жүргенде, бұл ақымақтардың сүттей ұйыған тұрмыстары нілдей бұзылып, қақыратып кетті-ау қабырғаны. («Шалдар» әңгімесі)
- Құдай Япыр-ай, бар болса, шынымен-ақ «құдай» сақтаған екен! («Шойынқұлақ» әңгімесі)
- Құдай - Өмірімде мұндайды көрген жоқ едім,қырық бес мал арам өлгенде бір боқтаса адам түгілі құдай да кешірер. («Қарғын» романы)
- Құдай Адамға еш нәрсе бастан-аяқ ұнаған емес, тіпті, әлгі айтқан құдайды да көп ретте ұната бермейміз ғой. («Қарғын» романы)
- Құдай Ал, құдай емес, өзегінде өлімі бар жай ет пен сүйектен тұратын адам жайлы не демейміз. («Қарғын» романы)
- Құдай Жасынның бір ғалым кейіпкері (философ) студенттерге лекция оқып тұрып: Адам миы - құдай фантазиясының тамаша жетістігі" деген еді. («Қарғын» романы)
- Құдай Құдай о баста әдемілікті сол үшін жаратқан. («Қарғын» романы)
- Құдай Менімше, құдай барып тұрған эгоист, тек қара басын ғана ойлайды. («Қарғын» романы)
- Құдай Егер құдай адамды шын жаратқан болса, онда да өзі үшін. («Қарғын» романы)
- Құдай Құдайға бұл тиімді. («Қарғын» романы)
- Құдай Дегенмен, өзім дегенде құдайдың фантазиясы мықты жұмыс істеген. («Қарғын» романы)
- Құдай Бағила оның кімді келеке еткенін – құдайды ма, Адамды ма, ол жағын толық ажырата алмады. («Қарғын» романы)

- Құдай Ол қарсы алдындағы сигаретін будақтатып, адам түгіл құдайды сынап, келеке етіп отырған жігіттен шошынайын деді. («Қарғын» романы)
- Құдай Бірақ, ол құдайлар мен қазіргі кездегі құдайдың арасы аспан мен жердей, өйткені қазір Адам ұғымындағы жаратушы күш боп танылатын ғана құдірет иесі қалды. («Қарғын» романы)
- Құдай-ай О, құдай-ай, біздің туысқандығымызды өзге де емес, өз жүрегіміз неге ұғынбайды екен. («Ең бақытты түн» әңгімесі)
- Құдай-ай Құдай-ай, енді не дерсің бұған! («Есепшот, түйетауық және домино» әңгімесі)
- Құдай-ай Керісінше... ой, құдай-ай, ол осыны бірнеше күн бойы іштей күткен жоқ па! («Ең бақытты түн» әңгімесі)
- Құдай-ай - Құдай-ай, осы Алматыда жөндеп демалатын да орын жоқ,- деді ол бұрқырап. («Қарғын» романы)
- Құдай-ай Құдай-ай, осының есепшоты қашан қурап қалар екен! («Есепшот, түйетауық және домино» әңгімесі)
- Құдай-ай –О, құдай-ай! Осының есепшотының үні өшетін күн бар ма екен! («Есепшот, түйетауық және домино» әңгімесі)
- Құдай-ай – Ой, құдай-ай, шыным. («Ағайындылар» әңгімесі)
- Құдай-ай – Құдай-ай, – деді күйеуінің оқымысты бола қалғанына ызаланған келіншек. («Огонек журналының 17-ші саны» әңгімесі)
- Құдай-ау «Аһ, не дейді құдай-ау!»—деп ол кісі орнынан атып тұрып, шартқа қарай жүгіре жөнелді. («Қабылан» әңгімесі)
- Құдай-ау Құдай-ау, мен бұлай деп қайтіп айтпақпын! («Ағайындылар» әңгімесі)
- Құдай-ау «Құдай-ау, бұл маған «қайтадан ғашық болып отырғаннан сау ма?» – дедім өзіме-өзім. («Ағайындылар» әңгімесі).
- Құдай-ау «Құдай-ау, бұлар қайда жүр? («Ай-Петри ақиқаты» әңгімесі)
- Құдай-ау Не болды құдай-ау, жын ұрып кетті ме? («Ақырмаштан наурызға дейін» әңгімесі)
- Құдай-ау – Құдай-ау, сен не деп тұрсың? («Ай-Петри ақиқаты» әңгімесі)
- Құдай-ау «Құдай-ау, сендерді қайдан ғана туып едім!» деп еденге

- отыра ғап ебіл-дебіл жылаушы еді. («Мәңгілік қағида» әңгімесі)
- Құдай-ау «Шайып ала саласың», «Құдай-ау, әрине шайып ала аламын. («Есепшот, түйетауық және домино» әңгімесі)
- Құдай-ау Құдай-ау, неткен адамсыңдар бәрің, түйсік деген бола ма сендерде! («Есепшот, түйетауық және домино» әңгімесі)
- Құдай-ау О, құдай-ау десеңші, пендесін өлтірмеймін десе Алла есебін табады екен ғой. («Жүз жылдық арман» әңгімесі)
- Құдай-ау Енді соған бола ажыраса ма екен, әлде ғана құдай-ау десеңші! («Шалдар» әңгімесі)
- Құдай-ау «Тоқта, тоқта, құдай-ау, келін осы екі қабат емес пе еді! – деді әлден соң Қарекен күбірлеп, – мен үйде болған кезімде ұялып, көп аса далаға шыға бермейтін еді ғой. («Шалдар» әңгімесі)
- Құдай-ау Құдай-ау немере дейді. Келінжан босанған ба? О тоба, о жасаған! («Шалдар» әңгімесі)
- Құдай-ау - Көтек! Нағыл дейді, құдай-ау!- деді әйел бетін шымшып. («Қарғын» романы)
- Құдай ақырын берсін – Биылғы қыс қытымырланып тұр ғой, құдай ақырын берсін, – деді Молдабай тамсана сөйлеп. («Шалдар» әңгімесі)
- Құдай аман қойса қойса Құдай аман қойса қайнағамның қолынан бір күні резеңке ет жейтін шығармын! («Есепшот, түйетауық және домино» әңгімесі)
- Құдай берген Құдай берген мінезі болса қайтесің, ар жағында жамандығы жоқ болса болды ғой. («Есепшот, түйетауық және домино» әңгімесі)
- Құдай береді – Оны құдай береді. («Ай-Петри ақиқаты» әңгімесі)
- Құдай болсам Егер мен "құдай" болсам адамдарды маймылдан емес-Ахалтекеден жаратар едім. («Қарғын» романы)
- Құдай біледі Құдай біледі, кіріп келгенде біз өліп жатсақ «о, өліп қапты ғой мына байғұстар» дейсің де қоярсың. («Шалдар» әңгімесі)
- Құдай біледі Құдай біледі, сендерде бір жамандық бар? («Ай-Петри ақиқаты» әңгімесі)
- Құдай жазса - Ал, сау болыңыз. Құдай жазса тағы кездесерміз. («Қарғын» романы)
- Құдай жалғыз - Менде не әрекет болады?... Құдай жалғыз, мен

	жалғыз... («Қарғын» романы)
Құдай кешіреді	Мені құдай кешіреді! Кешіреді!.. («Мәңгілік қағида» әңгімесі)
Құдай қарғаған	«Бұл ауылды құдай қарғаған» деген сыбыс та шыға бастады. («Жүз жылдық арман» әңгімесі)
Құдай қарғаған	«Құдай қарғаған» деген сыбыс күннен-күнге етек алып, ол пікір діни күдіктен қоғамдық тұжырымға ұласып, коммунистер мен социалистердің де, демократтар мен толып жатқан ұлттық партия өкілдерінің, тіпті, айтулы атеистердің өздерін де иландыра бастады. («Жүз жылдық арман» әңгімесі)
Құдай қойса	Құдай қойса әлі-ақ жігіт болып шыға келеді. («Ағайындылар» әңгімесі)
Құдай қос көрсе	Құдай қос көрсе, жекжат боламыз түбі» деп ішіне түйіп жүрген. («Шалдар» әңгімесі)
Құдай өз қолымен жазған	Қазақтың маңдайына философияны құдай өз қолымен жазған,- деді Мәлике күйеуінің ескертуіне бұрынғысынша жайдары мінезбен оп-оңай тойтарыс беріп. («Қарғын» романы)
Құдай сақтасын	О, құдай сақ... құдай сақт... – Жанайдаров өзіне-өзі келем дегенше ана жақтағы адам трубканы қойып үлгерді. («Ескерткіш» әңгімесі)
Құдай сақтасын	Құдай сақтасын, мына немеремнің бір күнгі қуанышынан садаға бәрі де!» («Кемпірлер» әңгімесі)
Құдай сақтасын	– Құдай сақтасын, – деп күрсінді Жамал. («Ай-Петри ақиқаты» әңгімесі)
Құдай сақтасын	– Жоқ, құдай сақтасын. («Ай-Петри ақиқаты» әңгімесі)
Құдай сақтай көр	«Құдай сақтай гөр»,– деді ішінен Жанайдаров өз өтірігінен өзі шошып. («Ескерткіш» әңгімесі)
Құдай тілеуінді бергір	«Құдай тілеуінді бергір Қатира, – деді ішінен асығыс киініп жатып. («Кемпірлер» әңгімесі)
Құдай тілеуін беру	«Құдай тілеуін беріп, өшкен үмітін қайта жаққан екен бейшараның. Бір атадан қалған жалғыз тұяқ еді, көп әулие-әнбиелердің бір шапағаты тиген ғой» деп әркім әрқалай қуаныш білдіруде. («Кемпірлер» әңгімесі)
Құдай ұрды	– Құдай ұрды деген осы!–деді ол дұға оқығандай күбірлеп. («Ескерткіш» әңгімесі)
Құдай ұрды	– Ойбай, «никирақты» қоя тұрыңыз, апа. Құдай ұрды! («Социализм зәулімі» әңгімесі)

- Құдай ұру – Қой, өйтіп құдай ұрып па? («Жүз жылдық арман» әңгімесі)
- Құдай ұру - Сол, денеме сенем деп құдай ұрып қалды ғой. («Қарғын» романы)
- Құдай үшін Солай етіңізші, ағатай, құдай үшін! («Ең бақытты түн» әңгімесі)
- Құдай үшін - Құдай үшін, атамаңыз! Керегі жоқ! («Қарғын» романы)
- Құдай үшін - Япырмай...- Ол жан-жағына жасқана қарап қойды.- Тіпті ұят екен... Қайтыңызшы, құдай үшін, өтінемін... («Қарғын» романы)
- Құдай үшін - Қойшы, құдай үшін!- деді Мәлике ызалы үнмен оның сөзін бөліп,- немене ол, еркек, еркек? («Қарғын» роман)
- Құдай үшін - Қысқартып айтшы, құдай үшін! («Қарғын» роман)
- Құдай үшін Құдай үшін, маған бұлай қарап тұрып сөйлемей-ақ қойыңызшы. («Қарғын» романы)
- Құдай үшін - Құдай үшін, өмір бойы сөйлемей тұра беріңіз, бірақ, арзан оймен әлек болмаңызшы. («Қарғын» романы)
- Құдай үшін - Сонан соң, құдай үшін, ана жігітке айтыңыз, портретті үйге жібермесін. («Қарғын» романы)
- Құдай үшін Тоқтатыңызшы тоқығанды, құдай үшін! («Қарғын» роман)
- Құдайға не жазып едік – Өмір бойы жылап өтетіндей біз сорлы құдайға не жазып едік! («Мәңгілік қағида» әңгімесі)
- Құдайға сыйыну – Ішіннен құдайға сиын! («Бонапарттың үйленуі» әңгімесі)
- Құдайға шүкір – Құдайға шүкір, саған қарағанда үмітім бар. («Жүз жылдық арман» әңгімесі)
- Құдайға шүкір – Құдайға шүкір! Айтпақшы олар осында ғой. («Есепшот, түйетауық және домино» әңгімесі)
- Құдайға шүкір «Құдайға шүкір», – деп қоятын ол бір күрсініп. («Шалдар» әңгімесі)
- Құдайға шүкір - Уф! Құдайға шүкір. Таңға шейін тұрып ала ма деп қорқып ем. («Қарғын» романы)
- Құдайдың жері Құдайдың жеріне адам ен салғанды қайдан көріп едің. («Қабылан» әңгімесі)
- Құдайдың зары Қаптанбектің текнікүміне түс деп құдайдың зарын қылғанымда адам айдаса бармайтын жердің түбіне қаштың да кеттің. («Ақырмаштан наурызға дейін» әңгімесі)

Құдайдың зары	Ол иттің күшігіне «оқы, оқы» деп құдайдың зарын қылып ем, тыңдамады. («Қара шаңырақ» әңгімесі)
Құдайдың кара жері	«Құдайдың кара жерін алалап, анаған жақсысын, маған жаманын «берді» деп бар кінәні айдаладағы бастыққа жауып, өзін құлантаза ақтап алып шығады да, тектен текке кектеніп, атына қамшысын басып кеп қалады. («Талахан 186» әңгімесі)
Құдайдың күдіреті	– О, құдайдың күдіреті, осыны шын айтып отырсың ба? («Жүз жылдық арман» әңгімесі)
Құдайдың күдіреті	– Құдд-аның күдіреті!...–деді Рэт ақсақал өзімен-өзі ақылдасқандай аспанға қарап. («Бонапарттың үйленуі» әңгімесі)
Құдайдың күдіреті	Құданың күдіреті,–деді әйелі. («Тағдырдың кейбір кездер» әңгімесі)
Құдайдың күдіреті	Робинзон Крузо қылтиып өсіп тұрған жалғыз түп бидайды көргенде қалай таңырқанса, бұл адамдардың әрқайсысы «құданың күдіретіне» одан кем таңданып тұрған жоқ еді. (Талахан 186» әңгімесі)
Құдайдың құтты күні	Дөржан болса құдайдың құтты күні жұмыстан келе салып Бонапарт жатқан қараша үйге кіреді де: – Қалайсың? – дейді. Ол үндемейді, немере ағасына қарап есі ауысқан адамдай балпиып жатады да алады. («Бонапарттың үйленуі» әңгімесі)
Құдайдың мақұлығы	– Шошқа да құдайдың мақұлығы, – деді Сопытай салмақты үнмен. («Есепшот, түйетауық және домино» әңгімесі)
Құдайдың өзі білсін	Осы үш күннің ішінде анау ши қалпақтың астындағы жұдырықтай басына не келіп, не кеткенін бір құдайдың өзі білсін, әйтеуір, бүгін түсте сиырларын бастырмаға қамап болған соң ғана там көлеңкесінде ойнап жүрген төрт-бес балаға көкейіндегі құпиясын ашуды жөн көрді. («Талахан 186» әңгімесі)
Құдайдың пешенеге жазғаны	Қолы ұзындар бұл колхоздан туыстарын көшіріп алып, қолы қысқалары «құдайдың пешенеге жазғанын көріп», осында қала берді. («Жүз жылдық арман» әңгімесі)
Құдайы беріп қалу	– Немене, төбелес көріп, құдайың беріп қалды ма? – деді оған кекете үн қатып. («Конфронтация» әңгімесі)
Құдайым-ау	–Құдайым-ау, адасқың келсе де адаса алмайтын жер ғой ол, – деді аудармашы. («Ескерткіш» әңгімесі)

- Құдалық – Қайдағы құдалық? («Бонапарттың үйленуі» әңгімесі)
- Құран Інжіл мен құранды оқысаң құдай мен алла адамды мейірі түсіп жаратқан. («Қарғын» романы)
- Құран Ол кәпірлердің інжілін де, мұсылмандардың құранын да оқыған жоқ еді, бірақ грек мифологияларынан, ақын, драматургтерінің шығармаларынан құдайдың адамша сөйлегендерін, тіпті, дауласқандарын да оқыған. («Қарғын» романы)
- Құран Құранды ұран деп берсең ұран деп, ұранды құран деп берсең құран деп оқи беретіндер. («Қарғын» романы)
- Құрандай Шалқасынан түсіп біраз жатқан соң құрандай жалықпайтын жаңағы журналын қайтадан алып, үш-төрт танкінің соңынан жүгіріп бара жатқан солдаттардың суреті салынған бетті ашады. («Огонек журналының 17-ші саны» әңгімесі)
- Қыз ашу – Қыз ашуы онай дейсің бе? («Шалдар» әңгімесі)
- Қыздай сызылу Тіпті, қыздай сызылып отырған анау Сексенбаевтың өзін алшы. («Конфронтация» әңгімесі)
- Қылыштай сермелген Купеде алашадай журналды бетіне айқара жауып жатқан адамның күйеуі екенін біле тұра сұрағаныма ашуланды ма, әлде көрікті әйелге мен секілді жабысқақ сұрақ қоюшылар табан астынан табыла кетіп әбден ығыр еткендіктен бе, ол қылыштай сермелген соңғы жауабымен идіріп сауып, там-тұмдап жинаған ойларымды ыдысымен төңкеріп кетті. («Огонек журналының 17-ші саны» әңгімесі)
- Қымыран Шашына ақ қылау араласа бастағаны болмаса анау айтқан кәрі де емес, қырық бес, қырық алтылардың ішінде. Бір күні дүкенге қымыран түсе қалды. («Қарғын» романы)
- Қымыран "Қайта өркендеу" дәуіріндегі кісі қымыран көрсе түбінде ұйықтауға дейін дайын екен. («Қарғын» романы)
- Қымыран Қымыран үш күн бойы үзбей түсіп тұрды. («Қарғын» романы)
- Қымыран Бірақ, үш күндік қымыран екеуін таныстырып барып тоқтады. («Қарғын» романы)
- Қымыран - О-о, ғалыммын деңіз! Қымыранға көптен құмарсыз ба? («Қарғын» романы)

- Мал сою Бұдан соң Молдабай, Есқара, Орысбай, Мүсір, Отар және жолдастық соттың мүшелері мал сойып, солардың үйінде кезек қонақ болды. («Ақырмаштан наурызға дейін» әңгімесі)
- Молда «Комиссияның» шешімі бойынша Бонапарт молдаға қаралды, кешкілік ақ тауықпен аласталды, қара қой сойылып еті жұртқа таратылды, әулиенің басына түнетілді, үй сыртынан мылтық атылды. («Бонапарттың үйленуі» әңгімесі)
- Молда – Немене, өзіміздің Оспан молда тақиясына тар келіп пе? – деп Нәметай қайта сөзге араласты. («Талахан 186» әңгімесі)
- Молда Өзі де сол Оспан молданың қолынан өтіп-ақ әйел алып, бала өсіріп, бір қоралы жан болып отырған жоқ па? («Талахан 186» әңгімесі)
- Молда Оспан молданың үйін қалай ғана аттап өтті десеңші. («Талахан 186» әңгімесі)
- Молда Ал Оспан молданың кездігіне келетін болсақ... оның да қажеті бола қоймас... («Талахан 186» әңгімесі)
- Молда Мәселен, мен өз балаларымды молдаға да, дәрігерге де бермеймін. («Талахан 186» әңгімесі)
- Молда Әбдештің жаман тамының ар жағынан Оспан молда қылт етіп есекпен шыға келмегенде, бұл ерегістің аяғы немен бітерін айтудың өзі қиын болар еді. («Талахан 186» әңгімесі)
- Молда Оспан молда жиылған топқа әуелгі кезде онша мән бермеп еді, олардың әлденеге толқып, дүрлігіп жатқанын көріп, есегінің ноктасын тартты. («Талахан 186» әңгімесі)
- Молда Дәл осы жолы ол өзінің әріптесі, халықаралық тілмен айтқанда – коллегасы, көрші колхоздың бұрынғы парторгы, екі жылдан бергі молдасы Кәдештің көңілін сұрап, қайтып келе жатқан беті еді. («Талахан 186» әңгімесі)
- Молда Ипатшаның айырдай қолы тыныш тапқанда Оспан молданың есегі апан жаққа қарай аяңдады. («Талахан 186» әңгімесі)
- Молда – Рас па осылардың айтып тұрғаны? – деп ол Оспан молдаға ақтық сауал тастады. («Талахан 186» әңгімесі)

- Молда Мұндай жағдайда өсіп тұрған жемісті жеуге бола ма, болмай ма деген сұраққа ертең жауап беремін деп кеткен Оспан молда да үнсіз жатыр. («Талахан 186» әңгімесі)
- Молда Молдекең апанға үңіліп ұзақ тұрды. («Талахан 186» әңгімесі)
- Молда Помидордың қандай сорт екенін ешкім ажырата алмады, тіпті, молдекең де білмейтін боп шықты. («Талахан 186» әңгімесі)
- Молда «Молдекең де білмейтін боп шықты» деу үшін де негіз бар еді. («Талахан 186» әңгімесі)
- Молда Сұрақ өзіне арналып берілген соң молдекең оған көзінің астымен қарады да, Ипатшаға иек қағып:
– Мына құдайдың құлына әлі түсіндірмегенсіңдер ме? – деді. («Талахан 186» әңгімесі)
- Намаз – Қане, етегіне намаз оқитын қайсы бар? («Ақырмаштан наурызға дейін» әңгімесі)
- Намаз Намаз оқыдым, сонымен бәрі бітті деп жүрсің ғой. («Жүз жылдық арман» әңгімесі)
- Намаз Мен жаман да болса намаз оқимын, ал сен құбыланың қайда екенін де білмейсің. («Жүз жылдық арман» әңгімесі)
- Намаз – Қап, намазым қаза болды-ау!.. («Жүз жылдық арман» әңгімесі)
- Намаз Шөмішбай қарт орнынан тұрып, дәретін алды, намазын оқып болып, үйден қозы көш жердегі қауындыққа беттеді. («Қара шаңырақ» әңгімесі)
- Ниеті түзу Бала-шағанның игілігін көргірдің ниеті қандай түзу еді! («Кемпірлер» әңгімесі)
- Пайғамбар жас Сені де пайғамбар жасынан асты дейді-ау! («Жүз жылдық арман» әңгімесі)
- Періште – Ақ тілеуіңді періште әумин десін. («Кемпірлер» әңгімесі)
- Садаға кету Садаға кет сен Бонапарттан. («Бонапарттың үйленуі» әңгімесі)
- Самаурын Әлгі бір әңгіме кезінде мүлде естілмеген кішкене ақ самаурынның гүжілі күшейе түсіпті. («Қара шаңырақ» әңгімесі)
- Самаурын Самаурынына от сал, таңдайым кеуіп келді. («Қара

- шаңырақ» әңгімесі)
- Самаурын «Шіркіндер-ай, шынымен бермей қалғандары ма балаларын, – деді Салиха іштей самаурынға от жағып жүріп, – әлде мына шал «үйтпейсіңдер, бүйтпейсіңдер» деп таптай берген соң келін бірдеңе деп қалды ма екен? («Қара шаңырақ» әңгімесі)
- Самаурын Салиханың көзіне жас мөлтілдеп шыға келді де, онысын байқатпауға тырысып онсыз да жанып келе жатқан самаурынды үргілей берді. («Қара шаңырақ» әңгімесі)
- Сәлем берді Осы кезде іштен келіні де шығып, атасының жүзіне қарай алмай күлімсіреп, ұяла сәлем берді. («Қара шаңырақ» әңгімесі)
- Сәрі Тағы да сайтандай сарт етіп орталыққа өтіп кетпесін деп Кемпірбай Отардың бүркеулі машинасын құлқын сәріден далада күтті. («Ақырмаштан наурызға дейін» әңгімесі)
- Сәуегей «Өстіп-өстіп бұзыла береміз» деп сәуегей бола қапты табан асты. («Талахан 186» әңгімесі)
- Сүйінші – Әй, Қалампыр, сүйінші, сүйінші! – деді сырттағы дауыс. («Кемпірлер» әңгімесі)
- Сүйінші – Сүйіншің қойныңда? («Кемпірлер» әңгімесі)
- Сүйінші Сүйіншіңді ұмытпа-ай, кемпір. («Кемпірлер» әңгімесі)
- Сүйінші – Әй, Қатира, сүйіншің мынау болсын. («Кемпірлер» әңгімесі)
- Сүйінші – Қайнаға, сүйінші, сүйінші. Немерелі болдыңыз, ұл, ұл! – деп оның алдынан ентіге шықты. («Шалдар» әңгімесі)
- Сүйінші Қатшайым, сүйіншіңе ана көгендегі бір тоқтыны ал, ол аз болса өзіңе тағы бір көйлек. («Шалдар» әңгімесі)
- Сүйінші сұрау Оны біліп алғанда саған не түседі? Жасырды деп ашуланасың, Мәскеуден келгеніңде үйде кімнің болғанын айтып алдыңнан сүйінші сұрап шығуымыз керек пе еді? («Қарғын» романы)
- Сүндет Терім жаман ба, әлде Рәт ақсақалдың ұстарасы дезинфекцияланбаған ба, сүндетім үш жетіде де жазылмай қойды. («Бонапарттың үйленуі» әңгімесі)
- Сүндетке отырғызу Қысқасын айтқанда, бір айдан кейін келіншек әкелетін боп отырған Бонапарт сүндетке отырғызылмаған боп шықты. («Бонапарттың үйленуі» әңгімесі)
- Сүндетке Сөйтіп, ауылдағы «төтенше комиссияның» шешімі

отырғызу	бойынша Бонапарт сүндетке отырғызылатын болды. («Бонапарттың үйленуі» әңгімесі)
Сүндетке отырғызу	Алдыңгүні «үйленуге бір ай қалғанда сүндетке отырғызылып жатқан жындыға беретін қызымыз жоқ» деп олар әулетімен Сырдың ар жағына көшіп кетті. («Бонапарттың үйленуі» әңгімесі)
Сүндетке отырғызу	Мен, Бонапарт, әке-шешемнің салақтығынан үйленуге бір ай қалғанда сүндетке отырғызылып едім. («Бонапарттың үйленуі» әңгімесі)
Сүндетке отырғызу	«Бұл үйде 1989 жылы 8 июль мен 28 июль аралығында Бонапарт сүндетке отырғызылған». («Бонапарттың үйленуі» әңгімесі)
Сүндетке отырғызу	– Ол екі баласын сүндетке отырғызу үшін Арыстағы хирургке алып кеткен, – деді физкультурашы Әбдеш. («Талахан 186» әңгімесі)
Сүндетке отырғызу	«Сүндетке отырғызу деген түбі тоқталады, босқа даурықпаңдар» деп мүлде қиямпұрыс әңгіме бастады. («Талахан 186» әңгімесі)
Сыбаға	Көшіп барған жерде біреу бізге керт құйрықтан сыбаға дайындап отыр дейсің бе? («Жүз жылдық арман» әңгімесі)
Сыбаға	– Келіндер-ау, Сырғакүл бүгін Арысқа кетіп қалған екен, сыбағасын алып қоя салыңдаршы, өкпелеп жүрер, – деді бетінің терін сүртіп. («Кемпірлер» әңгімесі)
Сыбаға	– Басқа біреу болғанда тиісті сыбағасын алатын еді, саған ғана жеңіл жаза қолданып отырмын, екінші есінде болсын, – деді ол темекісінің тұқылын қара қошқыл топыраққа көміп жатып. («Шойынқұлақ» әңгімесі)
Сыбаға	Ол: "Сыбағамды ала кетермін",- деп айтып қала жаздады да, дер көзінде тоқтай қалды. («Қарғын» романы)
Сыбаға	Қаратай да "сыбаға" деген сөзді енді қайтып аузына алмайтын болған. («Қарғын» романы)
Сыбағасын беру	Мен саған бар ғой, мен саған казір сол сөзің үшін сыбағанды беремін! («Қарғын» романы)
Сыйға сыраға бал	«Сыйға сый, сыраға бал» дегендей, қыз төркіні де қарап қалмай үш шалға үш шапан жауып, тағы да толып жатқан сәлемдемелермен қонақтарын аттандырып салды
Сырға салу	– Енді қайттік! – деп күрсінді анасы, – Той жасап аттандыру былай тұрсын, жұрт көзіне көрсетіп құлағыңа

	сырға да сала алмайтын болдық-ау... («Мәңгілік қағида» әңгімесі)
Тай шаптырым	Бірақ, «ары отыр, бері отыр» үлкен жанжалға айналатын болған соң: «Құрысын, бәледен машайық қашыпты» деп, әкем тыныш басын шудан аулақ алып шығуға тырысып, ол орнынан күншығысқа қарай тай шаптырым ысырылып қоныстануға кеңес берді. («Қабылан» әңгімесі)
Тәубә	– Әй, Қатира, тәубә деп сөйле, тәубә деп, – деді үй иесі Қалампыр. («Кемпірлер» әңгімесі)
Тәуіп	Енесінің келінін апармаған тәуібі, түнетпеген мазары жоқ. («Кемпірлер» әңгімесі)
Тәңір	"Ой, тәңір-ай, енді мынандай халге душар болдым ба!- деді қыз өзіне-өзі. («Қарғын» романы)
Тоба	Енді қартайғанда, осым не менің осы? А? Тоба! («Шалдар» әңгімесі)
Төр	Жаңа жекжаттардың алғашқы жүз көрісуінің көңілсіз сәттері артта қалып, бес-он минут өткен соң, қонақтар төрге салынған құрақ көрпеге жайғасып отырды. («Шалдар» әңгімесі)
Төрлет	– О-ау, ешкің арық! Төрлет, төрлет! Кештетіп қайдан жүрсің? Иә, үй-ішің аман ба? («Есепшот, түйетауық және домино» әңгімесі)
Төрлету	– Ой, келгенің жақсы болды, төрлет! – деді ол оған жұмсақ орындық қойып. («Есепшот, түйетауық және домино» әңгімесі)
Тұмар	Ертең ерте тұрып Серғазы молдаға тұмар жаздырып ал да, шымылдықтарының бір бұрышына тігіп қойшы, тіл-көзден аулақ болсын. («Шалдар» әңгімесі)
Тұсауы шешілу	Қазан вокзалынан шыққан жүрдек поездың тұсауы шешіліп, төмен құлдилаған қырғидай көз ілеспес шапшаңдық алғанына бір сағаттай болды. («Огонек журналының 17-ші саны» әңгімесі)
Уық көтеру	Уық көтеремін десең Бақанастың басқа маңайы жетпей жатыр ма, әлде, жатқан түйені арбаңның оқтығымен әдейі сүйкеп отырмысың?»—деп қарсыласқан болды. («Қабылан» әңгімесі)
Уық көтеру	Ол болмас, іргенді әрірек ысыр, бұл екі жылдан бері мен уық көтеріп келген жер» – деп жүгін біздің үйдің

	жанына түсіре бастады. («Қабылан» әңгімесі)
Ұзатылған қыздай	Ақыры олар Әштенді ұзатылған қыздай киіндіріп, екеуі екі жағынан сүйемелдеп үйден алып шыққанда «уһ» деп демдерін бір-ақ алды. («Ескерткіш» әңгімесі)
Шаңырақ	Міне, енді кенет ол ойының бәрінің іргесі қозғалып, шаңырағы ортасына түскелі тұр. («Шалдар» әңгімесі)
Шаңырақ	«Біздің қолға да қарға тышар, тұра тұр, Түркістандағы қызым төркіндеп келсін»... деп қайсыбірі алда тұрған қуанышын айтып, өзінің де қыз беріп, қыз алған шаңырақ екенін әзілдеп болса да байқатып өтеді. («Кемпірлер» әңгімесі)
Шаңырақ	Сондықтан Молдабай да қапысыз дайындалды. Сөйтіп жаңа көтерілген жас шаңырақ әкелер арасына осылайша әбігер де тастап кетті. («Шалдар» әңгімесі)
Шаңырақ	Тұрғат қыздың бұл мінезін бөтен үйдің шаңырағынан қысылып отырғанға жорып, оның кесесін өзі алды да, шай құйып отырған Мәликеге ұсынды. («Қарғын» романы)
Шаңырақ	Үйде мүлгіген бейбіт тыныштық, шаңырақ астында бала қамы, семья қамы, оларға деген аналық қамқорлық салтанат құрған. («Қарғын» романы)
Шаңырақ	Барлық әйелге тән шаңырақ қызығы, бала қызығы, жайлы тұрмыс қызығы оны күн асқан сайын баурап ала берді. («Қарғын» романы)
Шаңырақ	Ол да институт бітірген, мына өмірдің толып жатқан қызығы мен қайшылығын ол да жақсы біледі, адамдардың бір-біріне жасайтын қиянаты оны да, өздерінің шаңырағынан да айналып өткен жоқ. («Қарғын» романы)
Шаңырақ	Менің барлық сөзім мен ой-пікірім, қимыл-әрекетім, тіпті, сізді әйел-балам бола тұрып өз шаңырағыма ертіп әкелуім алдымен өзіңізге, сонан соң естіген жат құлаққа ерсі, түсініксіз боп көрінуі мүмкін. («Қарғын» романы)
Шаңырақ	Шаңырақ құрған күнді шаңырақ астында атап өткен дұрыс. («Қарғын» романы)
Шаңырақ асты	У-шудың арасында жүріп, осындай қуаныш өз шаңырағының астында болуын армандады, бірақ артынып-тартынып келе қоятын ет жақын туыстарының жоқ екені есіне түскенде байқатпай бір күрсініп алатын.

	(«Кемпірлер» әңгімесі)
Шаңырақ асты	Шаңырағы астында қонақсыз, кісісіз отыра алмайтын қазақ емес пе, біраз кемпір бір үйге жиналып, шөлдемесе де қоңыр әңгіме үшін күрең шайды жайлап тартып отырады. («Кемпірлер» әңгімесі)
Шаңырақ астында	Атам заманнан бері еркек пен әйел ерлі-зайыпты болып неке суын ішкен соң немесе неке қуәлігін алған соң олар бір үйдің, бір шаңырақтың астында тату өмір сүруге борышты боп келген. («Қарғын» романы)
Шаңырақ қызығы	Сол екеуі ғана жарасым тауып кетер шаңырақтың жылуына салқындық сеуіп тұрардай сезінді. («Қарғын» романы)
Шаңырақтың иесі	Бертін келе, үйлі-баранды болған соң, жұртпен араласар кез туғанда шаңырақ иесінің қойдан жуас мінезі оны жалықтырып, бірте-бірте оның намысын оята бастады. («Есепшот, түйетауық және домино» әңгімесі)
Шаңырақтың шырқын бұзу	Шаңырақтарыңыздың шырқын осы бұзғаным да аздық етпес! («Қарғын» романы)
Шаңырақ көтеру	Және өздері үлкен үйдің бұрышынан кішкене бір жаңа шаңырақ көтеруі арқылы әкелер мен әкелердің жанына жаңа дүние орнатып, олардың арасында жарастықты, шынайы достықтың нәзік отын тұтандырып отырғанын да олар байқамады. («Шалдар» әңгімесі)
Шаңырақ көтерген	Солардың ішінде бұл араға алғаш шаңырақ көтерген біз болып шықтық. («Қабылан» әңгімесі)
Шаңырағының шырқы бұзылу	Егер Сәргелді бір амалын тауып тоқтатпаса, мұның түбі үлкен шуға айналарын, Бағиланың жүрегіне жазылмас жара түсерін, ең соңында, Жасынның да басы дауға қалып шаңырағының шырқы бұзыларын түсінді. («Қарғын» романы)
Шариғатқа қайшы	- Кісіге сол аяқты көрсеткен шариғатқа қайшы.
Шежіре	- Ім-м, шариғатқа қайшы дейсің, ә? («Қарғын» романы)
	Төменде көк жасыл кипаристерге көмілген шағын қала, бірнеше жылдың ішінде «өз туыстарындай жақын боп кеткен» сол қаланың адамдары, замана шежірелерін үнсіз ғана қойнына тығып, ғасырлардан ғасырларға сапар шеккен, «тіршілік» деген құбылыстың ұсақ-түйегіне селт етпейтін асқақ та маңғаз Ай-Петри қалып бара жатты. («Ай-Петри ақиқаты» әңгімесі)

Шұбат	Ол бір кесе шұбат ішті де, ұйықтап жатқан балаларының маңдайынан иіскеп, төсегіне қисайды. («Қарғын» роман)
Шүкір	Көрсеткеніңе шүкір де! («Шалдар» әңгімесі)
Шүкір	– Оған да шүкір. («Мәңгілік қағида» әңгімесі)
Шүкір	– Шүкір, – деді ол үлкен адамдарша байыпты болуға тырысып. («Шалдар» әңгімесі)
Ырыс-құт	Құдай о баста итті де адамның ырыс-құтымен бірге жаратқан деседі. («Қабылан» әңгімесі)